

ӘЛЕМДІК КЛАССИКА

# Ба Цзинь





ӘЛЕМДІК КЛАССИКА

# Ба Цзинь

---

## ЫЗФАРЛЫ ТҮН

### Роман



УДК821.581=03.512.122

ББК84(5Кит-Қаз)7-44

Ц12

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТІЛ КОМИТЕТИ “МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН  
ХАЛҚЫНЫҢ БАСҚА Да ТІЛДЕРІН ДАМЫТУ” БАҒДАРЛАМАСЫ  
БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

**Цзинь Ба.** Ызғарлы тұн. Роман. /Ба Цзинь.

**Ц12** Орыс тілінен аударған Қ.Сақ.

– Астана: Аударма, 2011. – 344 бет.

ISBN9965-18-363-5

УДК821.581=03.512.122

ББК84(5Кит-Қаз)7-44

ISBN9965-18-363-5

©“Аударма” баспасы, 2011

© Ә.Қастеев атындағы МӨМ

## ЫЗФАРЛЫ ТҮН

### I

Дабыл қағылғанына жарты сағаттай уақыт өтті. Әуеден самолеттердің гүрілі естіледі, көшелер тым-тырыс, қою қараңғылық құшағында.

Ол банк қақпасының қарсы алдына кідірді. Тас баспал-дақтармен көтеріліп, аспанға қарады. Қою қара бұлт жер үстін жаулап алған. Қарсы бетте орналасқан биік ғимараттың сұлбасынан басқа көзіне ештеңе ілікпеді. Басқа бірдене ұшыратуды ойлаған да жоқ. Жай уақыт өткізу амалын күйттеп тұр. Ал уақыт болса қырсыққанда, тым баяу жылжиды, құдды тоқтап қалғандай. Тұн ызғарлы, жүқа макта шекпенінен сумандай өткен ызғар денесін тоңдырып барады. Ол басын тәмен салбыратып, ауыр күрсінді. “Төзім таусылды!”

– Не істеу керек? Шыдауға күш-жігерің жете ме, ак пейілді адам? – деген бөгде дауыс құлағына шалынды. Ол шошына жан-жағына қарады да, бұл сөздер өз аузынан шыққанын ұқты. Сөйтті де, сыздана сөзін жалғады:

– Эрине жетеді. Тағдырыма өмір бақи тіленші боп өту жазылмаған шығар.

Ол тағы да еріксіз жан-жағына қарады. Қасында тірі жан жок, ешкім пікір таластырмады. Алыстан қалта фонарының жарығы түсті, құдды жақын танысы қол бұлғап шақырып тұрғандай. Жанына жылылық ұялады, бірақ, жарық сол сәт сөнді де, тағы да қараңғылық құшағында жалғыз қалды. Үзғар өңменінен өтіп барады, сұықтан денесі иіле түсті. Қолын үқалап, жол жиегімен екі қадам алға басып тоқтап, содан кейін тағы да бірнеше аттап, ілгері жүрді. Қасынан біреу өткендей болды, оған назар аудармады, біраздан кейін ғана абайлап жан-жағына қарады, бұрынғысынша қараңғылық құшағында жалғыз екенін байқады. Қос жанары нені іздейтінін ұқса бұйырмасын. Фонар шам қайта сөуле шашты, бұл жолы едәуір жақын жерден жарық нұрын септі. Көп ұзамай, фонар ұстаған кісі өзімен қатарласты да, жылдам ілгері озды. Бойы аса биік емес, сұр пальто киген, көшеде жиі кездестіретін кәдуілгі жолаушының бірі. Ол бет әлпетін жөндеп көре алмады. Сөйтсе де, назарын әлгі адам кеткен жақтан аудармай, тесіле қарады. Жүрісін кілт тоқтатты.

Самолеттердің гүрілі бағана тоқтағаны енді есіне түсті. Айналасына құнтарап құлақ түрді де, артынша ой құшағына енді. “Бәлкім, самолеттер болмаған шығар. Мен олардың даусын шалыс естіген болуым мүмкін ғой”. Құтпеген жерден ол соңғы сөздерді дауыстап айтқанын сезбей де қалды. “Олай болса, мен үйге қайта аламын” деп шешті табан астында. Ол қай жаққа бұрылуды ойлап тұрғанда, аяғы үйіне қарай аттап та ұлгерді. Басқа көшеге

өтті де, баяу жүрісін жалғастырды. Ойы бұлыңғырлана түсті.

– Күні бойы бес тандыр нан, екі тоқаш саттым! Осыдан кейін сауда жасап көр! – деген жүдеу дауыс естілді таяу бұрыштан.

Ол бұрылып қарады да, жол жиегінде тізерлей отырған жүдеу кісілерді көрді.

– Ал мен болсам, бүгін тіпті ештеңе сата алмадым. Иә, расында да, қазір бұрынғыдай емес, – деген едәуір жас кісінің селқос даусы сөз жалғады. – Бомбадан қорғанатын панажайларға бізді кіргізбейді. Таңертең мен қайда бармадым десеңші.

– Қай қаланы бомбалады? Тағы да Чэндууді ме? Көп болды доғарар емес, – деді алғашқысы құдды екіншісінің сөзін естімегендей. Ол меніреу қалыпта өзіне-өзі тіл қатып отыр.

– Кеше үшінші бөлікте бірінші бомбалауын доғарып еді, бүгін одан әлдеқайда кеш тоқтады, – деп жауап қатты екіншісі.

Екі саудагердің жадау әңгімесі оның жанын одан сайын құлазытты. Кеше – үшінші бөлікте. Мынау бейтаныс адамдар онсыз да бәтуасы қашқан сүреңсіз тірлікті несіне есіне түсірді?

Кеше кешкілік осы уақытта – кеше өзі не болып еді?

Қауіп сейілгендігі хабарланғаннан кейін басқалармен бірге панажайдан үйіне қайтты. Бір өзі емес, қасында анасы, әйелі және он үш жасар ұлы бар болатын. Олар әзілдесіп, күліп келе жатқан. Дәл солай болмаса да, соған үқсас күйде-тұғын.

“Одан кейін не болды?” – деп сұрады өзінен-өзі. Үйге кіргеннен кейін ұлы ұйықтауға кетті де, ол жұбайынан кешкі ас үстінде бір кісі әкеп берген хат туралы сұрады. Сол-ақ екен, әйелі ашуланып шыға келді. Арада ұрыс-керіс басталды. Қызды-қыздымен әйеліне дәрекі сөздер айтып салғанын білмей де қалды. Көңіл түкпірінде оны ренжіткісі келмеген, бірақ еркектік намысы оған жібермеді. Бұл үлкен бөлмеде болған жай, ал анасы мен ұлы келесі бөлмеде ұйықтап жатқан болатын. Есіктері бекем жабық-тын. Ұрыс-керіс ұзаққа созылған жоқ, он бес минутқа ұласқан болуы керек. Әйелі үйден ытқып шықты да, бұл оның қайтып келуін күтті. Ашуы басына шапқаны сонша, әйелінің жоқтығын ойламауға тырысқан, бірақ оған шыдамы жетпей, көп ұзамай оны іздеуге кірісті. Қақпа алдына жүгіре шығып, көше бойлап ары-бері қарап еді, бірде-бір әйел көзіне ілікпеді. Астананың қақ ортасы болғанына қарамастан көшелер бос қалған, дүкендер жабық тұр, тек бірен-саран дәмхананың ғана шамы жағулы. Сірә, бірді-екілі кісі кідіріп қалған болуы керек. Оны қайдан іздеғені дұрыс? Тұні бойы шарласа да тау етегін жайлаған мына үлкен қаланы түгел аралап шығу мүмкін емес. Оның қайда екенін көшеде кім біледі? Қай жақтан іздеу керек? Осы сұрақтарды кеше қанша рет қайталағаны бір құдайға аян. Қазір де сол сұрақ басын қатыруда, жауабын табуға дәрменсіз екенін жақсы түсінеді. Бүгін одан хат алған жоқ па еді? Жан сыздатар бірнеше ғана сөз жазылған. Онда құрбысының үйіне тоқтағаны баяндалған және хатты әкелушіге заттарын беріп жіберу сұралған. Өтінішін орындады да, онықінен де қысқа, суық хат жолдады. Оны

іздегені туралы ләм-мим демеді, қайтып келуін де өтінбеді. Хат жазып жатқанда анасы қасында тұрды, бірақ ештеңе айтпады. Әйелінің кетіп қалғанымен ісі де болған жоқ, тек таңертеңгі ас үстінде неге өйткенін селқос сұрады да, артынан қабағын шытып, басын шайқаумен шектелді.

Шашы ерте ағарған, елу үш жастағы әйелдің өмірі қыншылыққа толы болды, денсаулығы сыр бере бастады. Ұлын жанындай жақсы көреді, немересіне көңілі жарым болса, келінін суқаны сүймей-ақ қойды. Сондықтан да келінінің кетіп қалғанына қуанбаса, қайғыра қойған жоқ. Тек баласының қам көңіліне жаны ашыды. Бұл анасының қамқор кеңесін күтті. Егер бір ауыз жылы сөз айтса, хатты басқаша жазар еді, әйеліне жалынып-жалпайып, қайтып оралуын өтінер еді. Жаны дәл сондай хат жазуды тіленіп тұрса да, олай етпеді, еркектік намысы оған жібермеді. Хат заттарымен қоса әйеліне жолданды, екеуінің арасы біржола үзілуге шақ тұр. Сөйтсе де, жұмысынан сұранып, әйелін іздел баруға жаны жар бермеді. Бірақ, егер қайраттанып оған хат жазбаса, татуласуы бұрынғыдан да қындей түсетінін жақсы түсінді. Сондықтан бүгін де дәл кешегідей не істеу керек деген сұрақ басын қатырумен болды, бірақ бұрынғысынша жауабын таба алмай, делсал күй кешті.

“Бәлкім, Сяо-сюань көмектесер” деген дәмелі ой үміт отын жақты. Бір сәт болса да, жаны жай тапқандай сезін-ді, бірақ ол бір минутқа ғана созылды. “Жоқ, одан пайда жоқ, – деген күдік жаңағы әсерінен тез айықтырды. – Туған баласын анасы ойламайды да, ал Сяо-сюаньның онымен шаруасы да жоқ. Олар бір-бірін аса жақсы көрмейтін де

секілді”. Расында да, Сяо-сюань таңертеңгісін мектепке кетерде анасының қайда екенін сұраған да жоқ, қалай болғанда да, әкесімен қоштасып тұрып, шешесі жайлы сұрауы тиіс еді ғой.

“Мұндай да отбасы болады екен-ау! Ешкімнің ешкіммен шаруасы жоқ! – деп абырай тіл қатты ол. – Әркім тек өзі туралы ойлайды. Бір-бірінің көңіліне қарамайды”. Бұл оның жүректен шыққан жанайқайы еді, оны тек өзі ғана естіді. Ол орынсыз айқайлаپ жібергендей болып, ыңғайсыз күйге тұсті. Жан-жағын шүғыл шолып шықты. Айнала қап-қараңғы, тыптыныш, екі саудагер кетіп қалған болулары керек.

– Мен неге тұрмын? – деп дауыстап сұрады ол. Бұл жолы тек өзі туралы ойланды, сондықтан да өзіне осындай сауал қойды. Бұл сұрақ оны түртіп оятып жібергендей болды. Ол ойша мынадай жауап берді: “Мен дабыл қағылғаннан кейін тығылдым емес пе? Рас, рас тығылдым. Мен тоңдым, үйге қайтамын. Қазір Шу-шэнмен ұрсысып қалғанымды еске алып тұрмын. Оны ізден тауып, үйге оралуын өтінуді армандаймын. Бірақ, ол келісе қояр ма екен? – деп күңкілдеді ол. – Мен тіпті оның қайда екенін де білмеймін ғой. Ендеше оны қалай алып қайтамын?”

Бұл сұрақтарға ешкім жауап бермеді. Анасы кеше Шу-шэннің өзі келетіндігі туралы айтқан. “Міндетті тұрде келеді, – деген ой басын тұмшалап алды. – Анамның көңілі баяғыдай, Шу-шэннің келу-келмеуі оған бәрібір. Шу-шэннің оралатынын ол қайдан біледі? Менен әйелімді ізден табуды неге талап етпейді? Қазір анамның өзі қайда? Бәлкім, мені жұмысқа шығарып салғаннан кейін оны өзі ізден кетті ме екен? Қазір екеуі бір жерде паналап тұрмасын.

Ой, онда бәрі өзінен-өзі шешілер еді-ау! Мен үйге барғанда олар әңгімелесіп, емен-жарқын отыrsa ғой, шіркін! Сөйте қалса, мен оған не айтамын? – Соңғы сөз де үміт отын өшіре алған жоқ. Бір-екі жылы лебіз білдірсем, одан кейін әңгімеміз өзінен-өзі жарасып жүре берер еді ғой”.

Осы ой көңілін нұрландырып жіберді. Жаны байыз тауып, жеңілдеп қалғанын сезінді. Жүрісін жылдамдатып, жол айрығына келіп жетті.

– Қара, екі қызыл жарық! Қазір қауіп сейілгендігі хабарланады! – деді тосыннан қасынан табылған екі саудагердің бірі. Олардың әңгімесі жалғаса берді, жанында келе жатса да, не айтып жатқандарына құлақ тұрмаді. Басын жоғары көтеріп, банк шатырына қойылған дабыл қақыш қондырғыға қарады. Екі қызыл лампа сөуле шашып тұр. Тыныштықты әлгілердің дауыстары бұзып жатыр.

“Ертерек барып, оларды есік алдынан күтіп алуым керек!” – деп шешті бұл. Жарық түсіріп тұрған қос қызыл лампа жаққа қайта қарады: “Тез-тез үйге жет. Міне, қазір қауіп сейілгендігі туралы дабыл соғылады”, – деді де, кідірместен үйіне қарай бағыт алды.

Көшелерге тіршілік енді. Осыған дейін ештеңені байқамай келе жатқан қос жанары мұны анық көрді. Айнала бұрынғысынша қою қараңғылық құшағында болғанымен, оның жанарына қалта фонарларының жарықтары жамырай тұсті. Бір бұрыштан шам жарығы сөуле шашты. Ол жерде дүңгіршек болатын, онда қытай мәзірінде әзірленген тауық еті сатылатын. Дүңгіршек алдынан шам жарығына шомылған адамдар шоғыры көрінеді. Ол жаққа селқос көз қиығын салды да, өз жөнімен жүрісін жалғастыра берді.

Жолдың жартысына жеткен кезде кенет айнала жарқырап кетті: электр шамы жанды. Бір топ жас қол шапалақтап, қуана үн қатып жатты. Мұның жүрегі де шаттық сезіміне бөленді. “Бұл түсім болар! Шым-шытырық түс! Ол енді тарқады!” – деген ой көңілін жайбарақаттан-дырғандай болды. Жүрісі жылдамдай түсті.

Көп ұзамай үйіне де жетті. Есік ашық екен. Кіре берістегі аспалы шам жарығы құңгірттеу көрінді. Дүкен басқарушысы болып жұмыс істейтін, екінші қабаттағы көршісі Фан есік алдында әйелімен әңгімелесіп тұр. Тамағын пісіріп, үйін күтіп отырған келіншегінің әрі-бері қозғалақтап, тағатсызданып тұрғанына қарап, көңілі алаңдаулы екенін байқауға болады.

– Тағы да Чэндууді бомбалаған болуы керек, – деді басқармашы Фан мұнымен амандастып жатып, құдды қуанышты хабар жеткізгендей.

Ол еріксіз еріне жауап қатты да, үйге кіруге асықты. Ұзын әрі тар дәлізben жүріп, тездете үшінші қабатқа көтерілді. Әлсіз шам жарығы түскен пәтер есігі жабық тұрғанын байқады. “Әлі ерте” деген оймен көңілін алдарқатты. Ұзына дәліз бойында бір өзінен басқа тірі жан жоқ. Басқалар келмеген секілді. Бұл есік алдын торуылдап тұр. Біреу жоғары көтерілгендей болды. Қызметкер көршісі Чжан мырза екен, екі жасар ұлын көтеріп алған. Бала үйықтап жатыр. Чжан жылы ұшырай тіл қатты:

– Анаңыз келді ме?

Мұның әңгімелесуге зауқы соғып тұрған жоқ, сондықтан қысқа жауап қайырды.

– Білмеймін, өзім қазір келіп тұрмын.

Көршісі одан әрі сауалдастып жатпай, өз пәтеріне қарай өтті. Артынан әйелі ілесті, үстіне кигені қоңыртөбел пальто, онысы ескі ұлгіде тігілген және әбден тозығы жеткен. Оның мейірімді жүзі жүдеу, құп-қу, маңдайы әжімді, еріндері құрғақ та боп-боз болып көрінгенмен, жиырма алты-жиырма жеті шамасына қарамастан бет әлпеті көрікті, жан еліктірлерліктең-ақ. Мұны көре салысымен амандастып жатыр. Есік құлыбын бұрап тұрып, күйеуіне бірдене деп сыбырлады. Олар бір-біріне сүйене пәтерлеріне енді. Бұл бір түрлі қызғаныш сезіммен оларды көзбен шығарып салды.

Содан кейін өз пәтерінің есігіне жүзін аударды да, баспалдақ жаққа көз тікті. “Олар неге әлі келмеген?” – деген ой уайымын арттыра тұсті. Әдетте қауіп сейілгендігі хабарланғаннан соң шешесінің өзгелерден кеш келетіндігі мұлдем есінен шығып кетті. Анасының денсаулығы сыр бере бастағалы қашан, оның жүрісі тым баяулай түскен, егер қауіп дабылы соғылған кезде жан ұшыра қимылдаса, қайтар жолда еш асықпайтын. Үйге келгеннен кейін де ылғи мұның бөлмесінде аз-кем аялдаپ, жұмсақ орындыққа отырып, демін басатын. Кейде әйелі анасымен қатар, кей уақытта барлығы бірге оралушы еді. Ал қазір ше?

Ол төмен түсіп, тезірек анасын көруді үйғарды, оған шешеммен бірге әйелім де келер ме екен деген үмітті ой итермеледі.

Асығыс төмен түсіп, үй қақпасынан шапшаң сыртқа шықты да көшеге көз тікті, бірақ жолаушылар арасынан шешесін көре алмады. Бір кезде серіктесіп келе жатқан екі әйелдің сұлбасы көзіне оттай басылды, олар онша алыста емес, үй маңындағы дәмхананың қарсы алдында

келе жатты. Анау биқтеуі, көк шибарқыт пальто кигені әйеліне ұқсап кетті де, аласалау екіншісі, қоңыр жылы шапандағысы анысын есіне түсірді. Бұл құлімсірей соларға қарсы жүрді. Жүрегі құрғыр алып-ұшып барады.

Бірақ, жақындай келе олардың ерлі-зайыпты кісілер екендігін байқады. Әлгі өзінің анына ұқсатқан адам қария кісі бол шықты. Күлкілі. Өз көзі өзін алдағаны несі!

“Менің бұлай шатасуым қалай?! – деді өз жанын жегідей жеп. – Ешқандай, ұқастық та жоқ, Мен есімнен адасқан шығармын. Бұдан кейін келіншегіме не айтамын, оларды көрген кезде. Жоқ, мен ештеңе дей алмаймын. Бірақ, оның алдында үнсіз қалмауым да керек қой. Менің ешқандай кінәм де жоқ. – Бәлкім, мен қуанған кезде өзімді-өзім ұстап тұра алмаған шығармын! Бірақ, бұлай шатаспауым керек еді ғой. Осы мен біткен адам болармын!”

Мың түрлі ой басын ұңғіп жеп барады. Бір шешімге келе алмай, өзімен-өзі айтысып тұрды да, қақпаға қайтып оралды. Әлдекімнің “Сюань! – деген даусы селт еткізді. Бұл басын жұлқи көтергенде қарсы алдында анысы тұрғанын көрді.

– Мама! – деп айқайлап жіберді, кенеттен шаттана, бірақ сол сәт қуанышы су сепкендей басылды. – Сіз бір өзіңіzsіз бе? – Әйелі жайлы сұрауға тәуекелі жетпеді.

– Сен оның қайтып оралатынынан әлі үмітінді үзген жоқсың ба? – деп сұрады шешесі сыбырлай, ұлына жаны аши қарап.

– Ендеше оның оралмағаны ғой!

– Оралады. Маған салса, оның оралмағаны дұрыс еді, – деді шешесі сынық жүзбен. – Ал сен оны неге іздемедің? –

Осылайша қырсықтана тіл қатты да, бұның жүдеу жүзіне көзі түскен сәт жүргіп елжіреп сала берді.

— Уайымдама, қайда кетеді дейсің, келеді, — деп ұлының көңілін аулаған болды. — Ерлі-зайыптылардың ұрыс-керісі бола береді. Эйел ашуы назы тарқағанға шейін ғана. Үйге жүр.

Бұл анасының соңынан ерді. Бастары салбырай, ілбіп жылжып келеді. Баспалдаққа көтерілер кезде ғана анасының ауыр қап арқалап келе жатқанын байқады, дереу оны өзіне алды.

Бұл кеш пәтері жалаңаштанып, айра-жайра болып қалғандай көңілін ерекше құлазытты. Шам жарығы талмаусырап тұр. Салқын бөлме денесін тітіркентті, жанған көмірдің қоламтасынан басқа тағы бір айрықша жағымсыз иіс тынысын тарылтып, тұншықтырып барады. Тәлтіректей түсіп, арқалаған қабын дәңгелек үстелдің үстіне қойды. Анасы өз бөлмесіне кетті. Үстелге сүйеніп тұрып, акталған қабырғаға сүзіле қарады, бірақ көзі ештеңені анықтап көрер емес. Ойы құс қауырсыны секілді шашылып сала берді. Анасы дауыстап бірдеңде дегендей болды. Құлағы күмбірлеп ештеңе ести алмады. Шешесі мұның бөлмесіне енді.

— Сен әлі тұрсың ба? — деді таңдана. — Бұгін әбден шаршадың ғой. — Сөйтті де қасына келді.

— А, — мен шаршаған жоқпын, — деді бұл ұйқыдан оянғандай мең-зең күйде, сөйтті де анасы жаққа көзі шұңғаралай қарады.

— Неге жатпайсың? Таңертең қызметіңе қайта баруың керек, — деді анасы қамқор ұнмен.

– Иә, таңертең қызметке баруым керек, – деп қайталады бұл меніреу қалыпта.

– Ендеше ұйықтағаның дұрыс.

– Сіз демала беріңіз! Мен де қазір қисаямын, – деп жауап қатты қабағын шытып.

Анасы бажырая қарады. Бірдене дегісі келді, бірақ ештеңе айтпады. Бұл қозғалыссыз тұр. Шешесі тұрып-тұрып, ауыр күрсінді де, өз бөлмесіне кетті.

Үстел жанында өлі тұр, анасының бөлмесіне кеткенін байқаған да жоқ. Әр түрлі ой басын мұжіп жеп барады. Бір ойды екіншісі алмастырып, миында айқыш-ұйқыш жөңкіледі. Бір мезет олардың барлығы бір ой төңірегіне шырматылып басын құрыстыра қысады. Шиыр шырмалықты қанша тарқата шешкісі келсе де, оған шамасы жетпейді. Басына құдды қорғасын құйып қойғандай. Ақыры шыдай алмады. Теңселе тәлтіректеп кереуетіне жетті де, гұрс етіп құлап тұсті. Шамды өшіруге де, көрпесін жабуға да шамасы жетпеді. Өнді шым-шытырық түспен алмасып жүре берді.

## II

Тұні бойы шытырман тұс жанын әбден қинады. Ол әйелі екеуі елеусіз бір қалада тіршілік етеді, өмірлері өмір емес, ұрыс-керіске толы. Екеуінің арасында махабbat бар секілді, бірақ бірі-бірімен еш түсініспейді. Әйелі жиі ашуланады, онысы мұны тітіркендіреді. Тамақ ішіп отырғанда әйелі үстелді кенеттен итеріп қалады, үстел төңкөріліп түсіп, қираған ыдыс-аяқтың үні құлақ жарады. Өзі-

мен-өзі бұрышта отырған ұлы бақырып жылап қоя береді. Вэнь-сюань ашудан тұншыға тұтығып, сөз айта алмай басын жұдырығымен төмпештейді кеп. Осы мезет әлдеқайдан құлақ тұндырар шу естіледі, бөлме теңселіп кеткендей болды.

– Не болды? – деп айқайлап жіберді бұл шошина. Табалдырықта тұрған әйелінде үн жоқ. Баласы жылауын сап тыйған.

– Барып білейін, – есікке қарай ұмтылды.

– Тоқташы бірге барайық. Қай уақытта да бірге болған жақсы. – Әйелінің әлгіндегі ашуынан із жоқ, ақылын тез жиып алған, бұған таяп келіп, өтіне қарайды.

Бұл келіскендігін білдіріп, жүрісін кідіртеді. Кенет қираған ыдыс-аяқ пен еденде шашылып жатқан тамаққа көзі тұседі. Қайтадан жыны қозады. Бейберекет қылышы үшін әйелінің кешірім сұрауын күтеді.

Бірақ онда үн жоқ. Кенеттен атылған қарудың құлақ жаарар даусы естіледі: бір рет, екі рет, одан кейін қайта тыныштық орнайды. Ұлы қайтадан жылауын бастайды, әйелі ашу шақырады.

– Бұл жау ғой! – шошина айқайлап жібереді де, “мама!” деп жанұшыра баспалдаққа қарай жүгіреді.

– Сюань! – дейді әйелі. – Сен қайда барасың?

– Мен анамды тауып алуым керек. – Бұл бұрылмай, төменге қарай зымырай жөнеледі.

Әйелі мен ұлы соңынан жүгіріп келе жатыр.

– Бізді тастамашы! Егер бізді өлім күтіп тұрса, онда бірге өлуіміз керек, – дейді әйелі әбден қажыған дауыспен.

— Мен анамды тастай алмаймын! Біз бірдеңеге ұшыра-сақ, оның халі не болады? — деп жауап қатады бұл қақпа-дан шығып бара жатып.

Көше қым-қиғаш қарбаласта. Жол бойы адамдарға лық толған – теңіз толқынды бастан. Барлығы жандәрменімен қаланы тастап барады. Балаларын сүйрелейді, қарттарын сүйей-мүйей алға ұмтылады. Бала-шағаның жылаған даусы, әйелдердің жан айқайы құлак тұндырады.

Оңтүстікті қара тұтін тұмшалаған. Бомбалар гүрсілі құлак жарады. Жарылыс, тағы да жарылыс, бірінен-бірі қорқынышты! Алда қауіп күтіп тұрғанын бұл жақсы біледі. Бірақ басын бір ғана “мама!” деген сөз шырлайды. Ол шыға беріс баспалдақпен жанұшыра жүгіріп келеді. Үй алдындағы айра-жайра гүлзарды кесіп өтіп, қала көшеслеріне сіңбек.

— Қайда барасың? Бізді қайда тастап кетпексің? — деп әйелі жандәрменімен қолына жармасады. — Бізді тастай көрмеші.

— Мен ешқайда қашпаймын! Анамды тауып алғым келеді! — дейді ентіге, сәл кідіріс жасап.

— Іздеймін де! — әйелі ызалана тіл қатты. — Оның көзі, аяғы бар емес пе? Жолды өзі іздең тапсын!

— Мен анамды тауып алайын, содан кейін бәріміз бірге кетеміз. Оған дейін сен керек-жарағынды жинастыр: өзімізбен бірге бірдеңе ала кетуіміз керек қой! — Бұл қатқыл ұнмен қолын босатып алды.

— Анау сенің шешең емес пе? — Әйелі ар жақты нұсқады. Бұл тесіле қарады. Шындығында да, анасы жағасын ағаш бұтақтарына шырматылған шырмауық қаптаған жол

бойында тұр, шашы жайылып кеткен, бет-жүзі құп-қу, маңдайы қан-қан. Көзі бақырайып жан-жағына жалтақ-жалтақ қарайды. Әрине, өзін іздеп тұр. Бұл дауыстап, “Мама!” – деп айқайлап, қолын бұлғады. Оған лезде жетіп барғысы келді, ол үшін қара дүрмек топты кесіп өту керек, ал олардың арасынан бір тамшы судың өзі өтуі қыын. Ол ілгері ұмтылып, кесіп-жарып өткісі келеді, бірақ қысылысқан топ оны кері итеріп, шетке ығыстырып шығара береді. Оның құлағына анасының үні шалынады, ол мұны өзіне шақырады. Дәл сол замат бұның иығына біреудің қолы шап ете түседі. Әйелі! Оның қолында кішкентай чемодан мен жетектеген ұлы бар.

- Жұр кеттік, таста оны! – деп тілене тіл қатады.
- Қалай қиямын! Мен топты қақ жарып өтіп анамды алып келуім керек! – дейді қатулы үнмен.
- Қазір ме? Сен есіңен адасқан шығарсың? Саған өмір қымбат емес пе? Мен сені күтпеймін! – әйелінің даусы қатқылданып, бет әлпеті сұрлана тұсті.
- Жібер! Мен оны топтан алып шығуым керек. Мен оны тастай алмаймын, сен өзің қашып құтыл!
- Жарайды, ендеши! Бар өзіңнің алтыннан қымбат анаңа! Ал біз – Сяо-сюаңь екеуміз өз жолымызбен кеттік! Бірақ артынан мені кінәлаушы болма!

Әйелінің жанары жарқ-жүрқ етеді. Еш уақытта мұндай көз жанарын көрген емес. Ол еріксіз селк ете тұсті.

Әйелі бұған кектене жалт қарайды да, ұлын сүйрелей кете барады.

Ол қайтып келер ме еken? Бәлкім оны қуып жетіп қайтару керек шығар. Бірақ сол сәтте әйелі қалың топқа

сіңіп, көзден ғайып болады. Жан-жағынан адамдар легі қысып итеріп барады. Денесін бір жақтан екінші жаққа лақтырады. Құдды дауыл соққан кеме секілді.

Басы дуылдаپ ысып барады, есінен шатаса бастаған сыңайлы. Ол басқаларды итере-итере бір жаққа қарай тырмысады.

Өстіп жатып оянып кетті. Қолдары әлі қарбаласып жатыр.

Бұл оны тұні бойы қинаған шым-шытырық түстің бір сәттік үзіндісі ғана.

### III

Ол сыйырайтып көзін ашты. Таң атып кетіпті. Үй іші танаға ұрғандай тып-тыныш. Анасының бөлмесінің есігі ашық тұр. Көнілі орнынан түскендей болды, бірақ жүрегі құрғыр тарсылдай соғады. Көз алдын әлі де тұманды елес кезіп жүр. Дел-сал боп шаршағанымен қоса басының шыр көбелек айналуы денесін талмаусыратып барады. Ол еш қозғалыссыз, ештеңе ойланбай, меніреу қалыпта жатыр, тек көз қығын әрнәрсеге бір аударып, қайсысының түсі, қайсысының өңі екенін айыра алмай қиналуда. Тіпті өзінің қайда екенін айырып ажырата алар емес. Бұған анық бірнәрсе болған. Басы сырқырап тұр. Ол дәрмені жеткенше күресіп бақты, бірақ немен күрескенін өзі де түсінбеді. Осылайша бір уақ тірі мен өлінің арасында жатты.

Бір мезетте миын бір ой шағып өткендей болды. Ол төсегінен атып тұрып, айналасына үрейлене назар салды. Шашын үйпалақтап тұрып, еріксіз үн қатты: “Не істесем

екен?”. Кешегі және алдыңғы күнгі оқиғалар көз алдынан жүгіріп өтті. Өзім кінәлімін. Оған барлығын түсіндіруім, кешірім сұрауым керек еді. Ал мен болсам дау шығардым, әрине оның өкпелейтін жөні бар.

Әлгі хатты неге солай жаздым екен? Оған неге шынымды айтпадым? Неге ізден бармадым? Неге?.. Ол осы сәтте әйелін ізден баруға шұғыл шешім қабылдады.

Шешесі қайтып оралды, қолында бір кәрзенке көкөніс. Бұның әлі үйде екенін көріп, таң қалды:

— Сағат тоғыз жарым болды, сен әлі жұмысқа кетпеген-сің бе?

“Тоғыз жарым! Қызметіме баруым керек!” Мәссаған, тарс ұмытып кетіпті ғой. Енді кем дегенде жарты сағат кешігіп тұрғаны мынау.

— Сен әлі жуынған да жоқсың ба? Өзіңің өнің жок қой. Бір жерің ауырып тұр ма? Бір күнге демалыс алсаңшы. Тілхат жазып бер, мен апарып берейін, – деді анысы айрықша жана шырлықпен.

Бұны қорқыныш биледі, асыға-аптыға жауап қатты: – Ештеңе етпейді, мама. Барлығы да орнында. Қазір барамын!

Шешесінің сөзін есту оған ауыр тиді. Бет жуатын табақты алды да, су алуға дәлізге шығып кетті. Ол қайтып кіргенде, шешесі қайтадан тіл қатты.

— Не істегелі жүрсің? Суық сумен жуынбақсың ба? Қазір жылы су ал. Саған арнап қазанда қалдырып қойғанмын. Болмаса, тоқтай тұр, қазір өзім әкеп беремін. – Анысы табаққа қарай қолын созды.

— Мен жуынып қойдым, мама, – деп тез жауап қатты бұл. Суық су денесін сергітіп жіберді. Бет орамалды орын-

дықтың үстіне қойды да, жуынды суды төкпей, бөлмесінен асыға шығып кетті. Тісін де тазалаған жоқ, бас киімін киюді де ұмыт қалдырды. Сыртқа асықты. Анасының сөзінен сөйтіп қашып құтылғысы келді.

— Бейшара, әйеліңмен ұрсысам деп ақылыңдан адастың! — деп кейіді анасы. Бірақ оның сөзі құлағына ілікпеді.

Төменге тұсті. Жүргіншісі көп шандак көшеге шықты. Мынадай аса салқын да, ыстық та емес, қоңыртөбел күн бұл қалада жиі бола бермейтін.

“Қай жаққа қарап бұрылсам екен? — деп сұрады өзінен-өзі жол жиегінде сәл кідіріп. — Соған барайын”. Осылай шешті де, әйелі жұмыс істейтін банкке қарай аялдады. Бірнеше қадам жүріп барып, кілт тоқтады. Қайта жүрді. “Жоқ, бұлай болмайды, — деп ойлады, — алдымен өзімнің басқармама кіріп шығайын. Құрып қалғыр жұмысымнан екі сағат рұқсатсыз кешікsem, айлығымды кесіп тастайдығой”. Ол кейін қарай бұрылды.

Көп ұзамай жұмыс істейтін жеріне де келіп жетті. Жұмыс орны үшінші қабаттың бір бұрышында болатын. Бірінші қабатта жататын тіркеу дәптері алынып қойылыпты. Ұш жарым жылғы қызметінде мұның бірінші рет кешігүі. Үн-тұнсіз жоғары көтерілді. Басқарма міндетін атқарушы, редакциялық баспа бөлімінің менгерушісі бұған бір түрлі таңданыспен қарады, бірақ Вэнь-сюань оған мән берген жоқ. Санасын бір ғана ой, тек әйелі туралы ой жаулап алған болатын.

Бұл әдеттегідей бір қалыпты, іш пыстыратын жұмысына кірісті. Үстелінің үстінде дәл кешегідей үйінді боп корректуралық тұпнұсқа жатыр. Мынау тұсініксіз иероглифтер

әлі сіңе қоймаған баспаҳананың бояуымен оны әр кез жирендірмей қоймайды. Мен-зен қүйде қағаз бетіне көз жүгіртіп, қаламсабын қалай болса солай ары-бері ойқастып, бірдене жазған болады. Төмен құлаған басы жоғары көтерілер емес. Қабырғада ілулі тұрған қомақты көне сағат тілі онды – одан кейін он бірді – он екіні соққанын қалт жібермей тыңдалап отыр. Корректураның бірде-бір сөзі есінде қалған жоқ. Есесіне сағат тілінің соғысы құлағында тұнып тұр, әсіресе, тағатсыздана күткен он екіні соққан кезі. Ерекше есінде қалғаны – жұмыс уақытының алғашқы жартысы аяқталғаны туралы хабар.

Ол мен-зен қүйде орнынан тұрды. Айналасындағылар бұған қарағанда ылдым-жылдым көрінді, барлығы жұмыс орындарын тастанап үлгеріпті. Корректураның және тұпнұсқаның оқылмаған беттерін реттеп, бір шетке қойды. Үстеліне сүйеніп тұрып көшे жақ терезеден сыртқа үңілді. Тығыз жабылған терезенің әйнектерін шаң қауып тұр. Көзіне ештеңе ілікпеді, бірдене көруге зауқы да жоқ. Ол ойланып қалды. Бір нәрсе айтпақ тұрмақ, бар ақыл-ойы бір сәт тоқтап қалған секілді, миында бір ғана сөз жатталып, тек сол ғана есінен шығар емес.

Тұскі асқа шақырған қоңыраудың соғылғаны әлдеқашан, бірақ оны естімеді де, тамақтануға төменге тұсу ойына да кірмеді. Басқалардың мұның бар екенімен жұмысы жоқ. Ешкім жоғары көтеріліп, асқа шақыра қоймады. Мұның жоғарыда қалғаны ешкімнің де басын қатырмады.

Әйтеуір бір уақытта барып оның миы жұмыс істей бастағандай болды. Ол селк етіп оянып, асханаға қарай тұсті.

Үстелдердің үсті ығы-жығы ыдыс-аяққа толы. Бірнеше кісі түстеніп отыр.

– Сен қазірге дейін жоғарыда болдың ба? – деп сұрады бір қызметтесі таңдана, бұған мұсіркей қарап. Бұл бірдене деп мінгірлеп жауап бергендей болды, содан кейін ойланып кетті. Түстенуге тәбеті тартпай, тез арада асханадан шығуға асықты. Оның соңынан мазақтаған күлкілер естілді.

“Олар маған не болғанын білетін болулары керек” – деп ойланғаны сол екен, шашына дейін дуылдал, өнді қызыарып сала берді.

Тамактануға зауқы соқпады, ол туралы ойлағысы да келмеді, басында бір ғана нәрсе сайрап тұр: “Қалайда оны табу керек!”

Он шақты қадам аттамай жатып, тағы бір ой келді: “Олар мені андуы мүмкін фой!” “Олар” дегені – қызметтес жолдастары. Бұл жүрісін баяулатты, бірақ тоқтаған жоқ, артына да қарамады. Бір мезет әйелінің қалай қарсы алатынын елестеткісі келді: мұны көргендеге түрі қалай құбылар екен, не айтуы мүмкін.

Ол мені кешірер ме екен, – деп іштей екі рет қайталады да, езу тартқан болды. Әйелі күлімсіреп тұрғандай әсерге бөленді. Осыдан ерік-жігері шындала түсті.

Көп айналышықтамай әйелінің жұмыс орнына келіп жетті.

#### IV

Шу-шэн сауда банкінде жұмыс істейтін, ол қаланың сапырылысқан көшелерінің бірінде орналасқан. Сол көшеге қайырылған тұста күтпеген жерден әйелін көзі

шалды. Ол банктен отыз жас шамасындағы ер кісімен бірге шығып келеді екен. Олар тұра бұған қарай жүрді. Оның үстінде бұған етene таныс жұқа ақшылтым пальто, бірақ шашы өзгеше таралған: ұлпілдеген бұйра шашы манда-йынан жоғары қайырылған. Ер кісі онымен бірге жұмыс істейтін болуы керек, ол әйелінен сәл биіктеу көрінеді, бет әлпеті кісі қызығарлықтай, шашы майда таралған, бас киімсіз. Үстінде маусымды жаңа пальто, Калькуттаның бұйымы сыңайлы.

Бейтаныс кісі күлімсірәй түсіп, бір қызық әңгіме айтып келе жатыр, ал әйелі болса, бар ықыласымен соған құлак тұрген. Олар мұны байқай қойған жоқ. Мұның қудері үзілейін деді. Оларға қарсы жүруге батылы жетпеді, тіпті табан астында бой жасыруды да ойлаپ үлгерді, бірақ аналар көшені кесіп өтіп, қарсы бетке ауысып кетті. Бұл солардың соңынан ілесіп келеді. Олар еш асықпай, бірінебірі сүйене кетіп барады. Бейтаныс кісінің қолы әйелін қапсыра құшақтағысы келеді, ал ол білдірмей сытылып кетеді. Ызаланғаны сонша, аналарға қалай жақындал қалғанын сезбей де қалды. Анау бірдене деп еді, әйелі қоныраулы күлкісімен жауап қатты. Бұл таныс күлкі оның жүрегін шым еткізді, өнді құп-қу болып орнында тұрып қалды да, әйелінің сыртынан сұқтана қарай берді. Оның тал бойы тартымды екенін бұрынғыдан артық байқап, одан сайын жанып-күйіп барады. Сыртынан көз алмай қарай бергісі келді, бірақ олардың арасын біреудің сұлбасы үзіп жіберді. Ол алға қарай ұмтылды, жүзі алаулап өртеніп барады, дұрсілдей соққан жүрегі кеудесіне сыйяр емес. Оны құшақтай алғысы, өйтпесе де дауыстап үн шығар-

ғысы келді. Бірақ оның бірін де жасауға шамасы жетпеді. Әйелі бейтаныс кісімен бірге жуықта жаңадан ашылған дәмханаға кіріп кетті.

Бұл есік алдында не істеу керегін шеше алмай, тұрып қалды. Басын сан түрлі ой тұмшалап алды. “Кіріп, әйеліммен сөйлессем бе еken?” – деп бір ойланды. Бірақ, ыңғайсыз. Одан сайын бұлдіріп алуы мүмкін ғой. Жұмысына қайтып кетіп, әңгімелесуге басқа бір қолайлыш уақытты таңдаса ше? Онда өзін-өзі жеп бітеді. Жоқ, күтіп, әңгімелесіп кетуі керек. Ол мұны көрген күнде де, байқамаған болып өте шықса ше? Бұл бетпе-бетте анау оған көмекке келсе ше? Олай болса, дау-дамай шығады. Ал мұның оған басыбайлы иелік етуіне құқы да жоқ. Өйткені бұлар ерлізайыпты болып ресми тіркелген де емес қой. Әуелде некеге отыруға өзі қарсы болған (шешесі осы үшін де келінімен өштесіп алған жоқ па еді). Енді өзінің алысты ойламайтындығынан, қазір әжетіне жарайтын қарудан айрылып қалғанына қатты өкініп тұр. Ол барлық уақытта да еркін жүріп-тұруға ерікті. Ойына осы тұсуі мұң еken, басы төмен салбырап, салы суға кетіп, қызмет орнына қайтты.

Жол бойы көз алдынан әйелі мен әлгі еркектің бейнелері кетпей, елестеп тұрып алды, олар ғашықтық сыр ақтарысып жатқандай болды, әйелінің қоңырау күлкісі құлағында қалып қойды. Қападан есі шыққаны соншалық, арба дөңгелегінің астына түсіп қала жаздады.

Кеңсеге кірген кезде екі әріптесі үстелде жатқан газеттерді оқып отыр еken.

– Ван дос, саған не болды? Сенің бүгін өңің қашып тұр ғой, тіпті тұскі асты да ішпедің. Басыңа не күн туды? –

деп сұрады Пань деген фамилиядағы жастауы өзіл-шыны аралас.

“Не болғанын білетін болды ғой”, – деп түйді Ван Вэнь-сюань.

– Ештеңе де болған жоқ. Жай әншейін ішім ауырып тұрғаны. – Өтірік күлген болды.

– Ішің ауырса, дәрі іш, тұстен кейін жұмыс істемей-ак қой, жарты күнге сұран. – Әңгімеге Чжун есімді екінші әріптесі араласты. Ол өзі елулерге келіп қалған, жалтыр басты, түсіңкі қабағы бет әлпетін төрт бұрышты етіп көрсететін, жалпақ қызыл мұрынды, сұрықсыздау кісі. Әріптерлерінің көңілін тауып, тез тіл табысатын, ішіп алған, көңіл көтеруді жек көрмейтін, әңгімелескенді ұнататын жан. Оның мұнда отбасы да, жанашырлары да жоқ. Сонда да барлығы оны сыйлайды. Ол өзі “өмірге бейім, ауырдың үсті, женілдің астымен жүретіндерді” ұната бермейтін.

– Қам жеме, ештеңе етпес! – деп селқос жауап берді де, өзінің жұмыс орнына, жоғары көтерілуғе ыңғай танытты Вэнь-сюань.

– Бізben бірге бол, әлі уақыт бар, қайда асығасың? – деп кідіртті Пань жылы ұшырай.

– Сен азып кеттің. Көбірек демалғаның дұрыс. Біздің жұмысымыз денсаулықты бұзуға тұрмайды ғой, – деп кеңес берді Чжун оған жанашырлық танытып.

Вэнь-сюань бос орындыққа жайғасты да, ауыр күрсініп салды.

– Басыңа не күн туды? – деді Чжун таңдана қарап, сөйтті де оның иығынан қағып-қағып қойды. – Сендер, жастар өмірге жеріне бермендер, қандай жағдайда да,

өмірден түнгілуге болмайды. Сендердің жастарында тек өмірге шаттана қарап, денсаулықтарыңың қамын жеген орынды!

— Біздің жалақымызға әйелінді бағу қын, денсаулықты ойлау қайда! — Ван Вэнь-сюань қапалы жауап қатты.

— Тұсінікті болды. Әйеліммен керісіп қалдым десеңші!

— Чжун іліп әкетті.

— Жо, жоқ, — деп Вэнь-сюань жанталаса қарсыласқан болды. Бірақ түр әлпеті шындықты жасырмақ болғанын айтып тұрды.

— Досым-ау, қарсыласып қайтесің, — деді Чжун күлімдей қарап: — Отбасында ыдыс-аяқ сыңғырламай тұрмайды. Егер керісіп қалсаң кешіре сал! Сен оның көңілін ауласаң, оның да бүйрекі саған қарай бұрылады. Соған бола өмірден түнгілуге бол ма?

Вэнь-сюань ешқандай жауап қайырмады, тек макұлдал, басын изей берді.

— Мен сенімен келіспеймін, бір рет кешірсең әйелің басынып алады, — езу тарта әңгімеге араласты Пань. — Еркек қайтпауы керек. Әйел не істей алады? Жылап-сықтайды да қояды! Олардың бізсіз күні қараң!

— Жетеді, — Чжун оған қарап қолын сілтеді де, мырс етіп күліп жіберді. — Онсыз да барлығы біледі сенің әйелден қорқатыныңды! Бұл жерде бөгде ешкім жоқ.

Пань қызара бөртіп, теріс қарай бұрылып кетті. Вэнь-сюань оған бұрылып, бірдене айтқысы келді, бірақ ештеңе демей, ернін қымтап тістеп алды.

— Білесің бе, достым, мынадай мақал бар: “Берілген кеңестің жартысына ғана сен”. Қазір онсыз да жағдайымыз

мәз емес, соған қарамастан дауласқанымыз не теңіміз?!  
Әйелдерде еркектер секілді шыдамдылық қайдан, кейде олардың төзімі таусылады, содан ашуланып шыға келеді.  
Олар да адам баласы емес пе? Қоя бер, ашуын тарқатсын, сен оны жаныңа жақын қабылдама, сонда бәрі де сабасына түседі. Әйелге қарсы ең үлкен қару – үндемей құтылу.

– Чжун шал оны өз тәжірибесінен жақсы біледі, – Пань айқайладап күліп жіберді. Ван Вэнь-сюань селк ете түсті. Оған соңғы сөздің мағынасы түсінікті болды, күтпеген жерден орнынан атып тұрды да, өзіне-өзі сыйырлады: “Барып іздел табайын оны”, – сөйтті де шығып жүре берді.

– Сен қайда кеттің? – деп сұрады Пань.

– Қазір келемін, – аптыға жауап қайырды да, артына қайырылмастан кете барды.

– Ол не істемек? – деді Пань таңданысын жасыра алмай.

Чжун басын шайқады да, артынан естілер-естілмес күрсініп қойды.

## V

Бұл банкке қайтып келді. Тұскі үзіліс әлі аяқталмапты, сыртқы есік жабық тұр, ол қосалқы есікке қарай беттеді. Ал ол әлі келмеген болса қайтеді? Немесе мұны көргісі келмесе ше? Болмаса бұны сүйк қабылдап, жан жылтытатын сөз айтпай қойса ше? Ол мұны кешірер ме екен, жан жарасын түсініп, тілегін тыңдар ма? Бұл оны айтқанына көндіре ала ма, үйге қайтып оралуға келісімін бере ме? Осылайша ойы сан-саққа жүгіріп, оған кіру керектігіне

шұбәлана бастады. Банктің қосалқы есігінің алдында тұрып-тұрып, ақыры басы салбыраған күйі кері қайтты.

Оншақты қадам жүргеннен кейін кенет басын көтеріп алды, құлағына аяқ киім өкшесінің тақылдаған даусы естілді. Қарсы алдынан оны көрді, дәл бұрынғысынша киініп алған. Ол қарсы келе жатыр, бұны таныды, таңырқай қарап тоқтай қалды, ерні бір нәрсе айтқысы келгенін білдіріп, емеурін танытты. Кенет жалт бұрылып, үндемей жүре берді.

– Шу-шэн! – бар күшімен айқайладап жіберді бұл. Үнінен жүрек дүрсілі қоса естілгендей болды. Ол бұрылды да, сұраулы жүзбен бұған қарады. Бұл даусы дірілдеп оның есімін қайталады. Ол жақындалап келді.

– Не болды? – деп сұрады бөгде кісіше оған салқын жүзбен.

– Сен маған он бес минут уақытынды бөле аласың ба? Сенімен сөйлесуім керек, – деді үні шығар-шықпас, даусы бұрынғысынша дірілдеп тұр.

– Менің жұмысқа баратын уақытым болды, – жай ғана жауап берді.

– Менде маңызды әңгіме бар. – Бұл қазір ғана ұрыс естіген бала секілді қызыарып кетті.

Ол жұмсағандай болды, сәл тұрып барып баяу үн қатты:

– Онда банкке сағат кешкі бесте кел.  
– Жарайды, – бұл ерекше ілтипаттық сезіммен келісімін берді.

Ол тағы да бұған көз қиығын салды. Бұл оның сонынан есіктен кіріп кеткенше қарап тұрды.

Мұның қеудесінде тағы бір күдік сыр берді. “Біздің айрылысқанымызға бар болғаны бір-ақ күн, соның арасында қалай алыстап кеткенбіз”. Осы күдігін біреу келіп тарқатып жіберетіндей күтті. Бір шама күтті. Басы қорғасын құйып қойғандай зілденіп тұр. Кенет бұны біреу итеріп жібергендей болды, жол жиегіне жығыла жаздал, тәлтірек-теп тұрып қалды. Денесі дұр сілкініп, бойын тез жиып ала қойды. Көшеде адамдар легі ағыла бастапты, шаңын бұрқыратып машиналар мен арбалар ары-бері зуылдайды. “Маған да қызметіме баратын уақыт болыпты” деп ойланды да, жүрісін жылдамдатты.

Жол бойы бір ғана жайды ойлаумен болды. Кеңсесіне жеткен сәтте ақырғы шешімге келді. “Бәріне кінәлі менмін. Кеше одан кешірім сұрауым керек еді”.

Ол жұмыс орнына көтерілді. Менгеруші орнында жок болып шықты. Корректура бөлімінің бастығы У мен хатшы Ли темекі шегіп, әңгімелесіп тұр. Олар бұған көз қықтарын салып, келеке етіп, құліп тұрғандай сезінді. “Мен жайлы және ол туралы сөйлесіп тұрған шығар” деп шешті жүзі күреңітіп.

Белгілі жазушының аудармасын оқып отыр. Мұны роман деп алған, ал аудармасында буддалардың дұғала-рына ұқсап кетіпті. Өн бойында беймәлім сөздер жиі ұшырасады, бір сөйлеміне түсінсе бұйырмасын. Тұпнұс-қамен салыстырып қана түзету үстінде. Әріптестерінің күлкісі қарқылдан шыққан сайын Вэнь-сюаньның басы салбырай түсті. Бояудың өткір иісі мұрнын жарып барады. Қоламта иістен жүрегі айниды, бірақ шыдамасына шара қайсы?

Менгеруші келді, неге екені белгісіз қабағы шытулы. Өз орнына отырар-отырмас қарамағындағыларға айқайлай бастады. Бір қызметкер оған жақын келіп, күнделікті тұрмысқа жетпейтіндіктен жалақыны көтеру туралы, әсіресе, тәменгі буын қызметкерлердің еңбек ақысын арттыру жөнінде әңгіме өрбітті.

— Қай жерде жұмыс істесендер де осы. Бізде ұнамаса, басқа жерге барындар! – деді менгеруші ызалана.

“Бұйткенше ештеңе төлемегендерің артық!” – Ван Вэнь-сюаньның жаңы күйзелгеннен жыны қозды. – Өзің өкіртіп пайда табасың, ал біз өліп жатсақ та бәрібір. Сенің осы сараңдығың болмаса, Шу-шэн екеуміз өстіп ұрсысар ма едік?” – деп ойлады менгеруші қыжылын сезіп қоймады ма деген үреймен демін ішіне тартып.

Вэнь-сюань ерте кетіп қалмай, сағат беске дейін әрен шыдады, қоңырау даусын ести сала орнынан қозғалды. Корректураны жауып, үстелдің үстіне қойды да, тәменге қарай асықты. Бұнымен сөйлескісі келіп Чжун айқайлап еді, оны құлағына да ілмеді.

Банкке жеткенде сыртқы есігі жабық тұрғанын көрді. Қосалқы есіктен кіргені сол еді, қайтуға жиналышп жатқан Шу-шэн бірден көзіне шалынды.

Бұл күлімсірәй басын изеді. Оны көріп жаңы жай тапқандай болды. Кенет айнала айрықша шуақа малыншып, көктемнің жылы лебі есіп өткендей сезімге бөленді.

– Жүр “Халықаралық” барайық, – деп сыбырлай ұсыныс жасады ол.

– Жақсы, – деді бұл толқи тіл қатып, бұның басына әлгі бұдан екі сағат бұрын әйелінің бөгде кісімен бірге болған

дәмхана екендігі де енбеді. Екі күн бойы еңсесін тұсірген жүктен арылып, кеудесі сайрап сала берді. Ол бұның он жағында қатарласып жүріп келе жатыр. Жол бойы әйелі бірнеше жөт-кірінгені болмаса ләм-мим деп жақ ашпады.

— Сен ауырып қалғансың ба? — деп жана шырлық таныты бұл ұнсіздікті бұзып. Оған мейірлене қарады: жүзінен секем аларлықтай ештеңе байқай қоймады.

— Жоқ, әншейін, — деп жауап қайтарды ол басын шайқап, сөйтті де ернін қайта қымқырып ала қойды.

Бұл ерік-жігерінен қайта айырылды. Сөйлеуге сөз таппай қиналды. Көп ұзамай дәмханаға жетіп, ішке енді. Бұл жер оған таңсық көрінді, зал өте әдемі көмкерілген, әсіресе терезеге ілінген аспан көк перделер көз тартады. Залдың жаңадан жабдықталғаны көрініп тұр. Бұл уақытта келушілер қатары жиіліне тұскен, бірақ аса шұлы емес. Олар терезе алдында жалғыз бос тұрған үстелге барып жайғасты.

— Менің бұл жерге алғашқы келуім, — деді бұл сөйлеуге басқа сөз таппай.

Оның жүзінен өкінішті леп жүгіріп өтті.

— Сенің жалақынмен дәмханаға жиі кіру қайда? Оған осыдан тоғыз жыл бұрын мүмкіндік болған. Ал соңғы кезде барлығының астан-кестеңі шықты ғой, — деді ол өзімен-өзі сөйлесіп отырғандай, сөйтті де терең күрсінді. Оның тағы да бірденелер айтқысы келіп еді, бірақ даяшы сөзін бөліп жіберді. Ол екі кесе кофе әкелуін өтінді.

— Енді не болатынын ойлаудың өзі қын. Біз Шанхайда жүргенде қазіргідей өмір сүреміз деген тұсімізге кіріп пе? Ол кезде қияли екенбіз ғой, білім алуды, туған үйіміздей болған институтымызды ойлап жүре беріппіз. — Бұл күлген

болды, құдды түс көріп жатқандай, кенеттен қабағын шытты. – Ең қызығы, біздің өміріміз ғана емес, сезімтүйсігіміз де өзгерді, қалай өзгергенін айту қын. – Сөзін шамданған кейіпте аяқтады.

Даяшы олардың алдына екі кесе кофе әкеп қойды. Бұл қант салғышты ашып, оның кесесіне қант салып берді, мұнысына ол жылы шырай танытты.

– Барлығы да түс көргендей өте шықты. Бізде биік мұрат болатын, сол мұрат жолында жігерлене еңбек етуші едік. Қазір ше... Біз бұрынғыдай неге өмір сүре алмаймыз? – деді ол баяу ғана ойлы жүзбен. Бұл сөздер жүректен шыққандай әсер қалдырды. Тебіреністен жаны толқыған Вэньсюаң бұлардың сезімдері жақындай түскенін ұқты, содан жігерлене бастады. Дегенмен, даусында әлі де діріл бар. Бұл батылдана сұрады:

– Сен менімен үйге қайтасыңғой, солай ма?

Ол жауап беруге асықпады, бұған ұзак қарады. Оның көзқарасынан әрі таңырқап, әрі қуанып отырғаны байқалады. Қос жанары жанып тұрып, сол сәт қайта сөнгенін көрді. Ол бір минуттай терезе жаққа қарап отырды да, содан кейін бұған көзін бұрып, ауыр күрсінді:

– Сені мынадай өмір жалықтырған жоқ па? – Оның көзі қызарып кетті.

– Болған жағдайдың барлығына да мен кінәлімін, – деді бұл басын тәмен салып, кінәлі дауыспен. – Мен өзім де білмеймін, мінезімнің қалай дөрекіленгенін...

– Сенің ешқандай кінәң жоқ, – деді ол бұның сөзін үзіп, – қазір барлығының да мінезі сондай. Менің мінезім де онып тұрған жоқ.

— Менің ойымша, біз тату-тәтті өмір сүріп кете алатын секілдіміз, — деді бұл қайраттана.

— Болашағымыз бұлыңғыр. Менің ойымша, өміріміздің еш мағынасы қалған жоқ. Қандай парадокс, мен мұғалімдік мамандықты оқығаныма қарамастан, банкте төменгі буын қызметкер болып жұмыс істеймін!. Күлкілі де қайғылы!

— Ал мен ше? Күні бойы өзім тұсінбейтін мақаланың қатесін түзетемін. Бұл туралы сөз қозғаудың қажеті жоқ, Шу-шэн. Үйге қайтайық, мен енді ешқашан сенімен керіспеймін, — өзін-өзі тізгіндеуден айырылған бұл мұсәпір күй кешіп, оған жалынып жалбарына бастады.

— Сабақа тұс, бізге қарап отыр, — деді ол бұған қарай еңкейіп. Сөйтті де, кофесін баяу ішуге кірісті.

Оның сөзі үстінен сұық су құйып жібергендей тез есін жиғызды. Бойын жылдам түзеп алды. Кофесін сораптауға көшті, онысы бүгін ерекше ащы көрінді. “Осының өзі жақсы! Ащы болған үстіне бола түссе!” — деп түйді кофесін ішіп жатып.

— Сен уайым жеме! Мен саған оралғым келмейді деген жоқпын ғой. Сендердікінде мені не күтіп тұрғанын өзің ойланшы. Анаң мені жақтырмайды, ал мен оған төзе алмаймын. Мейлі, ұрсып керіспей-ақ қоялық, соның өзінде саған оңай соқпайды. Өмір қымбат, артық ауыз сөз саған ауыр тиеді. Сен тұсін, біз осылай айырылысып кетсек, дос болып қалар едік... — ол аспай-саспай сөйлеп отырған секілді, бірақ даусынан айрықша мұң табы айқын сезіледі.

— Ал ұлымыз... — деп қайғыра сөз бастап еді бұл. — Ұлымыздың сенің шешеңмен болғаны ұтымды, әжесі оны жақсы көреді, әкесі қауіп-қатерден сақтайды — екеуің менің

орнымды жоқтатпайсындар. Онсыз да ол менімен сирек жүздеседі, енді жас емес, оған мендей ананың керегі де жоқ, – деп әр сөзін нығыздал сөйлеп кетті ол.

– Олай деме, сен маған керексің, – деп бұл әлі де жалынып отыр.

– Ал сен шешеңде менен артық керексің. Оны қуа алмайсың. Ал ол сенімен болған кезде мен қайтып орала алмаймын, – деп нық сеніммен айтты ол.

– Менің не істеуім керек! Бұлай өмір сүргенше, өлгенім артық! – деді де басын қос қолымен қысып, зарлана үн қатты бұл.

– Жүр кеттік, түстенетін уақыт болды, – әйелі даяшыны шақырды. Ақысын төледі де, бірінші болып орнынан көтеріліп, сыртқа қарай бетtedі. Бұл үн-тұнсіз орнынан тұрды да, оның соңынан ілесті, ақшаны өзі төлеуі керек екендігін ойна да алған жоқ.

Күн кешкіріп қалыпты. Ізғар денесін тітіркендіріп жіберді.

– Кош бол, – деп жұмсақ үн қатты да, ол бұрылып кетуге ыңғай танытты.

– Жоқ! – оның кететінін сезінгенде өзін ұстап тұра алмады, күні бойы жанын жегідей жеген сұрақты қойып қалды: – Ашығын айтшы, екеуміздің арамызда үшінші біреу бар ма? Менің білгім келгені – анамнан басқасы.

Оның бет әлpetі, қымыл-әрекетінен еш өзгеріс байқалмайды. Мұның сұрағына ренжіген де жоқ, тек аяныш сезімі оянды. Бұның неден қауіптеніп тұрғанын түсіне қойды, содан езуіне күлкі үйірілді.

– Үшінші біреу бар, сен оған аландамасаң да болады. Мен бойжеткен емеспін ғой, отыз төрт жастамын, ендеше өзімді

қалай қорғау керектігін білемін. – Басын иіп қошасты да, бұны тастап, жол жиегімен нық басып кете барды.

Ол оның соңынан бейжай қарап тұрып қалды, бірақ қос жанары ештеңе көрер емес. Көз алдынан әйелі мен әлгі әдемі пальтодағы ер кісі көлегейлеп кетпей қойды, олар мұның алдында, ылғи алдында жүріп келеді.

Міне, сәтсіздік! Қаншама сөз айтылды, бәрі босқа кетті. Оның көңілінде не бар екенін сол бойда ұқпай қалды. Не істеуге болады? – деп ойлады. Көз алдын әлгі қаралы көрініс қайта тұмшалап алды.

– Үйге қайт! – өз даусын құлағы шалғандай болды, дүние қарауытып тұр.

“Үйге қайт! Сенде үй бар ма осы?” Жол бойы осы сөздерді ойша қайталаумен болды.

## VI

Үйінің алдына келіп тоқтағанда, сыртқы есік үңірейіп, қарауытып тұрды. Бұгін бұлардың ауданында электр шамы тұтас өшірілген болатын. Есік үстіне ілінген керосин шырақты жағатын бір тірі жан табылмапты. Ол қараңғы дәлізде сипалап жүріп, баспалдаққа аяғын іліктірді де, үшінші қабатқа көтерілді.

Бөлмесінің есігі жартылай ашық екен, содан жарық сөule түсіп тұр. Есікті итере ашып қалды. Үстел басында басын тәмен салып, шешесі тамақтанып отыр. Есік сықырын естіп, басын қуана көтеріп алды.

– О, келдің бе?

Бұл жауап орнына басын изеді.

— Жылдам отыра ғой! Мен сені өбден күттім, кешіккен соң келмейді деп ойладым. Шешесі ақтала сөйледі.

— Бір шаруа болып қалды, — деді естілер-естілмес, үстелге келіп, анасына қарсы отырды. Ол орнынан тұрды да, бұған тамақ ұсынды.

— Тезірек жей ғой, — деді аса мейірімді жүзбен орындығына жайғасып жатып. — Мен Фаннан бір қадақ ет алып, өзің ұнататындай етіп қуырып қойдым. Дәл қазір ғана оттан алдым, әлі ып-ыстық. Жеші, жей ғой. — Анасы жылдамдатып өз сыбағасын жеп бітті.

— Анасының тынымсыз айналып-толғанғанын естіп отырып, көзімен үстел үстін шарлап шықты да, кесесінің жанына үйілген қоқымды көрді. Оның тамақ ішуге зауқы соқпады, кереуетіне тезірек жетіп, шер тарқатқысы келді. Бірақ, басын тәмен салбыратып, шешесінің сұрақтарына еріксіз жауап беріп отыр. Тамаққа зауқы болмаса да, өзін-өзі қинап, бір еттен кейін екіншісін аузына салып жеген болуда. Бұл барлық уақытта да айтқанды бұлжытпай орындастын бала емес пе?

Анасы мұның көңілі тым жүдеу екенін бірден сезген.

— Сен ауырып отырсың ба? — деп сұрады алаң көңілмен.

— Жоқ, — бұл басын шайқады да, — бәрі жақсы, — деп басын салбырата тұсті.

Анасы бұған мейірлене қарады, тағы бірдеңе айтар ма деп күтті, бірақ бұл оған назарын да аудармады. Оның шыдамы таусылып, қайтадан сұрақтың астына ала бастады:

— Тамағың суып қалмапты ма?

— Жоқ, — деп бейжай жауап қатты, басын көтермesten.

Бұл әрекеті анасының жанына ауыр батты, күні бойы күткендегісі осы ма, тым болмаса жылы қабақ танытпады.

Анау әйел басын дұғалап тастаған болар деген ойға тоқтады. Бұған тағы да жәудірей қарады. Бұл қолындағы таяқшаларды таstadtы да, үн-тұңсіз орнынан тұрды.

– Тоқсың ба? – Ол көңілінде кептеліп қалған ызасын жеңіп, әлі де мейірлене үн қатты.

– Иә, – деп жауап қайырды да, үстел үстін жинастыра бастады.

– Сен бір жерден тамақтандың ба? – Анасы анық-канығын білмей қояр емес.

– Біз Шу-шэн екеуміз жаңа ғана бір кесе кофе іштік, – деп айтып қалды да, артынша үлкен қателік жібергенін түсіне қойды.

Анасы ашудан қалшылдап кетті. Тағы да сол әйел! Бұл тамақ әзірлеп, оны сарыла күтеді! Ал ол болса, анау әйелмен кофе ішіп, сонынан салпақтап жүр. Ана салдақының бақыттан басы айналған болар! Мынау сорлы сол әйелді іздеп тауып, арсыздың алдында басын игені ғой! Бұл енді шектен тыскары, оған шыдау мүмкін емес!

– Сен оны іздеп бардың ба? Ол ұятсыз сенің жүзіне қалай ғана қарады еken? – Анасы долдана айқайлап жіберді.

– Мен оның қайтып келгенін қалаймын, – деп мінгірледі бұл.

– Мәссаған! Ол қайтып келе ме? – анасы сұп-сұр болып бұған бақырая қарады.

– Жоқ, оның оралғысы келмейді, бірақ біраз уақыт өткеннен кейін ол шешімін өзгертеді деген ойдамын, – бұл көңілдегісін жайып салды.

– Ол қайтып келеді? Жоқ, сен не сандырақтап тұрсың? Егер мен сенің орнында болсам, онымен ажырасатындығым

туралы газетке хабарландыру берер едім. Откен іске өкінгенмен, ол қайтып орнына келмейді. – Ыза мен ашу анасының бетіне шапты. – Мен сенің әкеңде он сегіз жасымда тұрмысқа шықтым, сонымен бірге отыз жылдан астам ғұмыр кештім, осы өмірімнің ішінде дәл мынандай әйел көрсем көзім шықсын!

Бұл сөздері ұлына еш әсер етпейтінін, әйелін еш уақытта ұмыта алмайтынын жақсы түсінді, соған жыны келді. Тіпті қазір де екеуін ажырата алар емес! Мұның оған деген махаббаты шексіз! Әлі де Шу-шэннің есімін өз туғанындей аузынан тастамайды.

– Меніңше, оның өз мұң-зары өзіне жететін секілді, тек маған ол туралы ештеңе айтпады. – Баласы анасының сөзін естімеген секілді, өз ойымен өзі әлек боп, өзімен-өзі сөйлесіп отыр. Бірақ айтар ойын аяқтап ұлгерместен анасы сөзін бөліп жіберді.

– Қандай мұң-зарды айтпақсың?! Ол сені тастағалы қашан, басқа ерек тауып алғып, ғашықтық хаттар алмасуда, ал сен оны қорғаштайсың келіп! – Ызадан жарылардай мұны тықсыра сөйледі.

– Бәлкім, ол ғашықтық хат емес шығар, – деді бұл келіспеген сыңай танытып.

– Қалайша ғашықтық хат емес? Олай болса, оны саған неге көрсетпеді? Неге ренжіп, үйден кетіп қалды... – Анасы бұған ентелеп барып басылды.

– Мама! – деп көзіне жас тола сөз бастады да, бірақ оны аяқтауға мұршасы жетпей тұншығып тұрып қалды.

– Айт, – деді аناсы біршама үнсіздіктен кейін. Бұның көз жасы оның мейірімін оятты, бір сәтте барлық ашу-

ызасы тарап кетті. Ол ұлына мейірлене, жаны аши қарады, біреулер көңілін қалдырғанда бұған кеп мұнын шағатын бала кезін есіне түсірді.

– Мама, сіз Шу-шэнді түсінгіңіз келмейді, ол қашып кеткен жоқ қой, бірнеше күн достарын аралап қайтып келеді, – бұл мұңая тіл қатты.

– Ой-қой, оны түсінбейді екенмін, – ол ызалана күлді. – Мен оны сенен артық түсінемін. Ол сенімен бірге қындықты бөлісіп тұра алмайды, ол ондай жан емес, оған баяғыда көзім жеткен. Енді соны түсіну – сенің кезегің. Тек сорлы анаң ғана басында қандай қындық, қуаныш болса да бірге бөлісетін. Сен әлгінде оны түсінбейсің дедің. Бұл соның сөзі ме?

Анасы қайтадан ашулана бастады, мұның өтірік айтудан басқа амалы қалмады. Басын шайқап тұрып, былай деді:

– Жоқ-ә, ол ештеңе айтқан жоқ.

Анасы оған тіксіне қарады да, терең күрсінді.

– Жарайды демалатын уақыт болды, мен саған төсек салайын. Күн ұзаққа әбден шаршаған шығарсың.

– Оқасы жоқ, көп уайымдамаңыз, – деді мең-зен қалыпта.

Күні бойы әбден қалжырап шаршаса да, әлі өзін-өзі ұстаяға шамасы жетіп тұр, ыдыс-аяқты жуып, ұстел үстін жинастырып, анасына көмектескен болды. Содан кейін шешесі білте шамды ұстел үстіне әкеп қойды да, баласына тіл қатты.

– Мен біраз тігіс тігейін, ал сен жатып дем ал. Сөйтті де, жапсарлы бөлмеден немересінің пальтосын әкеп, ұстел

қасына жайғасып, жамап-жасқауға кірісті. Белі бүгіле түсіп көзәйнекпен шұқшаға тігіп отыр. Білте шамның жарығы лапылдаған тұр, біртіндеп сәулесі сөнуге айналды, содан да анасының басы одан сайын салбырап, иіліп барады.

Кереуетіне жатып үйықтағысы келсе де, оған дәті шыдамады. Төсегіне бір отырып, бір тұрды. Үстелге жақындаған, анасының ту сыртынан ұнсіз ұзақ қарады. Көзіне шешесінің шашы оттай басылды. Құдды оның басына біреу тұз тәгіп жіберген дерсіз. Анасының осыншалықты шау тартқанын – шашының соншалықты ағарғанын бірінші рет көріп тұрғандай сезінді. Анасы оның қарап тұрғанын байқамады. Көзәйнегін шешіп, қос жанарын сұртті де, қайта киіп, жұмысын жалғастыра берді.

– Сяо-сюаньға да обал болды, бір пальтоны үшінші қыс жаратып жүр. Әлі тоза қойған жоқ, бірақ келесі жылы тым тарлық ететін болады. Құдайшылығын айтсам, оған жаңасын алғып беретін уақыт әлдеқашан жетті. Бірақ әкесі сорлының оған қайдан шамасы келсін, оны оқытудың өзі оңай соғып жатқан жоқ қой... Қазір білте шамдарды да сапасыз шығаратын болды. Өзі отыз юань тұрады, соған қарамастан жарығы тым әлсіз, көздің нұрын тауысып бітуге айналды. Мені қарттық жеңді, ештеңеге жарамай барамын. Бір-екі ине шаншуға қанша уақыттым кетті. Ал анасына Сяо-сюань тіпті қажет те емес, біздің отбасында туылғаны соры болды. – Кейуана баласы қасында тұрғанын білмей, іштегі сырын сыртқа шығарып, шер тарқатып отыр.

– Мама, кешкісін тігін тіккенді қойсаши, көзің көруден қалып барады, денсаулығыңды күтпесең болмайды, – деді бұл тебірене толқып, әрі мұндана.

— Қазір аяқтаймын, бір-екі жамайтын жыртық қана қалды, — ол басын көтеріп, бұған құлімсірей қарады. — Мұнымен кешкісін болмағанда енді қашан айналысам? Күндіз азықтұлік сатып әкелуім керек, ас әзірлемесем тағы болмайды. Жанарымды осы үшін жаратқан шығар, оны күткенде не үшпаққа жетеді дейсің? — ол қолына инені алып, жіп өткізді де, ескі пальтоны аударыстыра бастады. — Мен Сюо-сюаньның анасы секілді өзін сылап-силаудан басқаны білмейтін, тіпті туған баласын ұмытып кететін, сүйір саусак жан емеспін ғой. Барлығының оны институт тәмамдаған жоғары білімді маман, банкте білдей қызметкер деп шырпыр боласындар, ал мен оның үйге қарасқанын, тым болмаса ұсақ-түйек бірдеңе әкеліп көмектескенін көргенім жоқ.

— Сюо-сюаньның оқуына ше, оны төлеп жатқан сол емес пе? Соңғы семестрде ғана отыз мың юаньға жуық қаражат шығыннады. — Бұл әйелінің сөзін сөйледі.

— Оны өзі қалап алған жоқ па? Оған ұлының аристократтардың балаларымен бірге оқығаны қажет. Байдың балаларының ортасында жалғыз кедей, олармен қайтіп теңессін. Ал ол болса артық ақша бермейді. Соны айтып Сюо-сюань мені мазалайды.

Одан арғысын естуге мұршасы келмеді. Шаршағаны соншалық, екі аяғын тіреп тұра алмады. Жайбарақат ұйықтау енді қайдан, бірдеңе істейін десе, оған тағы шамасы жетер емес, тіпті анасына қарауға дәті шыдамады. Бөлме іші азына тұр. Кеудесі бос қуыс, өрекпіген жүрегі тулай соғады. Іші әлем-жәлем. Басына тұскен қайғы есінен адастырғаны соншалық, айқайлап күлгісі, бақырып жылағысы келді. Жанын одан сайын тілгілеп, біржола

өшуді ойлады. Әйтеуір, анасының жанында қауқарсыздық танытпаса болды.

Есікке қарай ата жөнелді.

— Сюань, Сюань, — деген шешесінің үнін естіді, бірақ жауап қайыруға мұршасы келмеді, жүгіріп төменге тұсті. Қараңғыда маңдайын соғып алды, алайда ешқандай ауырғанын сезбеді. Оның басын бір ғана ой тұмшалап алды: “Барлығының алдында кінәлі менмін! Сол үшін жаза алуға тиіспін!”

## VII

Есік алдына алқына шықты. Жол жиегіндегі кеспе, жеміс-жидек сататын дүңгіршектің карбид фонары аспан жұлдыздары секілді жарық шашып тұр. Суықтан тоңған иықтары бүрісе тұсті. “Қайда барған дұрыс?” – деп сұрады өзінен-өзі, жауабын таба алмастан, көшенің қақ ортасымен адымдап жүре берді.

Көше кезіп бос сандалып жүргенде қоларбасын зымыратып келе жатқан рикша<sup>1</sup> қағып кете жаздады. Ол бұны балағаттап жатты, бірақ оның былапыт сөздерін құлағына да ілмеді. Құдды бұл дүниеден алыстап кеткендей күй кешті. Жаны мұндай құлазып көрмеген шығар.

Тағы бір көшені кесіп өтті, қайда баратыны әлі белгісіз. Карсы беттегі көше жарыққа малынып тұр, сөуле шашқан шам соншалықты көп. Қатар жатқан екі көше бір-біріне үқсамайтын екі әлем. Ол жарыққа қарай жылжып келеді.

Бір кезде біреу атын атап айқайлағандай болды. Шошып кетіп, жан-жағына қарағанда, дәмхана алдында тұрғанын

---

<sup>1</sup>Рикша – жүк тасушы.

байқады; терезе алдындағы үстелден еуропа ұлгісінде киінген орта жасар кісі көтеріле берді.

– Жол болды деген осы! Кел отыр, бір-бір стақаннан ішейік, – деді даурыға тіл қатып.

Вэнь-сюань оны бірден таныды, олар орта мектепте бірге оқыған болатын. Көріспегендеріне жарты жылдай уақыт өтіпті. Осы мезгіл ішінде анау қатты қартайып кеткен. Басқаша жағдайда жолықса, онымен амандасып қана өте шығушы еді. Бұл жолы өйтпеді, үстел жанына жақындал, орындық алды да, мектепте бірге оқыған сыныптасының қарсы алдына жайғасты.

– Бізге өткірлеу бірдене алып келіндерші! – деп айқайлады анау даяшыларға.

Ол жақтан қош көрген жауап қайтарылды да, артынша бір стақан қош иісті вино әкелінді.

– Маған тағы да қайтала! – деді стақанын басына көтере төңкеріп салған дастарқандасы үстелді тоқпақтап. Оның бет-жүзі қызара бөртіп кетіпті.

Вэнь-сюань еріксіз әңгімеге араласты: – Бо-цин, сен бұрын ішпеуші едің фой, бұған қашаннан бері үйірсек болғансың?

– Мен ішкілікке құмар емеспін, жо-жоқ, жай әншнейін тамақ ішкім келді, адам онсыз өмір сүре алмайды фой. – Ол басын шайқай берді. – Қане одан да ән айтайық!

Вэнь-сюань оған үн-тұнсіз қадала қарап отырып винодан ұртын толтыра бір ұрттады. Стаканын орнына қойды да, терең тыныс алды, іштен шыққан ыстық дем тамағын күйдіріп барады, ол шыдай алмай ықылық атты.

– Тұбіне дейін, тұбіне дейін! Бұлай болмайды, – Бо-цин қолымен ауа қармап, бұны ішкізуге күш салды.

– Өзім-ақ ішемін, – қарсыласа жауап қайырды да, шынымен-ақ, виноны тұбіне дейін қағып салды. Жүрегі тарсылдай соғып, беті ысып кетті.

– Тағы қайтала! – бұрынғы сабактасы үстелді үрғылап, дастарқан үстінде жатқан сыр мен жер жаңғақты бұның алдына ысырды.

– Же!

– Артық іше алмаймын! – Вэнь-сюань оны тоқтатуға асықты.

– Не деп отырсың, достым-ау! Неден қорқасың! Көп болса, қызарсың, сол да қайғы ма! Мені тыңдасаң, одан гөрі мас болып жүрген жақсы.

Бұларға вино қайтадан әкелінді.

– Өмір бойы мас болып өтуге болмайды ғой, кейде сергектік те керек, – Вэнь-сюань пікірталастырмақ сыңай танытты да, артынша айқайлап күліп жіберді. Дастан-қандасын көзбен сүзіп шыққан-ды: мынау отыздағы досының түр-әлпеті ондаған жас көрі көрінді, маңдайын әжім басқан, жақтары өбден суалған, қасы салбырап, көзін жапқан, жанарының нұры сөнген.

Ол Вэнь-сюаньның тағы ішуін қалап, тұртпектеуін қоймады. Вэнь-сюаньның жаны тіпті құлази түсті, жан айқайын былай жеткізді: – Мұндайда мастықтан айығу да ауыр азап екен ғой!

Бо-цин жауап қатпады. Винодан бір ұрттады да, басын көтеріп, Вэнь-сюаньға тік қарап тұрып, қалғанын сіміріп салды. – Ішім өртеніп барады, – деді жаны сыздап тұрғанын сездіріп.

– Өртеніп барады де, осыншама ішудің қажеті қанша? Одан да үйіне қайтқаның дұрыс болар. Мен сені шығарып салайын, – жаны аши тіл қатты Вэнь-сюань.

– Ішкіліктен басқа қандай қызық қалды дейсің? Өлердей ішкенде ең қиыны – ауырасың, немесе мәңгілікке көз жұмасың, мен оның екеуінен де қорықпаймын. Бүйткен өмірден өлген артық, – деді анау жан азабын сыздана жеткізіп. – Мен біткен адаммын, мені енді құтқару мүмкін емес.

– Сен түсінбейсің, менің жағдайым сенікінен де қиын. Мен барлығына да төзудемін, ал сен неге шыдамдылық танытпайсың? – Вэнь-сюань жұбата үн қатты. Бұрынғы ботқалас досының жүдеу жүзіне көзі түскенде жан жарасының аузы ашылып, жүрегі сыздап қоя берді, еңіреп жылап жіберуге шақ қалды. – Эйеліңнің жағдайы қалай? Әлі ауылда ма? – Әңгіме арнасын басқа жаққа бұрды. Бет әлпеті жас балаға ұқсас әйелі есіне тұсті. Олар бір жыл бұрын шаңырақ құрған болатын, үйлену тойлары мейрамханада өткен еді, оған Шу-шэн екеуі қатысқан. Кейіннен Вэнь-сюань ауылға барғанда олар мұны қонак еткен, жас келіншектің күлкісі тіпті Шу-шэннің жүрегін жаулап алған еді. Ван Вэнь-сюаньның басына өз қайғысы сап ете қалды, жолдасының әйелі туралы ойлануы мұн екен, Шу-шэн есіне тұсті.

– Эйелім қайтыс болған, – деді Бо-цин естілер-естілмес, бұған көз қығын да салмай.

– Қайтыс болғаны несі? Ауырды ма? – Вэнь-сюань шошына үсті-үстіне сұрақ жаудырды. Құдды өткір қылыш денесін тіліп өткендей ауыр сезім жанын тітіркентті.

— Ауырған да жоқ, — анау қайғы-мұндан өңі қашып сүйк жауап берді.

Бұдан енді не болғанын білу мүмкін емес еді.

— Ауырмаса, онда... — Вэнь-сюань осылай деп айтуын айтып салып кілт кідірді, “өзін-өзі өлтірді ме?” деп сұрауға дәті шыдамады.

— Бо-цинде үн жоқ. Вэнь-сюань да ләм демеді. Төзім тауысадай өлі тыныштық орнады. Дәмханада отырған қалған кісілер де көңілсіз көрінді, кейбіреулері өз өмірлеріне көңілдері толмай, қайғы-қасіреттерін айтып, мұң шақса, енді біреулері қызу пікірталас үстінде. Бұрышта орта жасар бір кісі жалғыз жайғасыпты, басы төмен салбырап, алдындағы тостағанға шарап құйып жатыр. Кенет ол орнынан тұрды да, ішкен-жегенінің ақысын төлеп шығып жүре берді. Дәмхана қожайыны: “ана қыдырма кісі әр кеш сайын осында болады, ешкіммен сөйлеспейді, шамасына қарай іshedі, әрқашан тісбастырыққа сыр жейді. Бір уақытта келіп кетеді, оның кім екенін және немен айналыстаынын ешкім де білмейді” деп біреулерге құлаққағыс етіп жатты.

Вань Вэнь-сюаньның оны бұдан әрі тыңдай беруге шыдамы жетпеді, басын көтеріп, ауыр күрсінді де, жаназабын сыртқа шығарды:

— Айнала толы қасірет!

Жолдасы бұған шошына жалт қарады, жанарын жас жуып тұр екен.

— Бұгінді қосып санағанда оның қайтыс болғанына жетінші күн. Осыны айтты да, ұзақ кідіріп барып сөзін жалғады. — Он күн бұрын бәрі де көңілдегідей болатын.

Әйелімнің айы-күні жетіп отырғандықтан, оны ауруханаға тексеруге апарып едім, дәрігер босанатын күннің жетпегенін, оған өлі кем дегендे жарты ай құту керектігін айтып шығарып салды. Мен мұнша уақыт ауылда қала алмайтын едім. Өйткені, арақатынасым жақсы болмағандықтан бөлім бастығым кезекті еңбек демалысына рұқсат берген жоқ болатын. Амал жоқ, қалаға оралуыма тұра келді. Үшінші күні сұық хабар жетті. Көршілер оны ауруханаға дер кезінде жеткізіпті, дәрігер тексеріп, бәрі қалыпты жағдайда екенін, босану ойдағыдай өтетінін айтып, оларды жылы шығарып салады. Расында да, тұн ортасы ауғанда ол жеңіл босанған және өзін өте сергек ұстаган. Бар кінә оны босандырып алған акушер-практикантта болып тұр. Нәрестенің кіндігін кесу кезінде байқамай қателік жіберген. Содан көп қан кеткен. Тұні бойы әйелім мені шақырумен болған, атым аузынан түспеген, сөйтіп жатып мәңгілікке көз жұмған. Айтушылардың сөзіне қарағанда, оның жан сыздатар жалынышты үні тіпті басқа қабаттағыларға да естілген. Өлер алдында тым болмаса мені бір көріп, жәбір-жапасын айта алмағанына ішқұса болып кеткен секілді. Қалада жүрген мен сорлы оны қайдан білейін?! Телефон арқылы маған сұық хабар жеткен замат ауруханаға алып-ұшып барғам, бірақ оның денесі сұп-сұық, қарны қампиып кеткені соншалық, табытты тіреп тұрғанын көру қаншалықты қорқынышты да азапты еді. Артында боздал қалған сәбиі де шырқырап, жатып-жатып, екі күннен кейін шетінеп кетті.

Мен жалпақ әлемде жалғыз қалдым. Әйелімді жерлеп, қалаға оралғаннан кейін ұзақ уақытқа еңбек демалысын

алғанмын. Бірақ, жаным жай табар емес, оның мені шақырған жандауысы құлағымда қалып қойды. Қайда барсам да, үйде де, түзде де, еріп жүргені. Естідің бе? “Бо-цин! Бо-цин!” – Ол виски құйылған ыдысты қыса тұсті. – Мынау дәл соның даусы, қандай зарлы үн десенші! Сондықтан да мен тек ішімдікке ұмтыламын, есім танғанша ішіп, мас болуға асығамын, сонда ғана оның азапты даусынан құтыламын. Өмірім осылай өтуде. Арактан басқа менде қандай дос қалды дейсің? – Ол қос қолымен бетін басып тітіркене басын шайқады да, үнсіз қалды, құдды үйықтап кеткен кісіге үқсады.

Ананың қайғы-қасіретін естіген кезде біреудің жалпак алақаны жүрегін сыйымдал, құрыстыра түскендей Вэнь-сюань жан төзгісіз сезімді бастан кешті. Арқасын аяз қарып өткендей болды. Өзін-өзі билеуге әрең шамасы жетті.

– Өлгеннің артынан өлмек жоқ. Осы күніренгенің де жетеді, – деді өзін де тұңғиыққа батырып бара жатқан қайғыны жеңілдетпек оймен. – Сенің ғылыми дәрежең бар, алға қойған мақсатыңды ұмытып кеткеннен саумысың? Саған неге қаламды қайта қолға алмасқа?

– Мен барлық кітабымды сатып бітірдім. Өмір жалғаса беретінін түсінемін, бірақ, шығармашылық – менің не теңім. – Бо-циннің жүзін жас жуып тұрды, қос жанарынан үрей табы сезіледі. – Айтшы, менің не істеуім керек? Екінші рет үйленіп, тағы да әйелімнің бала туамын деп өлгенін күтуім керек пе? Жоқ, мен оған жол бере алмаймын. Одан да өзім өлгенім артық. Мынау әлемді өзгертуге құдіретіміз жетпейді, біз секілді сорлыларға жәбір көру – зандылық, ал қызмет өсіріп, баю басқалар үшін...

– Бізге, расында да, ішкілікке салынудан басқа жол жоқ, – өзін-өзі билей алмай, Вэнь-сюань да тауы шағыла үн қосты. – Тосқауылды тесіп өткен су тасқыны бір бағытқа қарай лықсыды. – Оның шыдамы шегіне жетті, ол да бәрін ұмытқысы келді, мас болу соның жалғыз жолы деп шешті. – Вино! Әкел виноны!

Бұған вино әкелінді. Иісі мұрын жарап ақ тұсті сұйыққа тесіле қарап, ойға шомды: “Нендей кереметі бар әлем!” Аз ғана ұрттап, жеріне жұтты. Аңы неме тағы да тамағын қырнап өтті. Бұл тұтығып қалды.

– Дұрыстап ішуді де білмеймін, – деп міңгірледі өзінен-өзі кешірім сұрағандай бол. Басына мынадай ой сап ете қалды: “Ештеңге бейімі жоқ, тіпті вино іше білмеймін, сондықтан да басқалардың мазағына қалып жүргенім”. Ызасы өткені соншалық, қалған виноны бір-ақ сіміріп салды.

– Сенің түрің Гуань-гунға ұқсап кетті, мас бол қалған жоқсың ба? – Бо-цин жаны аши сұрады.

– Жоқ-ә! – тілі күрмелеп жауап қатты, басы мен-зең. Бір ауыз сөзді айту үшін қиналғаны соншалық, миң шағылып кеткендей болды. Беті дуылдалап өртеніп барады, өзі ауада жүзіп жүрген секілді. Тұруға оқталды да, оған шамасы жетпей, тербетіліп барып қайта отырды.

– Эй-әй! Абайла! – Бо-цин айқайлап жіберді.

– Жо-жоқ! – күшене жауап берді бұл, күлімсіреген сыңай танытып. Бар қайғысы тарс жарылып жүрегіне құйылғандай ауыр әсерге бөленді. Қандай қайғы-мұң екенін ажырата алмай, басы мен-зең болды. Зілдей салмақ жанын ышқындыра тұсті. Бо-циннің жанары бірнешеу болып көз

алдында қалықтап тұр. Есін жиып, тесіле қарап еді, Бо-циннің баз баяғы қайғы еңсерген жүзін көрді. Сәл өтпей қайтадан жаңағы жанаrlар шыр көбелек айналды, тіпті шам жарықтары да жамырап, көзін одан сайын тұмшалай тұсті. Бар күшін жиып, үстелге сүйене орнынан тұрды.

— Мен маспын, — деп мойындады Бо-цинге басын иіп, сөйтті де сүріне-қабына дәмханадан сыртқа шықты.

Жол жиегімен теңселіп қанша жүргенін білмейді. Бір кезде үйі есіне тұсті, құдды кенеттен жарық сөулесі тұртіп оятып жібергендей болды, мастығы тарқай бастады. “Осы жағдайға дейін жеттім бе?” деген ой жанын құлазытты, бұрылды да үйіне қарай жүрді. Екі қадам аттамай жатып еңгезердей бірдеңе таптап өткендей болды. Соқтығыстан басының мен-зені шықты, бет-жүзі ысына ауырды, тәлтіректеп барып әрең бойын түзеді.

Әлгі мұны тілдеп жатты, бірақ Вэнь-сюань оның сөздерін құлағына да ілген жоқ. Тәлтіректей басып жүрісін жағастыра біреді. Адымын жылдамдатқысы-ақ келеді, бірақ лоқсық қысып, ішкен-жегені тамағына тығылып, аяғын аттаттырмай, әуре-сарсаңға салуда. Өзін-өзі қанша ұстасада, ақырында шыдамы жетпей, лоқ етіп құсып жіберді. Аузын да сұртпестен жүре берді. Виноның жағымсыз иісі қолқасын алып, жирендіріп барады. Жалғыз тілегі – үйіне тезірек жетіп, үйықтау. Сол арманын жылдам орындауға мұршасы келмей тұрғаны өлердей өкінішті. Жүрегі қаншалықты соғысын жылдамдатса, керісінше аяғы соншалықты баяу қозғалады. Алысқа ұзамай лоқсық қайта қысты. Жиіркеніштен жүрегі айныды. Жол бойы құсық әбден мазасын алып бітірді. Жолаушылар бұдан жирене

теріс қарайды, бірақ мұның олармен шаруасы болған жоқ. Айналасы бұған әсер етпеді. Қасында біреу өліп жатса да, оған қарайтындей жағдайда емес еді.

Дәл осы мезетте жарығы жарқырап тұрған мейрамханадан екі әйел әңгімелесіп шығып келе жатты. Назарына абайсызда аналардың опаланған бет әлпеті ілікті. Селк ете түсті, жылдам теріс бұрылып үлгеруді ойлағанмен, денесі оған көне қоймады. Сол замат ересектеу әйел бұны байқап қалды.

— Сюань! — деді айқайлап.

Бұл ләм-мим демей, қараңғылыққа сіңіп, жоғалуға асықты. Бірақ, көп өтпей еріксіз кідіріп, иілуіне тұра келді, өзін-өзі ұстай алмай, құсып жіберді. Асқазанында ештеңе қалмағандықтан лоқсығанмен ішінен ештеңе шықпады. Жүрегі қыжылдал, тамағы ашыды. Бойын тіктеп, ауыр дем алып, бағанаға сүйеніп тұрды.

— Сюань! — жағымды дауыс еріксіз өзіне қаратты. Көзінің жасынан ештеңе анық көрінбейді.

Ол арқасымен жарықты тасалап тұр. Көз қызыны салып еді, дene бітімін ғана байқады, бірақ оның Шу-шэн екенін іші сезді.

— Саған не болған? — шошына сұрады ол.

Демін ауыр алып тұрып оған тік қарады. Айтайын дегенінің көптігі соншалық, неден бастарын білмей дал болды да, аузына сөз тұспеді.

— Ауырып қалдың ба? — әйелі жаны аши сұрады.

Бұл басын шайқады, дем алысы жеңілдегендей болды. Бірақ жанарын жас жуып тұр. Бұл қуаныш жасы болатын.

— Үйге неге қайтпайсың? Лоқсып тұрсың ғой, — деді ол.

- Мен маспын, — деді кінәлі жүзбен.
- Неге іштің? Сен қалай ішуді де білмейсің ғой. Үйге бар, ұйықтап дем ал. Өйтпесен ауырып қаласың, — ол мұның қамын жей сөйледі.
- Құлазыған жанымды қоярға жер таппадым. Бо-цинге жолығып едім, ол мені дәмханаға ертіп барды, содан мас болғанша іштім, — кешірім сұрағандай, түсіндірмек сынай танытты.
- Мен қайтайын. — Өзін анағұрлым жақсы сезінді, бағананы босатып, көшениң қақ ортасымен теңселе басып жүре берді.
- Байқа, құлап қалып жүрме, — әйелі қамқорси сөйледі, сөйтті де сонынан ілесті. — Мен сенімен бірге бармасам, тағы да бір сырханаға бұрылып кетерсің, — деді қалжыңшыны аралас.

Бұның жанына жылылық ұялады, аласұрған жүрегі тыншығандай болды.

- Жоқ, енді ішімдік ішпеспін, — деді жас бала секілді, оның үйге апарғанына еш қарсылық танытпай.

## VIII

Есік алдына келіп, үйінің қақпасын көрген сәт қабағын шытып, бір шешімге келе алмастан тоқтады.

- Тастан қараңғы екен, байқа асықпай жүр. — Ол бұны тастамады, керісінше тақала түсіп, қолтығынан демеп келе жатыр.

— Ал сен ше? Менімен бірге үйге кірмейсің бе? — таңырқай сұрады бұл.

– Мен сені үстіңгі қабатқа дейін шығарып саламын, – ақырын сыйырлады ол.

– Сенің маған дегенде көңілің ерекше, – жан тебіренісін жасыра алмады, оны құшақтап, қуаныштан жылағысы келді. Бірақ, оның ретін келтіре алмады. Бір аяғы екіншісіне сүрініп, өзіне етене таныс баспалдақтармен көтеріле берді.

– Байқашы! – осы жан езілтер сөзді қайталап, жана шырлық танытып жатқаны жаңына жаққаны соншалық, жүрісін одан сайын баяулата түседі.

– Жоғары атта, – ол тағы да қамқорлық танытты, оған мұның көңілі өсіп, тілі бұрала жауап қатқан болды.

Әупірімдеп үшінші қабатқа да көтерілді-ау, соңғы баспалдаққа аяқтары іліккен сәт көршісінің әйелі қол шам ұстап пәтерінен шығып келе жатыр екен.

– Ван ханым, сіз қайтып оралдыңыз ба? – ол күлімсіреп, Шу-шэнге ілтипат білдірді. Боп-боз өңінен таңданыс табымен қоса қуаныш лебі еседі.

Шу-шэн жымия басын изеді де, қарсы сұрақ қойды:

– Чжан ханым, сіз төменге бара жатырсыз ба?

Чжан ханым басын изеп жауап берді де, Вэнь-сюаньға таңырқай қарап, жылыұшырай сұрады:

– Ван мырза ауырып қалған ба?

Бұл басын төмен салған күйі әйелінің қасында үн-тұнсіз тұра берді. Өзі үшін Шу-шэн жауап қайырды:

– Жоқ, кішкене артық ішіп қойыпты.

– Менің күйеуім де сөйтіпті, бірнеше апельсин сатып алуға шыққан бетім. Ван мырзаны тезірек үйге алып кіріңіз, үйиқтап дем алса, бәрі де орнына келеді ғой, – қол-паشتай күлді ол. Құлкісі зілсіз шықты, бірақ, езуі жиы-

рылған кезде мандайындағы өжімі одан сайын қалындалп, түсінкі қабағы толық ашылмайды екен. “Өмір байғұсты қалай сындырған” дейтін Шу-шэн онымен кездескен сайын.

Талдырмаш денелі әйел асықпай төменге қарай өтті. Бұлар оның қол шамының жарығымен есіктеріне жақын-дады.

Есік жабылмаған екен, бір итергеннен айқара ашылды. Бөлме іші бұрынғыдай қапастанып тұр, үстелдің үстіндегі білте шам жарығымен әдетінше анасы көзәйнегіне үңіліп киім жамап отыр. Кейуана әбден қартайған, бір уыс болып бүгілген, тіпті тыныс алысы байқалмайды. Білте шам жа-нып таусылуға айналған, бірақ күлі алынбапты. Соған қарағанда осы уақытқа дейін ол орнынан тапжылмаған секілді.

— Сюань, сен қайда жоғалып кеттің? Маған ескертсек болmas па еді? Тағы да ана жүгермек әйелінді іздедің бе? Сенен сұранамын, оны есіңнен шығаршы. Қазіргінің әйелдері мынадай қатығез өмірдің қыншылығына шыдай алады дейсің бе? — анасы басын көтермesten тігісін жалғас-тырып, сөйлеп отыр. — Балам, еш уайымдама. Ол біржола келмей-ақ қойса да мейлі. Соғыс аяқталар, сен де бір уақыт-та байырсың. Сонда әйел таба алмаймын деп қорқасың ба?

Баласынан жауап болмағандықтан, ол басын көтеріп, бұған мейірлене қарады. Бірақ, күнгірт бөлмеден ештеңе көре алмай, ине-жібін қойып, көзін уақалаумен болды.

Анасы “ана жүгермек әйелді” деген кезде бұл қабағын шытып, әйелінің қолын қыса тұсті. Ұрыс-керіс шығып кете ме деп зәресі қалмады. Бірақ, бағына қарай, әйелі үндемеді. Мұның бұдан әрі шыдауға шыдамы жетпеді, ренішін сөзбен жеткізді:

– Мама! – үнінен жалбарыныш пен қапалық табы қатар сезілді.

– Не боп қалды? – анасы таңырқай сұрады, қолын көзінен алғып жатып. Сонда барып баласының жанында келіні тұрғанын бір-ақ байқады.

– Оны үйге әкелген мен, – Шу-шэн ашуын ақылға жендеріп, барынша сабырлы сөйлеуге тырысты.

– Жаман емес! Қолыңдан келмейтіні жоқ екен фой! Эйелінді әйтеуір ертіп келдім де, – анасы бұны сөзбен шағып алды да, шаруасын жалғастыра берді.

Шу-шэн мырс етіп күліп, енесіне айтты:

– Менің еріп келуімді ол өтінген жоқ, қайдан екенін білмеймін ішіп алыпты, көшеде құсып жатқан үстінен түсіп, ертіп келген өзім. Қазір де аяғымен әрең тұр, – Шу-шэн енесін жақтырмай сөйлемеді.

– Сюань, сен маған ештеңе айтпағаның қалай? Үйден шыққаның жаңа еді, ішіп алыпсың... – Шешесі таңырқағаны соншалықты, өзін-өзі әрең үстап, жамап жатқан киімін инесімен қоса үстелдің үстіне тастай салды да, жақын келіп, баласының бас-аяғына үңілді. – Сен ішпеуші едің фой! Басыңа не күн туды! Әкеңнің тұбіне жеткен осы арак екенін ұмытып кеттің бе? Бала кезінен бір ұрттам арак ішкізген жоқ едім, мына тұрысыңа жөн болсын! – шешесі жындана бастады.

– Онсыз да жағдайы оңып тұрған жоқ, одан да жатып дем алсын! – Шу-шэн араға тұсті.

– Мен сенімен сөйлесіп тұрған жоқпын, – енесі ашулана жекірді.

Шу-шэн қырсықтана күлді, бірақ ештеңе демеді.

– Қайдан ішкеніңді айтшы маған, – шешесі даусын жұмсарта сөйледі, мұның көңілін құдды жас бала секілді аулап.

Әбден шаршағаны соншалық, басын төмен салбыратып, жауап бермей тұра берді.

– Қане, айта қойшы, жаныңды жеп жатқан не нәрсе, жасырмай айт! – шешесі қыстай бастады. – Іштегі шеріңнің бәрін шығар, мен саған еш өкпелемеймін.

– Маған ауыр соқты, мама. Ішсем жеңілдер ме екен деп ойладым, – шешесінің тықсыруымен бұл шынын айтты.

– Мынаны қашан жолықтырдың? – шешесінің қояр түрі жоқ, келініне деген жек көрінішті сезімі мұның қын халін ойлантар емес.

– Одан да жатқызсаныз қайтеді, – Шу-шэн тағы да шыдай алмады.

Анасы оның сөзін құлағына да ілген жоқ, бұны тағы да сұрақтың астына алды.

– Мен... мен... – бұл өзін-өзі әрең ұстады. Жүрегі айнып, лоқсық көкірегін кернеп жоғары лықсыды. Ол барынша шыдалп бақты, бірақ ақырында шамасы жетпеді. Ішек-қарны актарылып кеткендей болды.

– Отыр, отыра ғойшы, – шешесі шошығаны соншалық, не сұрайын деп жатқанын ұмытып қалды.

Бұл бүгілген бойда сол жерде тұра берді, әйелі арқасынан қағып жатыр, шешесі орындық қойып әуре. Кекіріктен көзі жасаурап кетті. Демін ауыр алып, орындыққа отырды, екі қолы екі тізесінде.

– Бұған не болды? – әйелінің жаны ашыған ащы даусы шықты қасынан.

— Жарайды, төсегіне апарып жайғастыр, — шешесі келініне жұмсара тіл қатты, — мен күлді төгіп келейін.

Шешесі сыртқа шыққан кезде әйелі мұны сүйемелдеп кереуетіне алып келді де, үн-тұнсіз киімдерін, аяқ киімін, шұлығын шешті. Бұл аңсары ауған төсегіне де жетті-ау, әйтеуір. Әйелі үстін қымтап жауып кетуге онтайлана берген кезде көрпесінің астынан қолын шығарып, оның қолын қымсыра қысты.

— Ұйықта, ұйықтай ғой, — ол мұның көңілін орнына түсірді.

— Осының бәрі бір сен үшін... Кетпеші... — бұл көзін жыптылықтата ашып, оған өтіне қарады.

Ол ештеңе деп жауап бермеді. Ойланып тұр. Мұның кереуетінің қасында біраз аялдады. Бұл оның қолын қымсырған күйі талаусырап барып ұйықтап кетті.

Бұл тұні ол мұның қасында қалды. Қанша басын қатырған мәселе осылайша оңай шешілді, бірақ оны дәл сол сәт бұл білген де жоқ.

Тұні бойы тұяқ серіппей ұйықтап, дала жап-жарық болған кезде бір-ақ оянды. Әйелі терезе алдындағы жазу үстелінің қасында таранып-боянып отыр.

— Шу-шэн, — бұл танданысын жасыра алмай, айқайладап жіберді. Ол бұрылып қарады, жүзінен шуақ нұры шашылып тұр.

— Сен тұрасың ба? — ол мейірлене сұрады.

Бұл басын изеп жауап берді де, өзіне-өзі разы көңілмен үн қатты:

— Тұрам!

Ол ары бұрылды да, үсті-басын тәртіпке келтіруді жағастыра берді. Оның желкесіне түйілген шашы айрықша әдемі болып көрінді.

Ол қайтып оралды. Бұл түсім емес, өңім!

## IX

Он шақты күн кәдуілгі ерлі-зайыптыларға тән тіршілік кешті. Жұмыстарына уақытылы кетіп, кешікпей келіп жүрді. Шу-шэн өткен жайды қайтып қозғамады. Ертесіне құрбысының үйіндегі киім-кешектерін біржолата қайтып әкелді. Сол күні кешке бұлар жарасымды қалыпта “Готай” кинотеатрына бірге барған, бірақ киноны аяғына дейін көре алмады, оған дабыл қағылғаны себеп болды.

Шешесі ылғи өз бөлмесінен табылды, ондағысы келінін көрмеуге тырысқандағысы фой, кездесе қалса, оны байқа-маған бол, ләм-мим демей өте шығады. Олар әңгімелесуден қашып жүрді. Жексенбі күні таңертең ұлдары Сяо-сюаң келді, кешкісін соңғы автобуспен мектебіне қайтып кетті. Немересін көргеніне, өсіресе, әжесі қатты қуанды. Эрине, әуелі өзі қолымен жамаған пальтоны кигізіп көрсетті. Соған байланысты келіні жылы шырай танытып, бірнеше сөз айтқан болды.

Ауа райы бұзылып тұр, ара кідік сіркіреп жаңбыр жауып қояды. Көшे кеуіп ұлгермей, тайып жығылатындей батпаққа айналып тұр, кейбір жолаушылар құлап та жатыр, жол жиегі де лайланып, жүруге қолайсыз.

Жарты айдың қалай өтіп кеткенін білмей де қалды. Бір күні жұмысқа бара жатып Вэнь-сюаң жол қылышында

тайып жығылып, тізесінің терісін сыпрып алды. Ауырғанына қарамастан, ақсандаң кеңсесіне әрең жетті. Әлі ерте болатын. Чжун үстелінің қасына келген кісілерді бақылап отыр екен. Вэнь-сюаньды көре салысымен сұрақ астына алды:

– Саған не болған? Құлап қалдың ба?

Вэнь-сюань басын изеп жауап беріп, басқа ешқандай сөз айтпады. Жорналға қол қойды да, баспалдақпен көтерілуге бет алды.

– Бір күнгө демалыс алсаңшы, денсаулығыңа қарамасаң болмайды, – әріптесі жан ашырлық кеңес берді.

– Вэнь-сюань баспалдаққа таяп қалған жерінен тоқтап, оған қарай бұрылды да, шарасыздықтан күлген болып, жауап қатты:

– Сен жақсы білесің ғой, менің жалақымның мұлдем аз екенін. Оны қысқартса, күнім не болады?

– Өстіп тұрып ақша жайлы ойлайсың! Сен өмірінді компания үшін аяйын деп тұрған жоқсың! Ал біздің мұнда енді қанша күн жұмыс істейтінімізді білесің бе? – деді Чжун іштегі қыжылын шығарып.

– Көнбеске амалың қайсы, біз осы компанияның арқасында нан жеп отырған жоқпыз ба, – Вэнь-сюань шаршаңқы ұнмен жауап қатты, сөзінің соңын әзілге бұрып жібергісі келіп еді, бірақ оған шамасы жетпеді.

– Жеп отырғанымыз компания наны дейсің бе? Ендеңе наннан айырылатын күн алыс емес, – Чжун ызалана күлді.

Вэнь-сюань шошып кетті, жылдам басып жолдасының үстеліне таяп келді де, сыйырлай сұрады:

– Сен бірдене естігеннен саумысың?

– Жапондар Гүйлинь мен Лючжоуды басып алыш ерекше қарқынмен шабуылдап келе жатыр. Естігендердің айтуынша, егер жау Гүйчжоуды алса, онда компания Ланчжоуға ауыстырылады депті бас басқармашы. Ол мекен-жай әзірлеу жөнінде Ланчжоуға жеделхат та салып үлгеріпті. Егер компания Ланчжоуға көшетін болса, онда сорымыздың қайнағаны дей бер. Барлығымыз да жұмыстан қуыламыз! – Чжун ашу шақырып барып тоқтады.

– Шынымен, солай шешіледі ме! – Вэнь-сюаньның денесі қалшылдап, көзі қарауытып кетті. Өнді қашып, басын шайқай берді. – Жоқ, олай болуы мүмкін емес, ол мүмкін емес.

– Кім біледі. Анау секілді адамдардан бәрін күтүге болады. Айталақ, сіздің кеңсені алайық. Бір тапсырмасын орындаі алмай қалсан, сол мезет жалақынды кесіп тастайды. Міне, өзіңе қараши, күні бойы бар күшінді салып, тынбай еңбек еткенде табатын табысың түкке тұрмайды, одан тәмен еңбекақы жоқ шығар. – Басқармашы Чжоу кіріп келген себепті Чжун сөзін аяқтай алмай, тілін тістеп тұрып қалды, біраздан кейін ғана барып, бұған сыбырлап үн қатты: – Неге соншалықты ерте келді екен? Бар өзіңе, жоғары көтеріл.

Вэнь-сюань, мең-зең күйде жоғары көтерілді. Бөлім бастығының үстелі жанынан өте берген кездे, ол кенеттен басын көтеріп, бұған көзін тікті. Вэнь-сюаньның өнінен өң жоқ болатын. Жүрек соғысы тоқтап қалар халде жұмыс үстеліне жайғасты да, не мәні, не шегі жоқ аударма қолжазбасын парактай бастады. Бар ерік-жігерін мына шұбырған иероглифтерді ұғуға бұрып бақты. “Жолым қандай ауыр еді, алыш бара жатқан талантым да жоқ.

Сорлылар иероглифтермен қалай жазу керек екенін де білмейді, ал мен оларға бірдене деуге қорқамын” – деді іштей күбірлеп, бірақ әдеттегінше жұмысын бар зейінімен орындай берді.

Аяғы жараланғанын сездіріп, сыздап отыр, ойы он сакқа жүгіріп, тұске дейін не істеп, не қойғанын білер емес. Біресе үйі туралы, біресе жұмысы жайлы, біресе жаңа ғана естіген Чжунның сөзін есіне алып, толғаныс үстінде. Соңғы бір-екі күн газет оқыған жоқ болатын, жеке басының қайғы-қасіретін сырт әлемнен бөлек қалдырған еді. Солтүстік Хунанның жау қолында қалғаны, Чаншаның құлағаны, Хэнъян түбіндегі қырғын соғыс, Цюаньчжоудан айрылу – осының барлығы қайғысын қоюлатқан жоқ, бұның еңсесін басқан өмір ауыртпалығы болатын, соңғы бірнеше күн бірде-бір рет көтеріңкі көңілмен рақаттана күліп көрмепті. Осыдан кейін басқада не шаруасы болсын? Жұрттың айтуынша, күннен-күнге жағдай оңалып келе жатқанға ұқсайды. Ал мұның жеке өмірі керісінше күн өткен сайын қындағаның үстіне қындалап бара жатыр.

Тұскі тамақ уақытысы болғандығын хабарлап қоңырау соғылды. Бұл жанын жегідей жеген ой құшағынан өзін суырып алды. Бір әріптесі таяп келіп: “Қолынды қой”, – деп алдына бір хат қойды. Вэнь-сюань селк етіп, басын көтеріп алды, ұққаны – әріптері Чжоу басқармашының туған күніне орай құттықтау жолдауды жөн көріпті. Эр фамилияның тұсына мың юань қосатындығы көрсетілген. Мың юань аз ақша емес. Вэнь-сюань кібіртіктеп еді, қасында тұрған әріптесі жақтырмай жөтеліп қалды. Вэнь-сюаньның зәресі қалмады, дереу қалам алып, қолын қойып

берді. Әріптесі күліп жіберді. Вэнь-сюань орнынан көтерілді, тек аяғы ғана емес, бар денесі ауыр тартып тұрғанын сезді. Аяғын әрең басып, түстенуге төменге тұсті.

Асханадағылар барлығы жабылып Гуйлинь мен Лючжоудың құлағанын, жау шабуылын ұдете түскенін талқылап жатты. Басын салбыратып, Вань-сюань әңгімеге араласпак тұрмак, оған еш қатысы жоқ кісі секілді тамағын іше берді. Денесі тітіркенгендей болды, безек ауруы қайта қозатын болды деп ойлады. Тамағын кері ысырып, үстелінен тұрды. Чжун жақын келіп, жанашырлық танытты:

— Ауырып тұрсың ба? Сенің өңің қашып тұр ғой, түстен кейін жұмыс іstemей-ақ қой. Үйіне бар, дем ал!

— Вэнь-сюань ризашылығын білдіріп, басын изеді де, былай деп жауап қайырды:

— Бір қамқорлығың болсын, мен үшін демалыс сұрай салшы. Мен, шындығында да, өзімді тәуір сезінбей тұрмын.

Вэнь-сюань сыртқа шықты. Есік алдынан қоларбасын алдына тосқан арбакеш жолықты, ол бұған тапсырма күткендей, үмітпен қарады. Чжун есіктің арғы жағынан кеңес берді:

— Арба жалда.

— Қажеті жоқ, алыс тұрмаймын, ақырын аяңдап, жаяу-ақ жетемін, — Вэнь-сюань мойын бұрмастан жауап қатты да, бар күшін жиып көшени кесіп өтіп, қарсы жақпен жүрісін жалғастыра берді.

Аяғын сылтып басып, шайқалақтап әрең келе жатыр. Шүйдесінен қорғасын құйылғандай басы зілденіп, зорға

икемге көнеді. Сол жақ тізесі бәз баяғыша қақсап ауруда. Бірақ оған қарамай, тістене түсіп, әр үш қадам сайын бір тоқтап, алға қарай бар дәрменімен ұмтылады. Өлдімталдым дегенде жарты жолды жүріп өтіп, “Халықаралық” дәмханасының жанына жетті. Кенет, күтпеген жерден құлағына таныс әйел дауысы шалынды, оның өзінің зайыбы екендігін бірден білді. Селк ете түсіп, басын жұлқа көтерді. Расында да, сол болып шықты. Ол өткендері мұнтаздай киінген ер кісімен бірге дәмхана сөрелеріне қойылған сауда өнімдерін қызықтап тұр. Шу-шэн бұны байқамады, өзінен бірнеше қадам жерде күйеуі қарап тұрғанын ол қайдан білсін.

Бұл оның ізіне тұсті. Бұгін өзі ерекше құлпырып кетіпті. Тығырықтай денесі анағұрлым жас көрінеді, күш қуаты бойында. Оның жасы мен мұның жасы тең, бірақ өзінің қаусаған денесіне қарап, жылуынан айырылған жан дүниесі мен шәлкем жүрісін ойлап, екеуі екі тұрлі, біріне-бірі үқсамайтын екі заманың адамы екендігін түсінді.

Осы ой жүрегін шым еткізді. Ана ақсүйек ерек ғана қанша қасірет жүктеп тұрғанын сезер ме екен? Анау да күйеуінен гөрі соны жақсы көретін секілді. Екеуі қатар тұрғанда бірінің-бірі сыңарындағы көрінетінін қайтерсің? Вэнь-сюаньның жан-сезімін құйын кезіп өтті. Дәмханаға кіріп баруға оқталды да, сол замат кері бұрылып, есік алдында тұрып қалды.

“Тандайтын нәрсе көп. Олар неге қарап тұр екен?” – деген ой тұсті ғана. Креммен ағылшын тілінде “Тұған күніңмен!” деп жазылған ортасы қызыл гүлді торт көзіне оттай басылды. Сол мезет жарты айдан кейін әйелінің

туған күні екені есіне сап ете қалды. Аналар жаңа дәл сол тортты қызықтап тұрған жоқ па еді? Тұсінікті болды, әлгі оның туған күніне торт сыйламақ қой. Ал өзі ше? Бұл не тарту етеді? Қолы еріксіз қалтасына жүгірді, бар ақшасын суырып алды. Еңкейіп, санап шықты. 1200 юаньға жетержетпес. Бар байлығы осы, оның бір мың юанын ертең банкетке беруі керек. Бұл қайтадан торт жаққа көзін тікті, қасында жатқан қағазға: “Салмағы – 4 фунт. Бағасы – 1600 юань” деп жазылыпты. Бұл күрсініп жіберді. Мына торттың бір фунтын сатып алуға да шамасы келмейді екен ғой. Өкініш өзегін өртеді. Тортты көргісі келмей жалт бұрылды да, кете барды. Кенет “ал анау шүбәсіз алып береді” деген ой миын шағып алғандай болды. Жанына қатты тигені сондай, сол замат кері қайтып, ішке кірді де, әйнек сөренің алдына барып бір-ак тоқтады. Сөреге қойылған тәтті тағамдарды таңдалап тұрған болып, дүкен ішіне ұрлана көз қиығын салуда. Дәл осы мезет Шу-шэн бокалын қолына алып, ерніне тигізді де, бір ұрттап қойды. Жүзі күлімдеп, нұрланып шыға кеді. Мұның жүрегін қызғаныш жалыны шарпыды. Аналар көріп қояр ма екен деген ойдан зәре-құты қалмай, көп бөгелместен, жылдам сыртқа шықты.

Жол бойы ауыр сезімнен арыла алмады, жүрегі дұрсілдей соғып, басының мең-зеңі шықты. Олқы-солқы лайсан қөшеде құлап тұсіп, масқара болам ба деп те қорықты. Бар күшін салып, әрең-әрең дегенде үйіне жетті.

Шешесі жамылғысын киіп алып, білек сыбана кір жуып жатыр. Мұны көрген бетте мейірлене сұрады:

– Тұскі тамағынды іштің бе?

– Иә, – шаршағаны соншалық, қысқа жауап қайырды. Қанша қалжыраса да шешесінің қасында аз-кем бөгелуіне тұра келді.

– Сен бүгін тым ерте келдің ғой. Өңің де қашып тұр. Ауырып қалғаннан саумысың? – шешесі абыржи сұрады, қолын кіржуғыштан суырып алғып, жамылғысына сұрткен болды, – жүр, дем алшы. – Мұның көнілін аулап, сүйемелден кереуетіне алғып келді.

– Мама, мен ауру емеспін, – бұл шешесінің жанын тыныштандырғысы келді. Бірақ төсегіне жеткен бойда әл-қуаты таусылғаны сондай, аяқ киімін шешпестен сылқ етіп құлап түсті.

– Аяқ киімінді шешсеңші, жайлы демаласың, – деді анасы.

Бұл түрегеліп отыруға тырысып еді, оған дәрмені жетпей, қайтадан гұрс етіп құлады.

– Ұйықтай ғой. Өзім-ақ шешіп аламын, – деді де анасы аяқ киімін шешуге еңкейе берді. Бұл көзін тарс жұмып, кереуетінде қозғалмай жатыр. Анасы белі бүгіле орнынан тұрып, мұның жүргегін ауырта бет-жүзіне аса жанашырлықпен ұзақ қарады. – Устінді жауып қояйын. – Аяқ жағында бұқтеліп жатқан көрпені жайып, ұстін қымтап жапты.

Бұл көзін ашып, шешесіне қарап қинала тіл қатты:

– Безгек ауруы қайта қозбаса не қылсын. – Өңі құп-ку болып, ерніне дейін ағарып кетті.

– Уайымға беріле бермей, ұйықтауға тырыс, бөтен ой ойлама. Сәл шыдай тұршы, мен хинин алғып келейін, – шешесі мұның көнілін аулау қамында. Оның бет-жүзіндегі әжімдері қоюлана түскен, басынан бір қара шаш табу

қын. Сычуаньға көшіп келген кездерінде мұлдем басқа болатын. Қазір тамақ даярлау, кір жуу бейнеті осының мойнында, аз уақыттың ішінде өбден қартайып кетті. Осының барлығына бұл кінәлі. Қай уақытта болсын, мұның қамын жеп жүреді, ешқашан қындықта жалғыз қалдырамайды. “Нағыз мейірімді де қамқоршы ана” – жан-жүргегі елжіреп, іштей толқып жатты.

Шешесі су мен үш тал хинин әкеп берді. Бұл ішіп болғаннан кейін стаканда қалған суды үстелінің үстіне қойды.

– Мама!.. – дән ризашылық сезімін осы бірауыз сөзben жеткізді, жанарынан төгілген жас бетін шайып жатыр. Шешесіне жаутандап қарай берді, аузына сөз түспей біраз бөгелді.

– Балам-ау, не болды саған? – шешесі еңкейіп сыр ұққысы келді.

– Сен қандай жақсысың... маған деген мейірімінде шек жоқ... – сөздері бірі-бірімен үйлесер емес.

– Ұйықтай ғой, ұйықта. Бұл туралы маған ес жиған кезде айтарсың, – шешесі әдеттегіше жұмсақ үнмен көңілін аулауда.

– Уайымдайтындағы ештеңе жоқ, мама, – бұл басын шайқады. Шешесі құлақ түрмей отырғанын көріп тұрып, сөзін жалғай берді: – Мен жарты күнге ғана сұрандым, тек жарты күн. Ертең басқармашы Чжоудың туған күн кешіне қатысуым керек, қызметтестерім оны құттықтамақ, менің де араларында болуым керек.

– Сен жарты күнге ғана сұрандың ба? – шешесі мұның қамын жей сұрады. – Саған көбірек демалу керек, жалақым

қысқарып қалады деп денсаулықтан айырылуға болмайды, ол туралы ойланба да.

– Ертең мен міндетті түрде баруым керек, егер өйтпесем, қызметтестеріме жеккөрінішті боламын, олар ойлап қалады, мені соншалықты сараң және қу, ақшасын қимағандықтан ойлап тапқан амалы ғой деп, – бет әлпеті күреңіте тұсті.

– Сараңсың ба, сараң емессің бе, ол сенің шаруаң, басқалардың оған басы ауырмай-ақ қойсын. Бастық болса, өзіне бастық басқармашы Чжоу! – шешесі мысқылдай сөйлемді, сөйтті де, бұдан сұрады: – Бұгіндікке Шу-шэнді көрдің бе?

– Әлгінде ғана, – қалай ойланбастан айтып қойғанын білмей де қалды.

– Ол сені шығарып та салмады ма, саған қараса қайтеді? Ондай қуыршақ әйелдерге еңбекақысын қысқартады деген қауіп болмауға тиіс қой. – Шешесіңің жүргегі қызғаныш пен кектен қарс айырылды, ызасын ұстап тұра алмады, мына сөздері баласының жанын жаралайтынын ойлаған да жоқ. Бұл шешесіне жақтырмай тесіле қарады, сұық жымиды да, сыбырлай үн қатты:

– Ол періште ғой, мама! Мен оның теңі емеспін.

Шешесіңің құлағы соңғы сөйлемді ғана шалып қалды, ашуы басына шапты:

– Сен бе, оның теңі емес? Оның сенен садағасы кетсін, өзі банкте жұмыс істейді, ал сыланып-сипануы тұнгі бикештерден аумайды. Оның немен айналысып жүргенін кім біледі?!

Бұл жауап қатпады, тек көкірегі қарс айырыла күрсініп қойды.

## X

Жарты күні тырп етпей ұйықтаумен өтті, кешкі сағат жеті шамасында бір-ақ оянды. Әл-дәрмені құрып, әлі кереуетінде жатыр. Іш киімі терден былжырап, сұп-сұық болып денесін түршіктіреді. Борша-борша терлегенін жаңа білді, қозғалып, орнынан тұрып, іш киімін ауыстыруды ойлады. Бірақ, қимылдауы мұң екен, бұкіл денесі солқылдаап ауырғанын сезді. Құдды бір буындары үзіліп қалғандай ауыр күй кешті, еріксіз даусыс шығара ыңырысыды.

Шешесі дереу кереуетіне таяп келіп, бұдан сұрады:

– Ояндың ба, қиналып кеттің ғой?!

Бұл кеш шам өшірілменті, жарық шұғыласы шешесінің бетіне түсіп тұр. Оның өңі қашып, әбден жүдеген, жалғыздық жанын қайыстырып, шөгіп қалған.

– Жо-жоқ, – бұл нұры сөнген көзін бақырайта ашып, бірдене іздеген адамдай бөлме ішін ары-бері кезіп, – Ол келмеді ме? – деп сұрады ренішті үнмен.

– Сен Шу-шэнді сұрап жатырсың ба? – ұнатыңқырамай жауап қайырды анасы. – Таң ата кеткеннен әлі қайтқан жоқ.

– Ол қайтып келуі тиіс, – деді біраз үнсіздікten кейін даусы дірілдей.

– Иә, иә, оның ертерек келгені қашан да артық болмас еді, – анасының үнінде реніш бар. Бірақ ұлы үнсіздік танытып, мұндай әңгіме қоздатқанын ұнатпай жатқанын түсініп, бірден басқа жайға ауысты. – Саған аз да болса тамақ жеу керек.

- Ас ішкім келмейді, мен аш емеспін.
- Каша жеші, мен даярлап қойғанмын, қаласаң кашаға жұмыртқа қосып берейін.
- Жарайды, кішкене ауыз тиейін, — алғыс сезіммен жауап қайырды да, еріксіз күлген болды.

Шешесінің көңілі көтеріліп, асханадағы кішкене ошақтың ұстінде тұрған қыш қазаннан каша салып алып келуге кетті.

— Анадан асқан жанашир адам жоқ, — іштей күбірледі бұл. Жан дүниесі бұрынғысынша құлазып тұр. Бар күшін жиып, кереуетінен тұруға оқтала бергенде, каша мен жұмыртқа алып шешесі кіріп келе жатты.

— Орныңнан тұрмай-ақ қой, төсегінде жатып жеші, ыдысынды мен ұстап тұрамын. — Бұл жеп болғанша, ол күтіп отырды, артынан бір кесе шай беріп, өзі тарелкені шаюға кетті.

Тамаққа ешқандай тәбеті тартпай тұрса да, анасын қапаландырып алмау үшін ішіп-жеп жатыр. Бәрін бітіргеннен кейін беті-қолын сұрту үшін шешесі қол орамал әкеп берді. — Тағы да ұйықташы, — деді ол, — бүгін тұрмай-ақ қой.

Шешесінің тілін алып, іш киімін ауыстырмастан жата берді. Шу-шэннің оралғанын күтуді де ойладап қойды.

Бес минут өтпей, есік қағылды. Шешесі барып ашты. Ер кісі кірді де, дәрекі дауыспен тұсіндіріп жатты:

— Вань мырза үйде ме? Цзэн ханшайым қолхат беріп жіберді.

Мұның жүрегі тоқтап қала жаздады. Анасының сұрап жатқанын естіді:

– Өзі қайда?

Әлгі адам ештеңе демей есіктен шығып жүре берді.

Шешесінің хатты қолына ұстаған күйі не істерін білмей, бөлменің қақ ортасында қалшиып тұрғанын көрді. Вэнь-сюаньның шыдамы жетпей, оны дауыстап өзіне шақырды. Шешесі лезде қасына келіп, қарлығынқы үнмен:

– Ол қолхат беріп жіберіпті, не болғанын білмеймін, – шешесі бұған қолхатты ұсынған жоқ, тілін bezей жөнелді.

– Цзэн ханшайым де? Туған баласы он үш жасқа толып жатыр, ал ол өзін ханшайым деуге ұялмайды.

– Маған берші, оқын, – деді бұл хатқа қолын созып.

Колы қалтырап, хаттың бүктеуін жазды. Шу-шэн былай депті:

“Сюань, таныс қызымен мені кешке “Шэнлидасяға” биге шақырды. Қайтып оралуға үлгеремін деп ойлаймын. Мені күтпей-ақ қоюынды қатты өтінемін, есікті құлыптамай, ашық қалдыр. Анаңа ештеңе айтпай-ақ қой, өйтпесен erteң құлақ етімізді жейді”.

Бұның тілі байланып, қағазды умаждал ұзак жатты, үйдің төбесіне тесіле қарап, ойға шомып кетті.

– Не деп жазыпты? – шешесі шыдай алмады.

– Ол бүгін кешкі асын таныс қызымен бірге ішетінін, үйге кеш оралатынын жазыпты, – бұл түк болмағандай, сабырлы жауап қайырды.

– Тағы қандай шаруа? Театрға соғады, я болмаса карта ойнайды, немесе биге барады десенші. Оның шаруам бар дегеніне шынымен сенесің бе? Мен сенің әкеңмен бірге болған кезімде бүйтіп секендерген емеспін. Баласының ержеткеніне қарамай, тұнімен қыдырыуын қоймайды.

Осыны да институт тәмамдаған, жоғары білім алған дейсіндер-ау, – шешесі бұлқан-талқан болды:

– Ол карта ойнамайды. – Бұл шешесінің жай-күйін ойлаған да жоқ, тек әйелін қорғап бақты. Бұл сөздері шешесінің жынын бұрынғыдан бетер қоздыра түсетінін қайdan түсінсін.

– Олай емес пе? Ол ойнамайды де? Сен ауырып жатырсың, ал ол үйге асықпайды. Эйел деген атынан садақа кетсін, оның қандай міндеттер жүктейтінін түсінеді ме еken өзі, – шешесі ашуының тетігін ағытып жіберді.

– Менің ауырып қалғанымды ол білмейді ғой. Егер білген болса, ертерек келер еді. Шындығын айтсам, мен өзімді ауру сезініп тұрған да жоқпын, – бұл әйелін арашалауын жалғастыра берді. Көз алдынан Шу-шэннің күлімдеген бейнесі кетпей тұрып алды.

– Сен соншалықты жұмсақсың! Оның саған деген көңілі алабөтен, ал сен... – шешесі бұны қаужап жатыр, – оны жаның қалмай қорғап-қолпаشتайсың. Оның өстіп жүруіне өзің кінәлісің. Мен сенің орнында болсам, қай уақытта келу керек екенін оқытып қояр едім.

– Ерлі-зайыптылардың ұрыс-керісінен қандай жақсылық шығады дейсің? Кейде түкке тұрғысыз нәрседен іс насырға шауып кетеді, – шешесіне сыбырлай жауап қайырды бұл.

– Сен осы неден қорқасың, кінәлі сен емессің ғой. Жүріс-тұрысының дұрыс еместігі ап-айқын көрініп тұр, әйелге тиісті борышының бірін де атқарып жүрген жоқ, көрінген кісімен көңілдес.

Бұл төзімі таусылып, ауыр ыңырсыды. Шешесі шошынғаны сондай сөзін тыя қойды. Еңкейіп бұған бар назарын аударды да, жаны аши сұрады:

— Саған не болды?

Бұл басын шайқады, тілі күрмеліп біраз жатты да, қинала тіл қатты:

— Мама, ол соншалықты жаман адам емес қой.

Мынадай күтпеген жауапты естіп, әуелі шешесі оның не айтып жатқанын ұқпай тұрды да, артынша қаны басына шашып, ашуын ұстап тұра алмай қалды:

— Жаман емес де. Онда мен жаман екенмін ғой.

— Сен түсініп тұрған жоқсың, мама, — бұл абыржушылық танытты, — мен оны құптамаймын.

— Мен де солай деп білемін. — Шешесінің жүзінде жылы шырай пайда болды, ашуы біртіндеп тарқай бастады.

— Ол сені дұғалап тастағанын сезбейді ғой дейсің бе?

— Мәселе онда да емес, — салмақ сала сөйледі бұл, — сен екеуің де жақсы жансындар, жаман адам меммін, сендерді қинағаннан басқа ештеңе қолымнан келмейді. Өмірім дәл осылай болады, саған тамақ әзірлетіп... кір жуғызып... қоямын деп ойламаппын ба?.. — Көз жасы төмен домалап жатқанын сезді. Тамағы құрғап, кемсендеп барып сөзін доғарды.

— Бұл туралы айтудың қажеті жоқ, одан да дем ал, сенің ешқандай да жазығың жоқ! Қу соғыс болмағанда, біз осыншалықты қайыршылыққа ұшырамас едік қой, — деді шешесі даусын жұмсарта, жаны күйіп тұрғанын сездірмей. Оның баласы жаққа тіктеп назар салуға дәті шыдамады. Ұлының тұрінен тұр жоқ еді, жағы суалып кеткен, бұлар

көшіп келгендері бет әлпетінен із қалмаған. – Жұрттың айтуынша, келесі жылы соғыс аяқталатын көрінеді, соған жазсын, әйтпесе барлығымыз... – шешесі мұның көңілін сабасына түсіру үшін жоқтан бар жасап сөйлеп отыр. Бұл оның сөзін бөліп жіберді:

– Мама, қайдағы жеңісті айтасың, керінше жақында осы жерге жау аяғы тиетіні байқалып тұрған жоқ па? Кім біледі, бәлкім бізге қашып құтылатын күн де алыс емес шығар... – Бұл қайғы бұлтын төндіре түсті.

– Мұны саған кім айтты? – шешесі таңданысын жасыра алмады, бірақ ешқандай қорқыныш сезімі байқалмады. – Жағдай соншалықты қын емес секілді ғой. Жұрттың айтуына қарағанда, жапондар Хунань мен Гуансиді жан сақтау үшін уақытша жаулап алған көрінеді, оларды ұзак ұстап тұра алмай, кері шегінеді дейді ғой.

– Сол расқа айналса, жақсы болар еді, – шаршаңқы жүзбен тіл қатты, құдды анасының сөзі жанын жай тап-қызығандай. Соғыстың қалай жүріп жатқаны бұған беймәлім болатын. Ал анасының жорамалын есту құлағына сондай-лық жағымды өсер етті. – Алдымызда не күтіп тұрғанын білсем бүйірмасын. Жұмыстағылардың айтуынша, жағдай оншалықты мәз емес секілді, біздің кеңсеміз Ланчъжоуға көшірілетін көрінеді.

– Ланчъжоуға? Неге соншалықты алысқа? Ол жер аударғанмен бірдей ғой. Онда баруға кім келісе қояр екен? Кімнің тұрмысы тұзу, кім бай солар көшетін шығар, олар қу дүниесін күзеткен тышқан секілді қорқақ келеді ғой. Жапондар екі жылдың ішінде дұрыстап бомбалауды да үйрене қойған жоқ, біз тұрған жерге қалай жетеді дейсің?! –

шешесі келініне деген өшін соғыстан алған, құшырлана сөйлеп отыр. Ол баласын аяп, айтқысы келгенінің жартысын да аузына алған жоқ.

— Мен де солай ойлаймын, бірақ дәл болжап бола ма, — деп жауап қайырды бұл. Назары шешесінің жүзіне ілікті, жалғыздықтан алған шығар таяныш тапқандай болды.

— Мама, — үнінен абыржушилық байқалды, — бар дем алшы, әбден қалжырап шаршапсың фой.

— Жоқ, балам, мен шаршаған жоқпын, — ол мейірлене жауап қатты, әлгіндегі ызғарлы үннен із қалмаған, мұның кереуетінің бұрышына тізе бұktі. — Сен дұрысталайын дедің бе?

— Анағұрлым жақсымын. — Бұл қатты қалжырағанын сезді, бірақ үйқысы келер емес. Түрі бұзылып тұр.

— Сен кейінгі жылдары аз қындық көрген жоқсың, алда тағы қандай қасірет күтіп тұрғанын кім білген? Мен Шүшэннен қорқамын, — деді шешесі жүзін төмен салып. Келінінің есімін атаған кезде оның үні әлсіз шыққаны соншалық, есту мүмкін емес еді. Бірақ әйелінің аты бұның құлағына саңқ ете қалды. Бұл біраз үнсіз жатты да, жеңіл күрсініп қойды.

Шешесі тағы біраз кідірді де, орнынан тұрды. Вэнь-сюаньның кірпік іліндіргенін көріп, үйықтап қалды деп санаған болуы керек, ақырын басып бөлмесінен шығып кетті. Артынша қайта оралды да, есікті қымтап жапты, бірақ ілгішін ілмеді, орындықпен сүйеп қойды, шамды өшіріп, өз бөлмесіне өтті.

Мұның еш үйқысы келмеді, анасының көңілін аулап, оның өз бөлмесіне кетуі үшін ғана көзін жұмған болып

еді. Енді ұйықтай алмай, дөңбекшіп жатыр. Басы дамылсыз жұмыс істеуде. Не нәрсе туралы ойланса да, көз алдынан Шу-шэннің бейнесі кетпей қойды. Біресе, құліп, біресе жылап тұрады, қуанып та, қапаланып та елестейді. Әбден азапқа батты, басы сынып ауырып, денесін тер қысып барады. Құлағы тырс еткен дыбысты анду үстінде. Оның келгенін білмей қаламын ба деп қауіптенеді.

Шешесінің бөлмесінен сыйырайып шам жарығы түсіп тұр. Қос жанарына есікті тіреп тұрған орындық ілікті. “Шу-шэн неге оралмай жатыр?” деп толқыды. Анасы жөтеліп қойды, демек әлі ұйықтамағаны ғой. “Оның да өз азабы өзіне жеткілікті! Әбден кешкіріп кеткен жоқ па? Иә, сағат тілі – он бірді соқты. Көп ұзамай Шу-шэн келеді”. Оның аяқ дыбысы құлағына шалынбас па еken деп тың тыңдады. Бірдене сумандағандай болды, бұл дәлізде жүгіріп жүрген егеуқұйрықтардың дыбысы ғой. Біреуі мұның кереуетінің астына келіп тығылды. “Бұл жерден не іздел жүр? Е-е тағы да мұның туфлиін кемірмек қой. Егер солай болса, онда көшеге киіп шығар аяқ киімсіз қалым дей бер!”. Күніге кешке төсекке жатар алдында туфлиін кереуетінің астында тұрған ескі қобдишаға салып қоятын, бүгін оған шамасы жетпеген-ді. Бұдан әрі шыдап жата алмады, ыршып тұрып, қолын туфлиіне созды да, оны қобдишаға тығып қойды. Егеуқұйрық жел соққандай жоқ болды.

Қайта қисайды да, “мен қалайда ұйықтауым керек” деп өзін-өзі қайрады. Көзін жұмып ұлгермей, баспалдақпен көтеріліп келе жатқан биік өкше тықылы құлағына шалынды. Көзі шайдай ашылды. Бірақ әлгі тықыл көп ұзамай сап тыйылды. Ол неге оралмай жатыр?

Өстіп жатып көзі ілініп кетіпті, бірақ оны үйқы деп айту қын, өң мен тұстің арасында қалықтап жүр. Көп өтпей қайта оянды. Ол әлі жоқ. Қайтадан көз шырымын алғып, үйқысырап оянды. Бұл көңіл жабырқатарлық түс көрді. Үнсіз жылап та алды, енді үйықтамасқа серт етті. Шешесінің бөлмесіндегі жарық сөніп қалыпты, уақыт қанша болғанын білу қын. Сыртта танаға ұрғандай тыныштық. Алыстан кәрі кісінің айқайлаған үні талып жетеді: “Бидай ұнынан жасалынған тәтті сусын!” Бұл дауысты жиі еститін, шал ешқандай ауа райына қарамастан түнімен айқайлады шығатын. Вэнь-сюань қарадан-қарап қалтырай бастады, шалдың өлімсіреген даусы көрпесінің астын сұық жел айдағандай әсер етті.

Кенет құлағына таныс өкше даусы шалынды. Бұл анық Шу-шэннің өзі еді.

Ол абайлап есікті ашты да, бұған беймәлім батыс әнін ыңылдалап ішке енді. Шам жақты.

Осы сәт шам жарығы ерекше жарқырап кеткендей әсер етті, көзін қарып жіберді, бірақ білдірмей, оның әр қимылын бақылап жатыр. Жұзінен шаттық лебі еседі, қып-қызыл еріндерінен, қою қасынан еш өзгеріс байқалмайды, бет әлпеті бәз баяғыша аппақ. Ол бөлменің қақ ортасында басын жоғары салып, бірдене ойлап, біраз бөгелді де, кенет бұл жаққа жалт қарады. Лып етіп көзін жұмып, үйықтап жатқан кісіге ұқсай қалды.

Ол асықпай мұның кереуетіне таяп келді. Опа-далабы кісі мұрнын жарып барады. Еңкейіп, мұның көрпесін қымтап қойды. Киімін шешпей жатқанын көріп, үнсіз

тұртіп қалды. Бұл құдды үйқысын қимаған кісіше көзін сыйырайта ашты.

– Киімінді шешпей жатыпсың ғой! Мені күттің бе? – жымия сұрады ол.

Бұл не деп жауап қайырарын білмей, үнсіз басын изеді.

– Мені күтпей-ақ қой деп едім ғой, неге күттің? – ол ризашылық сезіммен сұрақ қойды.

– Мен аздап көз шырымын алдым, – бұл селқос жауап қайырды. Білгісі келген сұрақтар басында толып жатыр, бірақ оның бірін де сұрауға батылы жетпеді.

– Анаң қолхатты көрген жоқ па? – ол сыбырлай сұрады.

– Жо-жоқ, – бұл басын шайқай жауап берді.

– Ештеңе айтпады ма?

– Ол ештеңе білмейді, – оның көңілін орнына түсірді де, қарсы сұрақ қойды: – Қалай құмарың қанып билей алдың ба?

– Айтарға сөз жоқ, – ол разы көңілмен жауап қайырды. – Мен биге бармағалы қашан, сондықтан бүгін ерекше қызық болды. Киімінді таныс қызыымның үйінде алмастырдым, үйге соғып кетуге үлгермедім. – Ол басын шалқайта бұдан теріс бұрылып кетті.

– Кіммен биледің? – бұл еріксіз күлімдеген болды.

– Таныстарыммен, әсіресе Чэнмен көп биледім, – шаттана жауап қатты ол, бірақ Чэннің кім екенін айтпады.

– Е, е... – деп ішінен күбірледі бұл. “Анау дәмханада бірге болған жас мырзаның аты солай болды ғой” деп ойлады. Жүрегі шымырлап, әйелінің балбырап, балбұл жанған денесіне сүзе қарады.

– Шешініп жат, ұйықтап дем ал, сенің мен дегенде жаның бөлек, – ол наздана күлді де, ұстелдің қарсы алдында отырып, айнаға қарап шашын тарай бастады.

“Ол мені қандай құрметтейді, – деп ойлады бұл – Оның ешқандай да жазығы жоқ, көңіл көтеріп шаттануға әбден лайық жан ғой, сөйтудің орнына қаншама уақыт менімен бірге қандай қыындықтар көруде?!” – Бұл қабырға жаққа аунап түсті де, намыстан жарылардай боп, көз жасына ерік берді.

## XI

Ертеңіне әйелінен бұрын оянды. Шешесі тағы бір күн демалғанын қалағанмен, бұл оған келісімін бермеді. Өзін сергек сезінетінін, оның ұстіне Чжоу мырзаның құрметіне даярланып жатқан банкетке міндettі түрде қатысуы тиіс екендігін тіліне тиек етті. Егер бұл бармаса, онда қызмет-тестерінің табалауына қалады. Мұнымен келіспеуге шешесінің лажы қалмады. Екеуі кешеден қалған тамақпен таң сәресін ішті. Көшеге де бірге шықты. Бұл уақытта Шу-шэн ұстіне айна қойылған ұстелдің қасында сыланып-сипанып, бет әлпетін жөнге келтіріп жатты.

Жол бойы шешесі бұған барлай қараумен болды, бірақ оны қандай ой мазасыздандыруда екенін бұл біле алмады. Біраз жерді үн-тұнсіз артта қалдырды. Айырылысар тұсқа жақындағанда ғана ол діріл араласқан үнмен сыр ашты:

– Сюань, бұлай жалғастыра беруге болмайды... Сен отбасы үшін өзінді құрбан етіп жүрсің.

Бұл қабағын түйіп, бәсең дауыспен сұрады:

– Бұдан шығар жол болса айтшы, сен де менен кем қиындық көріп жүрген жоқсың ғой.

– Ал, ол болса, рахат өмір сүріп жатыр. Жұмысына құдды бір демалыс орнына бара жатқандай бар сән-салтанатымен киініп кетеді, – шешесі өзін-өзі ұстай алмай, жанын өртеген қызғаныш сезімін сыртқа тоғытты.

Бұл басын салбыратып, ештеңе демей тұра берді.

– Сюань, тыңдашы, әйелің екеуінің жолың екі бөлек, ерте ме, кеш пе әйтеуір айырылысып тынатындарың анық.

Бұл біраз бөгеліп барып, толғана тіл қатты:

– Біздің отбасын құрғанымыз кеше емес, оған атандай он төрт жыл болды ғой.

– Отбасын құрғанымызға дейсің бе? Қай отбасын айтып тұрсың? – шешесі ыздан жарылардай болып, ашулана тіл қатты.

Бұл сөздер жүрегін тілгілеп, жанын қатты жараласа да, оған қарсы ештеңе айта алмады.

Анасы да бұдан кейін ләм-мим деп жағын ашпады, осылайша екеуі өз жөндерімен таасты.

Бұл жұмысына келді. Күндегі әдетімен Чжун жайдары құлқісімен қарсы алды.

– Тағы бір күн дем алмадың ба? Бұгін де тым ерте келдің, – деді ол жарқыраған қасқа маңдайын сипап тұрып.

– Мен аурудан құлан тазамын, өзімді жеп-жеңіл сезініп тұрмын, – Вэнь-сюань жолдасының аяп тұрғанына мейірі қанып, құле жауап қайырды.

Өзінің жұмыс орнына бара салысымен адамды мезі ететін бірсарынды шаруасына бірден кірісіп кетті. Біт-пейтін корректуралық беттер, бір түрлі түсініксіз сөз тіз-

бектері көз алдынан жылыстап өтіп жатыр. Оларды өңдеу мұның міндегіне кірмейді, тек емделік қателерді түзетумен ғана шектеледі. Бір сағаттан астам тынбай жұмыс істеді, қызыы көтеріліп, денесі қалтырағандай болды, бірақ оған мән бермеуге тырысты. “Өстіп істегендегі табатынымыз болмашы тын-тебен ғана” – бұл мұрнымен міңгірлеп, жан қиналысын сыртқа ағытты. Бар күшін жиып, түскі он екіге дейін әрең шыдады.

Тамаққа еш тәбеті тартпады, бірақ “менің денім сау, болмағанда бір тостаған күріш жеуім керек” – деп өзін-өзі қайрады. Астыңғы қабаттағы асханаға түсіп, үстелге жайғасты да, шыныменен бір тостаған күрішті ішіне тоғызып жіберді. Әдетте, қайнатылған күріш кілегейленіп, таңдайына жабыса берсе де, айрықша жиіркеніш туғызбайтын, бұл жолы әрең дегенде жұтты. Тостағанын шетке ысырып, орнынан тұрды да есікке келіп, сыртқа ұңлді. Көзіне бұның назарын аудараплықтай ештеңе ілікпей, біраз аялдады да, қайтадан жоғарыға, өзінің жұмыс үстеліне көтерілді.

Тұпнұсқаны парактап, түзетілген бөлігін тәртіпке келтіріп отыр. Жүзі таныс бір жолдасы бұған хат әкеп берді, конверт сыртындағы иероглифтеріне қарап, оның мектепте оқып жүрген баласынан екенін бірден біле қойды. Жаны бір сәт жай тапқандай болып, женіл тыныстап, хатты ашып оқи бастады:

“...Мұғалімнің айтудынша, қазір барлық заттардың бағасы өскен себепті біздің оқуға және тамаққа жинаған ақшамыз жеткіліксіз болып қалыпты, сондықтан әрқайсымыз тағы да 3200 юаньнан қосуымыз тиіс. Егер ақша артылып жатса, оны қайтарып беруге уәде етті. Бала-

лардың көбі оны төлеп те қойды. Сенің жұпыны жағда-  
йынды, артық ақшанның жоқ екенін жақсы білгендіктен  
артық әбіржітуге дәтім шыдамай жүр еді. Мұғаліміміз егер  
ол ақша төленбесе, биылғы жылы өмтихан тапсыруға  
рұқсат етпейтінін айтып, тәртіпті күшетті. Менің папам  
мен мамама өтініш жасаудан басқа амалым қалған жоқ.  
Сіздерден сол ақшаны үш күннен қалдырмай салып  
жіберулерізді өтіне сұраймын.”

Жадыраған жаны бір сәтте тұманданып, қайта бұзылып  
сала берді. Жанары иероглифтерге қадалып қалды. “Біз  
бұған дейін жиырма мыңнан артық юаң төлеп тастадық,  
ендігі ақшаны қайдан табамыз?” – деп іштей мұжілді бұл.  
Бірақ, мұнымен ешкімнің де шаруасы болған жоқ.

“Мектеп деген дүкен емес қой, ондағылар неге тек ақша  
туралы ойлайды? Осындай да адамдарға білім беру сеніп  
тапсырылған! Міне, соның нәтижесі!” – бұның ашуы келді.  
Хат жайына қалды, мұның жан қиналысына еш қатысы  
жоқ секілді.

“Шу-шэнмен сөйлесу керек, бәлкім ол бір амалын  
қарастырар, – деп шешті, – оған дәл қазір барайын.”

“Жоқ, қажеті жоқ, кешке айтқаным дұрыс, – бұл лезде  
қайта шешім шығарды, – ол мүмкін банкіде емес шығар,  
мен де сілем қатып шаршап отырмын, орнынан қозғалғым  
келмейді.”

Хатты бүктеді де, конвертке салып, қатулы жүзбен  
қалтасына тығып қойды. Сөйтті де жұмысын жалғастыра  
берді.

Мезі еткен қолжазбаны қайта қолына алды. Қисынсыз  
сөздер тізбегі миын шағып жібергендей, ақыл-естен тана

шаршады, бірақ бәрібір тастай алмады. Мұның сағы сынып, тауы шағылғаны соншалық көзін тарс жұмып, бәрін ұмытқысы, үстелге жата қалып, ұйықтап алғысы келді. Бірақ Чжоу басқармашы мен бөлім бастығы У бұдан көз алмай, қатаң бақылап тұрғандықтан /өзіне солай сезілді/ бір минут кідірместен, тіпті басын көтерместен жұмысын жалғастыра берді.

“Кұдай-ау, мен кімге ұқсан кеткенмін? Барлығына төзудемін! Әркім бір қапаландырады. Шынымен-ақ, қалған өмірім мына бәтуасыз жазуларды оқып, болмашы тын-тебен табумен өтеді ме енді. Осыған дейін құлдырағаным ғой!” – Жан дүниесінде наразылық табы пісіп жетіліп келе жатты.

Бірақ одан өзгерген ештеңе болмады. Мұндай наразылық сезімі талай рет туындаған, бірақ оны ешкімге айтқан емес, мұның бүлік туындартар пиғылын білетін жан жоқ. Танитындардың барлығы бұны “қайырымды” адам деп санайды. Өзі туралы жеке пікірі де сондай. Осы уақытқа дейін “қайырымды” болып келген.

“Барлығы соңғы жылдардың еншісінде. Бұрын мен мұндай емес едім. Шу-шэн, анам, Сяо-сюань – барлығымыз мұлдем басқаша өмір сүрдік. Соғыс қой бақытымыздан айырған, өміріміздің быт-шытын шығарды. Ол аз дегендей, енді түрлі қауесет, үрейлі хабарландырулар қаптап кетті.”

Бұның екі көзі корректуралық бетте болғанмен ойы сан-саққа жүгіреді.

“Мен не ойлап отырмын осы, дәл осындайлық жағдайға жеткенім бе! Өмірге сондай ғашықпын, өлімнен жаным түршігеді, тек өзім туралы ғана ойлай беремін, – өзінің миын өзі аштып отыр. Бір сәт тыным таппай қайта ой

қуалап кетті. – Егер ертерек жеңіс келсе ғой, мен бір амалын ойлап табар едім де, өміріміз өзгеріп шыға келер еді. Бірақ, сорымызға қарай, жау Гуаньсиді басып алыш... енді ГүйЧжоуға шабуылын бастапты...”

Бұдан ары ойлауға мұршасы келмеді. Оған шамасы жетпеді, басы сынып ауырып барады. Қолын мандайына қойып, қызыуы көтерілгенін байқады. Оны елеген де жоқ, жиі-жі қайталап тұратындықтан оған әбден еті үйренген. Одан үрейленетіндей ажалы жетіп отырған жоқ қой. Тіпті ол туралы еш ойланбапты да. Ашулы, ренжулі көздер бұны тынымсыз тұртпектеуде. “Не себепті мені қапаландырып, мазақ етеді? Көп болса, жұмыстан қуар. Бірақ, өйтетіндей басқалардан менің қай жерім кем!” – деп толғанды. Кімді пана тұтады? Бұл қалада қолұшын беретіндей дәкей бірде-бір туысқаны не танысы жоқ. Мына ұсақ қызметтің өзіне бір жерлесінің көмегімен әрең орналасқан. Оның алдында бес ай жұмыс таба алмай, әйелінің жалғыз айлығына қарап қалғандары жадында. Анау бұлармен жақсы қатынаста болған жерлесі кейіннен басқа жаққа көшіп кеткен. Ең соңғы таяныштарынан солай ажырап қалған.

“Өмір сұру үшін ғана осыншама азап кешудемін” – көңілінде туындалп келе жатқан қарсылық осы сөзді жиі аузына салады. Дәл қазір де күрмеуі қын тіршіліктің сан сауалына солай жауап қайырды.

Сағат беске дейін шыдауға әрең төзімі жетті. Жұмыс аяқталды, бұл “Гуанчжоу” мейрамханасына банкетке баар алдында аз ғана демалып алу үшін креслосына шалқайды. Басқармашы Чжоу Гуанчжоудан болатын,

сондықтанда қызметтестері сол мейрамхананы таңдаған еді. Вэнь-сюань оған барғанда барлығы жиналып қалыпты, басқармашы да орталарында. Бірақ дастарқанға жайғаспапты, бас басқармашыны күтіп тұр екен. Жан-жақтан құлқі мен әзіл-қалжың үні жамырайды. Оған тек екі кісінің ғана қатысы жоқ. Әрине, оның бірі – Вэнь-сюань. Бұл екі үстелдің қылышында басқаларды көзбен шолып, оқта-текте шай ұрттап қойып тұр.

Жарты сағаттай күткізіп барып бас басқармашы келді-ау әйтеуір. Вэнь-сюаньның соңғы бір жылда маймыл тәріздес сұрықсыз көрінетін бұл тақсырды алғаш көруі. Қолында аса таяғы, маңғаз басып кірді. Барлығы бірін-бірі итере-итере оған қарсы жүрді. Вэнь-сюань бір түрлі қорқыныш сезімге бой алдырып, барлығының соңында қалып қойды. Бас басқармашы: “Айып етпеніздер, кішкене кідіріп қалдым”, – деп кешірім сұраған болды.

– О не дегеніңіз, о не дегеніңіз, біздің келгенімізге де көп болған жоқ, – жиналғандар жапатармағай жауап қатып жатыр.

Вэнь-сюаньда үн жоқ, бұны адам екен деп сезініп тұрмаған кісімен сөйлесу ойына да кірмеді. Жұмысты бірге істейтін әріптестері де мұны ұмытып кеткендей бұрышта жалғыз қалдырды.

Салтанатты дастарқан жаюлы тұр. Қонақтар біріне-бірі орын ұсынысып, мәре-сәре күй кешуде. Вэнь-сюань үн-тұнсіз шетте қала берді. Өзімен шендес біrnеше әріптестері де әзіл-қалжың айтып, үстелге жайғасып жатыр. Чжун ғана мұны айқайладап шақырып, қасынан алып қалған орындықты нұсқады.

Барлығы тамақ жеуге кірісті, көңіл күйлері көтеріңкі. Бас басқармашы мен басқармашы Чжоу жайғасқан үстел бөлектеу тұр. Вэнь-сюаньнан басқалары оларға жақын барып, құттықтап, қолпаштап жатыр. Чжуннан өзге Вэнь-сюаньға ешкім көңіл аудармады, тіпті бүгін Сяо-пань да мұны елеп ескермеді. Аналардың бастықтың алдында құрдай жорғалауы Вэнь-сюанға ұнамады. Жағымпаздыққа ұшыраған айналасы мұның жиіркенішін туғызды. Ал бұған дәл қазір тыныштық, жайбарақат жағдай қажет еді. Олар – мұны керек етпеді, ал бұл – оларды керек етпеді. Мұнда келуге бұны ешкім мәжбүр етпеген-ді, бірак мынау банкетке қатысады өзінің борышы санаған болатын. Өз еркімен келгені есіне түскен сайын жыны қозып отыр. Кетіп қалуға қанша оқталса да, оған тәуекелі жетпеді.

Бұл қолынан тостағанын түсірмей, ұн-тұнсіз арақ ішіп отыр. Чжун бұған бірдеңе деп еді, бұл сыпайы түртіп қалды. Әңгіме арақ ішуге тыйым салынғандықтан поли-цейлердің дау-дамайына қалmas үшін даяшылар тостағанға шай орнына арақ құйып беріп жатқандығы туралы болатын. Бұл кеште барлығы арақты шай секілді ішті. Ешкім Вэнь-сюаньды ішуге үгіттеген жоқ. Бірақ соған қарамастан бірнеше тостағанды босатып салды. Өзінің тез мас болып қалатынын біле тұрып, ішуді жалғастыра берді, өйткені, бәрін ұмытқысы келді. Бірақ, қырсыққанда, бұл әлі сап-сау. Басқармашы Чжоу қызып алған, орынсыз ыржындалап, ұят сөздерді тоғытуда. Барлығы одан сайын көңіл көтерудің жайын ақылдасып, у-шу болып жатқан сәтті пайдаланып, Вэнь-сюань ешкімге білдірмей сыртқа

шықты. Дала сап-салқын екен, бірақ сұық ауа бұған майдай жақты. Тез-тез басып жүріп кетті.

Көп ұзамай үйіне де келіп жетті. “Ауырып қалдым ба деп шошып едім, бірақ қазір өзімді жақсы сезінудемін” – деді өзін-өзі жұбатып. Өздері тұратын қабатқа көтерілді, бөлмесінің есігі сығырайып ашық тұр екен. Үстел жанында шешесі киім жамап, мұның келуін тосып отыр. Шу-шэн көрінбейді.

– Келдің бе? – шешесі шаруасын тоқтатып, бұған күлімсірей қарады.

– Иә, мама, – бұл оған қарап жауап қайырды, бірақ көздері өзге кісіні іздеуде.

– Сен таңтертең мазасыздау көрініп едің, мен күні бойы қамығумен болдым. Жұмысқа кетіп бара жатқанда жүдеу едің, – шешесі тігіп отырған киімдерін үстелдің үстіне қойып, көзәйнегін шешті де, көзін сұрте бастады.

– Мама, мен өзімді жақсы сезініп тұрмын, өзің әлі дем-алмағанбысың. Кешке жұмыс іstemей-ақ қойсан қайтеді осы?

– Мен саған жейде тігіп жатырмын. – Ол жұмысын бұған көрсетті. – Бүгін сандықтан қымбат емес кездеменің бөлігін тауып алыш едім. Сенің жейден тозып қалды. Әзірге қолыма ине ұстай алар шамам барда жаңасын тігіп қояйын деп шешкен түрім ғой.

– Өзінді-өзің қинай берме, күніміз осыған қарап қалған жоқ қой, – деді бұл тебіреніп. – Мен тағы да бір-екі ай амалдай тұрармын, сосын жаңасын сатып аламын.

– Сатып аламын дейсің бе? Мына жалақың қай жыртығыңа жамау болады? Екі-үш жыл болды, өзінде арнап

жұп шұлық сатып алмасың. Мінезің қандай жұмсақ еді. Егер мен масыл болмағанда, мұндай күйге ұшырамас па едің, ешқашан өзінді-өзің ойламайсың. Соңғы уақытта тым жүдеп кеттің. Құп-қу өніңе қарап саған қырық жас беруге болады, – шешесінің көзі қызырый кетті.

– Мені ойлап қайғыра бермеші, мама! Қазір кімге оңай соғып тұр дейсің, тірі жүргеніміздің өзіне шүкіршілік етейік, – күрсініп салды бұл. – Ол өлі келген жоқ па? – күтпеген жерден қалай сұрағанын білмей де қалды.

– Сен Шу-шэнді сұрап тұрсың ба? Келді де қайта кетті. Айтуынша, банкіде бір шаруа шығып қалған көрінеді. Сағат онда қайтып ораламын деді. – Осыны айтты да шешесі даусын өзгертіп мынаны қосты: – Сен ойлан, оған жалғыздық ұнайды, үйде ештеңе істегісі келмейді. Күні бойы көше қыдырудан қолы тимейді, – ол қамқор ұнмен сөзін жалғай берді. – Сен артық ішіп қойғансың ба? Денсаулықтан бір жола айырылғың келмесе, ішуді тый.

– Ештеңе етпейді.

Бұл қайта күрсінді. Күйі келмей тұр, басы шыр көбелек айналып, жүрегі қысылып, тамағы кеуіп барады. Су құйып ішкісі келіп, ұмтылып еді, құлап қала жаздал, денесін әрең ұстады. Бойын тіктегені болмаса, екі аяғы жерге тимей тұрғандай сезінді.

– Саған не болды? – шешесі шошына орнынан тұрды.

– Кешірші мама, мен бар болғаны екі-ақ стакан ішіп едім, – ыржиып күлгөн сыңай танытты. Шешесі жақын келіп, сүйегісі келіп еді, бұл басын шайқап, оны жанына жуытпады. – Шошымашы, мама, мен мас емеспін ғой.

– Онда жатып дем алшы, – шешесі кенес берді.

- Үйқым келмей тұр, Шу-шэнді күтейін.  
Үстел жанындағы тозығы жеткен креслоға жайғасты.
- Соны күтемін дейсің бе? Оның қашан келетінін кім біледі?
  - Оның онда келем дегенін жаңа өзің айтқан жоқсын ба? — сұраққа сұрақпен жауап берді.
  - Соның сөзіне де сенесің бе? Жат та, үйықта.
  - Жарайды, барып қисайсам қисаяйын, — бұл орнынан көтерілді.

Дәл осы уақытта қауіптен сақтандыру дабылы соғылып қоя берді.

- Мама, панажайға барып тығыл. Мен бара алмаймын. — Сөйлей жүріп кереуетіне жетті де, құлаң тұсті.
- Сен бармасаң, маған не жорық. Жата бер. Әзірге қорқатындағы ұшақ гүрілі естілмейді ғой, — сабыр сақтай сөйледі шешесі.

Үш қабатты үйде абыр-дабыр басталды. Жан-жақтан шыққан айқай-шу, тарсылдаған аяқ дыбысы, гүрс-гүрс жабылған есіктердің үні құлақ тұндырлыштайды. Сырттан әрі-бері сенделген адамдардың бірін-бірі іздеген, шақырған дауыстары естіледі.

— Эй, сен бармаушы ма ең? — қабырғаның арғы жағынан біреудің айқайын құлағы шалды.

— Бармаймын. Ешқандай ұшақ көрінбейді, неге қашуым керек? — деген жауап қайырды екіншісі.

— Кім біледі, жапондықтар Гүйчжоуды жаулап алу қамымен халықты үрейлендіру үшін бомбалашын бастап жіберуі де мүмкін ғой. Банктегілердің айтуынша, кеше Гүйянді быт-шытын шығарып бомбалапты, ал ол жөнінде

газеттерде бір ауыз сөз жоқ. Соңдықтан, бомбадан сақтап панажайға барсаң дұрыс болар еді.

– Жарайды, жүр бірге барайық!

Есіктерін қалай жапқаны естіліп тұр. Әлгі әңгіме шыққан бөлме дәліздің арғы жағында болса да, жұп-жұқа қабырғадан бәрі ап-анық құлаққа жетеді. Шешесі мен баласы жаңағы сөздердің бәрін тыңдады.

– Мама, қайткенде де сенің панажайға барғаның он, – бұл қыла өтінді.

– Уайым жеме, бұл алдын ала берілген дабыл ғой, – шешесі асықпастан жауап қатты.

Сөйткенше, болған жоқ жанұшырар дабыл қайта айқайлап қоя берді.

– Мама, баршы енді, – бұл оны асықтыра бастады.

– Соңғы дабыл соғылғанша күтейік те, – шешесі баз қалпында селқос жауап қайырды да, орындығына отырды.

– Бар енді, өйтпесең кешігесің де, панажайға кіргізбей қояды, – бұл уайым жей бастады. Шешесі үн қатпады, кенет бұл орнынан атып тұрып: – Жүр, ендеше бірге кетейік, – деді.

– Бәлкім әуе шабуылы болмайтын шығар, менің жүруге шамам жоқ. Соңғы дабылды күтсем қайтеді, – шешесі өз дегенінен таңар емес. Бұл ешқандай жауап қайырмағаннан кейін анасы айтты: – Өлтіріп тастаса да бәрібір. Мынадай өмір сұргеннен өле қалған артық.

– Неге олай дейсің? Біз ешкімді тонаған жоқпыш, үрлық еткен емеспіз, бір кісіге титтей қиянат жасамасақ, неге өмір сұрмеуге тиістіміз. – Бұл кереуетінің шетіне қайта отырды.

Есік ашылды да, табалдырықтан әйел келбеті қылаң берді:

– Сендер әлі кетпегенсіндер ме? – Шу-шэннің даусынан әрі таңданыс, әрі қуаныш табы сезілді.

– Ал сен неге панажайда емессің? Осындай аласапыранда көшеде жүргүре бола ма? – Вэнь-сюань орнынан тұрып жатып қарсы сұрақ қойды.

– Мен сениң панажайға рұқсат қағазыңды әкелдім. Сөмкеме оны кім салып қойғанын білмеймін, жаңа ғана көріп, саған жеткізіп беруге жүгіріп жеткен бетім осы, – ол күлімсірәй сөмкесін ашты да, рұқсат қағазды суырып алып, бұған тапсырды.

Бұл риза көңілмен оған жылы шырай танытты да, рұқсат қағазды қалтасына салып, онда жатқан хатты шығарды.

– Расын айтсам, мен панажайға баруға жиналған жоқ едім, – деді бұл, – егер ақырғы дабыл соғылмаса, онда біз үйде қаламыз.

– Олай деме, жүріндер, бірге шығайық, – Шу-шэн күлді де, мұны асықтыра бастады, – панажайға ертерек барған дұрыс, – ол енесіне үзіле қарады.

– Мен ешқайда бармаймын, мені өлтіреді дегенге еш сенбеймін, – деп жауап қатты ол сыздана.

Мұндай жауап күтпеген Шу-шэн не істерін білмей кібіртіктеп барып, еріксіз жымиды да:

– Сен де өлімнен қорықпайсың ба? – деп сұрады бұдан.

– Мен әбден шаршадым, үйден шығуға шамам жоқ, – Вэнь-сюань көңілсіз жауап берді.

– Олай болса, мен жалғыз өзім кеттім. – Шу-шэн өкінішін білдіре еріксіз езу тартты да, теріс бұрылыш, үйден шығуға асықты.

– Шу-шэн! – деп айқайлап қалды бұл, қолына ұстаған хат есіне түсіп.

Ол кері бұрылды да, бұл оған хатты ұсынды.

– Ұлымыздан келіпті. Мектебі тағы да үш мың екі жүз юань қосымша ақша талап етіп жатыр екен. Мә, оқы!

Ол хатты алды да, бүктеуін жазып, көз жүгіртіп шықты, сөйтті де, бұған айтты:

– Жарайды, ертең үш мың бес жүз юань алып келемін. – Хатты сөмкесіне салды да, есікке қарай ұмтылды.

– Саған ол ақшаны табу қын болмай ма, Шу-шэн?

– Оқасы жоқ, банкіден ала тұрармын. Эр кез тығырықтан жол табатын сен емес, мен ғой, – наздана жауап қайырды да, бұдан қайталай сұрады: – Сен жүресің бе, жоқ па? – сөйтті де жауап күтпестен бөлмеден жылдам шығып кетті.

– Қараши әне, қашан көрсөң де, шат-шадыман, ал сен болсаң азап шегудесің, – ашу шақырды шешесі.

Бөлмеден ұзап бара жатқан Шу-шэннің биік өкшесінің тықыры анық естіліп тұр.

– Дегенмен Сяо-сюаньның оқуына қаражат тауып беріп жатқан сол ғой. Егер ол болмаса, Сяо-сюань оқудан баяғыда шығып қалар еді. Сорлы әкесінің қолынан ештеңе келмей тұрған жоқ па, – деді күрсініп.

– Егер маған ерік берсе, онда оны мектептен әлдекашан шығарып алар едім, – шешесі ыздан жарылардай ернін тістеледі.

Вэнь-сюаньның тамағына бірдене кептеліп қалғандай болды, еріксіз жөткірініп қалды.

— Мен су алып келейін, кішкене шыда, — деді шешесі. Бірақ бір кесе су әкелгенше бұл жөтеліп болып, қақырығын еденге түкіріп үлгерді. Қақырықпен қоса қан құсқанын көріп, аяқ киімінің табанымен дереу сұртіп тастады.

— Жөтеліп болдың ба? Жеңілдеп қалған шығарсың, — шешесі су ұсынып жатып мұның көңілін аулап бағуда.

Суды бір-екі ұрттап, бар күшін салып еріксіз күлімсі-реген сыңай танытты.

— Иә, жақсарып қалдым. — Кесені үстел үстіне қойды. — Мен әбден шаршадым, мама, барып дем алайын.

— Шешінбей жат, егер тағы да дабыл соғылса, киінуіңे тура келеді, — деп ақыл айтты шешесі.

Бұл бірдеңе деп міңгірледі де, кереуетіне құлап түсті. Жаны да, тәні де қалай қаусап қалғанын жаңа сезінді. Өң мен тұс арасында жатып, шешесінің бұған таяп келіп, үстін көрпемен қымтағанын еміс-еміс сезді.

## XII

Бұл қан түкіре бастағанын шешесі мен әйеліне сездірткісі келмеді. Ертеңгісін ештеңе болмағандай жұмысына кетті. Тұнгі үйқысы тыныш болмай, дөңбекшіп шыққандықтан өзін сергек сезіне алмады. Алдында әдеттегіше жан жалықтырар жұмысы – тұсініксіз, қызықсыз корректура күтіп тұр. Басқармашы Чжоу және бөлім бастығы У баз баяғыша бұны жақтырмаған сыңаймен қарсы алды, әріптестері де жылы шырай таныта қоймады. Мұның барлығына төзуіне тура келді. Азапқа толы уақыт баяу жылжуда. Ойы онсаққа жүгіруде. Қанша қате

түзеткені есінде жоқ. Тұскі үзілісті білдіріп қонырау соғылды, бұл қаламын қойып жатып, үнсіз күрсініп қойды. Дәл осы сәт көптен күткен бостандыққа қолы жеткен қылмыскердің күйін бастан кешті. Тамаққа еш тәбеті тартпады, күштеп бірдене жеген болды, сөйлеуге де зауқы соқпады. Қасындағылардың барлығы, қасарысқанда, тура осыны аңдып отырғандай күйге бөленді. Тамағын ысырып тастады да, жан тыныштығын аңсан, асханадан сыйылып сыртқа шықты. Жолда ұшырасқандарға тіктеп көз салуға да дәті шыдамады. Мұның кеткенімен ешкімнің де шаруасы болған жоқ.

Жоғары көтеріліп, қайтадан жазу үстеліне жайғасты. Бірақ корректураға кіріскең жоқ – үзіліс әлі аяқталмағанды. Онсызда әбден таусылуға шақ қалған күш-жігерін неге ысырап етуі тиіс?!

Жан-жағына меңреулене көз салып еді, жанары тұманданып ештеңе көре алмады. Ол әбден қалжырағанын сезді. Миы шағылып, мең-зең болып отыр. Қабағы тырысып, басы салбырап төмен тартып барады. Бұл ұйықтап бара жатқанын білмей де қалды.

Жұрттың құлкісінен селк етіп оянып кетті. Денесін шапшаң тіктеп ала қойды, кісілерге мазақ болым ба деген қауіпті ой денесін тітіркентіп жіберді. Өңінен беймезгіл ұйқының ізі де қалған жоқ. Бірақ көңілінде айтып жеткізгісіз мұнды сезім тарқамай, баз қалпында қала берді.

Жұмыс басталатын уақыт болып кетіпті. Бірақ, басқармашы мен бөлім бастығы әлі оралмаған себепті қызметтестері даурыға әңгіме көрігін қыздыруда. Біреуі соғыс туралы айтса, екіншісі оның сөзін жұлып алып, кеше не

естігенін ортаға салуда... Жапондар шабуылын үсті-үстіне ұдете тұсуде. Жау Ишаняның қақпасын қағып тұр деген де сөз бар. “Газеттерде ештеңе жазылып жатқан жоқ, олай болуы мүмкін емес”, – деп ойлады Вэнь-сюань іштей, бірақ дауыстап айтуға тәуекелі жетпеді.

– Күмәнді жаңалық! Сен ондай хабарды қайдан естідің? – деп сұрады Сяо-пан. – Газеттердің жазуынша, майданда бәрі жақсы көрінеді!

– Сен газеттерге сенесің бе? Күнделікті қанша нәрсе бүрмаланып жарияланып жатқанын қалай білмейсің? – көзі ашық жолдасы оған сендіре жауап берді.

– Рас, жағдай аса мәз емес секілді, – тағы біреу әңгімеге араласты. – Менің туысқанымның Гүйянды қоныс еткеніне төрт жылдан асқан еді, енді одан көшуге қамданып жатыр.

– Дүние не бол барады? Менің танысым Ланъчжоу бағытында ұшатын ұшаққа билет алғып қойды. Ақыр қашатын болғандықтан ертерек қимылдаған дұрыс қой, – үшінші біреу әңгімені қыздыра түсті.

– Сондықтанда біздің кеңсеміз ЛанъЧжоуға көшеді. Бұл толық шешілген нәрсе, – деді жаңағы көзі ашықтауы.

– Ал сен ше, барасың ба? – Сяо-пань қызық үшін сұрады.

– Мен бе? Кеңсеге мен секілді тірі жәндіктің керегі де жоқ деп ойлаймын. Ал сенде сондай үміт бар ма?

Анау – өзін көзі ашық адам санайтын әріптесі кіші қызмет істемейтін, жұмысы публицистика бөлімінде болатын, еңбек ардагерлерінің бірі, жалақысын да әркез Вэнь-сюаньан көп алғып жүретін.

– Егер олар өздерімен бірге бізді алып кеткісі келмесе, онда тым құрығанда үш айлық жәрдемақысын беруге міндettі ғой, – деді Сяо-пань күтпеген жерден.

– Үш айлық дейсің бе? Менің білуімше, ең көп дегенде екі айлық қана жәрдемақы береді. Ал ол ақша қай жыртығыңа жамау болады? Көшіп кетуге жетпейді, мұнда қалған күнде тойынып тамақ ішіп жарымайсың. Оның үстіне біздің кеңсеміз – жартылай мемлекеттік, жартылай коммерциялық... – көкірек көзін аштын әңгіме осы жерде кілт тоқтады, баспалдақпен көтеріліп келе жатқан аяқ дыбысын ести сала жолдастары бет-аузын тыржитып, әңгімесін жылдам доғарды.

Басқармаши келіп кірді. Бөлмеде танаға ұрғандай тыныштық орнады. Сяо-пан өз орнына ығысты. Жұмыс күнінің екінші жартысы қызып жүре берді.

Вэнь-сюань үйқылы-ояу қалыпта үн-тұнсіз отыр. Алдында жайылып жатқан паракқа түзету енгізген болады, бірақ ойы әлгінде ғана қызметтестері әңгіме еткен тақырып төңірегінде тұмшалаулы: көші-қон... болмаши жәрдем ақы... барлығы жұтап өлуге мензейді, ал мұның от басы бар... Хунань мен Гуаньси аймақтарының құлау қасіреті... Басқалардан естіген сұық хабар-ошарлар. Қолынан келер дәрмен жоқ... Егер шынымен сондай күн туса... Денесі қалтырап, бұдан әрі ойлануға мұршасы жетпеді, бірақ ақыл-есін жиып алуға тағы шамасы келмеді. Неғұрлым ұзак ойланған сайын, соғұрлым жаны дегбірсіздену үстінде. Корректуралық екі бетті парактап шықты, бірақ бірде-бір түзету енгізбеді. Жұмыс істеуге еш зауқы жоқ. Басқармаши мен бөлім бастығының ұнатпаушылық танытқан көз-

қаастары да бұған еш өсер етпеді. Таныс дауыс құлағына “Шаруаң бітті” деп сыбырлағандай болды. Жүрт бұған өлім жазасын тағайындал ұлгерді, ал бұл оған еш қарсылық танытпастан көнді.

Өң мен түстің ортасында отырғанына жарты сағаттай уақыт өтті.

Денесінің әл-дәрмені құрып отырғанын сезді. Мандайын ұстап көрді: қызы аса көтерілмеген секілді, бірақ басы шыр айналады. Ауыр минуттар жылжып сағатқа ұласты, қызы көтеріле бастады. “Туберкулез ауыруына ұшыраған болармын, кеше қан құстым ғой, – деген ой басына сап ете қалды. – Маған десе одан әрмен болсын, өзекті жанға бір өлім”. – Біртіндеп өзіне-өзі келе бастады, алғашқыдай емес, қорқынышы сейіліп, едәуір жеңілдеп қалды. Жанын басқа бір мұнды ой мазалауға көшті.

“Мен өлемін, жалғыз өлемін, қандай ауыр азап!” – деп ойлауы мұң екен, үйге жетіп жығылып, шешесін, әйелін, баласын құшып, жылап көрісу арманына айнала берді.

Жұмыс күні аяқталды. Қызы бәсендеп, көңіл күйі аздап көтерілгендей болды. Асықпай аяңдап үйіне де жетті.

Шешесі кешкі асты дайындал, мұны күтіп отыр екен, көре сала бұдан күннің қалай өткенін мейірлене сұрап, асты-ұстіне түсіп, көңілін аулап әлек. Тамақтанып отырғанда Шу-шэн туралы әңгіме қозғады. Бұрынғысынша оны жазғырудан жазбады. Бұл шешесінің сөзінің жаны бар екенін сезсе де, бірақ ол үшін әйелін кінәлай алмайтынын білдіріп, жауап қатып бақты.

– Егер ол тұскі асын жұмыс орнында ішпейтін болса, онда үйге келуі керек емес пе. Өзің көріп жүрсің, соңғы

айда ол үйге келуді қойды ғой. Егер көңілін көтеретін көлденең біреуі болмаса, одан басқа қандай шаруасы болуы мүмкін! – шешесі дастарқан жинап жатып шыдамы таусылғаны соншалық, іштегі сырын лық еткізіп сыртқа афыта салды.

Бұл ләм-мим деп ауыз ашпады. Шешесінің сезіне иланғысы келмеді, бірақ оның айтқандары жанына қатты батты. Келінің жек көретіні соншалық, күндегі әңгімесі осы. “Ол менің тынышымды ала береді? Егер мені жанындей жақсы көретін болса, онда менің әйелімді де үнатуға тиіс емес пе? Менің онымен айырылыса алмайтынды біле тұра, неге өйтпейді?” – деп ойлады бұл. Бірақ ол жөнінде шешесіне ештеңе демеді. “Онымен айырылыса алмаймын” деген сөз жүрегіне шаншудай қадалды, жалғыздықтың қасірет табын сезінді, соның салдарынан мазасы кетіп, тағатсыздық күй кешті. Үн-тұнсіз орнынан тұрып, ернің тістелеп, бөлмені ары-бері кезе бастады.

– Киноға барсақ қайтеді? Біз оқыған адамдар емеспіз бе. Кедей тұрсақ та, бір көңілімізді көтеру керек шығар, – деді шешесі жұмысын аяқтап.

– Мен сілем қатып шаршап тұрмын, еш жаққа барғым келмейді, – деп еріне жауап берді бұл.

Біраз үнсіздіктен кейін ашуын құлкіге жеңдіріп, былай деп үн қатты:

– Қазір оқыған-тоқыған адамдар төменгі сорттылар қатарына саналады. – Дәл осы мезет Шу-шэн келіп кірді.

– Сен тамақ іштің бе? – деп сұрады қамқор көнілмен.

– Іштім, – деді ол құлімсіреп, – үйге келіп түстенгім келіп еді, бірақ бір таныс келіншекті жолықтырып, өйтеп

алмадым. Ол мені қонаққа шақырды, келіспесіме амалым қалмады. Бұгін банкте қызық жағдай болды.

“Күлкісі қандай шуақты, даусы қандай өдемі еді”, күйеуі қызыға қарады. Ал шешесі болса, бірдене деп күбір етті де, өз бөлмесіне кетті. Әйелі киімін алмастырып жатқан кезде шам сөніп қалды. Бұл лездे май шам тауып, от тұтандырды.

— Бұл жер қандай қолайсыз еді, жиі-жій шам сөніп қала береді, — Шу-шэн қара көлеңкеде ренішін жеткізіп үлгерді.

Май шамның жарығы талмаусырап тұр. Бөлмені қараңғылық қымтап алған. Ол үстел қасында тұрған бұған жақын келіп, қасына жайғасып жатып, өзіне-өзі тіл қатты:

— Мен қараңғылықтан, сұықтан, жалғыздықтан қатты қорқам.

Бұл еңкейді де, оның көзімен көзін түйістірді. Біраз үнсіздіктен кейін ол басын көтерді.

— Сюань, сен менімен неге әңгімелеспейсің?

— Шаршап келген шығарсың, аздал тынышып алшы, — деп жауап қатты еріксіз күлімсіреп.

Ол басын шайқады:

— Жоқ, шаршаған жоқпын. Менің жұмысым соншалықты қын емес, бізде еркіндік бар, басқармашының мен дегенде жаны бөлек, қызметтестерім де солай. Тек қана... — Осы жерге келгенде сәл кідірді де, кенет қабағын түйіп, даусын да өзгертіп сала берді, — тек қана үйге оралғаннан кейін мен салқындық пен жалғыздық табын сезінемін, жаным құлазып, жүрегім сыздайды. Сен менімен ешқашан әңгіме-дүкен құрмайсың.

– Сөге көрмеші, мен тек сенің көңіл күйіңе қараймын ғой, – бұл шошығаны соншалық, дереу ақталып жатыр.

Бірақ, шындығында олай емес еді: бұл ақиқатын айтсам, оның тарапынан түсінбестік туа ма деп қорықты, өйткені өздері өте сирек көрісетін болып барады ғой.

– Сен шынымен де “қайырымды күйеусің”, – ол құлім қағып, бұған назын шаға бастады. – Менің көңіл күйім көтеріңкі, соншалықты тамаша болмағанымен, сенікінен әлдеқайда жақсы, соған қарамастан сен менің қамымды жейсің! Сен қандай кең адам едің, барлық уақытта өзгеге жақсы болсын деп ойлайсың да, өзінді ұмытып кетесің.

– Жоқ, мен өзім туралы да ойлаймын, – деп қарсылық танытқан болды бұл.

Шешесінің бөлмесінен ешқандай дыбыс естілмейді. Май шамның жарығы толқып тұр. Бұрыш-бұрышты қаумалаған қара көлеңке қоюлана түскен. Екінші қабаттан жөтелген кісі мен жылаған баланың даусы шығады. Терезе сыртынан іш пыстырар майда жауын жауып тұрғаны байқалады.

– Картада ойнасақ қайтеді? – Шу-шэн күтпеген жерден өтініш жасады.

Әбден сілесі қатып отырғандықтан карта ойнауға зауқы жоқ еді, бірақ сол замат келісім берді. Картаны алды да, үстелге жақын жайғасып, таратады. Шу-шэннің көңіл күйі біртінде бұзыла бастағанын сезіп отыр. Өзінің де ойынға деген ешқандай құлшынысы байқалмайды. Екі рет айналдырғаннан кейін әйелі мазасыздана орнынан көтерілді.

– Жететін шығар, екі адамның ойыны еш қызықсыз болады екен, тіпті жалықтырып жіберді. – Бұл үн-тұнсіз картаны жинастырды да, қорабына салып жатып естілер-естілмес күрсінді. Май шам қисайды да, майы үстелге тама бастады, бұл пышақ алып, май шамның үстін тегістеп қойды.

– Сюань, мен саған қызығамын, – Шу-шэн үстелдің қасында бұның үстінен не істеп жатқанын қарап тұрып, тебірене тіл қатты. Бұл оның сөзінің мәнін ұқпай, таңдана басын көтерді.

– Сен барлығын да шыдап көтере бересің, төзімінде шек жоқ, – деді ол нараз көнілмен.

– Шыдамағанда, енді не істеуім керек? – бұл мұндана езу тартты.

– Қашанғы шыдай бермексің?

– Білмеймін.

– Мен әбден шаршадым, өмір жалықтырып жіберді. Сюань, айтпақшы, біз қашанға төзе береміз? Қашан біз басқаша өмір сүреміз?

– Ондай күн әлі-ақ туады. Жеңіс күні келсінші...

– Жеңіс туралы естігім келмейді. Ол шіркінің келгенше мен қартайып, тіпті өліп қалауды мүмкін ғой. Мен басқа ештеңе тілемеймін, бір ғана қалауды – өзірге тірімін бе, аздап көніл көтеріп, бұдан сәл тәуір өмір сұру, – ол бөлмені ары-бері кезіп, ренішін аптыға жеткізуге тырысты. Бұл не айтарын білмей, сәл кідіріп барып кешірім өтінгендей тіл қатты:

– Барлығына кінәлі мемін.

– Сенің не жазығың бар, ұрсысу керек болса, ол маған бағытталу керек, көрсоқырлығым үшін мен кінәлімін, – деді ол ашулы жүзбен. Артынша артық кеткенін біліп,

жуып-шаю үшін жұмсарта сөйлегенмен, айтылар сөз айтылып кетті, бұл оны анық естіді. Әрбір сөзі жүрегіне ине боп қадалып, дық етіп тиіп жатты. Есінен адасқан кісіше екі қолымен басын тұмшалай берді.

### XIII

Бұл әдеттегідей бірінен-екіншісі айна-қатесіз сүренсіз ауыр құндерді бастан кешіп жатты. Шегіне жеткен шыдамын қандай күш ұстап тұрғанын өзі де білмейді. Әр күні түстен кейін қызуы көтеріліп, кешке қарай денесі терге малынатын дертке ұшырады. Жөткірінген кезде өзгелердің көзіне түсе бермеуге тырысады, өйткені қан түкіруі екінші рет қайталанып үлгерді. Ол жөнінде үйіндегілерге де жақ ашқан жоқ. Мұның солған жүзіне қарап, анасының әр кез айтатын сөзі біреу: “Бұгін сенің өңің қашып тұрғой!” Бұған қайырар жауабы да әмзе дайын: “Қойыңызшы. Мен өзім жақсы сезініп тұрмын”. Бұндай жауап қанағаттандырmasa да, анасы сөзден тосылып, үн-тұнсіз тұрып қалады. Мұның жан дүниесінде не болып жатқанын ол қайдан білсін? Бірде анасының әлгі сөзін қасында тұрып естіген Шу-шэн одан сайын қара тұнекті қаптата тұсті: “Мұның өңінің жайма шуақ кезі болып па өзі?” Ол расын айтЫП тұр, бірақ бұның жүрегін одан сайын сыздата тұскенін білер емес. Күтім мен аяушылық – олардың бұған тигізер жәрдемі осы екеуі ғана. Эйелінен гөрі анасы мұның қамын көбірек жейтін секілді, тіпті өзі туралы ойлауды да ұмытып кетеді. Бірақ, соның өзінде мұның қайғы-мұның азайта алар емес.

“Бұйткен тірліктен өлгенім артық емес пе?” – әр кез көніл түпкіріндегі бірер қалың ой осы, әсіресе жұмыс уақытында жиі мазасын ала береді. Ажалы жақындан келе жатқанын жаны сезеді. Басқармашы Чжоу мен бөлім бастығы Удың қамшы бол үйірілген көз жанарлары соған қарай айдан келеді. Үйіне оралғанан кейінгі анасының қамқор алақаны мен әйелінің көнілін аулауы да жанына медет болар емес. Шешесі өкпе-назын білдіруге құмар, ал әйелі болса, өз денсаулығының мықтылығын, күш-қайратының қайтпағанын, қызуы тарқамаған жастық жалынын айтып, мактанғысы келеді де тұрады. Бұл анасының азып-тозған, ауыр мұң басқан өңінен, әйелінің бал-бұл жайнаған жүзінен және өзінің әлем-жәлем түрінен шошынатын болды. Құдды екі әйелдің арасын қалың қабырға бөліп тұрғандай өсерге бөленеді. Олар бұған ілтипатпен көніл аударып, іштарта әңгіме дүкен құрған кезде “Сендер мені тұсінбейсіндер ғой” деген ой тұрады санасында. Олар, шындығында да, бұны тұсінбейді. Кей кездері әлгі ойын аңғартса да, оған аса мән бере бермейді. Анасы аздап ұлының жан дүниесін ұфатын секілді, бірақ өзіңді-өзің күтін деп денсаулығына алаңдаушылық танытуынан ішке бүккен сырымды біліп қояма деген үрейі артып, азаптана тұседі. “Айықпас ауру екенімді сезіп қоймасын” деген сөзді іштей жиі қайталап, барынша сақтанып бағуда.

Бірде анасы мұның денсаулығы туралы әңгіме қозғап еді, әйелі іліп әкетті:

– Аурұханаға барғаны дұрыс шығар. – Ол бұған жанарын бұрды да, бұл жолы шын өтініш етті:

– Дәрігерге көрінші!  
Бұл болса қорғанып бақты:  
– Мен өзімді жақсы сезініп тұрмын.  
– Сонда да болса, көңілімізді демдеу үшін көрінші дәрігерге.

Бұл әйеліне тез жауап бермей, кідіріп барып, құдды өзімен-өзі сөйлесіп тұрғандай әлсіз үн қатты:

– Қазір ауруханаға баратын уақыт емес: дәрі-дәрмекке ақша қажет. Біз секілді бейбақтар қарнымыздың тоқтығына тәубе етуіміз керек. Жұрттың айтуынша, шеткегі жатқан Хунань мен Гуаньси көшелерінде аштан қырылған адамдардан аяқ алып жүру қын көрінеді.

Анасы жүрегі қақ айырылғандай күрсініп салды. Әйелі ойланып барып, толғанысын былай жеткізді:

– Кім біледі, оларға туған күн біздің басымызға келмесіне кім кепіл? Бірақ, тірі адам тіршілігін жасау керек қой, тығырықтан шығар жол қарастырғанымыз дұрыс шығар. – Ол қабағын шытты, жүзінен қасірет лебі есіп өтті, бірақ ұзаққа бармай, абыржушылық табы тарқап үлгерді.

– Тығырықтан шығар қандай жолды айтып тұрсың? Маған салсан, өле-өлгенше ондай жол таба алмай кететін шығармын, – анасы ыздан жарылардай қалш-қалш етеді.  
– Алдыңғы жылды, келесі жыл жақсы болады деп күттік, былтыр биылға үміт арттық. Енді не дер екенсің? Жылдан жылға жағдайымыз қынданап барады.

– Бұл үшін біздің ерлеріміздің де кінәсі жоқ емес, – деді әйелі өзіл-шыны аралас. Анасы тұтіге тұсті:

– Мұны естігенше, өлгенім артық еді. Сюаньның ешқандай жазығы жоқ.

Әйелі салқын жымиды да, біраз үнсіздіктен кейін сөз жалғады:

– Қандай сертің мықты анасың, биттеп-құрттаң жатсаң да, балаңды қорғап-қолпаштайсың.

– Бұл – менің қалауым. Біреудің гүліне – құмыра болғанша, осындай ана болғаным мың есе артық, – ақылын ашуға жеңдіре айтып салды анасы.

– Мама, қойшы енді, сен Шу-шэнді түсінбедің, ол тұра сен секілді ойлайды, – әйелдерді жарастырмақ ниетпен екеуінің арасына тұсті. Олардың тағы да бір ұрыс-керісіне куә болуды жаны қаламады.

– Жоқ, мен ол секілді ойламаймын, мұлдем басқаша ойлаймын, – Шу-шэн қызара бөртіп дау қуа бастады. – Анаң қазір ғана мені құмыраға теңеген жоқ па... – айтылар сөз айтылып кетті, енді оны қайтып ала алмайсың.

– Шу-шэн, ашуынды басшы. Барлығына кінәлі менмін, сендерді азапқа салып қойдым, анамның бұл жерде ешқандай кінәсі жоқ, – деді тебірене, әйелін шетке ығыстырып, дауды тоқтатуын өтініп. – Анам кәрі адам ғой, ол түсінбейді, жолды соған-ақ берші.

– Түсінбейді дейсің! Ол емес, мына сен түсінбейсің, – Шу-шэн мұның жүрегін тілгілеп барып, үнін өшіріп, кереуетіне сылқ етіп отыра кетті.

– Айтқан сөзін қара, бүгінде адамдарда ұят қалды ма, ештеңеге беті қызармайды, – анасы ұрысты тоқтатар емес.

Бұл анасының ашуын басу үшін жанына жақындағаны сол еді, бір әйелдің даусы көнілін бұрып әкетті.

– Ван мырза, Ван ханым!

Бұл үрейлене есік жаққа көз салды. Онда боп-боз болып Чжан көршісі тұр еді.

— Табалдырықта тұрманыз, ішке кіріңіз, Чжан ханым, — бұл жылыширай танытты. Әйелі мен анасы да бірдей мұның сөзін қайталады.

— Ван мырза, мұнда қалу қандай қорқынышты? Менің зәрем үшып барады. Жансақтау басталса, бұл жерлік болмағандықтан біз далада қаламыз ба деп қорқамын. Не істеу керек екенін білмей, әбден басым қатты, — деді үрейден көзі атыздай болған Чжан ханым. Бұл ештеңе деп жауап қатпады, орнына Шу-шэн сөйледі:

— Меніште, үрейленудің еш қажеті жоқ. Әртүрлі өсек-аяңға құлақ түре беруге болмайды.

— Өсек-аяң дейсің бе? Саған қандай да бір хабар-ошар жетті ме? — бұл үрейлене сұрақ қойды. Жүргегі шаншу қадалғандай сыздап сала берді.

— Жүрттың айтуынша, жапондар Наньданяны басып алған секілді, ендігі кезек Гүйчжоуға келген көрінеді. Біздің банктегілердің барлығының аузындағы сөз қазір осы, — Шу-шэн барынша жайбарақат жауап қатты.

— Ал менің естуімше, Гүйчжоу да тартып алынып қойыпты, — деді көрші әйел берекесі қашып. — Чжан мырзаның мекемесі көшуге дайындалып жатыр, бірақ біз секілді, майда-шүйде қызметкерлер олармен бірге кете алмаймыз ғой. Біздің күніміз енді не болмақ? Ван мырза, сіз осы жерденсіз ғой, бізді ұмыта көрменізші.

“Мыналар менен жәрдем сұрайды, ал мен өзім не істеу керек екенін білсем бұйырмасын”, — деп ойлады іштей, бірақ оған басқаша жауап қайырды:

— Жақсы, мен сіздерге міндетті түрде қол ұшын беремін.  
— Біз ауылға көшу қамындамыз, сіздер де бізben бірге жүрсөніздер жақсы болар еді.

— Әзірге ол туралы ойлау ертерек, Чжан ханым. Сіз үрейлене берменіз, оған дейін бір мәнісін қарастырмыйз, — деді Шу-шэн жынып, өні қашып тұрған көршінің көңілін орнына түсіре.

— Менің айтып тұрғаным да, егер қашу қажет болса дегендігім ғой... Ван ханым, Ван мырза, апа, сіздерге рахмет, көп рахмет. Күйеуіме барып айтайын. Оның да көңілі орнына түссін, — Чжан ханым көршілеріне үсті-үстіне алғыс жаудырып, кетуге ыңғай танытты.

— Қайда асықтыңыз, тағы біраз болмайсыз ба? — деді Шу-шэн оны кідіртпек оймен.

— Жо-жоқ, көп рахмет, оған уақытым жоқ.

Чжан ханым кеткеннен кейін үйді бір сәт үнсіздік басты. Тыныштықты алғаш анасы бұзды:

— Жоқ, ондай күн басымызға тua қоймас. Ал тua қалған күнде шынымен жансауғалап қашумызыға тura келе ме?

Мұның жүрегі өрекпи соғып, анасына жауап қайыра алмады.

— Жоқ, ондай күн басымызға тua қоймас, — деді Шу-шэн жайбарақат, жүзіне күлкі үйіріліп. Бірак, келесі күні жұмыстан көңілсіз оралды да, бұған жайсыз хабар жеткізді:

— Бұгінгі хабардың, шындығында да, түрі жаман, айтушылардың сөзіне қарағана, тіпті Душань қорғалып қалмайтын секілді. Менің естуімше, Гуянда әр түрлі дабыл қағылып жатқан көрінеді.

– Не істейміз енді? – анасы абыржи сұрады.

– Жауды күткеннен басқа не істеуші едік? – Вэнь-сюань мұңдана езу тартты. Бойында ешқандай қорқыныш сезімі жоқ, әрі-сәрі күй кешіп тұр. Өмір, өлім, азап тірлік – бірбірінен айырмашылығы қайсы? Жазмыштан озмыш жоқ, тағдырдың жазғанын көреді де, оған қарсыласуға мұның шамасы қайдан келсін. Ал қолында тұрмаған нәрсеге қайғырғаннан келер-кетер пайда жоқ екені тағы белгілі.

– Біз бұл жерде өлім күтіп, қол қусырып қарап отыра бермеуіміз керек шығар! – анасы дегбірсіздік танытты.

– Ондай күн тua қоймас, – әйелі мұңдана құлді.

– Егер кету керек болса, біз бірге аттанамыз. Бүгін бір әріптесім уақытша ауылда жасырына тұру жөнінде кенес берді. Оның айтуынша, қаланы бомбалайтын көрінеді. Бірақ, мен оған келісе қойған жоқпын.

– Эрине, сен далада қалмассың, – анасы сөзбен шымшып алды.

– Ол рас. Қашан кеткім келсе, мені ешкім тоқтата алmas, – Шу-шэн де қырсыға жауап қатты.

– Сяо-сюаньды қайтесің? Мені мен күйеуінді қойшы, бізді ойлап жүрген сен жоқсың. Ал Сяо-сюань сенің туған балаң емес пе? – анасы ызадан жарылардай, долдана айтты. Вэнь-сюань екеуіне кезек-кезек назар аударып, іштей ойға шомды: “Мен дәл қазір көз жұмсам да, мыналар ұрыс-керістерін жалғастыра беретін шығар”, – бірақ, әдетінше үн қатпай, іштей тынды.

– Сяо-сюаньның қамын мектебі жейді, сізді ол қайғырт-пай-ақ қойсын, – әйелі айбаттана сөйледі.

– Тұсінікті болды, маған десең нақсұйеріңмен басың ауған жаққа кет. Осы уақытқа дейін мына сендей ананы көрсем, көзім шықсын, – анасы да қалысар емес.

– Өйткені, мен сіз секілді емеспін, сіздің жасыңызға дейін өмір сүрмей-ақ қойдым, – Шу-шэннің өнді бұзылып кетті.

– Біз бөтен емеспіз ғой, Шу-шэн, неге ұрыс шығара бересің? Кім біледі, ертең, не болмаса бұрсігүні қайғы қамытын киіп, барлығымыз бірдей... – Вэнь-сюань булығып барып тоқтады. Басының қатты ауырғаны сонша, тілін тістеп тұрып қалды.

– Менің ұрысқым келген жоқ еді, барлығын бастаған анау ғой. Сенің онымен сөйлесуің керек, – деді әйелі басын төмен салып.

– Сенің пасың сөздерінді естудің өзі жиіркенішті, – кейуана ашуын тыяр емес.

“Жарайды, ұрысындар”, – бұл жүрегі жанышла ойлады. Аналардың дауыстары миын құрыстырғаны соншалық, басы шағылуға шақ қалды, бұдан ары шыдауға шамасы жетпей, ұн-тұсіз бөлмесінен шығып жүре берді. Олар мұның кеткенін байқамай да қалды.

Вэнь-сюань жылдам басып төмен түсті де, лезде көшеге шықты. Тұнгі салқын ауа бойын сергітті, біртіндеп басы жұмыс істей бастады.

“Қайда барған дұрыс?” – өзіне-өзі сұрақ қойды, бірақ оған жауап таппай, мақсатсыз сенделіп жүре берді. Аяқтары мұны тағы да сыраханаға алып келді.

“Барлығын ұмытуға қам-қарекет жасау қажет”, – ғайыптан бір дауыс құлағына күбірлегендей болды. Жана-

ры дәмхана жаққа ауды. Барлық үстел бос емес екен. Тек ортада тұрған үлкен үстелдің маңайынан бос орындықтар көзге шалынды. Онда ескі мақта халат киген, ұзын қара шашты, жүдеу өнді бір кісі отыр. Ешкіммен шаруасы жоқ, бүгіле түсіп, арак ішіп отыр. “Барып соның қасына жайғасамын”, – деп шешті Вэнь-сюань. Ішке енді де, орындықты ыңғайлап, қарама-қарсы жайғасты.

Кызылынан бір рюмка, – деп айқайлады бұл. Даяшы көп күттірмей вино алып келді. Асыға-аптыға қолына алып, ұртын толтыра жұтып салды. Вино тамағын күйдіріп, ықылышқа атқызды.

Вэнь-сюань, – қарсы отырған көршісі күтпеген жерден мұның атын атап, назарын өзіне аударды. Бұл кім тіл қатып жатқанын бірден түсіне алмай, бейтаныс кісінің жүзіне барлай қарады.

– Танымай қалдың ба? Сен не, массың ба? Бұрынғы ботқалас достарынды ұмытқанбысың? – қызудана сұрақ жаудырды бейтаныс кісі күлімсіреп.

– Бо-цин! Ойбай-ау қалай өзгеріп кеткенсің! – Вэнь-сюань өз көзіне өзі сенбей айқайлап жіберді. Шындығында да, қалай өзгеріп кеткен, даусы қарлығып, жақтары суалып, сақал-мұрты қауғадай болып өсіп кеткен, шүңірейген көздері қып-қызыл бол, қанталап тұр.

– Саған не болған, біздің көріскенімізге бір ай да болған жоқ қой, – деді Вэнь-сюань.

– Мен біткен адаммын, бір аяғым көрде тұр, – деп жауап қайырды Бо-цин қарлығыңқы үнмен еріксіз езу тартып, бірақ сары тістерін сыйырайтып көрсеткені болмаса, күлкі-сінен жәбір-жапа табы есіп тұр.

– Олай деме, Бо-цин. Сен ауырып қалғаннан саумысың? – Вэнь-сюань өз қайғысын ұмытып, оның жағдайын жаны аши сұрады.

– Менің ауыруым мына жерде, – деді Бо-цин мандайын нұскап.

– Енді ішпеші, үйіңе барып демалғаның дұрыс болар, – Вэнь-сюань оны райынан қайтаруға тырысты.

– Жоқ, ішемін, мен жан тыныштығын осылай табам, – танысы азаптана күлді, бірақ рюмкаға қолын тигізген жоқ.

– Олай болса, іш те үйіңе қайт, – Вэнь-сюань оны асықтыра бастады.

– Үйіңе дейсің бе? Менде үй қайда? Маған қайда бар деп тұрсың? – суық жымиды Бо-цин.

– Тұрып жатқан мекеніңе, жүр мен сені жеткізіп салайын.

– Менде ешқандай үй жоқ, тұрып жатқан тұрақты мекенім де жоқ, менде ештеңе қалған жоқ, – деді Бо-цин сыздана. Сол сәт қолына рюмканы алыш: – Міне, мынадан басқа! – деді айқайлап. – Мен бекер оқыған екенмін, көріп тұрсың ба қандай жағдайға душар болғанымды, осылай болады деп ойлаптын ба? Қайда тұрып жатқанымды сен білсең ғой! Панасыздар үйіне қонамын, кейде көшеде қалып кетемін, бәлкім сенің үйіңің есік алдында...

– Сен массың ғой, үндеме, мына жерден кетейікші, – Вэнь-сюань оның сөзін ұзіп жіберді. Дағышны шақырды да, екеуі үшін есеп айырысты. Жолдасына қол созып, кетуге ыңғай танытты.

– Мен мас емеспін, сап-саумын, – анау қарсылық танытып, орнынан еш қозғалғысы келмеді.

— Олай болса, жүрші ендеши, басқа бір жерден шай ішнейік, — деді Вэнь-сюань.

— Жарайды, — деп жауап берді Бо-цин. Орнынан көтеріле беріп аяғы ұйып қалғандықтан қайтадан сылқ етіп отыра кетті де: — Сен жүре бер, мен тағы біраз аялдаймын, — деді Вэнь-сюанға қарап селқос ұнмен.

— Жүр, біздікіне барайық. Шу-шэн сенің әйелінді танидығой, — деді Вэнь-сюань жұмсақ ұнмен. Соңғы сөзді айтуын айтып салып, қателік жібергенін тез түсінді де, заматта айылын жиып ала қойды.

— Мына түріммен сенікіне қалай барамын? — деді Бо-цин түсіңкі қабақпен. Өз кеудесін өзі ұрғылап, халатында тұрып қалған майлы дақтарды нұсқады. — Мына түріме қарашы? — Иегін қолымен умаждады да, — Сақал-мұртым да қырылмапты. Жоқ мен бармаймын, — деді басын шайқап.

— Мен саудам біткен адаммын. Сенің баяғы жолдасың Тан Бо-цин өлген. Ендігі тірліктің қажеті қанша маған: не киім кигенімнің, қайда тұратынымның, жолдастарыммен қандай қарым-қатынаста екенімнің кімге қажеті бар. Достарым баяғыда қолдарын бір-ақ сілтеген, соның өзі жақсы, олар үшін мен өлген адаммын, өлікпін. — Ол бар күш-жігерін жиып, күлген сыңай танытты. — Бар үйіңе қайт, ұмыт мені! Жаңа сен менің әйелімді ұмытпағандарыңды айттың. Сендер ұмытпағансыңдар, ал мен қалай ұмытамын оны?

Вэнь-сюань орнынан тұрып, жан-жағына қарап еді, барлығы бұларға қарап отырғанын көріп, қып-қызыл бол кетті.

— Жүр тез кетейік, жұрттың көзі сенде, — деді жолдасын асықтыра сыбырлап.

— Маған қарап отыр ма? Қараса қарай берсін, біздің барлығымыз бірдейміз. — Бо-циннің жанары от шашып тұр. — Мынау келгеннің барлығы қуаныш дегеннің не екенін білмейтіндер, соның ішінде сен де барсың.

Сонғы сөзді естіген кезде Вэнь-сюань селк ете қалды, бірак сыр бермей, бәз баяғыша жолдасын асықтырумен болды:

— Жарайды, жетер енді, жүр кетейік!

— О байлық! О байлық! Бір адам жоқ байлық пен атаққа қызықпайтын, — деді Бо-цин өзіне-өзі тіл қатып. — Мына адамдарды жақын танитын жан жоқ. Бұлардың барлығы менің достарым, мен үйленген кезде тойымда түгелі болған, ал қазір көшеде жолыға қалса, көрмегенсіп өте шығады. Көкейлерін тескен ақша, ақша, — ол жындана күлді. — Ақшаны сүймейтін, оған тағзым етпейтін бір жан жоқ. Ал мен — тақыр кедеймін. Ақшасыз — шайтан ғана, ақыр өлетін болғандықтан оның ертерек жүзеге асқаны жақсы емес пе. Бүйткен өмірі құрсын! Жарайды, — күтпеген жерден ол орнынан тұрды, — жүр сенікіне бара-бық. Менің әйелім Шу-шэнге жолығуға талай қамданып еді, ал енді... — Ол сөзін аяқтай алмай, жылап қоя берді.

Вэнь-сюань Бо-цинді қолымен демеп дәмханадан сыртқа алып шықты. Олар көше бойлап бірнеше аттап жүргендері сол еді, кенет Бо-цин кілт кідірді де, бұған айтты:

— Жоқ, мен бармаймын.

— Енді қайда барасың? — деп сұрады Вэнь-сюань.

— Өзім де білмеймін, қалдырышы мені, — Бо-цин үзіле өтінді.

— Олай болмайды, жүр біздікіне, кішкене тынығып ал, — деді Вэнь-сюань жанашырлық таныта оны қолтығынан демеп.

– Жо-жоқ! – Бо-цин басын шайқай берді.

– Бұйтіп өмір сүрге болмайды! Алға қойған мақсаттарың, жоспарларың туралы ойлан, серпіл, – деді Вэнь-сюань досының қамын жеп, көңілі босап.

Олар бірнеше қадам ілгері басып, келесі көшеге бұрыла берген кезде Бо-цин бір шешімге келгендей, тапжылмай тұрып алды:

– Жоқ, мен бармаймын. Жібер мені! – Ол мұның қолынан жұлқып шығып, көшениң екінші бетіне қарай жанұшыра қашты.

– Бо-цин! Бо-цин! – деп айқайлады Вэнь-сюань оны райынан қайтару үмітімен. Сонынан қуып жетуге оқтала бергені сол еді, кенет, күтпеген жерден үрей ұшырарлық тарсыл мен ышқынған жанның даусын естіп, есенгіреп тұрып қалды. Көзінің қарауытып кеткені соншалық, алдынан ауыр жүк машинасы өте шыққанын байқамай да қалды, оны оймен болжап ұқты.

Жан-жақтан адамдар ағыла бастады. Екі көше қылышында лезде жұрт жиналып қалды. Вэнь-сюань жақын келіп топтың сыртынан мойнын соза қарап еді, ештеңе көре алмады. Бірак әйтеуір бір жамандықтың болғанын жүрегі сезіп тұр.

– Обал-ай! Басын мыжып жіберіпті. Көрудің өзі қорқынышты, – деген тосын кісінің даусын естіді.

– Бұл жолмен жүк машиналарының жүруіне тыйым салу керек дегенді қанша рет айттым, – екінші бір дауыс оған үн қатты. – Бір айдың ішінде неше адамды басып кетті. Алдыңғы күні ғана жас келіншекті қағып өлтірді. Обал болды. Жүргізуші оқиға болған жерден қашамын деп жолда тағы бір полиция қызметкерін мертіктіріпти.

Вэнь-сюань әрең дегенде есін жиды. Бір сәтте қандай жағдайға тап болғанын түсініп, күйіктен ышқына айқайлап жіберді, бірақ тамағына бірдене тіреліп қалғандай, даусы сыртқа шықпады, екі көзінен жас сорғалап ақты. Безгек қысқандай селк-селк етіп, қалтырап тұр.

Бұл топтан бөлініп, кейін бұрылды да, үйіне қарай аяңдады. Ешкімнің мұнымен шаруасы да болған жоқ. Тек бір ғана дауыс үйіне жеткенше құлағынан кетпей, самбырлап тұрып алды. Өзіне етене таныс дауыс үздіксіз айқайлаумен болды: “Мен өлдім, мен өлікпін”.

Есікті итеріп ашып еді, бөлмесі әдеттегіден жарық бол көрінді. Үстел басында әйелі кітап оқып отыр. Мұның ішке енгенін көріп, кітаптан көзін аударып бұған қарады. Жүзіне қуаныш ұялап, бұдан жылы ұшырай сұрады:

– Сен тағы сыраханаға соқтың ба?

Бұл басын изей жауап берді де, сәл кідіріп барып былай деді:

– Мен қорқынышты түске тап болым, өте қорқынышты.

Бүйіргі бөлмеден анасы шығып, бұдан сұрады:

– Балам-ау, келдің бе?

– Қандай түсті айтып тұрсың? Саған не болған?

Демалшы, – әйелі даусын жұмсарта сөйледі.

Оған жауап бергісі келіп еді, бірақ тұншыға езілген жан даусы құлағын тұндырып жіберді. Әл-дәрмені құрып, құлап қалуға шақ тұр. Бірден денесінің қызыуы көтеріліп кетті. Жанашыр екі жанның абыржулы көздері бұған жәудірей қарап, жауап күтеді. Бұл тебіреніп кетті, бірдене

айтқысы келіп еді, бірақ оған үлгере алмады, жүрегін бір ыстық толқын шарпып өткендей болды.

– Қан! Қан! Тамағынан қан кетіп жатыр, – үрейлене айқайлады әйелдер қосарланып. Олар мұны кереуетіне алып келіп, төсегіне жатқызды.

– Менің күнім бітті! Бәрі бітті! – бұл өң мен тұстің арасында сандырақтап жатты. Жолдасының үрейлі үні құлағынан кетпей, жаңғырып тұрып алды. Көз жасы көл болып ағуда. Бұдан әрі әл-дәрмені құрып, талмаусырап үйықтап кетті.

#### XIV

Тұні бойы шым-шытырық тұс көріп, қиналып шықты. Таңертеңгісін сансырап, қызуы көтеріліп, дәрмені құрып, жаны құлазып оянды.

Анасы мен әйелінің ұрыс-керісі сап тыйылған. Екеулеп асты-ұстіне тұсіп мұның жағдайын жасауда. Тұс ауа дәрігер келді. Оны Шу-шэн шақыртқан болатын. Ол өзі батыс үлгісіндегі ем-домға сенетіндіктен банктे жұмыс істейтін дәрігерді шақырғысы келген еді, бірақ ұлын қытай емшісі қарағанын қалаған енесі өз пікірін таңып тұрып алды. Шу-шэн, амал жоқ, келіспеске шарасы қалмады. Ол әуелі күйеуінің жұмысына соғып, оның ауырып қалғанына байланысты демалыс сұрап, одан соң өзі істейтін банкке барып, бір күн демалыс алып, содан кейін ғана дәрігерді шақыртқан болатын.

Емші Чжан мұның анасының алыс ағайыны бол келеді. Ол бұл қалада үш жылдан аса емшілік етіп, әжептәуір

танылып қалған-ды. Бұлар оны шақырғанда тек жол шығынын ғана төлеуді талап ететін. Міне, осы себептен ғана Вэнь-сюань оның келуіне қарсылық танытпаған. “Батыс дәрігерлері тағайындайтын дәрі-дәрмектер өте қымбат болып келеді, ал оларды сатып алуға менің мүмкіндігім шектеулі”, – деп ойлады бұл. Емші аса құннты жан болатын. Ол әуелі тамыр соғысын мұқият тексеріп, содан кейін ғана қай жері қалай сыздап ауырып тұрғанын егжей-тегжейлі сұрап алып барып ауру адам мен туысқандарының көңілін табуға тырысатын. Оның айтудынша, мұның ауруы бауырындағы кілтипан мен жаншылып шаршаданықтан қозыпты, бірақ туберкулез емес екен. Демек бірнеше күннен кейін айырып кетеді деген сөз.

Әйелі емшінің сөзіне онша сеніңкіреген жок, ал анасы толық иланды. Вэнь-сюаньның көзінде күдік пен үміт оты қатар тұтанды. Қалай болған күнде де, емші үшеуінің көңілін бірдей аулап бақты. Біртіндеп Вэнь-сюаньның қытай дәрігерлерінің тәжірибесіне сенімі арта бастады. “Олар бұдан бірнеше мың жыл бұрын да ауруларды емdedі емес пе, демек тәжірибелері жеткілікті болуға тиіс”, – деп өзін-өзі жұбатты. Көңіл тұқпірінде үміт сөулесі қылаң бергендей. Өлім көлеңкесі біртіндеп ыдырай бастады.

Шу-шэн дәрі-дәрмек сатып алуға кетті, ал шешесі емдом жасауға қажетті жабдықтарды дайындауға кірісті. Олардың дайындалған берген дәрілерін ішіп алып, бұл біраз мызғып алмақшы болып еді, бірақ дөңбекшіп, тынысы тарылып, өзін өте жайсыз сезінді.

Кешке қарай қызуы қайта көтеріліп, қорқынышты түстер көрумен болды. Көз алдынан алпамсадай кісінің

көлеңкесі, Тан Бо-циннің тұнеріңкі, арық бет әлпеті жетпей тұрып алды. Біртін-біртін оның жүзі бірнешеу болып, Вэнь-сюаньды қоршап алғып, әр қайсысы “Мен өлікпін, мен жансызыбын” деп бұған айқай салады. Вэнь-сюаньның зәре-құты қалмай, қалш-қалш етеді, жаңағы жүздерден қашып құтылғысы келеді. Ақырында шыдай алмай, тұра қашады. Ой, қандай азап! Бірақ тоқтауға шамасы тағы жетер емес. Бір уақытта бір тауға барып тұмсығы тірелді. Қайда бұрыларын білсе бұйырмасын. Айнала тастай қараңғы. Бұл тырбанып жүріп келеді. Ес тандырлықтай қарбаласқан қым-қуыт сәт! Ақырында бір жарық сөule көрінді-ау әйтеуір. Лезде жан-жағындағы ағаштар лап етіп жанып, өртке айналып шыға келді. Лаулаған от бірте-бірте мұны қыспаққа ала тұсті. Киімі өртене бастады. Бұдан әрі шыдауға төзімі жетпей, қарлығынқы дауыспен! “Құтқа-рыңдар!”, – деп жан ұшыра айқайлап жіберді.

Өз даусынан өзі шошып оянды. Кереуетінде қалың көрпемен қымтаулы жатыр екен, тер буып, ауыр ыңырсыды.

– Вэнь-сюань, саған не болды? – Әйелі еңкейіп, мұның қамын жеп бәйек болуда. – Қиналып кеттің ғой, – деп жаны аши сұрады.

Бұл күрсініп қойды да, оған тесіле қарап, сыбырлай сөйледі:

- Сен жұмысынан қашан келдің?
- Мен бүгін жұмысқа барған жоқпын, ол туралы саған айтып едім ғой, – деді әйелі таңырқай.
- Ұмытып кетіппін, – деді бұл – Өң мен түсім араласып кетті ғой. Мен бір тұс көрдім... менің бір ескі досымды

машина қағып кетіпті. – Бұл өзін-өзі алдарқатып, болған шындықты түске жорығысы келді.

– Ескі досым дейсің бе? Ол кім? – әйелі таңдана сұрады, сосын қолын еппен созып, мәндайына алақанын тигізді. Вэнь-сюаньның мәндайы тершіп тұр екен. Қызыы бәсекедеген.

– Тан Бо-цин. Сен оны білесің, “Байлин” мейрамханасында өткен үйлену тойына қатысып едік қой. Оның әйелі босану үстінде қайтыс болған-ды, ол туралы саған айтқан болуым керек, – бұл қинала баяндап шықты.

– Иә, ол жөнінде айтқансың, менің есіме енді тұсті. Енді кішкене тыныштал! Басқалар туралы ойлай бермеші. Өзіңнің жағдайың да мәз емес, жаңа ғана қызыың көтеріліп барып басылды. Қане, ұйықтай қойшы, – ол бар мейірімін төге мұның көңілін тыныштандырып бақты.

– Ұйықтауға қорқам, тағы да бір қорқынышты тұстер енсе, қайтем, – бұл бала секілді мұнын шаға сөйледі.

– Тұс көрмейсің, көрмейсің енді тұс, ештеңе ойламашы. Тыныш ұйықтай ғой. Мен қасында боламын. Көр де тұр осыдан, ешқандай тұс көрмейтін боласың, – әйелі жымия күлді

– Мамам қайда? – деп сұрады бұл.

– Асханада. Ұйықташы енді. Айтпақшы, сәл тоқтай тұр, мен саған дәрі берейін.

Біраз үнсіз жатты да, бұлай өтініш етті:

– Маған шай құйып берші.

Мұның шай ішкісі келген жок болатын, жай әйелімен әңгімелесуге желеу іздейген тұрі.

Шу-шэн жарты кесе шай құйды да, мұның аузына тосты. Бұл басын көтеріп, бір-екі үрттап ішті де, оған алғыс сезімін білдіріп, қайта жатты.

– Енді кішкене ұйықтап ал – әйелі орнынан тұрды да, кесені үстелдің үстіне қойды.

Бұл кірпігін айқастырған болды да, лезде қайта көзін ашып, әйелін сыртынан бақылап жатты. Бір шама уақыттан кейін оны қайтадан қасына шақырды:

– Шу-шэн, сірә, мен жазылмайтын шығармын осы.

– Сенің басыңа қай-қайдағы ойлар кіреді екен, – ол наздана мұны сөзбен қағытты, жүзінен күлкі лебі есіп өтті.  
– Дәрігер не деді? Біrnеше күн дәрі-дәрмек ішіп, дем алғасын құлан таза айығып кетесің деген жоқ па?

– Бірақ сен қытайлық дәрігерлерге сенбеуші едің ғой.

Ол не айтарын білмей, кідіріп тоқтап қалды. Біраз уақыттан кейін ғана былай деді:

– Ол сендердің туыстарың болып келеді, сондықтан өтірік айтпауы тиіс.

– Ой айтасың-ау, мынадай уақытта кісінің сөзіне сенім бар ма? – Вэнь-сюань мысқылдай күлді. – Ауруымның түрі жаман екенін өзім білемін. Мен жеңіске жете алмайтын шығармын. Соның өзі жақсы. Сендердің өмірлерің жеңілдеп қалады, мен сендерге масылмын ғой. – Мұның сөзі өзімен өзі бақұлдасып жатқандай естілді, осы жерге келгенде даусы дірілдеп, үні сап тыйылды. Вэнь-сюаньның көзінен аққан жасты көріп, Шу-шэннің көңілі бұзылып кетті.

– Сен олай деме, – деді ол ернін тістеп.

– Ондай күн туса, өзі кәрі, мінезі шәлкем-шалыс анамның күні не болады! Сенен өтініп сұраймын, кешірші

оны, тілі аңы болғанмен, жаны мейірімді ғой оның, – деді Вэнь-сюань әйеліне бейне бір анасын аманаттап жатқандай. Бұл жолы ол бұрынғыдай күйіп-піспей, барынша салмақты сөйлеуге тырысты.

– Жарайды, – әйелі көз жасы мөлт-мөлт етіп, мұның қасына келіп отырды да, қолынан сипай ұстады.

– Ризамын саған, мен енді біраз мызып алайыншы, – деді бұл көңілі орнына түсіп.

Әлсіз шам жарығынан үй іші бозамытып тұр, бірақ май шамға қарағанда тәуір. Ауру адам жатқандықтан ба, бөлме іші әдеттегіден шашылыңқы көрінді. Көздері сығырайып, аузы жартылай ашық, жүдеу, сарғыш тартқан жүзі кімнің болсын аянышын туғызары сөзсіз.

Шу-шэн мұның қолын сипай отырып, мұнды көзben бөлмені кезіп шықты. Ол мұны сүйгендіктен де бар азапқа шыдалп бағуда, десе де, еркіне бағынбайтын бір сезім жүргегін тынбай қажау ұстінде. “Неліктен біздің өміріміз осындай қорлықпен өтуі тиіс?”

Шу-шэн күйеуінің әлсіз де сүық қолын әлі ұстап отыр. Ол осы сәт айқайладап жіберуге шақ қалды: “Бұл оның төзімінің өтеуі, бұдан артық шыдай алмаймын...”

Бұл күйеуінің бетіне шошына қарады. Ал ол болса ақырын тыныс алуда. Тағы да қорқынышты түстер көрмесе екен деп тіледі Шу-шэн. Қолын оның қолынан жайлап қана босатты да, маңдайын ұстап көрді, содан кейін орнынан тұрып, керіліп бойын түзеді.

Көршілері жақтан дабырлаған дауыс, ал сырттан машиналардың бипылдатқан үні естілді. Егеуқұйрықтардың еденді кемірген тықыры да құлағына шалынды. Бәрі

де қауырт тіршілік үстінде, бір сәт тыным табар емес. Осының бәрі Шу-шэннің көңілін одан сайын жабырқатып жіберді. Ол тұнгі сұық ызғар қабырғалардан қалай уілдеп соғып тұрғанын сезді. Бір сәт селк ете түсті де, иығына пальтосын жамылып, шам жаққа мақсатсыз тесіле қарап отырып қалды. Оның күнгірт жарығы жүрегін еш жылыта алмады.

“Біздің өміріміз де осыған ұқсас, ешқашан жарқырап жанбайды, не сөніп те қалмайды, осылай сыздықтай жалғаса береді, – деді өзімен-өзі сөйлесіп, көңілсіз күйде. – Екі-үш жыл бұрын арманымыз болушы еді, көмекі болса да үмітсіз емес едік, соның жетегімен қандай қындыққа да төзімділік танытатынбыз, ал енді...” Ол өзін-өзі қалай жұбатарын білмеді. Бөлмені ары-бері кезіп жүрді де, кенет тоқтай қалды, аяғының дұрсілі Вэнь-сюаньды оятып жібермесе жарап еді деп ойлады.

Күтпеген жерден есік айқара ашылды. Бұл қазан көтеріп кірген енесі еді.

“Бұл байғұс та азап шегуде”, – деген ой келді Шу-шэннің басына, ол енесінің жүдеу жүзіне жаны аши қарады.

– Ұйықтап жатыр ма? – кейуана сыбырлай сұрады әлжуаз өнінен қуаныш табы есіп.

Шу-шэн басын шұлғыды да, сыбырлай үн қатты:

– Бұл жолы тыныш ұйықтап жатқан секілді.

– Сөйтсе жақсы болар еді, оянғанда дәрілерін береміз.

Тамағынды іш!

Шу-шэн кемпірге қарсы отырды да, олар бірге тамақтана бастады. Кейуананың асқа еш тәбеті шаппады. Ал Шу-шэн болса бойын жалғыздық жайлап алғандай өзімен-

өзі отыр. Тамақ үстіндегі көр тыныштықты бұзу үшін әрең дегенде бірденелер айтқан болды.

“Ол бәріне де төзуде, мұндай өмірге еті өліп те кеткен секілді, ал мен неге көндікпеймін?” – Шу-шэн көңіл түкпіріндегі сырымен тайталасу үстінде, ол жан жарасын жеңілдетудің орнына одан сайын қоздыра түсude.

“Неге әрқашан өз-өзіме көңілім толмайды? Неге өзімді құрбандыққа шала алмаймын?..” – ол тағы да өзін айыптай бастады.

Бұл күнгі кеш ешқандай ұрыс-керіссіз тыныш өтті.

Ертеңіне Вэнь-сюань өзін едеуір тәуір сезінді. Шу-шэн жұмысына кетіп еді, бірақ күндегісінен ерте оралды. Осы күннен бастап ол өзінің достарымен, әріптестерімен қатынасын үзді. Үй шаруасы жағынан енесіне көмектесіп, дәрі-дәрмек, таңертеңгілік және кешкілік ас дайындауға араласатын болды. Кешкісін күйеуінің ұйқысы келмей жатқанда қасына отырып, банкідегі жұмысы жайлы әңгімелеп беріп жүрді. Майдандағы жағдайды еске түсірмеу үшін әр нәрсені бір айтып, күйеуінің көңілін алдарқатумен болды.

Қытай дәрі-дәрмегі өте күшті болып шықты. Вэнь-сюаньның денсаулығы күн өткен сайын жақсара бастады. Енді енесі қытайдың емшілік өнерін дәріптей бастаса, Шу-шэнге оны қолдаудан басқа шара қалмады. Ал шындығында, Вэнь-сюань үшін ең шипалы ем әйелінің мінезі мен жүріс-тұрысындағы он өзгерістер болатын. Бұған дәл қазір жан тыныштығынан өзге ештеңе қажет емес еді.

“Қазір соғыс қай жерде жүріп жатыр екен?” – ойын жиі мазалайтын сұрақ осы. Енді жағдайы түзеле бастаған кезде

оған нақты жауап іздең әуре. Бұл жөнінде әйелінен сұрап білуге еш батылы жетер емес, өйткені үрейлі жауап алам ба деп қорқады. Есесіне, оның жүзіне сыр тарта қарап, сол арқылы майдандағы жағдайдың қандай екенін білгісі келеді. Бірақ оның бет әлпетінен мейірімділік пен шаттық табынан басқа ештеңе байқай алмады. Шу-шэннің мінезінің бір ерекшелігі, егер көңілінде бір аландаушылық болса, оны құлкісімен бүркемелеп білдірмей жіберетін. Вэнь-сюаньның бір қуанатыны, әйелі соңғы кездері анасымен сөз таластыруын да қойды, бұл үйықтаған болып жатып, анасы мен әйелінің сыбырлай сөйлескен әңгімелерінен соны анық байқады. “Екеуі тату болса, маған ешқандай да ауру қауіпті емес” – деп ойлады бұл іштей шаттана.

Бірде әйелі жұмысынан келе көңілді үнмен мұның назарын өзіне аударды:

– Мен жақсы хабар естідім. Гүйян астан-кестен бомбалаңып, Душан жау қолына өтті деген сөздердің бәрі өсек-аяң боп шықты. Жапондықтар Гунчжоуды да басып алмапты.

Ол шуақ шаша күлді, бұған оның осы құлкісі ерекше үнайтын.

– Шынымен бе? – Бұл мынадай қуанышты хабарға ерекше мәз болып шаттана үн қатты. – Ертең мен де сыртқа шығамын.

– Жоқ әлі ерте. Саған кем дегенде жарты ай әлі де үйде болу керек, – деді әйелі бұны ойынан айнытып. – Сен тек денсаулығыңды түзеуді ғана ойлан. Басқасының бәрін ұмыт!

- Ал ақша жағын қайтеміз? — деп сұрады бұл.
- Бір амалын қарастырмын, оған басыңды қатырма.
- Мен өмір бақи сенің арқанда күн көруге тиіс емеспін ғой. Сенің онсыз да шығының жетіп артылады, ұлымыздың оқу ақысын да сен төлеп жүрсін, — деді бұл кешірім сұрағандай өтініп.
- Сяо-сюань менің де балам ғой, сондықтан бәрін тен бөліп көтеруіміз керек. Менің ақшам болсын, немесе сенікі болсын, бәрібір емес пе, — деді әйелі мұны жеңіл-желпі сөзбен қағытып. Бұл өзін-өзі ыңғайсыз сезініп, ұн-тұнсіз отырып қалды.
- Бірнеше күн бұрын біздің банкте қызметкерлердің материалдық жағдайын жақсарту жөнінде әңгіме туып еді, артынан Хунан мен Гуаньсидегі оқиғаға байланысты аяқсыз қалып қойған болатын. Қазір сол мәселе қайта көтерілуде, майдандағы жағымды жаңалыққа қарағанда ол орындалып та қалатын шығар. Менің еңбекақым екі есеге жуық өсетін секілді. Сондықтан біраз шығынымыз артқанмен, шошитындей дәнеңе жоқ, — деді ол ұн-тұнсіз ойланып отырған бұған күлімсірей қарап.
- Бәрібір маған ыңғайсыздау болды. Мен ешқашан өзімді-өзім асырай алмайтын күн туады деп ойламаппын, — деді бұл мұндана.
- Ай, сенің осы мінезіңе болайын! Болмашы нәрседен үлкен түйткіл таппай қоймайсың. Әлі-ақ денсаулығың түзеліп, жақсы күндер туады, жеріміз жапондардан азат етілсе, әні-міне дегенше бәрі орнына келеді. Бәлкім сен маған банкте жұмыс істеген үнайды деп ойлайтын шығарсың. Одан басқа жол жоқ қой. Бірақ үмітсіз – шайтан, өзіміз

армандаған шаруамен айналысатын күн де туар. Мен сенің ағартушылық қызметіңе көмектесетін боламын, – деді ол мейірлене.

– Иә, еліміз жапондардан азат етілсе, тіршілік өз ағысына түсер еді, – бұл міңгірлеп бірдене айтқан болды.

Бөлмеге тұскі асты көтеріп анысы кірді.

– Мама, әкеліңіз мен көмектесейін, – Шу-шэн дерекарсы жүріп, енесінің қолынан қазанды алуға ұмтылды.

– Одан да асханаға барып, Вэнь-сюаньға ботқа дайындай қойшы, тек байқа, күйдіріп алып жүрме. Мұндағысын өзім-ақ істей беремін фой, – деді анысы. Сөйтсе де, келіні үстелдің үстіне қағаз төсеп, енесінің қазанды қоюына қолғабыс етті.

Вэнь-сюань есіктен шығып бара жатқан әйелінің сыртынан үзіле қарап, жаны тебірене өзі-өзіне сыбырлай сөйледі.

– Оның мен дегенде жаны бөлек. Маған қарап қалған күні болмаса да солай. Мейірімді де қайырымды. “Мен қысылып-қымтырылмай соның ақшасын жаратудамын. Сол үшін мені жек көріп кетуі мүмкін фой. Сөз жоқ, жек көретін болады. Соңдықтан мен неғұрлым тезірек аяғыма тұруым керек”, – деп ойланды ол әйелінің сөзін іштей қайталап жатып: “Әлі-ақ жақсы күндер туады, жеріміз жапондардан азат етілсе, әні-міне дегенше бәрі орнына келеді... Мен сенің ағартушылық қызметіңе көмектесетін боламын”.

– Не деп жатырсың, Сюань? – өзіне бірдене айтып жатыр екен деп қалып, анысы сұрақ қойды.

– Жай әншнейін, – деді бұл құдды үйқысынан біреу тұртіп оятып жібергендей сезініп. Мына қапас та сұық бөлме оған қандай ұміт жылуын сыйламақ?

Анасы мұның маңдайын ұстап, ақырын сұрады:

– Қалің қалай?

– Өте жақсы. Дәрілер көмектесіп жатқан секілді.

– Ертең дәрігерді қайта шақырамыз, – деді анасы.

– Қажеті жоқ, менің денсаулығым түзеліп келеді ғой, – деп жауап беріп жатып ойланды: “Дәрігерге және дәрі-дәрмекке ақшаны қайдан алады? Шынымен-ақ әйелімнің есебінен күн көрмекпін бе?”

Бөлмеге Шу-шэн кіріп келді. Дәл осы мезет кенеттен жалп етіп жарық сөне қалды.

– Тағы да өшірді ме? – Бұл қынжыла көнілі бұзылғанын білдірді. – Қайта-қайта жарықтан айыра берді-ау!

– Жарық… сен де жарықты қалайсың ба? – деп сұрады әйелі. Мұнысы мақтағаны ма, әлде мазақтағаны ма, онысын түсінсе бұйырмасын.

Анасы май шамды жақты да, бөлмеден шығып кетті. Бөлме іші жарықтана бастады. Бірақ май шамнан шыққан тұтін жарықты көмекілендіріп тұр. Екі егеуқұйрық жүгіріп өтті. Төменнен балаларына жекіген ызалы әйелдің даусы естілді.

– Жарық дейсің бе? Менде ондай бас айналдырар бақыт қайдан болсын? – Терең демін алды бұл.

– Құсалықты қой, әлі-ақ жазылып кетесің. Айтпақшы, саған дәрі ішу керек екен ғой. Қазір әперемін, ішіп ал да, ұйықтап дем ал, – деді әйелі жұмсақ үнмен.

– Жоқ, әуелі өзің тамақтанып алши. Дәрі іштім не, ішпедім не, одан келіп кетер пайда жоқ. Оған сенің де сенбейтінінді жақсы білемін. Сондықтан асықпай, алдымен тамақтанып алши, дәрі ішуге содан кейін де үлгеремін ғой.

Бәлкім, оның пайдасы да тиіп жатқан болар. Кешкісін мен өзімді едәуір жақсарып қалғандай сезіндім. Оны ішудің өзі бір түрлі жиіркенішті, сонша азы бірдене. Кім біледі, кейбіреулердің айтуынша, дәрі неғұрлым азы болған сайын соғұрлым пайдасы мол көрінеді ғой. Сол рас па, дәрі қабылдағаннан кейін жаным жай тауып, едәуір женілдеп қаламын, бәлкім анам оған сенетін болғандықтан солай шығар. Ол байғұстың мынау жалпақ өлемде мені мен Сяо-сюаньнан басқа ешкімі де жоқ қой. Ал, менен қайыр болмай тұрғаны мынау, – бұл еріксіз езу тартты. – Жарайды, тамағынды іш. Шешеме не болды, ұзак жоқ бол кетті ғой? Әлі сол ас өзірлеумен өуре ме? Дәрі-дәрмек даярлап жатқан болуы керек. Соншалықты мейірімді болар ма. Барып қараши, не істеп жатыр еken. Бірге отырып, тамақтарынды ішсендерші. Мені ойлад, уайымдай бермендер! Мен енді аздап мызғып алайын. – Бұл қайтадан күлімсіреді. – Бар, баршы енді. Көңілім көтеріліп қалды ғой. Майдандағы жағдай жақсарып, көшпейтін болғаны-мызға әбден қуаныштымын, әйтпесе мен сендерге сор болғандай екенмін.

Әйелі шығып кетті, Вэнь-сюань бір заттан екінші затқа назарын аударып, тесіле қараумен болды, май шамның жарығы кіреукеленіп тұр. Айнала көлеңкеленгені соншалық ештеңені анықтап көре алмай, бұл ауыр күрсініп салды.

Ертеңіне әйелі жұмысынан тым ерте оралды. Қабағы қатулы, шаршаңқы жүзбен шешесі екеуімен солғын амандасты да, үн-тұнсіз жазу үстелінің қасына барып жайғасты.

– Сен бүгін неге ерте оралдың? Жұмыс күні өлі аяқтала қойған жоқ қой, – деп сұрады анасы.

– Банкте ешқандай жұмыс қалмады, қол қусырып қарап отыру іш пыстырады, сондықтан ерте қайтып кеттім, – деп селкос жауап қатты Шу-шэн.

– Бүгін біреумен кездесуге уәде еткен боларсың? – шешесі көкірегін қыжылдатқан сөзді қалай айтып салғанын білмей де қалды.

– Жоқ, – деп Шу-шэн басын шайқады да, біраз үнсіздіктен кейін сөз жалғады: – Жағымсыз жаңалық естіп, күні бойы қолым жұмысқа бармай-ақ қойды.

– Қандай жаңалық? – Шешесінің жүзі қуарып сала берді.

– Жұрттың айтуынша, Душань жау қолына өтіп, енді жапондықтар Доуюнге қауіп төндіріп тұрған көрінеді.

– Енді не істедік? Сюань болса ауру, – деді шешесі үрейлене. – Сен қалай ойлайсың, жапондықтардың Сычуаньды басып алуға шамалары жетер ме еken?

– Кім біледі, бәлкім оған құштері жете қоймас, бірақ жаман айтпай, жақсы жоқ, егер басып кіретін болса, қашып құтылудан басқа амалымыз қалмайды. Мен банк қызметкерлерімен бірге жан сауғалармын-ау, ал Сюань ше... – уайымды үнмен толғана жауап берді Шу-шэн.

Енесі оның сөзін бөліп жіберді:

– Сен, әрине, далада қалмассың, ал Сюань байғустың күні не болмақ? Сяо-сюань сорлы тағы бар. Байғұс баланың міне, екі апта болды қалаға келмегеніне, өзінің жазуынша, сабактары көбейіп кеткен көрінеді. Сюаньның халі мынау, тым ауру. Осының бәрін ойладап, жынданып кетуге шак

қаласың, – шешесі мұнын тежей алмай, сыртқа тоғытты; түрі дәрменсіз күй танытып, құп-қу болып тұр.

– Мама, соншалықты күйрей бермеші, мен міне, жазылып та қалдым, жүре алатын халге жеттім. Кеңседегілер де ұмытпай, біздің қамымызды ойлап жатқан шығар, – деп Вэнь-сюань осы арада әңгімеге араласты. Өзінің кеңсесін шешесінің уайымын сейілту үшін ғана ауызға алды. Бұл қысыр ұміт қана болатын. Дәл сол мезет мұның көз алдына басқармашиның суық өні мен салқын қас-қабағы келіп тұра қалды да, жаны мұздаپ сала берді.

– Сендердің кеңселерің қызметкерлеріне жаны ашиды дегенге кім сенеді? Қиялисың-ау, қиялисың! Сен өлі де кеңседен ұмітінді ұзбекен екенсің ғой! Мениңше, сендердің басқармашиларың өте нашар адам. Оның жанары құбылып тұрады, құдды ұрының көзі секілді. – Егер менің титтей мүмкіндігім болса, онда сені ол жерде жұмыс істепес едім.

Оның айтып жатқанының бәрі ақиқат екенінде еш дауы жоқ, бірақ шешесінің көзінше бар шындықты жайып салғандықтан оны естуге құлықсыздық танытып, қарсыласып бақты:

– Оның қарамағында неге жұмыс істеуге болмайды дейсің? Мен одан өз өміріме қажетті жалақы алғып жүрмін ғой.

– Ол рас, бірақ сенің жағдайынды ойлай қояр ма екен? Болмашы нәпақа үшін қандай қын өмір сүріп жатқанынды сен ұмытпауға тиіссің. Ол сені азапқа салуда, онысы еш адамгершілікке жатпайды!

– Оны айтқаннан не пайда? Откен нәрсені қайтарып ала алмайсың, – деді бұл терең күрсіне.

— Қайдағы өткен, сенің болашағың әлі алда деп білемін, еңсенді түсіре берме. — Шу-шэннің даусы лезде жұмсарып, көзіне жас тығылды.

Бұл оған ерекше ризашылық сезіммен үзіле қарады.

— Ван мырза, Ван мырза, — деген дәл осы мезет көршісі Җан ханымның даусы естілді.

Бұл назарын есік жаққа аударды.

— Кіріңіз, кірсенізші, — деп жатыр шешесі үстемелете.

Җан ханым ішке енді.

— Ван ханым, сіз бүгін жұмыстан ерте оралыпсыз ғой. — Ол Шу-шэнді үйден жолықтырам деп ойламаған еді. — Ван мырзаның денсаулығы қалай? Тәуір болайын деді ме? — Сөйтті де мұның шешесіне қарай назар аударды: — Ван апа, сіз соңғы күндері қатты әбіржіп кеттіңіз ғой, — артынша барлығына арнап: — Ван ханым, Ван мырза, Ван апа, сіздерден жалынып өтінемін, егер қаланы тастап шығуды ойласаңыздар, бізді де өздеріңізben бірге ала кетуді ұмытпаңыздаршы. Біздің екі баламыз бар, өзіміз басқа өнірден болғандықтан бұл жерде ешкіміміз жоқ: достар, таныстар түгілі ақшамыз жоқтықтан ешқайда кete алмаймыз. Күйеуімнің жұмыс орны кез келген уақытта жабылуы мүмкін, ал ондағылардың бізді өздерімен бірге ала кетпейтіні анық. Егер жапондықтар қаланы басып алатын болса, бір қайырымдылық жасап, бізді құтқара көрініздер. Сіздер осы өнірдің тумалары болғандықтан жақын ауыл немесе көрші қалалардың біріне қоныс аудара аласыздар ғой. Қалай болғанда да, біз сіздермен бірге кетуді қалаймыз. Жарайды ма?

— Уайым жеменіз, ондай күн тақтасын танытуға тырысып, еріксіз жымиып.

— Менің естуімше, жапондықтар Доуюньді басып алғып, Гуйяннен бірнеше шақырым жерде тұрған көрінеді, — Чжан ханым біреу естіп қоярдай үрейлене сыйырлауда. — Біреулер айтады, Гуйянға соқпай, бірден Сычуаньға алғып келетін жол бар екен ғой. Ван мырза, Ван ханым, мен жалынып сұраймын, бізге жәрдем ете көріңіздер.

— Әр түрлі өсек-аяңға сене берменіз, Чжан ханым. Басымызға ондай күн тақтасын танытуға тырысып, сейілтіп.

— Жұрттың барлығы дүрлігу үстінде, менің күйеуім есінен адасқаны соншалық, күйіктен арақтан бас алмауда. Өздеріңіз ойлаңыздаршы, қалай үрейленбейсің?! Кішкентай да болса көңіліме дем бергендеріңіз үшін сіздерге көп рахмет! — Чжан ханым боп-боз өңін жылтып, жымиғандай болды, бірақ ол түйілген қабағы мен әжім басқан манда-йының қыртысын жаза алмады.

— Шу-шэн, шынымен солай ма? — деп сұрады Вэнь-сюань әйелінен көршісі белмeden шығып кеткен замат, құдды айналада болып жатқан жағдайдың барлығы бұған еш қатысы жоқтай бейжай үнмен.

— Анық білмеймін, басқармашы Чэнь маған тез жолға жинал деп кеңес берді, — Шу-шэн барынша сабырлылық танытып жауап беруге тырысты, ал шындығында іштей қатты толқыныста еді.

— Егер көшу керек болса, онда қайда? — деп сыйырлай сұрады бұл.

– Ол Ланьчжоуға жиналып жатыр. Бүгін анық шешіледі. Ол өзімен бірге мені алып кеткісі келеді, – әйелі тағы да баяу ғана жауап қатты күйеуінің жүзіне тұра қараудан қаймығып, бетін бұрып әкетіп.

– Сен бірге кетуге келісім бердің бе? – бұл жан қиналысын жасыра алмай сұрақты төтесінен қойып қалды.

– Жоқ, олай ойламаймын, ондай күн бізге қайдан, – ол жұмбактай жауап берді.

– Егер банк түгел көшетін болса, онда сенің қалып қоюыңа мүмкіндік бар ма?

– Эрине, бар. Мен ерікті адаммын ғой, тіпті болмай бара жатса, қызметтен бас тартуыма болады, тек Ченьнің жанашырлықпен айтып жатқаны ғой.

– Егер сен бір өзің кетсең балаңның жағдайы не болады? Сюаньның ше? – біраздан бері әрең шыдап отырған анасы әңгімеге араласты.

– Мен әлі келісім берген жоқпын ғой, – деді Шу-шэн шынын айтып. Енесінің сөзі оны ренжіте қоймаған секілді.

– Бірақ қарсылық та танытпапсың ғой, – анасы келініне тиісуін қояр емес.

– Келісім де берген жоқпын. Кету керек пе, керек емес пе, оны өзім де білмеймін. Мұның барлығы өзірге сөз ғана ғой. – Шу-шэннің үні дірілдей шықты, бірақ ол өзін-өзі сабырлы ұстауға тырысты.

– Сен бейбақ бізді тастап кетуді қалайсың ғой. Мен сенің не ойлайтыныңды білмейді дейсің бе? – анасы қояр емес.

Шу-шэн ләм деп жауап қатпады, кереуетке жақын келіп, Вэнь-сюаньның қасына отырды. Оның жасқа толы

жанарына қарап, ұн-тұңсіз қолынан сипап отырды да, ойланып барып айтты:

– Мен ешқайда да кетпеймін.

– Оны айтпасаң да білемін. – Бұл тебірене басын изеді. – Саған алғысым шексіз. – Біраз үнсіздіктен кейін бұл жай ғана: – Саған мүмкін кеткен де дұрыс шығар! Өмір бақи менімен бірге болсаң, алдыңда қандай жақсылық бар дейсін?! Шындығында мен шаруасы біткен адаммын ғой. – деді таусыла.

– Сен олай демеші. Мұның бәрі уақыт туғызып отырған қындықтар ғой. Сенің ешқандай кінәң жок. Соңғы екі жылда өзің де әбден көресіні көрдің емес пе. Саған денсаулығынды түзеу керек, – деді Шу-шэн мұның көңілін аулап.

– Қалайша мен кінәлі емеспін?! Басқалар секілді тығырықтан шығар жол қаастыруым керек еді ғой, – деді бұл әйелінің жанашыр сезіне езіле кетпей, өзін-өзі кінәлап.

– Бәрі сенің аса қайырымдылығынан, – деп күлімсіреді әйелі. Оның көзінен күйеуіне деген сүйіспеншілік пен жанашырлық сезімі нұр сеуіп тұрды.

“Аса қайырымдысың” деген сөзді ести-ести жалыққаны соңшалық әйелі оны мұның көңілін жабырқатам деп айтпаса да жаңағы сөз жанына қатты батты. Бұл шешімін күткен мәселелер жайлы ойланып кетті. “Мен қайырымды болып көрінгім келмese де, анадан солай туылған соң, одан қайтіп қашып құтыламын”. Осылай ойлауы мұң екен, әлгі ауыр мазасыз сезімнен арылып, бойы аздап жеңілдегендей болды. Өткен жылдарының барлығы да осы сұрақтың шешімін табу үшін кеткендей көрінді. Бұл жай ғана күрсініп қойды.

– Не болды, тағы да дертің қысып жатыр ма? – әйелі мұның көнілін аулап, бәйек болуда.

– Жоқ, жай әншейін, – деп басын шайқай жауап берді бұл шешесінің өз бөлмесіне кеткенін жаңа ғана байқап.

– Онда үйықтай ғой, мен сенің қасында болам. Жалғыз ешқайда да кетпеймін, еш уайым жеме, – деді әйелі мейірімді үнмен.

– Өзім де солай ойлағам, – бұл сыбырлап үн қатты.

Әйелі баяу басып терезе алдына барды да, көше жаққа көз тікті. Бұлардың терезесі қарсы үйдің кірпіш қабырғасымен тұспа-тұс тұғын, төменде бір сызық көше кесіп жатыр. Үйлері көршілердікіне қарағанда биіктеу болғандықтан көшені бақылауға олардың шатырлары да, қабырғалары да кедергі бола қоймайтын. Көше тау етегінен бастау алғандықтан оның жоғарғы жағы Шу-шэнге апайқын көрініп тұр. Төмен қарай зуылдан аққан бірнеше арбакеш көзіне шалынды, құдды аспанда қалықтап ұшып келе жатқан секілді. Оның көзі бұлдырап кетті.

– Әркім өз тірлігін кешуде, – деп сыбырлай сөйледі ол. Бұл сөзді ешкім естімеді, өзі де оған аса мән бермеді, бірақ оның астарында терен мән жатқан болатын. Шу-шэннің ойы сан-саққа жүгіруде, ал жан дүниесі болса бол-бос. Бірдене көруді мақсат тұтпаса да терезе арқылы шаңдак жолға көз алмай тесіледі. Дәл осы сәт оған уақыт жылғадағы су секілді өте баяу жылжитындей көрінді.

“Менің бар өмірім осылай өтуге жазғаны ма?” – дейді кеудесін кере шыққан бір дауыс. Оған жауап беруге дәрмені жетпей, күрсініп салды.

Кенеттен есік қағылды. Ол селк ете түсіп, сол жаққа қарай бұрылды. Келген банк өкілі екен, бұған конверт ұсынды.

– Цзэн ханшайым, сізге басқармашы хат беріп жіберді.

Ол конвертті жыртып ашты да, хатқа жылдам көз жүгіртіп шықты: мұны “Шэнлидася” мейрамханасына кешкі асқа шақырады. Шу-шэн ұн-тұнсіз хатты жырта бастады.

Өкіл жауап күтіп тұр.

– Неге тұрсың, білдім ғой, бара бер.

– Жақсы онда, – деп күнк етті де әлгі адам жөніне кетті.

Бұл қолындағы хат қиқымдарын умаждаумен болды. Біртіндеп бөлме іші көлеңкеленіп, бұрыш-бұрыш қараңғылана бастады. Күйеуінің жүзін көлеңке қымтай тұсуде. Ол үздік-создық дем алады, оқта-текте шошынған ұн шығарады, сірә тұс көріп жатқан болу керек. Енесі жақтан еш сыйыс естілмейді. Олар бұған жалғыздықты серік етіп тастағандай. Қан соғысы жиілей соққанын сезді. Кенет оны бір мазасыздық билей бастады: “Мен осы жынданатын шығармын”. Не істерін білмей, бөлмені арыбері кезіп жүре бастады. Енесі бөлмесінен шығып, үлкен бөлменің шамын жақты, жарықтан Шу-шэннің жаны одан сайын құлази тұсті.

– Сен әлі кетпегенсің бе? – деп сұрады енесі өз сөзіне еш мән бермей.

– Қазір кетемін, – деп жауап қатты Шу-шэн еш ойланып жатпай. Қолындағы хат қындыларына көз қығын салды да енесіне өштене күлімдеді. Әуелі Шу-шэн кеткісі келмеген, енді сондай шешім қабылдады.

– Не, сені тағы да кешкі асқа шақырды ма? – кемпір тықактауын қоймады.

– Иә, банкте істейтін бір жолдасым, – деп жауап берді Шу-шэн.

– Жолашар жасап жатыр ма?

Мынау сөз Шу-шэнге ине сұғып алғандай ауыр тиді, ол қызара бөртіп қабағын түйді де, артынша өз-өзіне келіп, күлім қаға айтты:

– Иә.

Ол киімін ауыстырып, опа-далап сеуіп, ернін бояп алды. Күйеуімен сөйлескісі келіп еді, ол ұйықтап жатыр екен. Жүзіне үңіле бір қарады да, паң басып бөлмеден шығып жүре берді.

Артынан енесінің бірденелер айтып, қарғап-сілеп жатқанын құлағы шалды, оған мән бермей тездете басып баспалдақпен төмен түсіп кетті.

“Сен ырылдаған кезде саған қырсығып менің де бірдене істегім кеп тұрады. Әйтпесе бүгін ешқайда барамын деген ойымда жоқ еді ғой” деп түйді іштей Шу-шэн ызаланғаны соншалық, ернін тістелеп.

## XV

Шу-шэн “Шэнлидася” мейрамханасына қоларба жалдалп келді. Җэнь басқармашы мұны кіре берісте күтіп тұр екен. Бұлар жоғары көтерілді де, ол бір үстелге тапсырыс берді. Ол мұның сырт киімін шешуге көмектесіп, отыруға ишарат етті де, өзі қарсы орындыққа жайасты. Оның айрықша жымиып қарағаны соншалық, бұл өзін-өзі ыңғайсыздау сезінді.

– Билеттерге тапсырыс беріліп қойды ма? – ұнсіздікті бұл бұзды.

– Иә, арғы күнге.

Бұл күлді.

– Өте жақсы, онда келесі кездескенше. Келесі жылы келесіз бе?

Оған бұл күлкінің астарында не жатқаны беймәлім еді, сөйтсе де күш-жігерін қайраттандыра тұсті.

– Шу-шэн, – деді ұздігіп, даусына шынайылық табын сіндіріп. Мұның атын алғаш атауы, бұған дейін мисс Цзен деп ишарат ететін. Өз есімін естіген кезде бұл дір етіп, қып-қызыл болып кетті. Ал ол болса айтар сөзін жалғай берді:

– Мен қазір ғана ақиқат мәлімет алдым, Доуюнь жау қолына көшіпті. Жағдай шиеленісіп барады, жақын арада Гуйян құлайды деген сөз шығып тұр.

– Мүмкін емес, – бұл басын шайқай берді, сол арқылы тұла бойын билеп алған қорқыныш сезімін бүркемелеп, білдіртпеуге тырысты.

“Иә, тым жақын қалды, сен ол күнді елестете де алмайсың” деген сөз оның аузына кеп кептелді, бірақ дәл сол мезет даяшы сорпа әкелгендіктен ол сол күйі айтылмай қалды.

– Сіз не істейтін бол шештіңіз? – деп сұрады ол сорпа-дан бір қасық ұрттап қойып.

– Мен қайда барамын? Осында қалғаным абзал! – Бұл жымиған сыңай танытты.

– Ал жапондықтар келгенде ше?

– Әуелі келсін, содан кейін ойланармыз. Үлгерсек көшерміз, үлгемесек – жақын ауылдардың біріне бой жасырармыз. – Бұл әдейі өзіне бәрібір секілді сөйледі де, сорпасын ішуге кірісті.

– Жок, олай етуге болмайды. Жапондықтар сұлу қыздарды іздең ауылдарды да тінеді ғой. Оданда ертерек кеткен жөн. Жұмыс туралы еш ойланбаңыз. Мен ұшаққа билетті қара базардан алуға тапсырармын. Арғы күні бірге кетейік, – деді ол өзіне салмақ сала.

– Арғы күні – ол өте тығыз, мен үлгере алмаймын. – Бұл оған тіке қарады да, артынша жүзін төмен салды.

– Тығыз дейсің бе? Жапондықтар оданда жақын арада басып кіруі мүмкін, – деді ол мазасыздана. – Егер бұл мүмкіндікті жіберсеніз, екінші рет мұндай жағдай туады деп ойламаңыз. Мен шын айтамын. Жағдай өте нашар. Тезірек шешім қабылдаңыз.

Бұл үнсіз ойланып қалды. Күйеуінің ауру титықтатқан боп-боз өңі, енесінің жеккөрініш пен қызғанышқа шарпылған жүзі, анау мәңгілік қапас бөлме, Хунани мен Гуаньси көшелеріндегі босқындардың күйі мен жау жағының қатыгездігі туралы әңгімелер – барлығы бір басына тоғысып, азан-қазан етті. Жаны дегбірсізденгені соншалық, қандай да бір шешім жасауға шамасы жетпеді, бірақ қасарыса беруге де болмайтынын түсінді. Қасығын дастарқанға қойды да, күрсініп салды:

– Ойлаңызшы, менің жағдайымда дәл қазір кете аламын ба?

– Енді ше? Кетем деушілер үдерे көшіп жатқан уақыт. Үйіңізге байланысты сізде ешқандай қындық тумауы

тиіс! Нені қимай тұрсыз? – Ол мұның үйінде күйеуі мен енесі барын, күйеуінің денсаулығы нашар екенін, енесімен жарасымының жоқтығын, сондай-ақ отбасылық өмірден ләzzат таппай жүргенін жақсы білетін. Бірақ ол мұның он үш жасар ұлы бар екенін және бұған дәл сол ауру күйеуімен айырылысусы қын соғатынын білмеді.

– Бұл өте қысқа уақыт, маған ойлануға мұрша беріңіз.  
– Жағдай бұлай болады деп ойлаған жок еді, сондықтан лезде шешім жасауға дайын емес-тін.

– Олай десеңіз, мен сіздің шешіміңізді таңертеңге дейін ғана тоса аламын, одан кешікsec ұшакқа билет табу мүмкін болмай қалады.

– Маған бәрін ойдан екшеп өткізуге мүмкіндік беріңізші,  
– деп қайталады бұл толғанысты сезіммен, сөйтті де басын шайқады. – Менің жауабым қазірдің өзінде дайын секілді. Мен кете алмаймын. – Осыны айтты да ол жай жымиып қойды.

– Бұл ең соңғы мүмкіндік, одан айырылмаңыз, – Ол боп-боз боп кетті. – Сіз өзіңізді отбасыңыз үшін құрбандыққа шалуға тиісті емессіз, олар сіз туралы ойланбаса, сіз неге олардың қамын жеуіңіз керек.

Сорпа құйылған табақтар әкетіліп, артынан балық әкелінді. Шу-шэнде үн жоқ.

– Жақсылап ойланыңыз, өзіңізді тектен-тек құрбан ете көрменізші. Менімен бірге жүріңіз, – ол қыла өтінді.

– Ал аналарды қайтемін? – Ол сұрақтың шешімін өзінен-өзі сұрап отырғандай әсер қалдырды.

– Олар өз қамдарын өздері жесін. Егер сіз кетпей қалсаңыз да оларға көмегіңіз шамалы ғой.

— Ал ол.. — “Ол ауру ғой” деп айтуды көздеген, бірақ “ол” дегеннен кейін ойға батып, тоқтап қалды. Өнді сарғыш тартып, өте жүдеген күйеуінің жүзі көз алдына келіп, бұл тілін тістей қойды. Мына отырған өзінен төрт жасар кіші кісінің алдында күйеуінің жағдайы жайлы сөз қозғағысы келмеді, — ол барып тұрған қиянат болар еді.

— Осында қым-қуыт уақытта өзге біреулер туралы ойлайсыз, сіз соншалықты қайырымды болармысыз, — деді ол жұлып алғандай.— Ондай қайырымдылықтан не қайыр бар? Ешкімге керегі жоқ құрбандық! Ал соған аналарың лайық болса мейлі ғой!

Бұл оның сөздерін анық естімей, сұық тіл қатты.

— Егер кетпесем, жаным жаһаннамға ұшырай қоймайтын шығар, өлмеспін.

— Шу-шэн, жағдайдың қандай қын екенін сіз білесіз ғой, мен қалжындалп отырғам жоқ, — ол дегбірсіздік танытты.

— Сізді қалжындалп тұр деген мен де жоқ, — Бұл күлді. — Неге осы тек қана менің қамырды ойлай бересіз?

— Өйткені мен... — дей беріп еді, не айтқалы тұрғанын түсіне қойған Шу-шэн сөзінің соңын естуден шошып кетті. Үңғайсыздана қызырып кетті де, оның әңгімесін бөліп, басқа тақырыпқа бұрып әкетті.

Бұлар кофе ішіп жатқанда көрші ұстелдегілер даудырап кетті:

— Мен отбасыммен түгел ауылға кетемін, ал сен ше? Қалай болғанда да бір шешімге келгенің дұрыс!

— Мен бұл жерге жаңа ғана келдім, әбден шаршап біттім, — деп жауап қайырды екінші бір дауыс. — Мен не шешім

жасайды дейсің? Өлсем осы жерде өлем. Біз секілді кедей-кепшікке қашып құтылар жер жок қой.

— Естідіңіз бе? — басқармашы сыйырлап сұрады, — жағдай шындығында да тым қын секілді. Сізге қайткенде де менімен бірге кеткен дұрыс болатын шығар.

— Олай ету соншалықты оңай деймісіз, менің әлі шешуге тиіс шаруам көп қой, — еш ойланбастан жауап берді, бұл үрейлі сезімнен шыға алмай. Жүрегі құрғыр дұрсілден соғып барады.

— Осындай алмағайып заманда қайдағы шаруа! Жиналыңыз, арғы күні жолға шығамыз, — айтқанына көндіріп бакты ол.

— Сізді тындасан, өзіңізben бірге кетуге маған талап қойып жатқан секілдісіз, — бұл толқып отырғанын білдірмеу үшін сықылықтап күліп жіберді.

— Эрине, мен сіздің жағдайыңызды ойлап отырмын, — деді ол мұның қолын сипап отырып даусы дірілдей.

Бұл басын төмен салып біраз үнсіз отырды да ақырын қолын босатып алды, аз уақыттан кейін орнынан тұрып, жай ғана айтты:

— Мен үйге қайтайын.

— Тоқтай тұрыңыз, мен сізді шығарып салайын. — Ол қып-қызыл болып кетті. Бұл үн-тұнсіз орнына қайта отырды.

Басқармашы есеп айырысты да, бұлар төменге тұсті. Есік алдында сәл кідірулеріне тұра келді. Бірнеше машина бипылдалп келіп жол жиегіне тоқтады. Олардан бипаз киінген сұлу келіншектер мен шетелдік сымбатты офицерлер тұсіп, көнілді күймен мейрамханаға кіріп жатты.

— Мыналар қашатын кісіге ұқсамайды ғой. Меніңше, барлығы өсек-аяң болып жүрмесін.

— Өсек-аяң дейсіз бе? Сіз әлі де сенбейсіз бе? — ол таңданысын жасыра алмады. Мына адамдар бір аптадан кейін жел соққандай жоқ болатынына мен кепілдік берейін. — Ол қаланың ертеңін сүренсіз етіп көрсеткені соншалық, ажал апанына ұқсатып жіберді.

— Сіз солай десеніз де, көп адам кете алмай, осында қалады ғой. Керісінше кететіндер қатары соншалықты аз шығар, — бұл көңіліндегі сөзді жасырып қала алмады, осы сәт күйеуіне деген жанашырлық сезімі еселеп арта түскендей болды.

— Қалай дегенмен де, кімде мүмкіншілік болса, оның кеткені дұрыс қой.

Бұлар машиналарды жанай өтіп, екінші көшеге қарай бұрылды.

— Әлі ерте ғой. Біраз серуенде жүрсек қайтеді? — деген ұсыныс жасады ол.

— Менің ертерек қайтқым келіп тұр.

— Бір сағат кешіксеңіз ештеңе бұліне қоймас. Онда тұрған не бар? Меніңше, сіздің үйде ішіңіз пысатын секілді.

Оның сөздері мұның жанды жеріне дөп тиді, қарсылық танытып, үйінде соншалықты іші пыспайтынын айтқысы келіп еді, жүрегі құрғыр оны қаламады. Бұл ернін қымқырған күйі оның айтқанына көніп, соңынан ере берді.

Әлі күн кешкіре қоймаған-тұғын, бірақ айнала боп-бос, тым-тырыс. Көше шамдарының жарығы кіреукеленіп тұр. Дүкендердің барлығы дерлік жабылып қалыпты, тек бірнеше дәмханағана жұмыс істеуде. Қалада өлі тыныштық орнамаса да, әдеттегідей абыр-сабыр тірлік байқал-

майды. Суық жел соғып тұр, адамдар мен машиналар құдды бір қатты ызғардан ыққандай тым-тырақай асығулы.

– Қараңызшы, бәрі қалай өзгергенін, – ол үрей аралас үнмен күбірледі. – Енді екі күннен кейін мұнда мұлдем тірліктің сәні қалмайды.

Ештеңе деместен басын салбыратқан күйі бұл оның өкшесін басып жүріп келеді. Көз алдында әлгінде мейрамхана алдында жолыққан кербез келіншектер көлегейлеп кетпей тұрып алды. “Олардың барлығы да маған қарағанда бақыттырақ” деп ойлады Шу-шэн.

Бұлар көше бойлап мұның үйінің қасынан өткенде бұл өз үйіне қарауды да ұмыт қалдырыпты, әрмен қарай өзенге апаратын жолмен жүріп келеді. Жарқабақтан тәмен түсіп, тоқтады да, қарсы беттегі жұлдыздарға ұқсаған шам жарықтарын қызықтады. Өзен күреңітіп жатыр. Тәменде нұрлы да көмескі шам жарықтары көздеріне шағылышып, құдды аспандағы жұлдыздар секілді жымың қағады.

Өздерінен шеткерірек су сағасында тұрған екі ғашық көздеріне шалынды. Олар бір-бірімен сырласып тұрған сыңайлы.

– Мен осы бір қарғыс атқыр жерде жеткілікті өмір сүрдім, енді қалайда кету керек, – деді Чэнь өзіне-өзі айтып тұрғандай.

– “Алыста алтын бар, барсам бақыр екеннің” кебі болмасын, – Шу-шэн сөзбен қағытты.

– Қалай болғанда да бұл жерден ол жақ әлдеқайда жақсы. Ланьчжоу бұрыннан-ақ таза ауасымен жақсы аталатын.

– Ал егер мен Ланьчжоуға баруға келісім берсем, менің жұмыс істеуіме кепілдік бар ма? – деп сұрады бұл кенеттен.

– Эрине! – ол қуанып кетті. – Сіз солай шештіңіз бе?

– Жоқ, қайткенде де мен кете алмаймын, – деп жауап қайырды бұл біраз ойланып барып.

Басқармашы Шу-шэннің шын айтып отырғанын, әлде қалжындал отырғанын түсіне алмай дал болды.

– Біз бұл туралы кейінірек сөйлесейік, дәл қазір керегі жоқ, – деді ол асыға-аптыға, – қараңызшы, тұн қандай тыптыныш, тура өлең шығарса болғандай.

Бұл күліп жібере жаздаپ барып өзін-өзі өрең ұстап қалды, сөйтті де ақырын ғана сұрады:

– Сіз тіпті өлең шығарасыз ба?

– Иә, мен классикалық және қазіргі өлеңдерді ұнатамын, кей кездері өзімнің де тұртіп қоятыным бар. Эрине, өлеңдерім

керемет дей алмаймын, сізге ұнамауы да мүмкін деп қорқамын,

– деді ол аздап толқи сөйлеп, бір мезгілде қанаттанып.

– Біздің басқармашы – ақын деп кім ойлаған?! Менің сіздің өлеңдеріңізді оқығым келеді.

– Мені басқармашы демей, Фэн-чуан деп өз есіміммен атауыңызды өтінемін!

– Біз сізді басқармашы деп атап үйреніп қалғандықтан, басқаша деуге бір түрлі тіліміз келмейтін секілді. Бұрын-ғысы жатықтау ғой, – деп күлді бұл. Кенет бұның бойын бір шаттық сезім билеп бара жатқандай сезінді, алдында өзіне де беймәлім бір арман асуы қылаң берді.

– Есіміммен қалай атамаймын дейсіз, сізге тіліңізді жаттықтыруға тура келеді, – ол осы сөздерді тауып айтқанына өзіне-өзі риза болып, марқайып қалды, біраз үнсіздіктен соң күлімсірей айтты: – Ланьчжоуда мен директор боламын ғой.

– Егер біз Ланьчжоуға барсақ, онда мен ыңғайсыз жағдайда қалады екенмін ғой, қанша дегенмен сіз мені жұмыссыз қалдырмайтын шығарсыз? – бұл әлденені меңзегендей жымия күлді.

– Сіз ыңғайсыз жағдайда қаламын дейсіз бе? Сонда сіздің арғы күні кетуіңізге қолбайлау болып тұрған сол ма? – деді ол әзіл-шыны аралас.

Оның жан тебіренісін сезініп, бұл тітіркене қалды. Бойын тез жиып алыш, одан сәл арасын аша тұсті.

– Мен әлі шешім қабылдаған жоқпын. Ал оларды тастап мен ешқайда кете алмаймын.

– Сіз келіспегенді қойыңыз, біреулер үшін өзіңізді құрбан еткениңіз болмайды. Оның үстіне олардың да сізден кейін көшулеріне болады ғой. Сонымен қоса... – Olsen кенеттен мұның белінен құшақтай алды. Бұл сыйылып кеткісі келіп еді, ұлгермеді. Беті қызара өртеніп, жүрегі дүрсілдей соққанын сезінді. Көңілінің қайда құлағанын айқындауға уақыт тар. Бұл бар ерік-жігерімен өзін-өзі ұстауға тырысып бақты.

– Қарсы бетке, өзенге қараңызшы, айнала қандай тыптыныш, мамыражай,— деді Шу-шэн нық сеніммен. – Барлығы қаз-қалпында, біз неден қорқамыз?! Сіздің арқалаған міндеттемеңіз бар, сол себепті көшуіңізге тура келеді, ал маған кетіп керегі не?

– Себебі сол, мен сізді— мен сізді сүйгендіктен, – бар күш-жігерін жиып, толқи сыбырлады ол.

Бұл сөздердің әйтеуір бір айтылатынын іштей сезетін, сөйтеп тұра оны естіген кездे селк ете қалды, денесі ысып, жүрегі тарсылдаپ, жан дүниесін беймәлім бір сезім билеп

ала жөнелді. Оған не деп жауап қайырарын білмей қиналды, басын төмен салған күйі өзеннің қара барқыттанып аққан сұына телмірумен болды.

– Сізге енді менің жүргегімнің түбінде не жатқаны мәлім болды, әлі де бірге кетуге қарсысыз ба? – деп сыйырлады ол мұның құлағына.

Мұның көз алдына күйеуінің дімкәс өні, жасқа толы жанары, енесінің жеккөрінішті түр-әлпеті, ұлының қатқылдау жүзі көлбендең тұрып алды, бұл басын шайқай берді.

– Жоқ, жоқ, жоқ.

Ол мұның “жоқ” деген сөзін өзінше түсінді. Бұл да ол сөздің қандай мағына беретінін, оның астарында не жатқын дәл танып аңғаратын халде емес еді.

– Айтыңызшы, неге “жоқ” дейсіз? Сіз шынымен де маған сенбейсіз бе? – Ол мейірлі үнмен сұрады. Оның қолы мұның белін әлі босатқан жоқ еді. Мұның жүзін көргісі келіп ұмсынады, бұл бетін әрі-бері алып қашумен әуре.

– Жан дүнием езіліп барады, мені үйге шығарып салыңызшы, – деп өтінді бұл.

Сол мезет тұла бойын күдік пен үрей сезімі шарпып өтті, құдды жолайрыққа тап болып қайда жүрерін білмей, дағдарған күйге еніп тұр.

– Сіз менің сұрағыма жауап бермедіңіз ғой, – деді ол сыйырлап, мұны жауап қайыруға асықтырып.

Бұл болса әлі үн-тұнсіз тұр.

Өзен үстін ақ тұман орап алыпты, оның қашан қоюланып үлгергенін бұл байқамай қалғанына таң, оны қазір ғана аңғарып, денесі тітіркенгендей болды, ылғалды ауа

өкпесін қабындырып бара жатқандай өзін ауыр сезінді. Өзен үстін торлаған ақ тұманнан айнала жарықтана түскен. Бұларды тұмшалап алғаны сондай басқармашыдан өзге ештеңені көзіне іліктірер емес. Әлгі ғашықтар жұбы да тұманға сіңіп, жоқ болыпты. Бұл бір түрлі жайсыздана бастады. Құлағына таныс дауыс естілді: “Мен бар болғаны сізбен өмірімді байланыстырғым келеді”. Бұл селк ете түсіп, өзінің өтінішін қайталады:

— Қайтайық.

Жаңа ғана алып үшқан сезімі бірден сап басылды.

— Әлі кеш бола қойған жоқ қой, бір жерге барып отырсақ қайтеді, — деген ұсыныс жасады ол.

— Менің ертерек қайтқым келіп тұр, — деп қысқа қайырды бұл. — Ертең таңертең сағат сегізде Гуашэньюанда жолығайық.

— Олай болса, мен ертең нақты жауап күтем, — ол бұйыра сөйлегендей болды өзіне-өзі риза көнілмен, өйткені мұның келісетініне нық сенімді еді.

— Жарайды, — деп басын изеді де оның қолтығынан алды. Бұлар жолға түсіп, көшенің қақ ортасымен тұманды тіліп келеді.

Екеуі біраз уақыт үнсіз аяңдады. Кенет ол мұның қамын жей сұрады:

— Сіз қай шаруаны айтасыз? Бүгін бір түрлі көңілсізсіз ғой.

— Жоқ – жоқ! – Мұның жанын қауіп пен қорқыныш билей жөнелді. Бір тірек іздегені сондай, оның қолын қыса түсті.

— Мен сізді мұнда қалдырып кеткім келмейді, – деді ол. – Бұл жерде өте қыын.

Оның сөзі басқа бір жайды есіне салып, жүрегі шымырлап кетті. Беймәлім бір сезім билеп-төстегені соншалық, оған қарсыласуға шамасы жетер емес. Жылап жібере жаздал, өзін-өзі әрең ұстады. Анау құты қашқан отбасы, бітпейтін ұрыс-керіс, жан қиналысы мен кедейлік, соғыс салдарынан сүреңсіз өтіп жатқан жастық шақ, келмейтін бақытты іздең шарқ ұрған әурешілік, тұманды болашақ – Басқармашы дұрыс айтады: қалай бұл жақсы өмір сүреді? – Бұл бар болғаны отыз төрт жаста, күш-қуаты әлі бойында, неге дұрыстап өмір сүрмеске? Бақытты ғұмыр кешкісі келгені үшін неге біреудің алдында кінәлі болуға тиіс. Қайткенде де өзінің жақсы өмір сүруі үшін күресуі керек.

– Мүмкін кеткен де дұрыс шығар, мынандай жағдайда өмір сүрудің өзі қын ғой. – Бұл өз ойына өзі жауап бергендей болды.

– Олай десеніз, арғы күні бірге үшайық! Ланьчжоуда барлық мәселе дұрыс шешіледі деп ойлаймын, – ол қуана дауыстады.

– Жоқ, жоқ, – деп шошып кетті бұл – Мен жауабын ертең беремін.

– Ертең дейсіз бе? Бүгін-ақ шешіп тастауға болар еді ғой, – Чэнь ренішін білдірді.

– Менің үйге барып, барлығын жақсылап ойлануым керек, – деді ол күю мен сую сезімінің бал дәмін татпағанын аңғартып. Жол бойы әр шешімнің тізгінің бір ұстап ойы сан-саққа жүгірді, бәрібір бір нақты шешімге келе алмады.

– Сіз ертең келісіміңізді бермей қоймайсыз ба? – деп сұрады ол қоштасып тұрып, әлі үмітін ұзбей. – Сонымен

таңертеңгі сағат сегізде мен сізді жауабыңызбен Гуашэ-  
ньюанда күтемін.

– Бәлкім, кетуге шешім шығарып қалармын, – деп қалды  
бұл. – Мына тұман мені сондайлық заразап етіп бітті, одан  
жүрегім айниды. Бұл жерден өбден жалықтым. – Мұның  
қарсыласқысы-ақ келген, бірақ айналасын тұмшалап алған  
қоп-қою ақ тұман көкірек көзін байлад, оның ар жағында  
не бар екенін көрсетпей тұрып алды.

## XVI

Үйіне қайтып оралды. Пәтерінің табалдырығынан атта-  
сымен мұлде басқа әлем құшағын жая қарсы алды. Күнде-  
лікті етене таныс жағдаймен қайта қауышқанына көңілі  
бір түрлі пәсейіп қалды. Белгісіз бір құш мұны өз бөлме-  
сіне қарай жетеледі. Енесінің бөлмесінде шам жанып тұр.  
Ол жақтан еш дыбыс естілмейді. Вэнь-сюань әлі ұйықта-  
мапты.

– Келдің бе? – Оның еш ренішсіз жұмсақ даусын естіп,  
бұл өзін кінәлі жандай сезініп, ыңғайсыз күй кешті.

Оның кереуетіне жақындалап барып:

– Сен әлі ояу жатырсың ба? – деп сұрады.

– Мен сені күтіп жатырмын.

– Өз денсаулығынды күтсеңші, мені неге сонша ойлай  
бересің? – бұл аздап ренжігендей күй танытты.

– Күндіз ұйықтап алғаннан соң ба, еш ұйқым келмейді,  
– деді ол сыр шашып. – Әлгінде Чжан ханым келіп кетті,  
біздің есігіміздің алдында көп жүк жатқан көрінеді. Олар  
Гүйян босқындарының заттары болуы керек. Чжан ханым

Гүйян таяу арада жау қолына өтеді дегенді естіпті, бізді бірге кетуге үгіттейді. Бұған сен қалай қарайсың?

— Мен ештеңені де байқағаным жоқ. Есік алдынан да ештеңе көрмедім, бәрі де бұрынғыдай. Меніңше, жағдай сондайлық ушығып тұрмаған секілді, — деді бұл шатып-бұтып.

— Мен де солай ойлаймын. Барлығы сондайлық тез болуы мүмкін емес қой. Ал біз секілді қалтасы таяз, халі нашар сорлыларға қашудың қажеті қанша?! Егер бірдене бола қалса, өкінудің де жөні жоқ. Бұйтіп өмір сүргеннен өлген де артық шығар. Мен, расын айтсам, бір шешімге келіп те қойдым, тек сенімен ақылдасып алу ғана қалды, — деді ол аса бір сақтықпен сыбырлай сөйлеп. — Менің шешеммен тіл табысұым өте сирек, сондықтан бұл жайды онымен ақылдасқым келмейді. Сен оған қарағанда дұрыс шешім жасауға бейімдеусің әрі жағдайды кеңірек түсінесің, сондықтан мен сені ақылдасып алу үшін күтіп жатырмын.

— Сен қай жайды айтып тұрсың? Тағы да сол көшу туралы ма? — деп сұрады бұл оған аса мән бермегенсіп.

— Иә, тура сол туралы. — Ол бұған мейір төге назар аударды. — Маған кетудің қажеті шамалы: оған шамам жетпейді, оның үстіне мен ештеңеден қорықпаймын. Ал саған қалайда кету керек. Мені күзетудің еш қажеті жоқ. Өзіңмен бірге ұлымызды ала кетсең және шешеме бір тыныштау жер тауып берсең, менің жаным жай табар еді. — Оның үнінен аздал діріл сезілгенмен, ешқандай қиналған түрі байқалмайды.

— Мен ешқайда да кетпеймін. — Шу-шэн оның сөзін кесіп тастады. Бұған оның сөзінің мәні түсініксіздеу болып кө-

рінді. Осы сәттегі оның көніл жомарттығы мұның жанына қатты батты. “Егер мен кетуді сұрасам ғой, әрине, сен рұқсат бересің” – Бұл ой да мұның көңіліне ешқандай қуаныш сыйламады.

– Саған қалуға еш болмайды, сен тек мен туралы ойлай бергенді қой, тіпті болмай бара жатса, мен мекемедегілермен бірге кетермін. – Ер кісіге қай уақытта да жеңілдеу ғой. Өзің айттың емес пе, саған Ланьчжоуға бірге кету туралы ұсыныс жасалғанын. Жаңа ғана... – Ол осы арада сәл кідіріп, қайта сөзін жалғай берді, – менің күні бойына ойлап түйген шешімім осы, меніңше, саған қайткенде де кеткен жөн. Мұндай мүмкіндік жиі бола бермейді.

– Мен ешқайда да кетпеймін, – бұрынғысынша қысқа қайырды бұл, сөйтті де оның кереуетінің шетіне келіп отырды. Мұның қамын жеп жатқаны жаңына батты. Оның көзіне тура қарauғa беті шыдамай, жүзін бұрып әкетті.

– Шу-шэн, – оның даусы дірілдей шықты. Бұл күйеуіне қарай бұрылды. – Менің айтқанымды істеші, мен барлығын ойландым...

– Шешеңмен сөйлестің бе? – Мұның даусында жігерлілік пайда болды.

– Жоқ, сөйлескен жоқпыз, мен біреудің артынан сөз айтуға құмар емеспін! – күтпеген жерден енесі өз бөлмесінен шығып келе жатып әңгімеге килікті.

Шу-шэн ашудан жарылардай боп, ернін тістей үн-тұнсіз отыра берді.

Вэнь-сюань дауыс көтере айтты:

– Мама, сізді Шу-шэн жамандады деген ешкім жоқ қой.

— Мен білемін, барлығын да білемін, — деді анасы бет бақтырмай, — ол бізбен бәрібір қалмайды, ақыры кететін болғандықтан ертерек кетіп тынбай ма.

— Ал менің кеткім келмесеші. Сөйтсем не істейсіз?! — деді ашуға булыққан Шу-шэн де қалыспай. Даусы булығып шыққандықтан енесі мұның сөзін ести алмай қалды.

— Шешемнің ашуланшақ бол кеткенін білесің, оның сөзіне мән бере бермеші, айтып-айтып қояды ғой, — деп сыбырлады Вэнь-сюань әйелінің көңілін аулап.

— Мен де әбден титықтап біттім, бәрін өзің көріп тұрсың ғой, — деді Шу-шэн қабағын шытып.

— Сондықтан да кеткенің дұрыс деп тұрмын ғой, ұлымызды ала кет, оған мүмкіндік болмаса, жалғыз аттан, әйтеуір өзінді-өзің қинай бермеші, — деді ол бұған бар мейірімін төгіп.

— Сен шынымен солай дұрыс деп шештің бе? — деп сұрады бұл салқынқандылық танытып, іштегі сырын барынша бұгіп.

— Мынадай жағдайда бұдан артық шығар жол көріп тұрған жоқпын, — ол шын көңілімен ашық жауап берді, — барлығымыз үшін сол дұрыс болар еді.

— Сен мені қып жатырсың ба? Неге мен жалғыз кетуім керек.

— Жоқ, жоқ, мен сені қып жатқаным жоқ, — деді ол көңілі бұзылып. — Өзің ойласаңшы, майданың жағдайы қиын. Сен өзінді-өзің құтқаруың керек. Соған мүмкіндік туып тұрса, неге оны пайдаланбасқа?! Кім біледі, маған да сондай мүмкіндік туып, жақын арада кездесіп те

қалармыз. Менің ақылымды тыңдашы – жолға шығуға асық, біз артынан баармыз.

– Келесіндег ме? Ал егер оған жағдайларың келмесе ше, – бұл бәз баяғыша тықақтап қоймады.

Ол үн-тұнсіз отырды да, артынан ақырын айтты:

– Ондай жағдайда ең құрығында сен азаттықта боласың. – Бұл жолы ол шындықты айтты.

Шу-шэннің жанары жасқа толып, жылап жіберуге шак қалды.

– Неліктен сен еш уақытта өз жайынды ойламайсың? – Бұл күрсіне орнынан тұрды. – Жарайды, енді үйықтап дем ал.

– Менің жайымды ойлап, уайымдай берудің аса қажеті жоқ, – деді ол.

– Десе де менің қиянат жасауға еш дәтім жетпейді, – деді бұл өз ойымен арпалысып, сөйтті де бөлмені әрі-бери кезе бастады. Белгісіз бір күшті сезім билеп-төстеп барады.

– Егер кететін болсақ, бәріміз бірге аттанғанымыз жөн. – Ақырында бір шешімге келді-ау, әйтеуір, бірақ ол да жаңын тыныштандыра алған жоқ.

Ертеңіне таңертеңгісін Гуаншэньюанды басқармашымен кездескен кезде оған кетуге келісімін бермейтіндігін білдірді.

Мұны естігенде Чэнь сұрланып кетті. Біршама уақыттан кейін ғана өз-өзіне келіп, жымия тіл қатуға әрең шамасы жетті.

– Сіз шынымен солай шештіңіз бе?

– Иә, мен әбден ойланып-толғанып, осында қалғанды дұрыс деп шештім. – Бұл сыр бермеуге тырысып бақты.

Бір сәт ол не айтарын білмей тосылып қалды да, біршама уақыттан кейін ғана әр сөзіне салмақ сала баяу үн қатты:

– Сізді қорқыту үшін айтып тұр деп ойлап қалмаңыз, кеше кешкісін Гүйяндағы бөлімшемізден жеделхат алдық. Олар банк жұмыс істеуін тоқтату керек деп жазады. Оның тегін емес екенін сіз түсінуге тиістісіз.

– Менің шешімім еш өзгермейді, – суық жауап қайырды бұл.

– Кеңірек ойлансаңызы. Бүгінгі жағдай кешегіден де қын. Қараңызы, адамдардың қатары тым сиреп қалған, көрінген кісінің жүзінде абыржушылық басым. Олардың басына үлкен қауіп төніп тұр. Ары созғанда екі-үш күндей ғана жан сақтай алады.

– Сіз билет алыш қойдыңыз ба? – Бұл одан әрмен оның үгітін тындауға пейілі жоқ екенін байқатты.

– Әлі алған жоқпын, түстен кейін алатын шығармын, – қалай болса солай, селкос жауап қайырды ол.

– Асыққаныңыз дұрыс болар. Билеттердің бәрін таратып алыш қояды деп қорықпайсыз ба?

– Алса ала берсін. Жалғыз бәрібір кетпеймін. Маған енді бәрібір, – деп жауап берді ол құдды өзіне-өзі сөйлеп тұрғандай. Сөйтті де бұған көнілсіз назар аударды. Дәл осы мезет даяшы таңғы астарын алыш келді де, ол тамақтануға кірісті.

Бұл да айтарға сөз қалмағанын сезіп, ақырын шайын іше бастады. Ол, расында да, қиналып отырған секілді. Мұның оған жаны аши бастады, бәлкім мен дұрыс іstemедім бе екен деген ой да келді басына. “Ал егер келісімімді берсем ше” – деген толғауы тоқсан сұраққа

қаншама рет жауап та іздең көрді. Бір шешімге тоқтай алмай, тағы да басы шыр көбелек айналды.

– Сіз бара беріңіз, кім біледі, артыңыздан мен де барып қалармын. – Бұл сөздерді айтқысы келген жоқ еді, Чэньнің көңілін аулау үшін ғана аузынан шығып кетті.

– Келесіз бе? Ондай күнгे мен жете алмаймын ба деп қорқам. – Ол сабырсызданып, бұған тесіле қарады. – Сіздің мені неліктен түсінгіңіз келмейді?

Бұл ренішін жасыра алмай, оған қарсы сөз айтты:

– Ондай болса, мені жерлеу үшін сіз келетін боларсыз мұнда.

– Мен айттым фой, жалғыз кетпеймін деп. – Ол қасарыса қайталады.

– Кетпейсіз бе? Сіз емес пе едіңіз, біраздан бері осы ойдан арыла алмай жүрген? – бұл таңырқай сұрады. – Билеттерге тапсырыс та беріліп қойылған.

– Мен оны сізбен бірге кету үшін ғана ойлап тапқам, – деп жауап қайырды ол. Бұл қызыарып кетті: ақырында бәрі түсінікті болды. Мұның ондай сөзді естігісі келмеген еді, бірақ оның айтылуына өзі алып барды емес пе. Бұл одан әрмен әңгімелесудің жөні жоқ деп тапты. Шешімі нақты болатын, соны бұзып аламын ба деп қорықты. Чэн де үнде-меді. Бұған оның қиыла қарауы, мынау үнсіздік ауыр тиді. Оның ренішті назарын сезініп, бет-жүзі өртеніп кетердей ысынды, мұны соза беруге дәті шыдамай, ақырын тіл қатты:

– Жүріңіз кетейік, – бірақ орнынан көтерілмеді.

Чэн де ештеңе естімегендей орнынан қозғалған жоқ. Бұл көп өтпей қайта сөйледі:

– Егер банк менің қалайда кеткенімді қаласа, онда мүмкін барып та қалармын. – Көңілжықпастық танытып бұл сөзді қалай айтып қалғанын да білмей қалды. Оны естімегендіктен анау да сезбей қалған секілді.

Бұлар Гуашэньюаннан бірге шықты; Чэнь мұны банктің алдына дейін шығарып салды. Бұл оны билетке кеткен шығар деп ойлаған, бірақ ол не істерін білмей, сандалып жүрді де, ақырында уақыт үткізу үшін “Халықаралық” дәмханасына баруды қалады.

Банкте әдеттегідей көптеген үстел, әйнекті бөлмелер, есеп-қисап қағаздары, кітапшалар мен ығы-жығы адамдар көзіне шалынды. Кенет бірден көңілі қатты құлазып сала берді, мұның жүгіріп шығып, айқайлап Чэнді қуып жеткісі келді, бірақ аяғы құрғыр еш қозғалар емес, оның бұған қажеті қанша екенін біле алмай дал болды. Үн-тұңсіз өзінің жұмыс үстеліне өтті.

Жаңадан тағайындалған бас есепші өз орнында екен. Ол егделеу, ескі көзқарастағы адам болатын. Бұған таңырқай қарады да, жайғана басын шайқап қойды.

Өз орнына жайғасқанда бұл жан дүниесінің қатты құлазып тұрғанын сезді. Жұмыс күні басталғалы қашан, бірақ бұгін күндегідей қалыпты жағдай, бейғам тіршілік тынысы байқалмайды. Қызметтестері абыржулы күймен кіріп-шығып, жұмыста екендіктерін ұмытқандай күбірдабырға бой алдырған. Кенет бұл өзімен қатарлас отыратын екі қызметтесінің үстелдері бос тұрғанын байқады, олар бір жаққа асығыс шығып кеткен болса керек. Дәл осы мезет банкке жиі бас сұғып тұратын жүзі таныс адам жүгіріп кірді.

— Гүйян құлады!

Гүйяннан бұлардың шаһарына дейін машинамен жүрсе, екі күндік қана жол жатыр. Біреу шошына айқайлас жіберді. “Бәрі өсек-аяң, бос сөз” – деп ойлады ол өзін-өзі жұбатып.

— Енді қайттік? – деп қалды жинақ төлемдерімен жұмыс істейтін қызметтесі сасқалақтап.

— Сен жергілікті адам емессің бе, неден қорқасың? Мен ешқайда кетпеуге шешім қабылдадым. Қайда барсақ та, тірелеріміз бір тұйық, одан да үйде отырған жөн шығар, – әңгімеге банк салымшысы араласты. Оның кейпінен еш абыржушылық байқалмайды, құдды жаңағы әңгіменің бәрі бұған түк те әсер етпегендей.

— Ал мен ертең туғандарымды аттандырамын, – деді аударма бөлімінде істейтін қызметтесі.

— Егер жау шабуылын ұдете түссе, онда кетіп үлгере алмай қаламыз ба деп қорқамын, – деді алғашқы қызметтесі жағдайды ұшындыра түсіп.

“Өсек-аяң” – деді бұл өзіне-өзі тағы да қайталап.

Бірақ сол өсек-аяң ауыздан-ауызға көшіп, банктегілер тек соған ғана құлақ тұрумен болды. Бас басқармашы мен басқармашының бар тірлігі жан-жаққа телефон соғып, мән-жайды анықтау болды. Олардың алған мәліметтері бір-біріне қарама-қайшы болып, шындыққа жанаспай жатса да, көнілдерін орнықтыра алмады. Ешкімнің жұмысқа зауқы соқпады. Кез келген дыбыс, кез келген шу зәре құттарын қашырып бітті.

Мұның бәріне төзу мүмкін еместей көрінген. Кенет Шүшэннің есіне үйі, күйеуі мен ұлы тұсті. Сол замат баласына

хат жазып, үйге келуін өтінді. Оны пошта жәшігіне сала салуды сұрап, бір әріптесінің қолына ұстата салды. Бұдан кейін мұның жаны одан сайын тынышсызданып, дегбірсіз күй кешті. Бір орында тықыршып отыра алмай, ақыры жұмысын тастап, ертерек үйіне қайтты. Бұған ешкім де кедергі жасамады.

Көшеге шыққан кезде айналасының бәрі бұрынғыдай емес, әйтеуір бір өзгеріс барын сезді. Өзін бір шытымыр түстің ортасында жүргендей, не өткен уақыт, не осы мезгіл екені белгісіз, бір түрлі күйді бастан кешті. “Мен не істеп журмін осы, неге үйге бара жатырмын, менің үйім қайда өзі? Мен осы не үшін, кім үшін қиналып журмін? – деп сұрады бұл өзінен-өзі. – Ақыры кетуге бел будым ба, әлде жоқ па? Неліктен бір тоқтамға келе алмаймын? Не істесем екен?”

Шу-шэн бұл сұрақтардың біріне де жауап таба алмады. Сол арада үйіне де келіп жетті. Есік алдында бір топ кісі майдандағы жағдайды талқылап түр екен. Жұк тасушылар былғары сөмкелерді ары-бері тасып жүр. Біреулер көшіп келген болса керек, кім біледі, басқа жаққа көшіп жатқандар болуы да мүмкін. Мұның көңілі одан сайын алабұрта түсті. Тез-тез басып жоғарыға көтерілді. Ушінші қабат мейлінше тыныштық құшағында екен. Чжан ханым шарасыздықтарын өздерінің айтқандай еді, соған қарамастан оның отбасы таңертең бір жаққа кетіп қалған көрінеді. Үйлерінің сыртқы есіктері тарс жабылған. Эншейінде жартылай ашық тұратын бұлардың есігі де бүгін жабық түр. Сондықтан есік қағуына тура келді.

Есікті енесі ашты. Табалдырықтан аттамай жатып Шу-шэн күйеуінің кереуеті бос тұрғанын байқап қалды.

- Мама, ол қайда кетті? – шошына дауыстады бұл.
- Қайда кетуші еді, жұмысына, – деп жауап қайырды енесі ештеңе болмағандай.
- Ол әлі әлсіз ғой, неге жұмысқа шықты? – абыржи сұрады Шу-шэн.

– Өзі солай шешті, мен не істей аламын?!

Шу-шэн есі ауып қалғандай тұрып қалды. Бірдене деген болды:

– Оның өйтүіне жол бермеу керек еді, ауруы лезде асқынып кетуі мүмкін ғой. – Мұның үйге қарай асыққанының бәрі бекер болып шықты. Келініңің үні мен кейпі онсыз да онып тұрмаған енесінің көңілін ашындыра тұсті.

Анасы ұлын ұстап қала алмады. Күні бойы соны ойлап, басы қатқаны аздай, енді кеп келіні кінә тағуда. “Менің кінәм болған күннің өзінде маған айып тағатын сен емес, – деп қарсылық танытты ол іштей. – Өзің неге ешқашан оның қамын жемейсің? Күні-түні ойлайтының қара басыңың қамы. Үйге сыймай, нақсұйеріңмен қашқың келеді. Соған қарамай мені кінәлауға қалай дәтің барады?”

– Оны ұстап қалу үшін өзің неге ертерек келмедің? Айтқанға бәрің шеберсің. Айтшы кәне таңертен қайда барып, қандай шаруа тындырдың? – Ашуға булыққан енесі Шу-шэнге қарап саусағын шошайтты.

– Бүгін бір танысыммен кездесуге бардым, оның несін жасырам. Онда сіздің қандай шаруаңыз бар? – деп жауап қатты Шу-шэн де ашудан жарылардай бол.

– Бар шаруам. Болғанда қандай! – деді кемпір дауыс көтеріп.

Бұлар тағы да ұрсысып тынды.

## XVII

Бұл уақытта кеңсесінде жұмыс істеп отырған Вянь-сюаңының үйінде не боп жатқанынан еш хабары жоқ-тын.

Таңтерен үйқысынан оянғанда әйелі шығып кеткен екен. Азанғы асын ішіп жатып тосыннан жұмысқа баруым керек деп шешті. Анасы оны тоқтата алмады.

Еш уайым жеменіз, мен сауығып қалдым. Енді демалысымды соза беруге болмайды. Егер жұмысқа шықпасам, біздің жақын арада жан сақтайтын ештеңеміз қалмайды. Барлығымыз бірдей тек Шу-шэннің есебінен ұзак күн көре алмаймыз ғой. Онсыз да ол менің емім мен дәрі-дәрмегіме аз шығындалған жок.

Бұл шешесінің қамкөңіл өтінішінен осылай құтылған.

Анасы не деп қарсылық білдірерін білмей, сөзден дағдарса да, іштей былай ойлаған: “Мынадай азапты көрген-нен гөрі аштан өлгеннің өзі артық қой”.

Ол да келіннің тапқан табысына кіріптар болғанды қаламайтын.

— Маған да жұмысқа шығуға рұқсат берсенші. Менің үй қызметкері не бала бағушы болып жалдануыма болады ғой, — деді шешесі де ақырында шыдамы таусылып. Ол ұлына мейірін төге жаны аши қарады. Көздері қызырып кетіпти.

— Мама, осының бәрі неге керек, сіз оқыған адам емессіз бе, ондай тірлік сізге жараса ма? — деді бұл оның көзіне тіке қараудан қаймығып, жүзін төмен салған күйі мінгірлеп.

— Өте өкінішті-ақ. Расын айтсам мен бекер оқыған екем, сені де босқа оқытыппын, өмір бақи сені де азапқа салып,

өзім де қиналып келемін, шындығына көшсем, менен жақсы бала бағушы да шықпас! – шешесі күйінішін жеткізді.

– Заманың қындығына қарамастан әркім жол тауып шығуда, тек біз ғана дәрменсіздік танытып жатқан. Мен банктегі ең нашар жұмысшы құрлы болмадым, ал сіз болсаныз тіпті бала бағуға жарамсызыз, – деді ұлы. Терең күрсініп салды да, есікке қарай жүрді. Анасы әлі де тоқтатқысы келіп, үгіттеп көріп еді, бірақ оны құлағына да ілмей шығып кетті.

Кеңсені бұрынғысынша үнсіздік билеп тұр, тіркеу кітапшасы алынып қойылыпты. Әдеттегісінше, Чжун бұған күлімсіреп амандасты. Вань-сюань жоғары көтерілген кезде екінші қабаттағы бөлмесінде бірнеше үстел бос тұрғанын көрді. Басқармашы Чжоу телефонмен жаңа ғана сөйлесіп болған екен, Вань-сюаньға жақтырмай қарады да, ұнатыңқырамай айтты:

– Емделіп болдың ба?  
– Тәуір секілдімін, рахмет, – деді Вэнь-сюань даусы шығар-шықпас.

– Сенің тұрің бұзылып тұр ғой, тағы да біраз демалуың керек еді, – деді басқармашы салқын жүзбен. Вэнь-сюань оның не ойлад тұрғанын ажырата алмады. Құлағына жақын маңда отырған бөлім бастығы У-дың бірнеше рет жөткіргені шалынды.

“Иә” деп күнк етті де Вэнь-сюань өзінің жұмыс үстеліне өтті.

Жайғасып үлгермей алдына бір құшақ қолжазба да келіп жетті. Оны ұсынып жатып әріптесі:

— Мынау жұмыс өте тез орындауды қажет етеді, бастық оны бүгін бітіруді табыстады, — деді.

Вэнь-сюаньның басына мынадай ой келді: “Жағдай болса ушып тұр, біреулер жұмысқа де келменті, барлығының да көнілі аландаулы, абыржушылық бар. Неге мен ғана жұмыс істеуім керек? Ал егер мен бүгін жұмысқа шықпасам қайтер еді? Тек мені мұқатулары керек. Әділеттілік қайда?”

— Бастықтың тапсырмасы, оны қалайда бүгін бітіруің керек, — деді әлгі екінші рет қайталап, әдейі мұның жынына тиіп.

Вэнь-сюань басын көтерді, бірақ жүзінен ешқандай ашу ізін байқатпады. Жай ғана жауап қайырды:

— Жарайды.

Бұл қолымен иегін үқалап қойып, алдындағы қолжазбаны үн-тұнсіз параптап отыр. Кітап партиялық міндеттеме туралы екен. Ол партия мен мемлекет қайраткерлерінің жеке-жеке алғы сөзімен басталады. Алғы сөздерді оқып шығып, негізгі бөлімді тексеруге кірісті, бірақ ойы басқа жақта қыдырып жүр. Басы айналып, бірте-бірте әлі құрып бара жатқанын сезді, соған қарамастан ақырғы күшін салып, салыстырып оқуды жалғастыра берді.

Басқармашы көрінбейді. Бөлім бастығы да шығып кеткен. Қызметтестері дабырласып майдандағы жағдайды талқылау үстінде. Әрқайсысының сөзінен қайғы-мұң табы сезіледі, жұмыс жүріп жатыр деген аты ғана. Тек бұл ғана қолжазбадан бас алмай оқып отырған. “Бұл жұмысты қалайда бүгін бітіру керек” деген дөрекі дауыс ызындаپ құлағынан кетер емес. Ақыры төзімі таусылып, іштей

болса да қарсылығын білдірді: “Маған зорлық жасай бермендер, менің қолымнан келетін ең үлкен нәрсе – қалған өмірімді қиу ғана”.

Сағат он екіде тұскі үзіліс уақытын білдіріп қонырау соылды. Бұл оны өлімнен құтқарғандай қабылдады. Жұмыс орнын тастап, тәменге тұсті. Әдеттегіше мұның тамаққа еш тәбеті тартпады, сонда да күштеп жеген болды. Әріптестері мұны сөзбен қағытып, көзбен тесіп жеп барады.

– Ван дос, саған жалақыны көбейту керек. Мынадай ақырзаманда сен шаршамай көп еңбек етудесің. Жыл аяғында марапаттауға ілігіп қалатын шыгарсың, – бір әріптесі мұны мазақтап күлді.

Вэнь-сюань ләм деп жауап қатпады, өзінің жұмыс орнына көтерілуге асықты. Темекі тартып, бірденелер оқуға да зауқы соқпады. Меніреу қалыпта терезеге қарап отырып ұйықтап кетіпти.

Канша уақыт өткені белгісіз, кенет біреудің даусы құлағына шалында:

– Ван мырза. – Бұл шошына көзін ашып, тез бойын жиып алды. Қарсы алдында ыржиып бір жұмысшы тұр: – Сізге қолхат әкелдім. Тез жетуіңізді өтінді.

Қолхат Шу-шэннен екен.

*“Сюань, менің сенде бір шаруам болып тұр, “Халық-аралық” дәмханасына келуіңді өтінемін, сөйлесуіміз керек. Шу-шэн”.*

Бұл шошып кетті. “Не боп қалды?” – деп ойлады да, тез тұрып, – тәменге қарай асықты.

– Ван дос, сен қайда кеттің? – деп сұрады Чжун.

Бұл бірдене деп күбір етті де, жүгіріп көшеге шықты. Артынан әжуалаған күлкілер шығып жатты. “Олар қолхатты оқыған болды ғой”, – деді өзіне-өзі, сөйтті де қызырып кетті.

“Халықаралық” дәмханасында кісі аз екен, көп үстел бос тұр. Шу-шэн бос тұрған бір үстелге жайғасып, есік жаққа қарап отыр. Оның опа-далап жағып үлгермеген бет әлпеті қатулы көрінді. Мұны көре сала орнынан тұрып, қайта отырып, тез жетуін асыға күткен сыңайын байқатты.

– Мен сенің қолхатыңды ала салысымен, тез келдім, – бұл оған қарсы жайғасты. – Не боп қалды?

– Менің сенімен айырылысқым келеді, – деді ол ернін тістелеп, еш қиналышсыз.

Бұл өз құлағына өзі сенбеді. Бірақ оның жүзіне қарап бәрін айтқызбай ұқты. Көнілін әбден қалдырған бір оқиға болғанын түсінді, бірақ ол жайында анықтап сұрауға батылы жетпей, шашын қаси берді.

– Маған сенің шешенің күйігі өтіп кетті. Бүгін мен ақырғы шешімге келдім: не ол, не мен. Соңғы аптада шыдамым шегіне жетті. Мынадай өмірден – шоқта қарылған артық!

Бұл күрсініп қоя салды. Күткендегіден гөрі жағдай аса қыынға ұқсамады, сол баяғы ұрыс-керіс, бұл шешесі үшін кешірім сұраса, ол сабасына тұседі деп ойлады.

– Не боп қалды? Алдымен мән-жайды рет-ретімен түсіндірсеңші, – бұл бар ерік-жігерін жиып күлген болды.

– Сен шешемнің мінезін білесің ғой. Ол әбден қартайып қалды, біз секілді ойлай алмайды. Қытымырлау, бірақ жалпы жаман адам емес қой.

– Не болды дейсің? Барлығы сен үшін! Мен жұмыстан ерте босанып үйге келсем, сен кетіп қалыпсың. Менің үйғарымымша, ол сені жібермеуі керек еді. Соны айта бастап едім, ол ұрыс шығарды да жіберді, – деді Шу-шэн ашудан қып-қызыл бол.

– Бәріне мен кінәлімін. Шешем мені жібергісі жоқ еді, болмай қойған өзім. Мен тағыда демалыс алсам, жұмыстағылар жек көріп қала ма деп қорықтым. Сен біздің басқармашының қандай қатыгез адам екенін жақсы білесің фой. Мен соның қол астында жұмыс істейтіндіктен, онымен санаспай тұра алмадым.

– Ойбай-ау, сен қан түкіріп, қиналып жүрсің фой, ауруыңа байланысты демалысынды ұзартуға болмай ма? Ол сенің өмірінді сатып алмаған шығар.

– Біздің кеңсе қайырымдылық мекемесі емес қой, мені кім ойлайды дейсің? – бұл зәрлене күлді. – Бүгін басқармашының сөзінен ұққаным, ол денсаулығымның нашарлығына байланысты мені жұмыстан шығарып, есеп айрысайын деп жүрген секілді.

– Керек болса, одан да қашпа! Жұмыстан босансаң, өзім-ақ асыраймын сені, – әйелі жүрек сөзін айтты.

– Ал...

– Білемін, тағы да сол анаңың жайы фой, оның өзі емес пе мені керек етпей жүрген, – Шу-шэн мұның сөзін бөліп, өкпесін жеткізді, – ол мені өлердей жек көреді.

– Жоқ, сен қателесесің, ол ондай жан емес, – деп қарсылық танытты бұл.

– Ол мені жек көреді, қарғайды. Бүгін маған не дегенін білсең фой, сенімен ресми некеде тұрмағандықтан әйелің

булуға лайықсыз, бар болғаны нақсүйерің болып табылады екем. Ол мені жезөкшеден өткен ар-ожданнан жұрдай безбүйрексің деп балағаттады. Мен оған аяушылық жасадым, оның дүниетанымының өте таяз екенін ескердім, кемшіліктерін көзін бақырайтып тұрып айтуды жөн санамадым. Бірақ мен қалжындаң тұрғаным жоқ, ашығын айтам: егер сен оны бір жаққа жібермесең, онда мен сенімен айырылысам. – Оның ашуы үсті-үстіне арта түсті. Тұрі сұрланып, көзі от шашып тұр.

– Шу-шэн, тағы біраз шыдашы, – бұл жасқана айтты. – Қалай соғыс аяқталып, жеңіс келсе болды, ол Куньминге аттанады…

– Соғыс қашан аяқталады, жеңістің күні қашан? – Шу-шэн ашулы жүзбен мырс етті. – Есінен адасқанбысың, жапондар Гүйянды басып алса, сен қайдағы жеңіс туралы айтасың.

– Ондай болса, ұрысқандарың қай сасқандарың?! Аз ғана шыдауға төзімдерің жетеді ме? – Бұл езуіне келіп қалған күлкісін әрең ұстап қалды, көкірегі қарс айырылып, жаны бұрынғыдан да бетер сыздана түсті.

– Сенен бір ғана сөз естисің: шыда, төз деген. Қашанғы төзесің, шыдамның да шегі бар емес пе? – деді ол ренжи.

– Жағдай жақсарғанға шейін шыда, содан кейін бәрі орнына келеді, – бұл үміттендіре сөйледі.

– “Жағдай жақсарғанға шейін…” дегелі қанша жыл өтті, ал күніміз күннен-күнгө ауырлай тұсуде, ауырлай тұсуде. Маған сенімен бірге мұқтаждық көру қын емес. Саған тұрмысқа шық деп біреу мені зорлап қосқан жоқ қой, ол өз қалауым. Бірақ сенің шешенің теперішіне шыдау –

жоқ, оған менің төзімім жетпейді! – деді Шу-шэн зығырданы қайнап, түрі ызадан жарылардай бол.

– Мен үшін оны кешірші, осы уақытта ол да аз запашекті дейсің бе?! – деді бұл жалбарына бозарып.

– Оған сол керек, мына сендей бағалы адамды өсірген сол ғой! – Кенет ол сөмкесінен жүз юандық үш қағаз ақшаны суырып алып, үстелдің үстіне тастай салды да, басқа бір сөз айтпастан мұны тастап жүре берді.

Бұл бір нүктеге қадалып, аз-кем есендіреп отырып қалды да, артынша есі шыға оны қуып жету үшін жүгіріп сыртқа шықты.

Жан-жақтың бәрі толы адам, оны қай тұстан іздесе екен? Бұл әрі-бері қарап, оны көре алмады. “Ол банкке кеткен болар”, – деп түйді. Сөйтті де, тез-тез басып сол бағытқа қарай асықты. Жылдам жүрістен ыстықтағаны соңшалық, мұны тер басып кетті.

Жарты жолға жеткенде бұл оны көріп: “Шу-шэн!” – деп қуана айқайлап жіберді. Бірақ, ол мұны естімеген болып кете берді. Бұл бар дәрменімен алға ұмтылып, тағы да айқайлады. Ол тоқтады да, бұған қайырылып қарады. Тез басып қасына жетті де, оның қолынан ұстап алды. Ентігін баса алмай, оған жалбарынышты жүзбен қарап тұрды да, біршама уақыттан кейін ғана сөз айтуға шамасы келді:

– Шу-шэн, барлығына мен кінәлімін. – Мұның манда-йынан тер моншақтап, өңінен ауру табы мен-мұндалап түр. Аузын ақырын ашып, демін терең алады. Осының өзі құдды бір аяушылық жаса деп тұрғандай.

– Мені неге қайта қуып жеттің? – деп сұрады ол бұған деген аяушылық сезіммен. – Неге үйге қайтпайсың?

Дертіңнен өлі толық айыға қойған жоқсың ғой? Саған жұмыс істеуге бола ма?

— Мен саған бар шындықты айтайын, — деді бұл абыржи.  
— Жұмысқа барған себебім – азғантай қарыз алсам деп едім.

— Қажетті ақшаны мен-ақ тауып берейін деп айтқан жоқпын ба саған, сол үшін жұмысқа шығудың қажеті жок еді ғой, — деп сөзін бөлді Шу-шэн.

— Бір нәрсе сатып алғым келіп еді... Арғы күні – сенің туған күнің... Соған бір тарту жасасам деп едім... Тым болмағанда торт сыйлағым келді... – үзіп-үзіп сөйледі бұл, жүзі қызыраңдап, еңсесі төмен түсіп кетті.

Ол бұған таңырқай қарап қалды. Бұдан оны күткен жоқ еді. Жүзі жібіп сала берді: аяушылық сезімі мейірімділікке ұласты.

— Сені толғантқан жай сол екен ғой, — тебірене тіл қатты ол.

Бұл басын изеп, сөзін раstadtы да, мына шындықты да жасырып қала алмады:

— Бірақ мен ақша таба алмадым.  
— Ол жөнінде сен маған неге ертерек айтпадың? – ол бұған ерекше ілтипатпен күлімсірей қарады.  
— Егер мен айтып қойсам, сен оны істепес едің ғой. – Жаны жай тауып, бұл да күлді.  
— Менің туған күнімді қалай есіңнен шығармағансың?  
Оны өзім де ұмытып кетіппін, – Шу-шэн тебірене күлді.  
— Сонымен маған ренжімейсің ғой енді?  
— Мен еш уақытта да саған ренжіген емеспін, – ол шындығын айтты.

– Сен мені тастап кетпейсің бе? – даусы дірілдей сұрады бұл.

– Мен ешқашан да олай ойлаған емеспін, – деп жауап берді ол. Мұның көңілі орнына түскенін көріп, мейірін төге сөзін жалғастырды: – Еш уайымдамай-ақ қой, мен шынымды айтып тұрмын. Бірақ сенің анаң... – Кенет ол сөзін шалт тоқтатты да, ұн демей тұрып барып, әңгімені басқа арнаға бұрып жіберді: – Үйге барып, демалсаншы! Жұмысқа қайтып бармай-ақ қой.

– Мен барып ұстелімнің ұстін жинастырайын, содан кейін тез қайтамын, – деді бұл.

Әйелі басын изеп, келіскең сыңай танытты да, екеуі екі жаққа кетті.

Бұл кеңсесіне қайтып келгенде тұскі үзіліс аяқталып қалыпты. Көңілі кішкентай көтеріліп қалғанмен, қатты шаршап тұрғанын сезді. Орнына жайғасып, жұмысына қайта кірісті. Әлі құрып, дем алсыы қын тартып тұрғандықтан үйге қайтып кетуді ойлады, дәл сол мезет есіне: “Мынау қолжазбаны бүгін оқып бітіру керек” деген сөз сап ете түсті де, еріксіз қалып қойды.

Бұл қолжазбаның бетін аударыстырып жұмыс істеп жатқан сыңай танытуда. Ал, расында, не оқып отырғанын білсе бұйырмасын, жүрегі дұрсілдей соғып, басы құдды қорғасын құйып қойғандай зілденіп, қағаз бұлдырай көрінеді. Кенет тұманды жанарына бір жақтан қайтып оралған Чжоу мырзаның сұлік көзі ілікті. “Осы қүйімді көріп тұрып, жұмыстан босата қоймайсың ә, маған әлім-жеттік жасап, күнім саған түсіп тұрғанын көрсетіп қал!” – деп ойлады Вэнь-сюань ашуға булығып.

Кенет, күтпеген жерден мұны жөтел қысып ала жөнелді. Орнынан атып тұрып, бөлме бұрышында тұрған түкіргішке барып, қақырынып-түкірінуіне тура келді. Біраз уақыттан кейін жөтелі тағы қайталады. Бұл екінші мәрте орнынан тұрып, түкіргішті пайдаланды. Басқармашы Чжоу мұнысын ұнатпағанын байқатып жөткірініп қойды. Сол себепті Вэнь-сюаньның үшінші рет тұруға дәті жетпеді. Бірақ, қырсыққанда, жөтелі жуық арада бір сейілдемей, демін тауысып, тұрып алды. Бұл әрең дегенде қолжазбаның қалған беттеріне көз жүгіртіп шыққан болды.

Біраз уақыттан кейін тамағы қыжылдағанын сезді. Жөткірініп қалып еді, кеудесі қақ айырылғандай ауыр күйді бастан кешті. Қолжазба бетіне қан аралас түкірік тамып кетіпті. Бұлінген паракқа шамасы жетпей, өзін-өзі ерік берді. Бағаналы бергі төзгенінің бәрі еш кетті.

“Менің тұтылған жерім осы”, – деген уытты ой келді басына. Құлағына басқармашының жеңіл жөтелі келіп жетті. Вэнь-сюань шошынғаны сондайлық, алдында жатқан паракты қағазбен сұрте берді. Бірақ, қайтадан жөтел қысқан себепті онысын аяғына жеткізе алмай, діңкесі құрыды. Түкіргіштен бас көтерер емес. Аузы кекірік татып, шай ішкісі келді. Алайда бұған назар аударған ешкім жоқ. Қолымен кеудесін басып, әрең дем алады.

– Ван жолдас, бүгіндікке жұмыстан боссыз, үйіңізге барып, демалуыңызға болады, – деді Чжоу басқармашы мұны көзімен ішіп-жеп.

Тым құрығанда осы қазір қорламашы, – Вэнь-сюань іштей ызадан жарылардай болғанмен, сырттай ешкімге сыр білдірмей, өзін қалыпты жағдайда ұстауға тырысып бақты.

– Ештеңе етпейді, шыдаймын ғой.

Сөйтсе де, оған тұла бойы бой берер емес: басы шыркө-белек айналып, көзі бұлдырап, қолдары икемге келмей, бұл тағы да теңселіп кетті.

– Ван жолдас, сіз қатты ауырып тұrsыз, үйінізге барып демалыңыз. Егер науқасыңыз асқынып кетсе, ол сізге қымбатқа тұседі, – деді басқармашы талабын қайталай.

– Жарайды, үйге қайт десең, қайтайын, сенің қайыр-садақаңсыз-ақ бір амалы болар, аштан өлмеспін, – Вэнь-сюаңь іштей өштене ойланды, бірақ жауабын барынша жайма шуақтандыра беруге тырысты:

– Өйтсеніз, жарты күнге демалыс алуға рұхсат беріңізші.

– Жарты күннен асып кете ме деп қорқамын. – Жарайды, барыңыз, артынан сөйлесеміз, – деді басқармашы әр сөзін маңғаздана айтып, мұны келемеждей.

Вэнь-сюаңьның мына тозақтан ертерек құтылғысы-ақ келіп тұр, бірақ, амал жоқ, анаған тағы бір өтініш білдіруіне тура келді:

– Басқармашы мырза, маған жарты айлық жалақымды ертерек беруінізді сұраймын.

Чжоу мұның тұсініктеме бергенін күтпей, сөзін бөлді де, наразы көңілмен қолын сермей айтты:

– Жарты айлық дейсің бе? Бухгалтериядан барып ал.

Вэнь-сюаңь ұятты жиып қойып үн-тұнсіз бухгалтерияға соқты да, 3500 юанын санап алды. “Осы да ақша ма?! Неге жетеді бұл?” Ақшаны омырау қалтасына салып жатып, іштей мырс етті бұл.

Оқыған қолжазбасын өткізіп, Вэнь-сюань үйіне қайтты. Бұған ешкім ештеңе демеді. Тек аяушылық пен өштіге қараған көздер мұны есік алдына дейін шығарып салды.

— Мына түріңмен алысқа бара қоймассың, — басқармашының сыртынан айтқан сөзі осы болды. Бір тәуірі, Вэнь-сюань оны естімеді.

Төменде Чжунды кездестіріп, бір-екі ауыз жылы сөз еститін шығармын деп ойлаған. Бірақ оны жолықтыра алмады.

Аспан тұнеріп тұр, енді біразда жаңбыр сіркіреп қоя беретін сықылды. Күнде жүретін таныс жолы қисапсыз ұзарып, алыстап кеткен сыңайлы, ауыр соғуда. Айналасы бейтаныс өлем құшағында, бұған еш қатысы жоқтай өсерге бөлейді. Бұгіле түсіп, аяғын әрең сүйретіп, өлімге қарай қадам басып келеді.

## XVIII

Бұл әрең дегенде үйіне келіп жетті-ау, әйтеуір. Жартылай ашық тұрған есікті итеріп ашып, бөлмесіне енді. Үстел басында шешесі мұның плащын жуып жатыр екен.

— Келдің бе? — танырқай әрі қуанышты жүзбен сұрады бұдан шешесі.

— Әбден шаршадым, — деді бұл тынысы тарылып тұрса да, жымиған сыңай танытып. — Мама, сен тағы да кір жуып жатырсың ба? Мен айттым ғой, біреуді жалда деп. — Бұл үстел қасында тұрған ескі креслоны өзіне қарай бұрды да, сылқ етіп отыра кетті.

– Егер біреуді жалдасақ, айна сегіз жұз юан кетеді еken. Қымбат қой. Оның үстіне, менің басқа істер шаруам да жоқ. Елдің бәрі Шу-шэн сияқты дейсің бе, өзге жолмен болса да, табыс түсіре беретін, – шешесі наразылығын білдіре сөйледі.

– Шу-шэн келіп пе еді? – Одан әрі тыңдауға шыдамы жетпей, бұл оның сөзін бөліп жіберді.

Шешесінің түрі бұзылып кетті.

– Таңертең түктен-түк жоқ менің жынымды әбден қоздырса болар ма. Өзі адам төзгісіз болып өзгеріп барады. Сен оны тәртіпке шақырсаншы! Мінезіне шыдау мүмкін емес қой. Көр де тұр, сенің денсаулығың кішкене түзелсе, Куңьминге кетіп тынармын. О... – Ол үнін мейлінше жұмсарта сөз жалғады: – Юньнаннан қоныс аударғалы қашан, жиырма жылдан асып кетіпті ғой. Інім де, басқалары да бүгінде қартайып қалған шығар, – оның көзіне жастығылды.

Мұның да қайғысы қоюлана түсті, шешесіне қарап тұрып, көзіне қалай жас кептелгенін біlmей қалды, сөйтсе де анасының көңілін аулауға көшті:

– Қамыға бермеші, мен оны актамаймын, өйткені сенің ұлыңмын ғой...

– Ал ол бар болғаны сенің көңілдесің ғана. Үнемі қайталайтыны – үйден кетіп қалам деп сес көрсету. Кетсе, кетсе еken ертерек. Саған басқа бір жақсы әйел тауып беретін.

Шешесінің сөзі жанына батып-ақ жатыр, бірақ қарсылық танытуды жөн санамады, тек қалжындай айтты:

– Қай ақшаңа мені қайта үйлендірмексің? Күнделікті күн көрістің өзіне қиналып жүрсек, қайдағы жоқ, екінші әйел алу жайында сөз қозғайсың.

– Өлмеспіз, бір күнімізді көрерміз! Айтшы өзің, бүгінде таза өмір сұру кімге оңай болып жатыр дейсің? – Азып-тозсақ та, бір тамағымызды тауып жетін шығармыз. Эйелінді сол үшін күн көріске қаражат жетіспейтіндіктен тастай алмай жүр екенсің ғой сен сорлы, – шешесі өкпеназын жеткізді.

– Сіз ойлағандай менің Шу-шэнмен айырылысуым соншалықты оңай дейсің бе?!. Қосылғанымызға он төрт жылдай болып қалыпты. Бір-бірімізді жақсы түсінеміз... – деді бұл қапалана, басының қатты ауырғанын сезініп тұрып. Сөйтті де, мандайын үстелге тіреп, құдды мызғып алғысы келгендей, біраз уақыт үнсіздікке берілді.

Анасы бұған жақын келіп, бар мейірімін төге өрі аяушылық сезіммен телміре қарады.

– Саған дауа жоқ екен, – деді сыбырлай, сөйтті де мұның атын атап, өзіне қаратты: – Сюань...

Бұл оған назар аударды, бірақ басын көтеруге шамасы жетпеді. – Барып төсегіңе жатсаншы, – шешесі даусын барынша жұмсарта сөйлемді, – қайда кетеді дейсің, келеді сенің Шу-шэнің, өзінді неге сонша қинай бересің?

– Иә, барлығы сол үшін, өзін жаңа ғана көрдім, келеді ол.

– Сен оны көрдім дейсің бе? Ол сенің кеңсеңе ізден барды ма? Ой ұятсыз, саған мұң-зарын шаққан екен ғой ол арсыз. – Шешесі сұрлана бөртіп ұлынан ығыса беріп, ішінен ойланды: “Ол бетбақтың ойлағаны не сонда?”

Бұл шешесіне қапалы жұзбен қабағын түйе қарады:

– Ол маған ештеңе де айтқан жоқ... тек майданда жағдайдың қын екенін ғана жеткізді.

– Ал оның оған қандай қатысы бар? – шешесінің ашуы басылар емес. – Кеткісі келіп, өліп бара жатса, өзі кете берсін. Басқаларды қорқытып несі бар?

– Мама, – деді бұл төзімі таусылып. – Бұл енді асыра сілтеушілік! Неге сіз Шу-шэнді соншалықты жек көресіз? Неліктен әйелдер бірін-бірі кешіре алмайды? Шала бұлінбей-ақ қойыңыз, ол ешқайда да кетпейді, оны маған өзі айтты, қазір келеді.

– Келеді дейсің бе? Ол бетбақтың мені көруге қалай ғана ары жетер екен? – деді шешесі ашудан қалш-қалш етіп.

– Мен оны сұраған, – деді Вэнь-сюаңь әйелін арашалай.

– Сен ештеңе де ұқпайсың! – Шешесі бөлмені ары-бері кезіп жүрді де, мұның кереуетіне келіп, қасына жайғасты, екі қолы мен бетін жауып алған. Бір кездे барып қолын түсірді де, құдды өзіне-өзі тіл қатқандай айтты: – Мен бар азапқа шыдасам да, оның қиянатына көне алмаймын. Оны қайта көргенімше, өле қалғаным артық! Егер ол оралатын болса, онда мен сол замат көзімді жоғалтамын! – Ол келінің күлталқанын шығара шайнап тастайтындаі тісін шықырлата орнынан лезде тұрды да, өз бөлмесіне кетті.

Бұл басының мен-зеңі шығып, теңселіп отырып қалды. Құдды бір тұс көріп жатқандай мен-зең күйде шешесіне телміре қарайды. Оның даусы бәсендереп барып басылды. Сонда ғана не болғанын түсініп орнынан ытқи көтеріліп, анасына асықты.

Ол кереуетінде қабырғаға қарай бүрісіп алып ұнсіз жылап жатыр екен.

– Мама, маматай!

Ол тұрып отырды, қыртыстана әжім басқан бетін жас жуып жатыр.

– Маған не айтасың? – деді қарлығыңқы дауыспен.

– Қатты қамыға берменізші, мен оның қайтып оралуына жол бермеймін, – бұл шешесінің көңілін аулауға тырысты.

Ол орамалмен көз жасын сұртті, қуаныш лебі бет-жүзін шарпып өтті.

– Рас па?

– Иә, рас, шынымен айтам, мама, – бұл ойланбастан жауап берді.

– Демек, сен менімен келісесің ғой? – шешесі сенер-сенбесін білмей қайталап сұрады.

– Келісемін, еш уайымдамаңызшы. – Шешесінің жүдеу жүзіне қарап отырып, Вэнь-сюаньның жүрегі сыздай тұсті. Ауруын ұмытып кетті, өткені мен болашағы туралы ойлануға еш мұршасы келмеді.

– Өмірдегі жалғыз ғана өтінішім, ана бетпақты көзіме қайтып көрсетпесең болды, қалған қиямет қайымның бәріне тәзуге дайынмын, – деді шешесі көңілі жұбаныш тауып. Орнынан тұрып жатып айтты: – Қайтып оралатын-дай оны не жын ұрыпты дейсің? Өзінің нақсүйерімен бірге Ланъчжоуға кету қамында болар. – Шешесінің жүзі жеңіске жеткенін байқатып, дән ризашылық кейіпке енді. Әлгіндегі ашуынан із жоқ. Қайғысы тарап кеткен. Жайба-рақат басып бөлмеден шықты да, кіржуғышына оралып, күстеніп кеткен қолын мұздай суға қайта салды.

Бұл шешесімен ілесе шықты да, оның кір жуып жатқан қимылын үн-тұнсіз бақылап тұрып қалды. Кенет басы айналып, көзі қарауытып, жүрегі шымырлап қоя бергені сондай, құлап қала жаздады. Шатқаяқтап барып қабырғаға сүйенді де, көзін тарс жұмып алғып, ыңырси тыныстады.

Шешесі басын тәмен салып кір жуып жатқандықтан мұның бірін де байқамады.

— Анау әйелден құтылсақ, — деп әңгімесін жалғады ол, — бәрі өз қалпына тұсер еді... Сяо-сюань осы жұмада оралуға тиіс. Байғұс бала-ай, анау оған көңіл де аудармайды. Бүгін дақпырт одан сайын үдең тұр. Жұрт не істерін білмей дал. Біздің басымызға азапты құн төне түскен сыңайлы. Бірақ мені ол жай қинап жүрген жоқ. Кейінгі жылдары біз не көрmedік. Ендігісі содан ауыр болады деймісің? Жұмыс жағында не болып жатыр?

Бұл селк етіп, есін жиды да, міңгірлеп жауап қайырды:

— Ештеңе байқамадым!

— Демек, кенселерің Ланъчжоуға көшпейтін болғаны ғой?..

— Көшу қамында секілді, бірақ анық білмеймін. — Бұл жөтеліп қойды.

— Сен қайта жөтеліп қалғансың ба? Төсегіңе жатып демалшы. Тұрің бұзылып тұр ғой, — деді шешесі шошына. — Енді жазылып келе жатқанда, қайта ауырып қалмасаң жарап еді.

Бұл шешесінің сөзін естіген кезде ақырғы күшін салып, аяғын әрең басып тұрған еді. Тәлтіректей аттап кереуетіне жетті де, гұрс етіп құлап тұсті.

– Не болды саған? – шешесі асып-сасып мұның кереуегіне тақап келді.

– Аздап тынығып, көз шырымын алайыншы, – деді міңгірлеп.

– Сюань, денсаулықпен ойнауға болмайды. Жағдай онсыз да мәз емес, оның үстіне ауруың асқынып кетсе, күніміз қараң қалады ғой. Менің қолымнан не келеді дейсің? – Шешесі әбігерге түсіп, жыламсыраған үнмен тіл қатты.

– О не дегеніңіз, мен ауырып жатқан жоқпын ғой, – деді Вэнь-сюань өлімсіреген үнмен, сөзінің соңын кеудесін қақырата шыққан құрғақ жөтелге жүттүріп.

– Өстіп жатып, ауру емеспін дейсің! Ал егер шынымен қайталап қалсаң қайтеміз? Сен оны көтере аласың ба? – шешесі уайым жей бастады.

– Еш уайымдамаңызшы, мама, мен өлмеймін, ажалдың мені жеңуі оңай бола қоймас, – деді бар қүшін жиып. Бірақ осыны айтып жатқан кезде уайым-қайғысын үдете түскен ажал сәтінің жақындаپ қалғанын ойлаумен болды.

– Жетер енді, ұйықтауға тырысшы, – шешесі қасірет бұлтын сейілте кеңес берді де, үстін қалың көрпемен қымтап жауып қойды.

– Ал ажал құшсам, ол да еш қорқынышты емес, мына өмірде бәрібір бізге орын жоқ қой.

– Олай демеші, біз ештеңе ұрлағанымыз жоқ, ешкімді тонаған емеспіз, бір адамға қиянат жасаған жоқпыз, неге орын болмауы керек бізге бұл өмірде, – деді шешесі ызалана.

Дәл осы сәт бөлмеге Шу-шэн кіріп келді.

– Сюань, саған не болды? Тағы да төсек тартып жатып қалғаннан саумысың? – деп сұрады қоңыраулы ұнімен.

– Шаршап қалыптын, кішкене демалайын деп едім. – Бұл орнынан тұрып отырды.

Келінін көріп, анасы қатып семіп қалды. Беті-жүзінен кекті ашу сыз беріп тұр.

– Жат, жатшы, орнынан қозғалушы болма, мен саған қуанышты хабар әкелдім. Душань азат етіліпті, – деді Шу-шэн күлім қағып. – Міне, кешкі газетте солай жазылыпты.

– Ол бұктелген газетті бұған ұсынды.

– Демек, көшудің еш қажеті жоқ десенші, – деді бұл жайбарақат ұнмен газетті оқып шығып. Кереуетінен көтерілгісі келіп еді, бірақ қозғалған замат қайта құлап тұсті.

Шешесі ләм-мим демей өз бөлмесіне қарай кетті.

– Мама, – деп айқайладап еді баласы, бірақ ол оған мойын бұрып қараған да жоқ.

– Оны шақырмай-ақ қойшы, кете берсін, – Шу-шэн сыбырлып, қолымен белгі берді.

– Олай етуге болмайды, – Вэнь-сюань жалына өтінді. – Мен үшін оны сыйлашы! Татуласыңдаршы!

– Егер ол мені көргісі келмей тұрса, қандай келісім туралы сөз қозғауға болады, – деді Шу-шэн көңіл күйін бұзбай.

– Ал менің онымен де, сенімен де еш айырылысқым келмейді. Сендердің ұрыс-керістерінің тоқтайтын түрі жоқ, мен екі оттың ортасында қалдым. Оған шыдай беруге шамам жетпей ме деп қорқамын? – деді бұл әл-дәрмені құрып.

– Олай десен, екеуміздің бірімізден құтылуың керек қой. Кеткісі келген кісіні ұстама, жібер, ең әділі сол болады, – деді Шу-шэн өзіл-шыны аралас.

– Эрине, ол сен үшін әділ бол көрінеді, ал маған қандай қын екенін ойландың ба? – деді бұл бұрынғысынша мазасызданып.

– Сен үшін де дұрысы сол болар еді. Екеумізді бірдей қасында ұстағың келеді, сені азапқа салып жүрген, міне, осы ғой, – әйелі шешіліп сөйледі.

– Олай болса, мен еш азаптан қашпаймын. – Көніл толқынысынан қатты жетел қысып ала жөнелді.

Әйелі асыға-аптыға мұның кереуетінің қасына жетті, шешесі өз бөлмесінен атып шықты.

Екеуі бірдей мұның алдына тұра қалып, бір дауыспен сұрады:

– Саған не болды? Ауруың қайта қозып жатыр ма? – Бұл бүктетіле жетелін жалғастыра берді, тынысы тарылып барады, тамағын бірдене тілгілегендей болды, жасаураған жанары шешесі мен әйелі жақта.

– Шай ішіп жібересің бе? – деп сұрады әйелі. Бұл басын шұлғыды.

Шешесі шай әкелуге асықты. Әйелі үндеместен оны көзімен шығарып салды.

Бір уақытта барып әрең дегенде бұның тынысы бір қалыпқа тұсті, қолына шайды алып тұрып, ентіге айтты:

– Менің көрер күнім аз қалған шығар.

– Ондай ойды басыңдан шығарып таста, уайым жей бермеші! Бір-екі күнде құлан таза айығып кетесің, – әйелі мұның көнілін аулаған болды.

— Мен уайымдап жатқаным жоқ, бар болғаны енді қайтып жазылмасымды анық білемін. Тағы да қан түкірдім.

Әйелі еріксіз түкіргіш жаққа жалт қарады да, үрейлене шошып кетті, бірақ онысын білдірмей, одан әрі мұның көңілін аулауға көшті:

— Сөйтсең де, түңілетін ештеңе жоқ. Дәрі-дәрмек қабылдасаң, әлі-ақ түзеліп кетесің.

Бұл оған өзгеше ризашылық көңілмен жылы ұшырай қарады.

— Қытай емшілеріне сенбеуші едің ғой. Менің кеселімді дәрі-дәрмекпен қалай жазып жібереді?

Шешесі ләм-мим деместен, көз жасына ерік беріп тұр. Әйелі мейлінше жайбарақат қалып танытып, мейірімін төге айтты:

— Туберкулездің өзі кейде емделіп жатыр ғой.

Бұл сұық жымиды. Жанарына жас толып кетті.

— Емдел дейсің бе? Ал оған ақшаны қайдан табамыз? Сор болғанда, бұл дертпен біздер кедей-кешіктер ғана ауыратынымызды көрмейсің бе. Ал оған ақша қайда? Онсыз да күніміз қараң, артық шығынды көтере алмаймыз ғой.

— Мен бір амалын қарастырмын, тек қамыға бермеші, ақшаны қашанда табуға болады ғой, — әйелі әр сөзіне салмақ сала толғанысты жүзбен айтты. Расында да, ол іштей ақшаны қайдан табуға болатынын ойланып отыр еді. Бірақ қаншалықты көп қаржы керектігі оған беймәлім болатын.

— Менің саған артық салмақ салғым келмейді, — деді Вэнь-сюань. — Сенің кірісің аз, ал шығының шаш етектен

екенін жақсы білемін. Қажетті ақшаны тапқан күннің өзінде мен оны қайтіп қайтарамын?! Сендерді қарызға батырғым келмейді.

– Денсаулық – бәрінен қымбат, ақша жоқ деп емделмейсің бе енді. Жазылғаннан кейін, бір амалын тауып, біртіндең құтылармыз.

– Ал егер жазылмасам ше? Онда босқа шығындалған болмаймыз ба? Тығырықтан шығар жол емес қой ол, – бұл айтқанынан қайтпады.

– Өмірден ақша қымбат емес шығар. Адам тұрмақ итті де, мысықты да емдең жатады, ал сен адам емесің бе?! – Әйелі ашулана бастады.

– Ой, мына заманда өмірдің құны көк тын болып қалған жоқ па, әсіресе мына біз секілді ар-ұяттан аттап баспайтын жандарға қын бол тұр ғой. Жер бетіндегі адамның соры екенмін өмірге еш бейімі жоқ. Кейде бүйткен өмірден – өлген артық деп ойлаймын! – Мұны тағы да жөтел қысты.

– Онымен сөйлеспей-ақ қойшы! Көріп тұрсың ғой, жөтелі ауыр екенін. Не, аяマイсың ба оны? – шешесі келініне зілдене тіл қатып, сөзге араласты.

Шу-шэннің ашуы бұрқ ете қалды, бірақ бірден емес, үзіліп барып жауап қайырды:

– Мен жаным ашығандықтан айтып жатырмын, ал көңілімде не бар екенінде сіздің жұмысыңыз болмасын! – Ол теріс бұрылды да, терезе жаққа барып тұрды.

– Жаның ашығаны сол екен ғой! Адам жөтел қысып, тұншығып жатса, дұрыстап демалуына мүмкіндік бермейсің! – деді шешесі келініне кектене қарап баяу үнмен. Шу-шэн оның бар сөзін естіп болып, ызалана құлді:

– Егер мен басқа біреуге күйеуге шықsam, сіз өбден қуанар едініz-ay, ә!

– Сенің аңсаған арманың сол екенін баяғыда білгем! – шешесі міз бақпай жауап қайырды да, ішінен ойлады: “Ақыры, міне, ішінде не өліп жатқанын білдік пе бәлем?!”

– Менің сізден қай жерім кем? – деді келіні жыны қозып.

– Сен менімен өзінді теңестірмексің бе, салдақы! Кім екенінді біліп ал өуелі? Менің ұлымның көңілдесі ғана боласың! Сені қалай қарсы алғаным есімнен шыға қойған жоқ әлі, – деді шешесі табалап. Оның әрбір сөзі Шу-шэннің жүргегіне шашудай қадалды.

Жап-жас әйелдің өні құп-қу боп кетті, қалш-қалш етіп өзін әрең дегенде үстады. Мынау сокқыға қалай жауап қатсам екен деген ой жанын азапқа салды, бірақ одан бұрын әңгімеге Вэнь-сюань араласты.

Бұлар неге ылғи ұрсып қала береді, мынау қонырқай үйде неліктен татулық жоқ, қос әйелдің екеуі де мұны, бұл оларды жақсы көре тұра, бірімен-бірі қас дұшпандай қырқыса беретінінің себебі не? Мұны әдеттегіше осы сұрақтар азаптаумен болды. Бірін-бірі балағаттаған дауыстар құлағында ызыңдал тұрып алды, басының мең-зені шығып, миы шағылып бара жатыр. Олар мұны ұмыт қалдырып, ауру екенімен істері болмай, бірін-бірі көзбен атып, сұзгілесу үстінде. Ол қашан біtedі, жайбарақат демалуына мұрша бере ме, жоқ па, бұлар?

– Мама, Шу-шэн, қойсандаршы енді! Біз – туысқан, бір отбасының мүшелері емеспіз бе, бір-бірлеріңе кешірімді болсандаршы. “Тіпті болмағанда мені аясандар қайтеді, –

деп ойлады ішінен, – дұрыстап демалуыма жағдай жасасаңдар ғой, шіркін!?”

– Ұрыс-керісті шығарған мына сенің шешең, мен оған тіл тигізген жоқпын. Мені сенің көнілдесің деп атауға қандай қақысы бар? Оған кім рұқсат берді! – Эйелінің түрінен тұр жоқ, шешесінің сөзі оның жүргегіне шаншудай қадалғаны көрініп тұр.

– Көнілдесі екенің өтірік емес, оны барлығы біледі! Айтпақшы кәне, ол саған қашан үйленіп еді? Оған куәң бар ма?

Вэнь-сюань қапалана көрпемен басын қымтап алды.

– Оның сізге ешбір қатысы жоқ, ол біздің жеке шаруамыз! – Шу-шэн зілдене шағымданды.

– Сен менің келінімсің, демек маған да қатысты! Неге шаруам болмасын?! – шешесі бет бақтырмай тілімен түйрей түсті.

– Қазір Гуан-сюй билік еткен заман емес, бір мың тоғыз жүз қырық төртінші жыл, – деді сұп-сұр болып Шу-шэн, – бүгінде бәрі басқаша, бар бақыт келте аяқта дейтін дәуір келмеске кеткен.

– Ой, онбаған, мені келте аяқ деп келемеждегің келеді, ә? Аяғым келте болса, онда тұрған не бар екен! Не десең, о де, мен Вэнь-сюаньның анасы, сенің енең боламын. Ал сен безбүйректі көргім келмейді, жоғалт қараңды көзіме тұрткі болмай.

Вэнь-сюань бұдан әрі шыдай алмады. Басы мен жүргегі бірдей быт-шыт болып, мың-дыңы шықты. “Жоғалт қараңды” деген сөз жүргегіне ине сұғып алғандай әсер етті. Бұл

ыңырси көрпесін үстінен жұлып таstadtы да, жынданған кісіше мандайын жұдырығымен тоқпақтап, айқайға басты:

– Мен-ақ өлейінші осы!

– Саған не болды? – деді әйелі үрейлене, жылдам кереуетіне жетіп, бетіне үңіле еңкейіп.

– Сюань, не болды саған? – шешесі де шошып кетті.

– Қойсандаршы! – көз жасын сұrtіп жатып осыны ғана айтты да, қолымен бетін басып, булыға жылап жіберді.

– Жарайды, қапаланбашы енді... біз бұдан былай... керіспеуге тырысамыз, – деді шешесі біраз үнсіздіктен кейін жүрегі жаншылып.

– Коюшы ма едіңдер, қоймайсындар сендер, білем мен оны.

Шу-шэн үн-тұнсіз күйеуіне қарап, ернін тістелеп, ойланып тұрды да, оған аяушылық сезіммен айтты:

– Шынымен солай, Сюань, біз ендігәрі керіспейміз.

Бұл бетінен қолын алып, жасқа толы жанарын шешесі мен әйеліне қадап тұрып жалбарына өтініш етті:

– Менің көрер күнім көп қалған жоқ, аз да болса жайбақат тірлік кешуге мұрша беріңдерші.

– Сюань, олай демеші, сен әлі-ақ айығып кетесің, – деді шешесі.

– Қойшы енді, – әйелі қосарланды.

– Тек сендер ұрыспандаршы, бәлкім сонда жазылып кетермін. – Бұның жасаураған жанары күлімсірегендей болды.

Вэнь-сюань толықсып барып ұйықтап кеткен кезде, аласы дәрігерге аттанды да, әйелі терезеге еңкейіп, сыртқа үңілді. Кенет, күтпеген жерден бір нәрсе түйреп өткендей

келіншектің жүрегі сыздал қоя берді. Басына әр түрлі ойлар келді.

“Қашанғы жалғаса береді мынадай тұнек тіршілік? Ол бұған қандай ләzzат сыйлайды? – Шу-шэн көңілін тыныштандыратындай жауап іздең көріп еді, бірақ ойы он сакқа жүгіріп, шығар жол таппай, өзімен-өзі ұзақ тайталасқа тұсті. – Мен рухани да, материалдық та игілік тауып жатқаным жоқ, есесіне бар арманымды құrbандыққа шалу үстіндемін. Болашақта бұл жерде мені не күтіп тұр, қандай үміт бар?” – деп сұрады өзінен-өзі.

Еріксіз басын шайқады. Осы отбасында көрген қорлығы, енесі екеуінің бітпейтін ұрыс-керісі есіне тұсті. Күйеуінің әлжуаз, жалынышты үні, енесінің балағаттаған даусы құлағында ызыңдан тұрып алды. Ойы құдды бір дұғалап қойғандай бір шенбермен шыр көбелек айналуда. Кенет ол: “Көзінді жоғалт” деген түйінді сөзді анық естіді.

Ол ақырын жөтелді де, кереует жаққа қарады. Қарсы алдынан күйеуінің сарғыш тартқан жүдеу өні, солғын иегі, шалажансар тәні көзіне шалынды. Мынау өлімге бұйырылған жан ғой! – ол өз ойынан өзі шошып кетті, дәті шыдамай, теріс айналды да, қайтадан терезеге телмірді.

“Тағдырыма жазғаны осыны күзетіп өту ғана ма екен? Неге ана кемпірмен өмір бақи керісіп өтуім керек? “Жоғалт, көзінді!” Жарайды, ал енді баланды өзіңе! Оның керегі жоқ енді маған! Чэнь дұрыс айтады, бір шешімге келу керек... Әлі де кеш емес, тек ұзартып алмасам болды! – Мұның жүрегі лұпілдеп, жүзі алаулай тұсті. – Енді не істесем екен?.. “Көзінді жоғалтпайсың ба?” Жарайды ендеше! Мен өз жолыммен кеттім! Оның саған еш қатысы

жоқ. Екі ұдай көңілді лақтырып тастап, өзім үшін, өзімнің бақыттың үшін тәуекел деп, табандылық көрсетуім керек. Осы мен бақытты бола алам ба? Әрине, оған толық қақым бар. Сол маған керегі, қайтсем де соған қолымды жеткізуім керек...” – Көз алдынан ұлының бет-әлппеті жүгіріп өтті, өзі ержетіп қалған секілді көрінді.

– Сяо-сюань, – асыға айқайладап жіберді, сөйтті де тағы ойға берілді: Сяо-сюань үшін ғана... Дегенмен ол менсіз де күнін күйттейтінін білемін. Маған деген балалық махаббаты аса байқалмайды да ғой. Мен дәл қазіргідей оған қарасып тұрамын, демек, өз жолымды таңдауыма ол еш кедергі болмауы керек. Менің жолымды тіпті күйеуім де кесе алмайды.

Бұл күйеуі жаққа тағы да бақылай қарады. Вэнь-сюань бұрынғысынша ес-түссіз ұйықтап жатыр. Мұның ойынан тіпті хабары да жоқ, мына түрінде есіркеуге әбден лайық жан.

“Сонымен, онымен айырылысқаным дұрыс па, әлде өз бақыттыңды құрбан еткенім жөн бе?.. Тегінде ол ажалы жеткен адам ғой. Оны құтқарып қалу менің қолымнан келер ме екен, жоқ болмаса, мені жақсы көріп кететіндей, енеммен дұрыс қарым-қатынас орната аламын ба?”

Шу-шэн бір сәт ойланып барып, ақырын іштегі сырын сыртқа тоғытты:

– Екеуі де қолымнан келмейді. Құр бекер әуре болғанша, тым құрығанда өзімді құтқарайын...

Құлақ тұндырар гүріл оның ойын бөліп жіберді. Қытай ұшағы төмен ұшып өтті.

Чән басқармашыны төзірек табуым керек – мына үрейлі отбасынан құтылуыма сол көмек беруге тиіс.

Шу-шэннің рухы көтеріліп қалды, денесінің қызы артып, жүрегі тарсылдай соққанын сезді. Соған қарамастаң ерік-жігерін бойына жиып алды. Бұрынғыдай екіұдай көңілге жол берген жоқ. Сондықтан сөмкесін алды да, есікке қарай жүрді, дәлізге шыға берген кезде кенет үйде енесі жоқ екендігі, қүйеуінің қатты науқас қүйінде жалғыз қалып бара жатқаны ойына сап ете қалды. Қайырылмай кетіп қалуға ары жібермеді, қүйеуінің тыныш ұйықтап жатқанына көзін жеткізу үшін бөлмеге қайта оралды.

Күйеуінің кереуетіне жақындаій бергені сол еді, кенет оның түсінде солқылдал жылап, мұны өзіне шақырып жатқанын құлағы шалды. Бұл шошып кетті де, оған қарай еңкейді.

– Саған не болды?

Ол бұған қарап бұрылды да, қолын ұстады. Бұл саусақтарын тартып алған жоқ, ол қыса түсіп, бірдене деп күбірлекендей болды. Сөйтті де көзін ашты, екеуінің жанары бір-бірімен түйісті.

– Сен осындамысың? – әрі үрейлене, әрі қуана сұрады ол әлжуаз үнмен. – Кеткен жоқсың ба?

– Кеткені қалай? Қайда кетемін? – деп таңдана сұрады бұл.

– Ланьчжоуға. Түсімде сен мені ауруханаға тастанап, Ланьчжоуға кетіп қалыпсың. Мен сондайлық жалғыздық пен қындыққа тап болдым.

Бұл селк ете түсті де, үнделеді.

— Бақытыма қарай, ол тұсім болып шықты, — деді ол әлсіз үнмен. — Сен мені тастамайсың ғой, рас па? — Оның даусында діріл бар. — Біздің бірге болуымызға көп қалған жоқ. Менің дертім емдеуге келмейді. — Оның көзі мен даусынан бұған деген жалбарыныш табы айқын сезіледі.

— Мен ешқайда да кетпеймін, қайғыра бермеші. — Шу-шэннің жүрегін дертке ұшыраған күйеуіне деген аяушылық сезім билеп-төстеп кетті. Әлгінде ғана аса қындықпен қабылдаған шешімінің бір сөтте күл-талқаны шықты.

— Сенің мені тастап кетпейтініңді білгенмін, — деді ол алғыс сезіммен, — ал анам болса, сенің кетіп қалатыныңа еш күмән келтірме деп мені сендіргісі келеді. Сен оны кешірші, қарт кісілерде әр кезде сондай қызық мінез бола береді ғой.

“Ана” деген сөз жағына шапалақпен тартып жібергендей естілді. Шу-шэн безеріп қалды, артынан қабағының қыртыс-тыртысына жан біте бастады, құдды бір күш ол сөзбен келіскенің онды деп көнбесіне қоймайтындай, бұл оған қарсыласып бақты.

— Саған разымын, — деді ол ырза көңілмен. — Мен сені ұзак азапқа салмаймын. Бірақ баламыз туралы оны айта алмаймын. Мен әкелік парызымды дұрыс атқармай кетіп барамын.

— Тоқтатшы! — Бұл оның сөзін тыйып таstadtы да, қолын босатып алды. Ол әдейі мұны азапқа салып жатқандай көрінді. Жапа шеккені соншалық, еніреп жылап жібергісі келді.

Ол біршама үнсіз жатты да, күрсініп қойып, мейірімін төге айтты:

– Шу-шэн. – Бұл оған қарай еңкейді. – Дегенмен де сенің кеткенің жөн, мен бәрін ойландым. Сен көп азап шегудесің, сенің алдыңда кінәлімін мен. Ал болашақ туралы... ойлануға тіпті мұршам жетпейді... Менің сені ұстап қалуға еш қақым жок... Көріп тұрсың ғой, менің денсаулығымның нашар екенін... Сен кетуге тиістісің...

– Оның тамағы құрғап барып, үні өшті. Бұл баяу күрсінді де, орнынан тұрып кетті.

– Жетер енді, ұйықташы. Оның бәрін ойланған беріп қайтесің?..

Оның жөтелі қайта қозды. Тамағына бір нәрсе тұрып қалғандай, бар күшін сала жөтеледі, беті қып-қызыл бол кетті.

Бұл оның мандайынан демеп, бір стақан су өкеп берді. Бір-екі ұрттап ішті де, қайтадан жөтеліне көшті. Бұл жолы қақырығынан құтылғандай болды, түкірігінің қан аралас екенін байқады да, бұған көрсетпеуге тырысты.

– Қазір дәрігер келеді, – деді бұл оның көңілін аулап.

– Қажеті не? Ол артық шығын ғой, – ол күрсініп қойды. – Анамның көңілі үшін ғана онымен келісемін.

– Өстіп жатып басқалар туралы ойлайсың. Осыншалықты қайырымды болармысың, – тебірене әрі ренішті сезіммен айтты әйелі. – Мына заман сен сияқтыларға арналмаған ғой. Сен төңірегіндегілер үшін, өзіңе-өзің тек қасірет қана сыйлайсың...

Аяқ тықыры естілді, енесі келе жатқанын анық білді. Дәрігермен бірге болар. Кейін шегініп, ұстелдің қасына барып отырды.

Енесі мен Чжан Бо-цин дәрігер келіп кірді. Шу-шэн онымен амандастан болды. Оның жүзінен қайырымдылық

пен жанашырлық лебі еседі. Дәл өткен жолғыдай, ол Тез-тез ауруды қарай бастады.

“Вэнь-сюань соңғы күндерін сұруде. Дәрігер оны қалай емдемек?” – деп ойланды бұл байқатпай қабағын шытып.

– Көңіліңіз алаң болмасын! Дәрі-дәрмекті қабылда-саңыз, әлі-ақ жақсы болып кетесіз, – деді дәрігер нық сеніммен.

– Меніңше, бұл туберкулезге ұқсайды, – деді Вэнь-сюань іштегі ойын жеткізіп.

– Жо-жоқ, о не дегеніңіз, – дәрігер басын шайқады. – Бұл бүйрек ауры. Дәріні ішіп, көп қозғалмасаңыз, толық айығып кететініңізге кепілдік беремін, – Чжан Бо-цин мейірімін төге күлді.

– Сізге көп раҳмет, – оны шығарып салып жатып енесі осы сөзді мың қайталаумен болды. Бұл ләм-мим деп бір сөз айтпады.

– Мама, дәрі-дәрмекке тапсырыс берудің қажеті жоқ, – деп өтінді кенет Вэнь-сюань.

Шешесі дәрігер жазып берген қағазбен танысып тұрған, оның сөзін естіген кезде таңдана сұрады:

– Неге?

– Ой, бәрібір емес пе? Менің ауруым ештеңеге де жазылмайды, – деді Вэнь-сюань өз шешімін білдіріп.

– Дәрі-дәрмектің көмегі тимейді дегенді қайдан естідің? – Шешесі қағазды бұктең жатып қарсылығын танытты. – Барып тапсырыс беріп келейін. – Ол сөмкесін алды да, шығуға ыңғайланды.

– Ал ақшаң жете ме? – деп сұрады ұлы.

– Менде біраз ақша бар, – Шу-шэн сөзге араласты.

— Жетеді ақшам, — деп шап ете қалды шешесі құдды келініңің сөзін естімегендей, бұған назар да салмай. Шу-шэн қып-қызыл болып түтіге қабағын шытты да, терезеге қарай бұрылып кетті.

— Мама, мә, мың юань. Бүгін мен жарты жалақымды алған едім, — деді де ол қалтасынан ақшасын суырып берді. — Бұл тамаққа деген қаражат еді ғой, қосып алыңыз. Сіз өз ақшаңызды дәрігерге жұмсап, таусуға шақ қалған шығарсыз.

— Уайым жеме, менде жеткілікті ақша бар. Біраз қаражат таптым.

— Қайдан?.. Өзіңің алтын жүзігінді сатып жібердің бе?

— Мен секілді көрі қақпасқа жүзік тағып жүру міндетті емес шығар. Бостан-бос жатқаннан гөрі пайдасы тисін де.

— Ол өкемнің сыйлығы еді ғой. Сіз оны қалай да сатпауыңыз керек еді, — деді ұлы ашына.

— Е, әкеңмен ұшырасатын күн де алыс қалған жоқ қой, жүзікпен кездесем бе, жүзіксіз кездесем бе, ода тұрған айырмашылықты көрсем бұйырмасын, — шешесі күштеп күлген болды.

— Сізде осы бір ғана естелік бар еді, енді ол да жоқ. Бәрі де мен үшін. Кешіріңізші мені, мама!

— Болар іс болды, енді айтып қажеті не? Тек қана сен тәуір болып кетсөң, көнілім жай табар еді, — деді де шешесі жауап күтпестен тез шығып кетті.

Шу-шэн терезе алдында ұн-тұнсіз өз ойымен өзі әлек боп тұр. Тышқандардың еденді кеміріп жатқан тықыры естіледі.

Вэнь-сюань да тынымсыз ой құшағында, басы бір минутқа дамыл табатын емес. Ұйқысы қашып кеткен.

– Шешем байғұс та мұжіліп бітті, – деді ол абыржып, – мен үшін ақырғы қымбат қазынасын сатып жіберіпті.

Бұл сөздер Шу-шэнге қарап айтылған еді. Бірақ бұл оған назарын да аударған жоқ.

## XIX

Ертеңіне кешкісін басқармашы Чэн қолхат жіберіпті.

“... Ұшу қынға айналып тұр, бір апта тағы қалатын болдым, келесі сәрсенбіде кететін шығармын... Сіздің мәселенің де оған дейін шешіліп қалар деп ойлаймын.

Бір-екі күнде сізге ауысқаныңыз туралы куәлік жіберіледі... Ертең сағат таңертеңгі сегізде Гуашэньюанды жолығайық”.

Шу-шэн қағаздан басын көтерді. Көзі күтпеген жерден енесінің жанарымен түйісіп қалды. Одан бұған деген өшпенділік табын айқын байқады. “Мен бәрін де білемін, сенің әрбір құйтырқыңа қанықпын”, – енесінің көзі осылай деп тұрғандай болды.

“Онда сенің жұмысың болмасын!” – деп ойлады Шу-шэн. Екеуі кешкі астарын ішіп отырған, енесі ертерек орнынан тұрып кетті.

Кейінгі күндері Вэнь-сюаньды құрғақ жөтел айналдырып алды. Шешесі мен әйелі оған көндігіп те қалды. Көкірегі қыжылдал, ауыртқанымен қоймай, тынысын тарылта бергеннен кейін Вэнь-сюань кеудесін уқалаумен әуре, сонда ғана кішкене жеңілдік тапқандай сезінеді. Тамағы

тынымсыз жыбырлап, қанша жөтелсе де, қақырығын тауыса алмай қиналды. Кере-кере көкірегі де ауырып бітті. Сонда да болса, бар күш-жігерін жиып, әйелдердің үрейін алмау үшін еш ыңырсыған даусын шығармауға тырысып-ақ жатыр. Осы халіне қарамастан олардың әрбір қимылын жіті қадағалап, әңгімелерін қалт жібермей тыңдайды.

– Хат банктен бе? Жайшылық па, әйтеуір? – бұл қам көңілмен, жөтелін әрең тыйып сұрады.

Әйелі жауап қатпады.

Шешесі бұған мойнын бұрып қарады. Мұның не айтқанын естімей қалған секілді, аңтарыла қарсы сұрак қойды:

– Не дейсің, Сюань?

– Ештеңе, – бұл басын шайқады, бір шамадан кейін қайталап айтты: – Мен Шу-шэннен хатта маңызды не жазылыпты деп сұрадым. – Бұл жолы даусын қаттырақ шығарғандықтан оны Шу-шэн де естіді.

– Бір қызметтесім жіберіпті, – әйелі селқос жауап қайырды.

Анасы оған көзімен атып жіберердей жорта қарады, одан: “Мен білемін, сен оны алдап отырсың” дегенді ұғы қыын емес еді.

– Басқармашы Чэнь бе? – деп сұрады кібіріңкіреп барып Вэнь-сюань.

– Иә, сол, – деді Шу-шэн әлгіндегідей селқос мәнермен.

– Ол Ланъчжоуға кетуге жиналып жатқан жоқ па еді? Неге әлі кетпеген? – бұл жақтырмағанын танытып сұрады.

– Ол ертең кетпекші еді, бірақ ұшаққа байланысты бір кілтипан шығып, жолға шығуды келесі аптаға қалдырыпты. – Шу-шэн еш ойланбастан жауап берді.

Шамалыдан кейін ол орнынан тұрып, үстелдің үстін жиыстыра бастады. Анасы шайнекті алып келуге шығып кетті.

– Менің есімде, оның сені Ланьчжоуға бірге алып кеткісі келетіндігі туралы айтқансың. Неге ол туралы ештеңе демейсің? – күтпеген жерден сұрады бұл.

Әйелі бұған сынай қарады.

– Онысы өзірге құр сөз болып тұрғой. – Ол мән берменсіп сөйлеуге тырысты. – Бұдан бірдене шығады деу екіталай.

Дәл осы мезет шайнекті алып шешесі қайтып оралды. Шу-шэннің ақырғы сөзін естіп, тыржың етті де, “Өтірік айтасың!” дегендей келініне жақтырмай қарады.

Шу-шэн қызыарып кетті. Ернін тістеп, жанарын тайдырып әкетті.

– Егер саған шынымен кетеміз десе не істер едің? – Вэнь-сюань қояр емес.

Шу-шэн оның не ойлап тұрғанын білмей дал болды.

– Білмеймін, – қысқа жауап қайырды ол. Күйеуінің сұрақтары тергеп жатқанға ұқсап кетті де, қобалжи бастады.

– Егер қызметінді сонда ауыстырса, онда кетуіңе тұра келедіғой, – бұл оның көңіл күйін байқамай, ойындағысын айтты.

– Қарсылық білдіру – жұмыспен қоштасумен бірдей емес пе. – Ол бұлтартпастан нақты жауап берді, бірақ расы керек, оның мәнісіне ой салмай айта салды.

– Жұмыспен қоштасу дейсің бе? Оған жол беруге болмайды! Мен аурумын, баламыз окуда, қайтіп күнімізді көреміз? – бұл дауыстап өз пікірін ортаға салды.

– Оны-мұны заттарымызды сатамыз, біреулерден қарызданып-қауғаналармыз, әйтеуір өлмес қамымызды жейміз ғой. – Енем естісін дегендей, әйелі әдейі даусын көтере сөйледі. Мына кемпірден көрмеген қорлығы жоқ, сондықтан кішкене мүмкіндікті бос жібермей, оны опық жегізуге тырысып бағуда.

Вэнь-сюань ашына құлді.

– Бізде сатуға тұрарлық не қалды дейсің? Кейінгі бірекі жылда бәрін жалмап біттік қой. Ал қарызды кім береді дейсің? Сенің жомарт достарың болмаса...

– Бұл жөнінде әңгіме қозғаудың қажеті жоқ, – ол сөзін бөліп жіберді. – Сен ауыру үстіндесің, саған көп сөйлеуге болмайды. – Ол көзін тайдырып әкетті.

– Мен ұйықтай алар емеспін. Көзімді жұмсам, кинодағыдай бәрі көз алдымда көлбен қағады. Күйеуімнің тынығуы қыын боп тұр.

– Сен тым көп ойланасың. Ойлана бермей, жай жатсан, ұйықтап қалар едің, – деді Шу-шэн мейірімін төге үгіттеп.

– “Ойланба деу!” – айтқанға ғана оңай. Менің жасымда мынадай ауруға душар болу – қыын ғой! Бұдан айығар ма екем? – бұл күрсініп салды.

– Қайғыра бермеші, Сюань, әлі-ақ жазылып кетесің. Дәрігер айтқан жоқ па, дәрі-дәрмек ішіп, екі жұмадай тынықсан, бәрі жақсы болады деп, – шешесі әңгімеге араласты.

– Ауруханаға барып, тексерілсең дұрыс болар еді. Қанша дегенмен, ол сенімдірек қой. Мен... дей бергенде Вэнь-сюань әйелінің сөзін бөліп жіберді:

– Ал егер мен шынымен туберкулезге шалдықсамшы?

– Онда туберкулезді емдеуге тура келеді, – еш ойланбастан жауап қатты Шу-шэн.

– Өте қымбат ауру ғой, – Вэнь-сюань кіжіне құлді. – Емделу түрмак, күтінудің өзіне қыруар қаражат керек.

– Олай десең, жарлылардың барлығы өлуі керек пе? – Шу-шэн қапалана қарсылық танытты. – Уайымдай бермеші, біз соншалықты кедей емеспіз ғой.

– Барлығы бекершілік. Бос сөздің керегі не? – бұл басын шайқады. Кеудесін бір нәрсе қусыра түскендей сезінді, тынысы тарылып бара жатыр. Көкірегі қырылдал, жүзі күреңіте тұсті.

– Демалуына мұрша берші. – Енесі тұтіге Шу-шэнді сөзден тыйып, мұның кереуетіне жетіп келді. – Сөйлеспей-ақ қойшы, Вэнь-сюань, – деді ұлына жанашырлық танытып.

– Әңгіме жаныңды одан сайын ауырта түседі. Одан да көзінді жұмып, ұйықтауға тырысшы.

Ұлы “жарайды” деп күбір етті де, күрсініп қойып, анасының айтқанына көніп, көзін жұма қойды.

Шу-шэн мұны күткен жоқ еді. Қып-қызыл боп ашуға булығып тұрды да, өзіне-өзі ой салды. Бітпейтін ұрыс-керістен, бет жыртысқан сөздерден, өштескен көзқарастан пайда қайсы?! Өміріміз өмір емес, бірақ айырылуымыз тағы қын, енеммен тіл табыса алмаймын, ал күйеуімнің екеуміздің бірімізді тандауға тәуекелі жетпейді. Осылай өміріміз өту үстінде. Ол – қатты науқас. Маған не жақ-

сылық жасай алады? Жұбатуға шамасы жетеді ме? Қолдау көрсету ше?.. Бар қолынан келетіні күрсіну ғана, ойбай-ау, ол емес, мен күрсінуім керек қой. Жастық шағымды құрбандыққа шалу үстіндемін, мына қапас сұық бөлмеде өлімдік күй кешудемін, содан тапқан олжам жек көрінішті болу ғана. Шу-шэн төзімі таусылуға шақ қалғанын сезінді.

“Сен оны өзіңе қаратып алмақшысың ғой, ә? Жарайды. Ол ойыңды жүзеге асыруға кедергі жасамай-ақ қояйын. Маған оның керегі жоқ енді”. Шу-шэн мырс етті де, терезе алдына барып тұрды.

Тұн сұп-сұық. Салқын ауа бетін желпігендей болды. Терезе сырты қою қараңғылық құшағында, әр тұстан жалғыз-жарым шам жарығы көзге шалынады. Бұл тұрып жатқан үй шекара сзығына орналасқан секілді көрініп кетті. Осы үйден былай қарай басқа әлем тұнере тұнжырайды, онда бүгін шам жарығы тұтас сөндірілген. Селк ете тұсті де, иығын қусырып қойды. Неге қайта-қайта шамды өшіре береді? Онда ешкімнің шаруасы жоқ, оған ешкім де көңіл аудармайды. Жалғыздықтан жаны дірілдегендей болды. Тағы да терезе сыртына телмірді. Бөлменің шамы аурудың көзі секілді сыйырайып, еңсені басып тұр. Жанары төсекке қарай ауды. Вэнь-сюань көзі жұмулы күйінде жатыр, тыныс алуы ауыр, үзік-үзік естіледі. Сағат санап жүдеу тартып бара жатқандай көрініп кетті. Аянышты-ақ. Енесі бөлмeden шығып кеткен болатын. Шу-шэн кереуетке жақыннады да, үн-тұнсіз көрпесін қымтап жауып қойды. Кенет Вэнь-сюань көзін бақырайта ашты да, бұған тесіле қарады, түрі кісі танымастай өзгеріп кеткен. Шу-

шэн шошына дір етті де, сол замат өзін-өзі сабырға шақырып, жұмсарта айтты:

- Көрпен түсіп қала жаздаған екен. Мен көтеріп, қайта қымтап жауып қойдым.
  - Солай ма? – деді ол, сөйтті де қайыра сұрады:
  - Шешем ұйықтап қалған ба? Ал сен неге ұйықтамайсың?
  - Әлі ерте ғой, – деді Шу-шэн. – Сен демала бер.
  - Ұйқым келмейді, – деп жымиды ол. – Мен бірдене айтсам деп едім: ертең сенің туған күнің ғой...
  - Ой, мен оны ұмытып кетіппін ғой, ал сен есінен шығармасың! – Шу-шэн елжіреп кетті.
  - Мә, мұнда мың алты жұз юандай бар. Менің атымнан төрт фунт торт алшы. Ол ертең керек болады. Менің шешемді мазалағым келмей тұр, саған өтініш жасамасқа амалым жоқ. Ол үшін кешірші... – Қолы қалтырай ақшаны ұсынды.
  - Мұндайда туған күнді тойлау қайда? – деді әйелі тебірене, жанары жасқа малынып.
  - Сенен өтінемін, тапсырыс берші... Сыртқа шығып, қауіпке бел байламай-ақ қояйын деп сені мазалап тұрған тұрім ғой. Алшы ақшаны... – деді ол үзіле үздігіп.
- Сыртқы есік қағылды. Шынымен маған тағы бір хат әкелді ме? – деп ойлады ішінен Шу-шэн сөйтті де:
- Кіріңіз! – деді.
- Бұл келген Вэнь-сюаньның қызметтесі Чжун болып шықты.
- Жарайды, көп рахмет! – деп күйеуіне деген ризашылық сезімін білдірді де, Шу-шэн дереу ақшаны ала қойды.

— Ван дос, халің қалай? Төсек тартып жатып қалғансың ба? — Шу-шэнмен амандаса бөлмеге енген Чжун дауыстай үсті-үстіне сұрақ жаудырды.

— Ой, Чжун мырза, келіңіз отырыңыз, — деп кішіпейілдік танытты Шу-шэн.

— Лао Чжун, сені қай жел айдал келді? Мен соншалықты ауру емеспін, бір-екі күнде тәуір бол та қалатын шығармын. Сені әуре еткенім үшін кешірім өтінемін. Бүгін таңертеңгісін ертерек тұрып, жұмысқа барғым келген, бірақ басым айналып ауырмасы бар ма. Содан қайта жаттым, — деді Вэнь-сюань кешірім сұрағандай орнынан тұруға ыңғай таныттып.

— Тұрмай-ақ қой, жатшы. Мен қазір кетемін, — Чжун кереуетке жақын келіп, одан қозғалмауын өтінді.

— Ештеңе етпейді. Тұрып отырайыншы. Еш үйқым келмейді. Көріп отырсың ғой, әлі киімімді де шешкенім жоқ, — Вэнь-сюань кереуетінің ернеуіне аяғын салбыратып отырды.

— Дегенмен жатқаның жөн шығар, солай да әңгімелес-уімізге болады ғой, — деді Чжун жұмсақ үнмен.

Шу-шэн шай құйып әкелді.

— Чжун мырза шай ішіңіз.

— Рахмет, — ерекше ілтипатпен күлімсіреді Чжун-лао. — Мен жаңа ғана “Кешкі газеттен” оқыдым, Люсай азат етіліпті. Жақсы хабар. — Ол шайын ұртап ішे бастады.

— Иә, — Вэнь-сюань жөтеліп қойды. — Бәлкім, кеңсеміз енді көшпейтін шығар. — Көңілі орнына түсейін деді.

— Эрине, көшудің енді қажеті қанша?

— Олай болса, мен үшін ертең тағы бір күн демалыс сұрай салшы, әйтпесе жалақымнан көп ұстап қалар.

— Уайымдай берме, одан да демал. Корректорлық қызметтің саған зияны көп. Денсаулығыңды ойласаңшы, — әр сөзіне салмақ сала айтты Чжун.

— Сен біздің Чжоудың мінезін білесің ғой. Соның қарамағында жұмыс істегеннен кейін бәріне төзуге тура келеді, — қабақ шытты Вэнь-сюань. Чжунның бірдене айтқысы келіп еді, бірақ оны Вэнь-сюань бөліп жіберді: — Сен байқаусызда естіген жоқсың ба, кеше мен жұмыстан қайтқаннан кейін ол не деді екен?

— Мен төменгі қабатта жұмыс істеймін ғой, қалай естімін? Дегенмен... — Чжун бір бума ақшаны алды да, мұның кереуетіне тақап келіп, жастығының ұстіне қойды. — Мына жерде он мың бес жұз юаң бар, бір жарым айлық жалақың. Басқармашы беріп жіберді.

— Бір жарым айлық дейсің бе? Сол үшін сені жіберді ме? Неге? — таң қалды Вэнь-сюань. Біруақ ұнсіз отырды да, кенет дауыстап сұрады: — Ол мені жұмыстан босатқысы келеді ме?

— Ол айтты... ол айтты... — Чжунның тілі күрмелеп берді, қызырып кетті де, үнін өшірді.

— Менің жазығым не? Ешқандай себепсіз неге мені жұмыстан қуады? — Вэнь-сюань қарсылығын білдірді. Басына қан шапшып, сол жақ кеудесі шаншығанын сезді. Тынысы тарылып бара жатыр. — Мен бар жан-тәніммен жұмыс істедім. Ешкіммен шәй дескен жоқпын. Бәріне көніп, бәріне төздім, мен білмеймін...

— Қатты көніліце алма, дос, ол сені қуып жатқан жоқ... сенің денсаулығың нашарлап барады... ол туберкулезге душар болдың ба деп қорқады, сондықтан да жарты жыл демалғаныңды жөн санайды, ал ар жағы содан кейін белгілі болады ғой, — деді бар ерік-жігерін жиып Чжун. — Бәлкім ол қателесетін шығар, сен туберкулезбен ауырмауың да мүмкін ғой. Саған дұрыстап тынықкан лазым, әбден жүдеп кеттің емес пе. Біраз демалсаң бәрі жақсы болады деп ойлаймын. Чжоу екі айлық еңбек ақы беріп отырғанын ескертті, жарты айлығын өзің алышсың, сондықтан бір жарым жалақыңды беріп жіберді. Тәуір болғаннан кейін басқа жұмыс тауып аларсың. Сондайлық жағдайың аса қыын емес қой.

Чжун басын төмен салып, ұндеңей отырып қалды.

— Қалай дегенмен де, мынау оңбағандық қой! Екі жыл бойы өгіз секілді еңбек еткен кісіні ауырып қалды деп лақтырып тастай салды, — деді ашуға мініп Шу-шэн. — Чжун мырза дұрыс айтады. Тәуір болғаннан кейін өзіңе лайықты басқа жұмыс тауып алғаның жөн.

— Бүгінде жұмыс табу оңай емес қой, — деді Вэнь-сюань.

— Бір амалы болар, мен іздестіріп көрейін. Мынадай жұмыс табылмайды дегенге мен сенбеймін, — Шу-шэн кесіп айтты.

— Эйеліндікі жанды сөз, — деді Чжун. — Біздің мекемеде жұмыс істеу — ит тіршілік қой. Одан құтылғаныңа еш өкінбе, дос.

— Бұл сондай ақ көніл, біреудің көнілін қимайды, сондықтан өмірден таяқ жеп жүргені. Егер сіздің қамқор-

лығыңыз болмаса, Чжун мырза, бұл осы уақытқа дейін онда жұмыс істей алмас еді, – деді әйелі.

– О не дегеніңіз, олай демеңіз! Мен ешқандай қамқорлық жасадым дей алмаймын! Күйеуіңізге бірде-бір жәрдемім тимегеніне керісінше ұялып тұрмын, – деді қысыла-қымтырылып Чжун. – Бар болғаны онымен жиі әңгімелесіп жүрдім, әр уақытта оның адамгершілігіне тәнті болатынмын. Екеуміздің арамызда бір жақындық бар екенін жұмыстағылар да біледі, сондықтан да ғой басқармашының сіздерге мені жұмсағаны.

Шу-шэн мұндана күлді.

– Иә, біз бәрін де түсінеміз. Басқармашының сізді жұмсағаны Вэнь-сюаньды жұмыстан босатқанын айтып тұрған жоқ па. Солай емес пе, Сюань?

– Иә, солай, – деп күбір етті бұл.

– Келіспеске амалың қайсы! – деді Чжун. – Біздің мекеменің болашағы жоқ екенін жақсы білесің, сондықтан оған еш өкінудің қажеті жоқ. – Ол мұның көнілін аулап, әр әңгіменің басын бір шалып отырды да, бір кезде орнынан тұрып жатып айтты: – Жарайды, мен сіздерге қолбайлау болмай, кетейін. Бір-екі күннен кейін тағы бір соғып кетермін. Дос, тезірек сауығып кет. Біздің заманымызда денсаулық – зор байлық боп тұр ғой.

– Чжун, тағы біраз болшы. Сен бізге ешқандай да кедергі жасамайсың, қолымыз бос қой, – Вэнь-сюань оны кідіртіп бақты. Шу-шэн оны өзі үшін жасап жатқанын түсінді. Қонақтың келуі өмірлеріне бір өзгеріс енгізіп, жаңалық әкелгендей боп тұр.

— Жо-жоқ, таяу күндері тағы кіріп шығамын, — Чжун қоштаса бастады. — Менің бір шаруам болып тұрғаны.

— Жарайды онда, мен сені шығарып сала алмаймын. Кош-сau бол, — Вэнь-сюань қолын ұсынды.

— Еш оқасы жоқ, ештеңе етпейді, шығарып салмай-ак қой. Мен келіп кетіп тұрамын ғой, — Чжун бәйек боп қоштасты.

— Сізді мен шығарып салайын, Чжун мырза, — деді Шу-шэн.

— Дәліз тас қараңғы ғой. — Шу-шэн қол фонаригін алды да, қонақты баспалдаққа дейін шығарып салды, сол жерде қалып, төменге жарық түсіріп тұрып, жанашыр дауыспен ұзатып салды: — Абайланыз, байқаңызшы!

— Маған бәрі көрініп тұр, бара берсеңіз болады, — Чжун бәз баяғыша сыпайылық танытуда. Бұл асықпай бұрылып, аттай бергені сол еді, кенет Чжунның біреумен әңгімелесіп жатқанын құлағы шалып қалды.

“Бұл келген сол ғой”, — деп ойлады Шу-шэн енесі есіне түсіп. Көңілі бірден құлазып сала берді, — шалт қымылданап бөлмеге енді.

— Кетті ме? — деп сұрады Вэнь-сюань жатқан күйінде. Оның жауап беруді қажет етпейтін сауалды тыныштықты бұзу үшін ғана қойғаны байқалып тұр.

— Кетті, — әйелі селқос жауап қатты. Бөлме іші күп-күңгірт, әдеттегідей сарғыш, өлімсіреген, дімкәс жарық ескі жиһаздарға көлеңкесін түсіріп, жыпылық қағады, кереуетте Вэнь-сюань тірі аруақ бол сұлық жатыр. Бұған шыданап бағу мүмкін емес! Бұл әлі жап-жас қой! Тірі адамның бет-әлпетін көргісі келеді.

— Ақшаны тық, — ашына күлді ол. — Бұл менің өмірімнің құны.

Соңғы сөздерді өте баяу айтқандықтан, бұл оны ести алмады. Кереуетке қарай аттап басты да, сол замат жерінген сезіммен бір орында тұрып қалды.

— Шешене бер, әйтпесе тағы да әңгіме қоздырып жүрер.

Ол ештеңе демей, ақырын құрсініп қойды. Дәлізден енесінің аяқ тықыры естілді.

— Мама, сен қайда барып келдің? — деп қамын жей сұрады Вэнь-сюань. Мынау сүреңсіз, сұық бөлмеде даусы — жалғызысырай, жаңғырып шықты.

— Дәрігерге барып қайттым. Уайымдал жүрмін. Сенің денсаулығыңды біліп келдім. Оның айтуынша, бұл туберкулез емес көрінеді, дәрі-дәрмек қабылдасаң жазылып кетесің, — мейірімін төге айтты шешесі, бірақ даусынан бір алаңдаушылық табы байқалады.

— Иә, таусылатындай ештеңе жоқ, өзім де білемін — қорқатындай дәнeme жоқ екенін. Сізге ары-бері жүре беруге болмайды! Дала сұытып тұрған шығар? Онсызда күні бойы әбден шаршадыңыз ғой, сіз менің құдды бір бағушым секілдісіз, мен сізге қандай қарыздармен. — Вэнь-сюаньның көзі жасаурап кетті.

— Мұндай ұсақ-түйекті ойдана берме. Мен — бағушы болуға көндіккен жанмын. Біреулер секілді бақыттың ләzzатын татуды тағдырыма жазбапты, — деді ол Шу-шэнге назарын бұрып, құшырлана.

Жас әйел үстелдің қасында тұрған болатын. Енесінің сөзі тұп-тура жүрегіне барып дық ете қалды. Жанайқайын

жеткізуге кемпірге оқтала беріп еді, анау кереуетке жақын барып әңгіме тетігін басқа арнаға бұрып жіберді:

— Чжун Бо-цин саған қысқы ауа ауыр тиетінін айтады, ауа райы жағымды жаққа қоныс аударуымызды кеңес етеді.

— Қайдағы? Көшүге бізде ақша бар ма? — Вэнь-сюань іштегі шерін лоқ еткізді.

Бітпейтін келеңсіз әңгіме, ал өмір болса, жылыстап өтіп барады! Шу-шэннің ақырғы төзімі таусылды. Ешқандай қылмыс жасаған жері жоқ, олай болса, неге жапа шегуі керек? Осылайша, мына абақтыда бар өмірін өткізу тағдырына жазылмаған шығар. Қайткен күнде де бұл жерден суырылып шығуы қажет, иә солай, есі барда, елін тапқаны жөн. Тағдыр сыйлаған мүмкіндікті жіберуге болмайды. Бұл жерде не үшін қалады? Мына адамдармен қай кіндігі байлаулы тұр? Бұл өз өмірін құбандыққа шалуы тиіс емес қой. Өзінді-өзің құтқарғаның жөн.

## XX

Сенбі күні Шу-шэн кетуге рұқсат алды. Көңілі көтеріліп, үйге қуанышты оралды. Ұлы ұстел басында кітап оқу үстінде, енесі орындығында отыр да, күйеуі кереуетінде жатыр. Екеуі бірдеңелерді айтып, әңгіме-дүкен құруда. Сяо-сюань анасын көре сала орнынан тұрып, солғын амандасты. Даусында бір өзгешелік, салқындық бар.

— Менің хатымды алдың ба? — деп сұрады Шу-шэн.

— Алдым. Ертерек келуге жағдай мұрша бермеді, сабак өте ауыр. Маған ғана емес, барлық балаға солай, — бір түрлі жатырқай жауап қатты ұлы.

Бұл ұнатыңқырамай, бірдеңе деп күнк етті де, баласын басынан аяғына дейін көзбен сүзіп шықты. Оның боп-боз, жабыңқы түрінен жастық шақтың ізі де байқалмайды. Бар болғаны он үш жасқа жаңа толғанына қарамастан қандай егде көрінеді! Шу-шэн қабағын шытып, көзін тайдырып әкетті. Сөйтті де күйеуіне қарай жақын барды.

— Көңіл күйің қалай?

— Бұрынғыдан тәуір!

Бұл тіркесті есту қалыпты жайға айналғалы қашан. Бұл күн сайын одан жағдайын сұрағанда дәл осындай жауап алады, ал расында олай емес екенін екеуі де жақсы біледі.

Бұл оның жөтеліп жатқанын естіп біліп, жастығының астындағы шағын түкіргішті қолына алып, қайта орнына қойып, мезі болғанын көріп отыр. Шекесі шығып кеткен. Бақырайған көзіне үрей ұялаған.

— Дәрінді іштің бе? — деп сұрады аяушылық сезімге бөленіп бұл.

Ол басын изеді. Қиналып жатқаны көрініп тұр.

— Меніңше, бәрібір ауруханаға барғаның дұрыс болар еді, — бұл қанша рет айтқан сөзін тағы қайталады.

— Кішкене күтейік, — ол ұстемелей басын шайқады.

— Нені күтеміз? Ауруды асқындыра берудің қажеті қанша?

— Мен әлі де шыдай аламын, аса шошитындей ауру да жоқ қой менде, тек жөтел болмаса.

— Сол жөтел аурудан туып жатыр емес пе, оның үстіне әр күні дене қызының көтеріліп кетеді. Мен қатты уайымдал жүрмін... — Бұл сөзін аяқтай алмады.

Артық айтып қойғанына іштей өкініш етті.

— Маған ешқандай тексерілудің қажеті жоқ, онсыз да білемін туберкулезбен ауыратынымды. Тексерілгеннен не пайда? Дәрігерге көріну өлім жазасына кесілгенінді естүмен бірдей. — Оның жан жарасы сыздап қоя берді, басқа ештеңе айтқысы келмеді.

Шу-шэн күйеуіне ұн-тұнсіз қарады да, іштей ойға берілді: “Ол барлығын да біледі, тіпті мына азы шындықта оған жат емес. Менің ақыл-кеңесімнен келер қауқар бар ма? Ол соңғы күндерін өткізу үстінде. Қалай оны құтқарып қаламын?.. Менің қолымда не тұр? Ақырын құтуден басқа амалым жоқ. Әйтпесе... құтқар өзінді”. — Әр түрлі ой басын қатырып жіберді. Байқатпай жылап та алды, сонымен бірге көңіл түкпіріндегі үміт сәулесі де өшіп бара жатқанын сезді.

— Олай ойлаудың қажеті қанша? Туберкулездің өзін жазып жіберуге болады ғой, — мұны бірдене деу керек болғаннан кейін айтты.

— Одан емделу үшін ақшаң болуы керек, сонымен бірге аяғы жақсы болатынына сенім қажет. Оны сен жақсы білесің. Дәл менің жағдайымда оған қайда?

— Жарайды, қайғыра бермеші, демалшы одан да, енді біраздан кейін дәрі ішуің керек болады, — әңгімеге көңілі жарым шешесі араласты.

Шу-шэн енесіне жақтырмай қарады да, үстелдің қасына барып, не істерін білмей тұрып қалды. Сяо-сюаң кітаптан бас алар емес, Вэн-сюаң мен шешесі әңгімелесіп жатыр – Шу-шэнге көңіл аударап кісі жоқ. Ұлының өзі сөзбен қарық қылмады. Жаны жалғыздық тақсіретін тартқаны

сондай, көзін алдарқатуға бір нәрсе таппай қор болды. Осындай ауыр зілмен орындыққа тізесін бұktі де, ой тізгінін ағытты: “Өмір бақи осылай енем қашан тамақ берер екен деп күту тақсіретін бастан кешумен өтпек пе?! Содан кейін өлі тыныштықта біріне-бірі жаулық ойлап отырып ішкен тамағы құрысын! Мәңгілік салқындық! Астан кейін де тон жіби қоймайды. Барлық уақытта еңсесін мына күлгірт-сарғыш шам жарығы, немесе оны өшіріп тастаған кезде тас қараңғылық таптап, жаншып тұрғаны. Күйеуімен күнделікті айна-қатесіз қайталанатын бірсы-дырғы әңгіме де, оның аурудан жүдеу тартқан өні де әбден мезі етіп бітті. Мынадай өмірден жынданып кетпесе, не қылсын! Бұл жастық шағының босқа өткеніне көнбейді!” Басқаларды құтқаруға шамасы келмесе де, қамын өзі жеуі керек. Әйтпесе осы жерде, мынау бөлмеде өмірі қорлықта өтері кәміл.

Бұл орнынан тұрды. Жаңағы шешімін тағы да нығыздай тұсті. Енді айнуға болмайды. Сөмкесінде кетуіне рұқсат берген қағаз жатыр. Мұндай мүмкіндікті не үшін босқа жіберуі тиіс?

Кобалжыңқырап басып баласына жақындағы:

- Сяо-сюань, жүрші сейілдеп қайтайық.
- Кешкі асты күтпейміз бе? – ұлы кітаптан басын көтерді. Жастығына қарамастан, ересек кісілерше жауаптасты, әкесінен аумай қалғаны көрініп тұр.
- Жарайды онда, бармай-ақ қояйық, – кенет шешесі, шешімін өзгерте салды. Ұлының сөзі неге екені белгісіз, көңілін бұзып жіберді.

Сяо-сюань ештеңе ұқпай бұған аңтарыла қарады.

- Мама, өзіңіз ше, бармайсыз ба?
- Жок, – басын шайқады да, ішінен ойлады: “Мынаның әңгімесі көбейіп кетті фой”.

Сяо-сюань ләм-мим деместен бұған көзін аударып бір қарады да, қайтадан кітабын оқуға кірісті.

“Құдды бір менің балам емес секілді”, – деп ойлады оның ту сыртынан тесіле қарап. Ұлының мұнымен шаруасы жоқ, жаңа пьеса қызықтырып әкеткен. Күн нұры біртін-деп қара көлеңкеге ұласты. Шам жарығының берілгені де дәл қазір. Бұрынғысынша сәулесі күңгірттеніп тұр. Сол себепті де ұлы кітапқа еніп кетердей, барынша еңкейіп, үңіліп отыр. “Мына тұрімен көзінен айырылады фой”, – деген ой келді бұған. Баласын қатты аяп кетті.

– Сяо-сюань, демалсаңшы, соншалықты құлай берілуге болмайды фой.

Сяо-сюань шешесіне таңырқай қарап, жауап қатты:

– Жарайды! – Оның көзі жылтырап, денсаулығы сыр бере бастағанын байқатып тұр. Кітабын жапты да, еріне орнынан көтерілді.

“Мынау не масқара, күлу дегенді білмейді, қымылы ауыр. Балаға еш жері ұқсамайды, аумаған әкесі”, – деп ойлады бұл тағы да. Баласы ақырын басып кереуетке барды. “Мен оған өгей шеше секілдімін, тым жатпын”. – Бұл жаңа ғана Сяо-сюань босатқан жұмсақ орындыққа сылқетіп отыра кетті.

Енесі Вэнь-сюаньмен сөйлесіп отыр. Баласы кереуеттің қасында оларды тыңдалап тұр. Шамасы, олар өздері туралы айтып жатқан секілді.

Менің Вэнь-сюаньмен сөйлескенімді қаламап еді, – деп ойлады енесіне ашуы келіп. – Ал өзі оның демалуына мұрша берер емес! Қара басын ғана күйттейтін кәрі қақпас! – Колына жаңағы ұлы оқып отырған кітапты қалай алғанын білмей де қалды. – Мені соншалық жек көреді, өзіне ата жау санайды. Ұлымда менің барым да, жоғым да бәрібір, анау сорлының үйретіп жүргені ғой. Вэнь-сюань да соның қас-қабағына қарайды, өлердей жақсы көретін болуы керек.

Мынадай көңіл күйді, жалғыздық тақсіретін тарта беруге шамасы жетер емес. Қайткенмен де жүрегіне жақын бір нәрсе іздең табуға тиіс. Ұлы оқып отырған әлгі кітапқа еріксіз назар аударды. Көзіне бас тақырыбы оттай басылды: “Қасірет”. Бұл Цяо Юяның пьесасы ғой. Оның қойылымын да көргені бар, бірақ кейіннен тыйым салынған болатын. Мына құдіретті көрмейсіз бе, қолына тұра сол пьесаның іліккенін қарасаңызшы?! Қандай ұқастық! Пьесада да келіні енесін жек көретіндігі туралы сыр тербеледі, ал күйеуі екі әйелді де сүйетіндігі үшін азапқа түседі. Ал ақыры ше? Оны еске түсіру тым қорқынышты! Мұның олай аяқтауға шамасы жетпейді, бұл ондай жан емес! Шу-шэн – бұл жерде артық адам, мұның кетіп қалуына мүмкіндігі бар, рұқсат қағаз – сөмкесінде. Бәрі шешілген! Банктегілер бұдан басқа адамды жібермейді, тек өзі келіспей қоймаса, бұл әрине, олай істемейді. Егер банктен шықса, онда қайдан жұмыс іздең табады, оның үстіне – алдын ала ақшасын да алыш қойған.

“Ұшың керек, ұшың керек!” – жігерін жанып, ғайыптан бір дауыс құлағына сыбырлағандай болды. Көз алдын-

да кетуге рұқсат берген қағаз көлбендең тұрып алды. Ланьчжоу! Осы бір сөз басын шыр көбелек айналдырып жіберді. Біртіндеп көңіл күйі көтеріле берді. Өзінің тәуекел етуге күш-жігері жететінін сезді. Тіпті енесіне өшіге қарап отырып ойланды: “Сендер барлығың маған қарсысындар, бірақ мен одан қорықпаймын. Менің өз соқпағым бар. Ертең ұшамын!”

## XXI

Вэнь-сюань қорқынышты тұс көріп шықты, әйелі мұны тастап, бөгде бір еркекпен кетіп қалыпты да, ал шешесі қайтыс болыпты. Егіле жылап жатып оянып кетті, жүрегі тарс-тарс соғады. Оның дүрсілін әрең басқандай болды. Аузы аңқиып, түкке тұсінбей, жан-жағына алақ-жұлақ көз тікті. Бірақ бөлме іші тастай қараңғы – құдды бір көрде жатқандай күй кешті. Қатты шошығаны сондай тыныс алуы қынға тұсті. Кеуде тұсы сыздап ауырып қоя берді. Талмаусырап барып көзін жұмып еді, бірақ сол замат қайта бақырайтып ашып алды, өйткені қорқынышты тұс тағы да көз алдынан көлбең қақты.

“Қайдамын өзі? – тұсінсе бұйырмасын, – тірі ме, өлі ме?” Ешқандай дауыс естілмейді, бірақ бөлмені әлсіз бір дыбыс тұндырып тұр. “Жалғыз өзіңсің”, – құлағына өз үні шалынды. Кенет жүрегі шымырлап жүре берді, көзінен пара-пара жас акты.

“Неге олай, біреулер өмір сүреді де, енді біреулер өлімге душар болады?” – бұған ацы ой келді. Дөңбекшіп біраз жатты. “Неге осынша тып-тыныш? – тағы да ойлады.

– Бұл түсім болар”. Көз жасын сұртті, тамағын бір нәрсе жыбырлатып барады. Жөтеле орнынан тұрды да, шам жақты. Шам жарығы көзін қарықтырып жіберді. Иығына жамылғысын ілді де, үстелге қарай жүрді. Әуелі көзіне іліккені Шу-шэн болды. Жаратушыға мың тәубе! Әйелі жайбарақат үйықтап жатыр. Мақта көрпе бетін жартылай жауып тұр. Ұзын қара кірпігінен көзі ашық жатқан секілді. Мандайында бір әжім жок, сондайлық жап-жас көрінеді. Бұл өзіне қарады, тозығы жеткен жамылғысы мен құлді-реген іш киімін көріп, селк ете қалды, бүкіл денесі сыздап қоя берді, тағы да тамағына бірдене кептеліп қалғандай ауыр күй кешті. Әйеліне қарағанда мұлдем басқа дәуірдің адамына ұқсап кетті. Бұл әбден азып-тозыпты! Ол бұған жаңалық болмаса да, осы жолы кеудесіне біреу балғамен қойып қалғандай әсер етті. Теңселіп барып, үстелді қармап тұрып қалды.

Калтырап, еріксіз бүрісе түсіп, үстелдің қасында біршама уақыт тұрды. Бөлме іші әлі жарық құшағында. Бұрыш-бұрыштан тышқандардың тысыры, сырттан аяқтардың тықыры естіледі. Біреу ақырын басып келеді, әлсіз, қарт даусымен айқайлап қояды: “Кімге тәтті су керек?” Вэнь-сюань үмітсіздене күрсініп қойды.

Жанарын шешесінің бөлмесі жаққа аударды. Есік жабық тұр. Сол жақтан біреудің үйқысыраған үні естіледі. Барлығы қалың үйқы құшағында. Құлағын түріп, тың тыңдады. Иә, бұл ұлының тыныс алысы ғой. “Сорлы бала, біздің отбасында не үшін дүниеге келдің сен, – деп ойлады Вэнь-сюань. – Шешен де бақытсыз, қанша уайым-қайғы жеп жүр. – Терең күрсініп қойды. – Әйтеуір, жаратушыға

шүкір, барлығы орнында екен”. Бұл ой көңілін әжептәуір тыныштандырғандай болды.

Тамағы қайтадан жыбырлап қоя берді, жөтелгісі-ақ келіп тұр, бірақ әйелім мен шешемді оятып жіберем бе деп қорықты. Қырылы үдеп, көкірегі қырнап ауыртып барады. Аузын тарс жауып, жұмсақ орындыққа жақындады да, гұрс етіп отыра кетті.

Ақырын, аузын қолымен жауа жөтеліп, тамағының жыбырлауын қойдырды-ау бір кезде. Бірақ түкіріп тастауға шамасы жетпеді. “Тіпті соған да әлім жоқ”, – деп қынжыла ойланды бұл.

Енді тамағы құрғыр құрғап, кекірік татып тұрғаны мазасын алды. Бір ұрттам шай ішіп жібергісі кеп, орнынан көтерілгені сол еді, үстел үстінен бір зат құлап түсті. Бұл Шу-шэннің сөмкесі болып шықты. Еңкейіп, көтере қояйын деп еді, аузы ашылып кетіп, оны-мұны қағаздары мен ерін бояғышы еденге шашылып қалды. Оларды жиыстыра бергенде кетуге рұқсат берген қағаз көзіне түрпідей тиді. Орындығына отырып, онымен мұқият танысып шықты. Онда бар болғаны бірнеше сөз жазылғанына қарамастан, екі рет қайталап оқыды. Сол замат қақ төбесінен біреу мұздай су құйып жібергендей бүкіл денесі қалшылдалап кетті.

Ол мені алдап жүр екен ғой! Неге өйтеді? Мен оның жолына еш бөгет болған жоқ емес пе едім. Құдды сатқындық жасағандай ол мұны азапты қүйге душар етіп отыр. Ойы сан-саққа жүгірді. Еш жауабын таба алмай, үнтүнсіз ернін қыршу үстінде. Көкірегін өрт кернеп барады, қолымен кеудесін басты. Өкпе құрттары кеулеп жей

түсіде, бұлінбесе одан әрі. Шынымен-ақ ол кетеді ме? Бұл рұқсат қағазына тағы да көз салды. Сұрайтындай дәнене жоқ, қағазда тасқа таңба басқандай бәрі анық жазылған, ол кетеді. “Көнбеске шараң қайсы? Оның тұптің-тұбінде өз орнын табуы тиіс емес пе. Мына азапқа шыдай тұс деп зорлық жасаудың еш жөні жоқ қой” – бұл өзін-өзі жұбатты. Бұрылып, Шу-шэннің ту сыртынан қайта көз тікті. Ол қабырғаға қарай аунап түсіп, ұйықтап жатыр. Қап-қара шашы ғана жанарына ілікті.

Қандай әдемі ұйықтап жатыр, – ақырын күбір етті де, жұмсақ орындыққа шалқалай жатып, көзін жұмды.

Сөл өтпей, селк етіп оянғандай, көзін жыпылықтата ашып, жан-жағына жалтақ-жалтақ қарады. “Мұндай да – жап-жарық, тып-тыныш, сап-салқын болады екен-ау!” Бұл қайтадан әйелі жаққа назар аударды. Ол әлі ұйықтап жатыр, бірақ бұл жолы беті бері бұрылып, оң қолы көрпе үстінде қалып қойыпты. Жұп-жұмыр білегі аппақ боп көз тартады. Салқындал қалатын болды-ау деп ойлады да, кереуетіне жақын барып, қолын көрпе астына тығып қойды. Шу-шэн оянып кетті. Сығырайта көзін ашып:

– Сен ұйықтамағансың ба? – деді шошына. Төсегінен неге тұрдың?

– Қолың көрпеден шығып қалыпты. Тоңып қаласың ба деп қорықтым, – ақырын түсіндірді бұл.

Ол ризалық сезіммен қарап тұрды да, бір уақытта мұның қолындағы рұқсат қағазға көзі түсіп кетті.

– Оны неге алдың? – абыржушылық танытты ол. Тұрып отырып, тұнгі жамылғысының жағасын түріп қойды. – Қолыңа қалай тұсті?

— Байқаусызда көріп қалдым, — деп жауап қатты бұл жүзін төмен салып. Беті қып-қызыл бол отырып, тағы да қосып қойды: — Сөмкең еденге құлап түсіп, ақтарылып қалды.

— Мен оны бүгін ғана алдым. Не істерімді білмеймін, — деді ол кешірім сұраған кейіп танытып. Миы қатып жүріп, сөмкесін үстелдің үстінде қалдырып қойғаны жаңа есіне түсті. Шу-шэн күрсінді де, көрпемен тез бүркеніп алды.

— Жолынан қалма, мен қарсылық танытпаймын, — деді бұл ақырын.

— Өзім де солай ойлағам. — Ол мұның өзіне тесіле қарап, бірдене дегісі кеп тұрғанын айтқызбай-ақ түсінді. Жан дүниесі езіліп кеткендей болды. — Менің ешқайда барғым келмейді, бірақ өйтпесем қайтіп күнімізді көреміз?

— Мен білемін... — тілі күрмелे сөзін бөліп жіберді бұл.

— Билет алуыма басқармашы көмек етті, оның айтуынша, алдағы сәрсенбіде кетуіміз керек.

— Иә, — деді Вэнь-сюань еш ойланбастан.

— Менің көп қол жүгім де жоқ. Солтүстік-батыста заттар арзан тұрады, көйлек-көншегімді сол жақтан сатып алармын, — деді ол әңгімесін жалғастырып.

— Иә, ол жақта арзан ғой, — дей салды Вэнь-сюань бейжай күйде.

— Мен банктен жол шығынымен қоса алдын ала біраз қаражат ала алады екенмін. Үйге елу мындей юань қалдырып кетемін.

— Иә, иә, — қысқа қайырды бұл. Тамағына бірдене кептегіп қалғандай болды.

— Ал сен тезірек денсаулығынды түзе. Менің онда қызметімді өсіреді, көбірек жалақы тауып, сендерге молынан жәрдем етіп тұрамын. Ештеңе ойланбай, денсаулығынды түзе. — Шу-шэннің біртіндеп сенімі нығайып, тіпті жүзінен күлкі лебі есе бастады.

Вэнь-сюань әрең аяғынан тұр.

— Мен барып ұйықтайын. — Үстелге барып, оның сөмкесіне рұқсат қағазды салып қойғысы келіп еді, бірак екі аттамай жатып, кері бұрылды да, кереуетіне құлап түсіп, көрпесін жамыла көз жасына ерік берді.

## XXII

Осы кештен бастап тұнімен шым-шытырық тұс көріп, қиналып шығу әдетіне енді. Ондайда өзін қоярға жер таппай әбден зәрезап күй кешеді. Бір тұс екіншісіне алмасып, жанын жегідей-ақ жейді. Әр тұс көрген сайын міндетті түрде Шу-шэнмен айырылысу сәті елестемей қоймайды. Бірде ол Ланъчжоуға аттанса, екіншісінде тағы бір жаққа кететін болып жатады. Кей кездері оның шешесімен ұрыс-керіс жасап, бұлқан-талқан ашуға мініп, үйді тастап бара жатқаны түсіне енеді, осындай қиналу үстінде, қара тер боп оянып кетеді. Ауруы асқына тұскенін жаны сезіп, одан сайын азаптанады.

Әйелі екеуі кәдуілгі ерлі-зайыптылар секілді бір төсекте жатқанымен, дертін жүқтывып алмау үшін бұл оған бетін бұрмауға тырысып бағады. Сондықтан қатар жатса да, жүректері бірінен-бірі алыс соғады. Күндіз ол үйде болмайды, кештетіп бір-ақ оралады. Әр күні қонаққа

шақыру әдетіне ене бастады: достары оның құрметіне қоштасу кешін үйымдастырып әуре. Шу-шэн үйге қайтқан сайын мұның кереуетінің қасында шешесі күзетіп отырғанының үстінен түседі. Қалай пәтерге басын сұқты, солай енесі өз бөлмесіне кетеді. Шу-шэн кереуетке жайғасып, немесе орындыққа тізе бүгіп, бұған күні бойғы көрген-білгендерін әңгімелеп береді. Ол әдеттегісінен көбірек сөйлеуге тырысады, өйткені бұл сөзге сараң, бұйығы болып алды. Оған ғашық сезіммен, құмарта көз қылғын ұзак қадайды, тағы да кездесуге тағдыр жазар ма екен деп толғанады.

Екеуінің бірге болуына қанша күн, неше сағат қалғанын санап, жаны жай таппауда. Уақыт зуылдан өткен сайын мұның өзін-өзі жеңуі қынға түсіп барады. Оның кете беруіне рұқсат ете ме, жоқ әлде қалуын қылышп өтіне ме? Бақытты болуына жол ашқаны дұрыс па, немесе өзімен бірге көрге сүйрегені оң ба?

– Кеткеннен кейін мені есіңде аласың ба? – деп сұрауға қанша оқталса да, оған дәті жетпеді.

Оның елу мың юаңь берген кездегі сөзі есіне түсті: “Мынау жиырма мың юаңды қолма-қол ал, қалғаны – банкте, – деді ол, – әр ай сайын сол ақшаның жеті пайызын қажетіңе жаратуға келісім жасалынды”. Әйелі ақшаны қалай пайдалану керек екенін жақсы біледі, сондықтан оның айтқанын тыңдаудан басқа шарасы жоқ.

Бір жолы, барлық жүктегі түгел жиналышп, кетуге әзер тұрған күні ол жұмысынан ерте оралды да, селқос үнмен сапары тағы бір аптаға кешігетінін хабардар етті. Дәл сол сәтте бұл үшін одан өткен қуаныш жоқ болатын. Оны

алып қалуға еш хақылы еместігін жақсы түсінеді, қолынан келер бар дәрмені оның сұлу келбетін тағы да бірнеше күн көруді армандаумен ғана іштей тынып, соның өзі жанын жегідей жеп жүрген тұғын. Екеуінің жүрек лұпілі күннен-күнге бірі-бірінен алыстап бара жатқанын жақсы сезеді. Мұнымен қоштасу ол үшін еш өкінішті емес секілді көрінеді. Жүзінен күлкі лебі есіп, әр кез бұған айтады:

– Бір-екі айдан кейін сенің халінді білуге келіп қайтамын ғой. Біздің басқармашының авиация агенттігінде танысы бар, ұшаққа билет алу аса қындыққа түспейді. Екі қала арасындағы әуе қатынасы да жақсы екен.

Бұл жолы да мақұлдалап, басын изегенмен, іштей қай-қайдағы ойға беріледі: “Сен қайтып келгенге дейін өмір сүрем бе, жоқ па, білмеймін”. Еңіреп жылағысы келді. Кенет жөтелі қайта қысып ала жөнелді, күрк-күрк жөтелген сайын көкірегі қарс айырылардай түйіп ауырады. Тағы да қырылдай ыңырсыды. Әйелі мұнысына әбден көндігіп алған, сөйтсе де бәз баяғысынша бұған аяушылық сезіммен жаны аши қарап, халін сұрап бәйек болып жатыр.

Алдымен төсегінен тұрып отырды, содан кейін орнынан тұрып, бөлмені ары-бері кезіп жүре бастады. Бет-әлпетінің боп-боздығы мен жөтелі болмаса, қай дерт жанын азапқа салып жатқанын ешкім білмей дал болар еді. Бәз баяғыша дәрі-дәрмек қабылдау үстінде, бірақ бұрынғысынша уақытында ішуді қойған. Шешесі рентгенге түсуге мұны қанша үгіттесе де, оған көнбей, қасарыса қарсылық танытуда. Бар емі – қытай дәрілері, өйткені олар өте арзан, пайдасы бар ма, жоқ па анық білмейді, бірақ соған

қарамастан үсті-үстіне ішеді, соның өзі жанын тыныштан-  
дырып, үміт отын үрлей түседі.

Қысқы ұзақ түнде жалғыздық тақсіретін тартпаудың бір  
амалы – көп оқиды. Ұйқысы қанық болғандықтан күндіз  
бір сәт көзін іліндіру қынның-қыны. Кітап оқуға, әрі-  
бері жүріп, әңгіме айтуға жаны құмар, тек солар ғана аур-  
уын ұмыттырып, болашаққа деген үміт сәулесін өшірмей  
тұрған. Ал шешесі болса, мұның әңгіме айтуына, көп  
оқуына, әрі-бері жүріп тұруына қарсы. Ол мұның ауру  
екенін, сол себепті басқалар секілді емін-еркін сезінуіне  
болмайтынын жиі есіне салып, жанын одан сайын сыздата  
түседі.

Басқалардан бөлек қалай өмір сүреді? Күні бойы тәсек-  
ке таңылып, қайтіп бостан-бос жатады? Осы сұрақтар  
ойландыруы мұң екен, көңілі бұзылып сала береді. Әр күні  
қанша ақша кетіп, қаншасы қалды, қолдарында бар  
қаражат енді қаншага жетеді: өзінің ақшасының, қажет-  
теріне жарату үшін әйелінің бергені мен банктен белгілі  
бір пайыздық өлшеммен алып тұратын қаражаттың есебіне  
жете алмай, әбден басы қатады. Бұған бар қаражаттары  
таусылып бара жатқандай көрініп кетеді, соған қарамастан  
қалғанын әжетке жаратпай тағы болмайды. Бұл табыс  
табудан мұлдем қалды, қолынан бар келетіні ақша шығын-  
дау ғана... “Бұл деген сүмдүк қой”, – деп ойлады.

Бір жолы шешесі тауық етін сатып әкеп, сорпа дайын-  
дады да, бұған құйып берді. Тәбеті тартыңқырамай тұрған.

– Егер ұнатсан, жиі әзірлеп берейін, – деді шешесі  
қуанышты жүзбен.

— Мама, көп шығындаға бермесеңші. Қалтамыз көтере ме мұны? — деді уайым жей, шешесінің қолынан табақты алып жатып.

— Бұл аса қымбатқа түскен жоқ, мың юаңынан сәл-ак көп тұрады екен. Саған түзелу үшін дұрыс тамактану да керек қой, — шешесі мейірімін төге жауап қатса да, оның сөзі бұған төбесінен суық су құйып жібергендей әсер етті.

— Ойбай-ау, біздің ақшамыз сондайлық көп емес қой, — деп қадалды бұл, — денсаулығым болса мынау, жұмыстан да шығып қалдым. Бар шай-пұлымызды ішіп болғаннан кейін не істейміз?

— Е, ол туралы ойлап қайтесің. Әзірге бір амалын табудамыз, соған шүкір де. Қалай болғанда да саған түзелу керек емес пе, — шешесі езу тартқан болды, бірақ онысынан қайғы-мұң басқаны көрініп тұрды.

— Баға қымбаттап барады, ақша құнсыздану үстінде. Шу-шэн әлі кеткен де жоқ, ал біз оның ертенге қалдырған ақшасын жұмсай бастадық, — деді бұл қабағын шытып. Қолына ұстаған табақтағы тауық сорпасынан тәбет ашар бу будақтайды.

Шешесі құлімсіреген жүзін тыйып, жанарын бұрып әкетті де, құдды бір нәрсесін жоғалтып, таба алмай зарық-қан жандай кібіртіктене қалды. Артынша бұған қыла қарап, шыдамы таусыла айтты:

— Тезірек тамағынды іш.

Бұл қобалжулы тұрмен қасықты ұмытып, сорпаны табақтан ұрттап іше бастады.

Қасында тұрған шешесі күрсініп салды. Оның көз алдынан Шу-шэннің мәз-мейрам күлкісі жүгіріп өткендей

болды. Лезде бет-жүзі құп-қу боп дуылдап кеткенін сезіп, өңін тәмен сала қойды. Сол мезет ұлының даусын құлағы шалды: “Дәмді, өте дәмді екен”. Вэнь-сюаньның көңілі көтеріліп, табаққа ашқарақтана қарап тұрды да, тауықтың сан етін алып жей бастады.

- Мама, өзің де ішсеңші, – деді бұл.
- Менің қарным ашқан жоқ, – шешесі, ұлына сұйсіне әрі жаны аши қарап тұрып баяу үн қатты.
- Мен аса дімкәс емеспін ғой, кішкене науқастанып қалғаным рас. Біртіндеп айығып келе жатқан секілдімін.
- Эрине, сауығып кетесің, – шешесі еш ойланбастан айтты.

Вэнь-сюань өмір бойы бұдан дәмді еш ас ішіп көрмегендей қомағайлана асап отыр. Кенет, күтпеген жерден, өзінен-өзі сыр тарта айтты:

- Егер әрдайым осылай тамақтануға мүмкіндігім болса, онда мынау қорқынышты ауруға ұшырамас едім-ау, ә.

Мұның сөзін естіп, шешесі көз жасын сұртіп қойды. “Ауруының беті бері қарап келе жатқан секілді ғой, орнан тұрды емес пе, соның өзі жақсылықтың нышаны ғой”, – деп ойлады ол.

– Мама, шын айтам, жеп көрші! Өте дәмді екен. Саған да күтіну керек қой, – көңілдене айтты бұл тиесілі тамағын жеп болып.

– Жарайды, жеймін ғой, – қысқа жауап қайырды шешесі, сөйтті де ішінен ойлады: “Алған тауығы ап-арық, бір кісінің өзіне талғажау боп жарытпайды”. Сөйтті де, ұлының табағын алып, ас бөлмеге әкетті. Қайтып орал-

ғанша, Вэнь-сюань жұмсақ орындыққа арқасын тіреп, мызып кетіпті. Шешесі өкшесімен басып, ақырын жақындал, оның үстін қымтай бергені сол еді, шап беріп қолынан үстай алды.

– Шу-шэн!

– Саған не көрінді? – шошына тіл қатты анысы.

– Бұл көзімен жан-жағын сұзіп шықты да, бір түрлі құдіктене сұрады:

– Шу-шэн өлі келген жоқ па?

– Жоқ, – меселі қайта жауап қайырды шешесі. “Ол тек Шу-шэнді ғана ойлайды, ал анау болса, мұны алдап-арбап, азапқа салып қойды”.

Вэнь-сюань ашына құлді:

– Тағы да түс көрдім.

– Төсегіңе барып жатсаншы.

– Мен әбден үйықтадым фой, енді жатқым келмейді.

– Бұл баяу орнынан көтерілді. – Шу-шэннің қолы бір босамайды. Кетуге дайындалып жүр де, бізben бірге болуға еш уақыты жоқ. – Жазу үстеліне сүйеніп біраз тұрды да, жұмсақ орындықты кейін ысырып, терезеге қарай жүрді. Оны айқара ашып тастады.

– Жел өтінде тұрма, – шешесі шыдай алмады; ол Шу-шэннің есімін естіген замат жүрегі сыздап, үн-тұнсіз мелшиіп қатып қалған болатын. Бірақ ұлына қапалана қойған жоқ.

– Іш пыстырар қандай мұнды жай! Таза ауада сейіл құрып жүрсе фой шіркін! – деп күбір етті де, салқын самалға бетін тосып еді, көмірдің қышқыл иісі танауын қыжылдатып, бір түрлі жағымсыз күйге бөледі.

Сырттан сәні кеткен тіршілік табы айқын сезіледі. Көз ұшынан қарауытқан көше жолактары көрінеді, онымен бастарын иықтарына тығып алғып адамдар ары-бері асығыс кетіп бара жатыр.

– Ұйықтасаң етті, жұмыссыз ішің пысады ғой, – шешесі тағы да айтқанына көндіріп бақты.

– Жарайды. – Бұл терезені жауып, кереуетіне сүзіле қарады да, соған қарай оқтала беріп, селк етіп тоқтады, сөйтті де дымы құри айтты:

– Уақыт қалай баяу жылжиды.

Артынша амалсыздан кереуетіне жақын барып, шешінбестен сылқ өтіп құлап тұсті.

Шешесі жұмсақ орындыққа жайғасты, демалмақ оймен көзін жұмған болды, құлағына ұлының төсегінде дөңбекшіп жатқаны анық естіліп тұр, оны не азаптауда екенін жақсы біледі. Содан көңілінде қарсылық туып, шыдай алмастан, оны жұбата айтты:

– Сюань, ол туралы ойланып қайтесің, ұйықтауға тырысшы!

– Ал мен ештеңе ойланып жатқаным жок, – ақырын жауап қатты ұлы.

– Сен мені алдаусыратпа, оны ойлап жатқанынды білмейді ғой дейсің бе.

– Жок, мама, оған кеткениң жөн деп көндірген өзіммін. Алғашында оның бір шешімге келе алмай әбден басы қатты, – деді бұл әйелінің сөзін сөйлей. – Оған тіршілігін өзгерту үшін қоныс аудару оңай соғып жатыр дейсіз бе? Ланъчжоуда өмір сұру жеңілірек, сондықтан оның көшкенін жағдайы жақсарғаны деп қабылдаған жөн.

– Мен бәрін де білемін, – жұмбақтай сөйледі шешесі. – Сен тек соны ғана ойлайсың: неге сен, барлық уақытта басқалар туралы ойлайсың? Неге өзің туралы ойлануды ұмытып кетесің?

– Өзің туралы дейсіз бе? – шошына сұрады бұл. – Менің жағдайым нашар деп кім айтты? – Өзінің сөзінде шындық аз екенін сезініп-ақ түр. – Мен айығып кеттім десем де болады. Шу-шэн Ланьчжоуға барғаннан кейін де маған көмектесіп тұрады.

– Анау ма? Сен оған сенесің бе? – мазақ ете күлді шешесі, сөйтті де кектене тілін безеді: – Ол бір жабайы құс секілді ғой: қолдан ұшырганнан кейін қайтып оралады деп күтпе.

– Мама, сен барлық адам туралы жақсы ойлайсың да, ал Шу-шэнге келгенде тырысып қаласың. Ол отбасын тастап жүре беретін әйелдер қатарынан емес қой. Ланьчжоуға кетуге тек біздің қамымызды ойлағандықтан ғана келісімін берді, – ашулана айтты бұл орнынан тұрып отырып.

Шешесі ыздан жарылардай сұп-сұр боп кетсе де, өзін-өзі ұстап, құдды келіскен рай танытып, басын шұлғи берді.

– Жарайды, сенің айтқаныңдай-ақ болсын... Демалшы енді, саған көп сөйлеуге болмайды.

Вэнь-сюань лэм-мим деп жауап қатпады, іштей бір ойға беріліп кеткен сыңайлы. Шешесі ұлына жаны аши қарады: оның шатасқанын мойындармай, қасарыса қарсылық танытқанына ренжісе де, онысын білдірмей іштен тынып, мейірлене үн қатты:

— Сюань, ұйықтауға тырысшы енді, бүйтіп отырма, сүқтап қаласың.

Бұл шешесіне көңіл тола үздіге қарады да, кенет кереуетінен тұсті.

— Мама, менің сыртқа шыққым келіп тұр, — деді жұлып алғандай, сөйтті де еңкейіп, бәтеңкесінің бауын шеше бастады.

— Сыртқа дейсің бе? Не үшін? — таңданысын жасыра алмады ол.

— Бір шаруам болып тұрғаны.

— Қандай шаруа? Сені жұмыстан шығарып жіберіп еді фой. Даға сап-салқын, сүқтап қалуың мүмкін.

Вэнь-сюань орнынан тұрды, абыржығандықтан беті қып-қызыл боп кетті.

— Мама, еш алаңдамашы, мені жібер! — Шегеде ілулі тұрған плащын алды да, үстіне жамылды.

— Тоқтай тұр, — деді кейуана алаң көңілмен. Сөйтті де бұған таяу кеп, киінуіне жәрдем берді. — Екі кештің арасында қайда барасың? Саған жүргүре болмайды фой, — мұның мойнын қара шарфен қымтап байлад жатып айтты ол. — Егер тығыз шаруаң шығып тұрса, қолхат жазып бер, мен-ақ апарып берейін.

— Мама, еш алаңдамашы, барам да қайтам, мынау тұрған жер. — Бұл асыға басып сыртқа шықты.

Анасы соңынан аңыра қарап тұрып қалды, оған осының бәрі тұс секілді көрініп кетті. “Мұнысы несі? Тұсінсем бұйырмасын”, — деді іштей ауыр уайымға батып. Біраз ойланып тұрды да, оның кереуетіне барып, тәсектерін қағып-сілкіп жинастыра бастады.

Содан кейін бөлме ішін жанарымен бір сүзіп шықты. Еден үстін қалың шаң басып қалыпты. Кемпір қабағын шытты да, қолына сыпыртқы алып, тазалауға кірісті. Үстел үсті де шаңға бөккен, бұлардың үйі ары-бері үздіксіз ағылып жатқан жүк машиналар жолының жиегіне орналас-қандықтан күндегі жай осы. Әсіресе, дәл осы кездегі кір-қоқысқа шыдау қын-ақ. Еденді сыпырып жатып, жиһаздарды су шуберекпен сұртіп әуре.

Үй ішін тазалап болып, жұмсақ орындыққа сылқ етіп отыра кетті. Белі құрғыр сынып ауырып барады, қолымен сипалаған болады. “Біреу арқамды үқалап берсе ғой, шіркін!” Сол замат ондай күннің ауылы алыс екені есіне сап ете түсіп, өзін-өзі жазғыра бастады: Үй күтушілік қамытын баяғыда мойнына ілген адамның басына қай-қайдағы арман да киліге береді екен-ау! Ол ауыр күрсінді. Көз алдынан бір көлеңке көлбен қаққандай болды, өуелі бұлыңғырланып көрінсе, бірте-бірте тұр-тұсі айқындала берді. “Мен тағы да сол туралы ойлап отырмын”, – еріксіз жымииды да, ақырын тіл қатты:

– Тағдырдың жазуы осы болса, оған көнбеске шарам қайсы. Дегенмен неге сен оны қорғамайсың, өмір сүруіне неліктен жағдай жасамайсың? – тауаны шағылғандай зар қақты ол.

Көп ұзамай қайтып оралған Вэнь-сюань жұмсақ орындықта жылап отырған шешесінің үстінен тұсті.

– Мама, не боп қалды? Неге жылап отырсың?

– Бөлме ішін сыпырып тазалап едім, шаң көзімді қарып, содан жасаурап тұрғаны ғой, – өтірік айта салды шешесі.

– Сен менің төсегімді де ретке келтіріп қойыпсыңғой! – деді бұл аса ризашылық көнілмен шешесіне жақын барып.

– Менің басқа шаруам жоқ, ал құр бос отыру адамды жалықтырып жібереді екен... сен қайда барып келдің?

Бұл терең тыныс алып, бір жетеліп қойды да, шешесіне теріс айнала беріп айтты:

– Мен Чжунға барып қайттым.

– Не үшін? Сен жұмыс жағыңа соқтың ба? – шешесі таңырқай орнынан тұрды.

– Одан маған қандай да бір жұмыс тауып беруін өтіндім, – деді баяу үнмен Вэнь-сюань.

– Сен өлі сауыққан жоқсыңғой, ол туралы ойланудың қанша қажеті бар?! Бәрінен қымбаты денсаулық емес пе!

– Біз сондай халықпаз: ауырғанымызға қарамай, ұзак өмір сүре береміз. Мен едәуір түзеліп қалдым. Чжун да тәп-тәуір көрінесің деп қуантып қойды. Ол маған бір жұмыс тауып беруге уәде етті, – қинала айтты Вэнь-сюань. Бұрынғысынша түрі ауру екенін сездіріп, қүреңтіп тұр. Бұл кереуетіне таяп барды да, отыра кетті.

– Неге сонша уайымдай бересің? Аштан өлмеспіз!

– Мен күнұзак сенің қалай жұмыс істеп жатқаныңды бақылап, қарап отыра алмаймын, мен еркек емеспін бе, қол қусырып бос жату маған еш жараспайды.

– Сен менің жан дегенде жалғыз ұlyмсың, сенен басқа ешкімім жоқ, ал сен болсаң денсаулығыңды еш ойла-майсың. Менің күнім не болады, егер... – ол қайғыдан

көкірегі қарс айырылып, сөйлеуге мұршасы келмей барып сөзін үзді де, қайтадан орындыққа сылқ етіп отыра кетті.

Бұл қолын аузына салып, саусақтарын қыршып тістелей берді. Бірақ еш ауырсынғанын сезген жоқ, одан гөрі кеудесінің сыздағаны жанына қатты батты. Бір кезде саусақтарын суырып алып, терең батқан тістерінің ізіне телміре қарады. Артынша назарын шешесі жаққа бұрып әкетті. Ол жұмсақ орындықта ұн-тұнсіз отыр. Бұл ойлады: “Сенің бар арманыңың, бар үмітіңің күлі көкке ұшты-ау!” Оның алдында не күтіп тұрғанын жақсы біледі. Ертеңгі күнгі бейнесі екі күрек тісі айбат шеккен қорқынышты тіршілік иесі бол елестеді.

Екеуінде де ұн жоқ. Үрейлі де азапты тыныштық орнан бөлме ішінен еш тіршілік табы сезілмейді, сырттан түрлі дауыстар, жүк арбаларының шиқылы естілгенмен, олардың бөлмені қусырып тұрған тыныштықты бұзуға қауқары жетер емес. Анасы мен баласы әрқайсысы өз көңіл толқынысымен әуре, ойлары екі бағытта өрбігенмен, түйісер тұсы – біреу, ол – “өлім” деген үрейлі сөз.

Ұлы шешесіне жақын келді.

– Мама, қайғыра бермеші! Сяо-сюаның бар емес пе. Оның жолы менікінен гөрі жеңілдеу болатын шығар.

Анасы баласының астарлы сөзінің мәнін терең ұқты да, одан сайын көңілі қобалжи тұсті.

– Сяо-сюань аузынан тұскендей, тұп-тура өзіне тартқан ғой. – Шешесі азапты күйін ұлына еш сездірмеуге тырысып-ақ бақты, бірақ оның сөзінен қаншалықты

жалғыз екендігі айқын аңғарылып тұрды. Ол шынын айтты: Сяо-сюаньның өзіне қатты үқсайтыны рас, демек, оны да бақытсыздық күтіп тұр деген сөз фой. Олай болса, мынау кейуана кімге арқа сүйейді? Бұл да бұрыныракта, Сяо-сюаньга үлкен үмітпен қарайтын, қазір олай ойламайды, онысы орындалмайтын арман екенін жақсы біледі.

— Ол әлі жас қой. Есейе келе шыныға түсетін шығар. Шынымды айтсам, мен оның алдында кінәлімін: оған толық білім алуға еш жағдай жасай алған жоқпын, — деді Вэнь-сюань әңгіме арнасын басқа жаққа бұрып жіберу мақсатымен.

— Бұл жерде сенің титтей кінәң жоқ, өмір бақи демалыс дегенді білген жан емессің, азапты да көрудей-ақ көріп келесің... — Кемпір күйіп кетті де, шыдай алмай, орнынан атып тұрып, өз бөлмесіне қарай асықты.

Бұл терезеге қарай таяп барды да, оны айқара ашып тастады. Қоп-қою қара бұлттар торлаған сұп-сұр аспан құдды қабағын шытып алғандай, бұған төне қарайды. Құрсініп тұрып маңдайына сұп-суық тамшы тамғанын сезді. “Жауын басталыпты фой”, — деп ойлады мен-зен қалыпта.

Желке тұсынан аяқ тықыры естілгендей болды — бөлмеге әйелі кірген екен. Мұның өзіне бұрылып қарауын күтпестен қуанышты көңілмен айтты:

- Сюань, мен ертең кететін болым.
- Неге соншалықты тез? Алдағы аптада кетем деп едің фой, — деді бұл шошына.

– Ертең қосымша ұшақ болады екен. Билет алуыма достарым көмек берді. Бүгін кешкісін қонаққа шақырып қойғандары өкінішті-ақ болып тұр, – деді ол қуанышын жасыра алмай.

– Демек, ертең де?

– Иә, таңғы сағат алтыда өүе алаңында болуым керек.

– Олай болса, қазірден машина тауып қой, өйтпесен кешігіп қаларсың.

– Уайым жемей-ақ қой, басқармашы өз машинасын жіберетін болды. Қазір заттарымды жинастыруым керек, мен әлі жолға дайындалған да жоқпын ғой. – Ол еңкейіп, кереуеттің астынан чемоданын шығара бастады.

– Мен де көмек берейін, – деді бұл.

Ол жүресінен отырып киімдерін бұктеп жатыр, арасында орнынан тұрып, қалған заттарын қасына әкеп қояды.

– Мынаны аласың ба, ал мынаны ше? Ананы да ма? – деп сұрап, Вэнь-сюань жәрдем етуге тырысып бағуда. Шу-шэн өзінің қызығушылығымен мұны да еліктіріп әкетті.

– Рахмет, өзім-ақ істеймін ғой.

Шешесі кіріп келді де, бұларды кінәлай табалдырықта тосылып тұрып қалды. Оның жыны қозып кетті.

Бір кезде барып Вэнь-сюань анасын көрді де, айқайлай айтты:

– Мама, таңертең Шу-шэн ұшатын бопты.

– Оның маған қатысы қанша, ұшпаса одан әрі!

Шу-шэн енесімен амандастып, жол жүрер алдында жылы қоштасуды ойладап, орнынан тұра бергені сол еді, жаңағы

сөзді естіп, қып-қызыл бол, тітіркене қалды. Кемпір қабағы ашылмаған күйде өз бөлмесіне қайта кіріп кетті. Шу-шэн чемоданын жапты да, орнынан көтерілді, ашуы қоза бастағаны көрініп тұр. Вэнь-сюань тілі байланып, оған жаутандап қарай берді, жанары кешірші дегенді айтпай аңғартады.

— Көрдің ғой, ол маған тіл тигізбей тұра алмайды, мені соңшалықты жек көреді, — деді Шу-шэн ақтала.

— Қашанғы сөйтер дейсің. Оған аса ренжи бермеші, — Вэн-сюань да ақтала жауап қайырды.

— Мен сен үшін ғана оны кешіремін, — Шу-шэн күлімсіреді.

— Рахмет. — Бұл баяу басын көтерді. — Мен сені ұшаққа дейін шығарып саламын.

— Қажет емес, ауруыңдан құлан таза айыға қойған жоқсың ғой, — бәйек бола қалды Шу-шэн. — Менің қамымды басқармашы ойластыруда.

Соңғы сөз Вэнь-сюаньның жүргегіне шаншудай қадалды.

— Олай болса, осы жерде-ақ қоштасайық, — деді күйінішті сезіммен жанары жасқа шыланып.

— Азаптана бермеші. Ертеңге дейін өлі уақыт көп. Мен ертерек келуге тырысамын. Біз екеуіміздің сөйлесуімізге, сөз жоқ, мүмкіндік болады. — Ол мұның көңілін аулап бақты.

Бұл басын изей берді, “Мен сені күтемін”, — дегісі кеп тұрды да, бірақ онысын ашып айта алмай, бірдене деп міңгірлегендей болды.

— Жатып демалшы, әлсіреп тұрсың ғой. Мен қасында біраз болайын.

Бұл келіскен сыңаймен төсегіне қисайды. Ол үстін көрпемен қымтап жауып қойып, кереуettің шетіне тізе бұktі.

– Ертең осы уақытта қайда болады екенмін? – деді ол өзімен-өзі тілдескендей сыңаймен. – Шындығын айтсам, менің еш кеткім жоқ еді. Егер сен қоштамағанда мұндай шешім қабылдамас едім.

– Кетуге бел байладың ба, еш ойланбастан солай ет, ең дұрысы сол болар, – мейірлене жауап қатты бұл өз қасіретін бір сәтте ұмыт қалдырып.

– Эй, қайдам, дұрыс істедік пе, бұрыс болды ма, білмеймін. Мен ешкіммен ақылдасқан да жоқпын фой, сен болсан аурусың, ал шешең менің тезірек табанымды жалтыратқанымды жаңындай қалайды.

“Аурусың” деген сөз құлағында ызыңдал тұрып алды. Олар мұның ауру екенін әр кез есіне сап тұрады, сол арқылы жазылмайтын дертке шалдыққанын мойынданып келеді. Вэнь-сюань күрсінді, әйеліммен мәңгі бірге болсам деген үмітінің соңғы жібі ұзіліп тұскендей, азапты күйге бөленді.

– Иә, иә, – дей берді оған қызғаныш сезіммен сұқтана көз тігіп.

– Сенде өң жоқ, саған көбірек демалу қажет, – деді мейірімін төге Шу-шэн. – Ақша жайлы еш уайым жеме, оны мен реттеймін, тек денсаулығынды түзеу қамын ойла. Әр ай сайын ақша салып тұруға мүмкіндігім болады.

– Білемін. – Бұл жанарын басқа жаққа бұрып әкетті.

– Мен бүгін Сяо-сюаньға хат жазып жібердім, – деді ол. Әңгімесін көше жақтан естілген машина қоңырауы ұзіп

жіберді: ол терезе жаққа таңырқай жалт қарады да, асыға сөзін жалғастырды: – Оған жексенбі күні осында келгенін өтіндім. – Машина бипылын ұстемелете түсті. Шу-шэн орнынан тұрып, кетуге ыңғай танытты. – Жарайды, мен барайын. Маған келіп тұрғой. – Ол киімдерін түзетіп, сөмкесінен айна, опа-далаптарын алғып, өзін-өзі сәндей бастады.

Вэнь-сюань тұрып отырды.

– Саған тұруға болмайды, жатшы, – деді ол айнаға қарап тұрған күйде. Вэнь-сюань тапжылмай отыра берді.

– Мен ертерек келуге тырысамын. – Ол бұған қарап күлімсіреп, қоштасқан сыңай танытты да, шығып кетті.

Бөлме ішінде оның опа-далабының иісі қалды, ал құлкісі мен қоңыраулы даусы өзімен бірге кетті. Бұл жалғызырап сылқ түсіп отырып қалды. “Кетпеші! Кетпеші!” – деген жүрек лұпілі құлағына шалынды. Ал оның аяқ дыбысы ауаға сізіп жоғалғалы біршама уақыт өтті.

Шешесі өз бөлмесінен шығып, ұлына соншалық жаны аши қарады.

– Қойшы соны, басыңдан шығарып таста оны, ерте ме, кеш пе айырылысатындарың белгілі еді ғой. Сен қалтасы жұқа шенеуніксің, қайтіп оны ұстап қалмақсың?! – Оның көкірегі ыза-кектен қақ айырылардай боп тұрған-тұғын, сонысын қайткенде де сыртқа шығаруы керек болатын.

Бұл басын салбыратып, бүрісіп отыр, бір кездे көзі қолына түсіп кетті. Ап-арық шимиған, сарғыш тартып, құдды тауықтың табанына ұқсап кеткен саусақтарын көріп, дәрмені таусыла қалш-қалш етті.

Жеңін көтеріп байқап еді, білегі солып қалыпты, бір тілім еті жоқ секілді. Бұткіл денесі қалышылдақ кеткенін сезді. Құдды өзіне кесілген жазаны естіген қылмыскердей, қорқынышты қолдарына телміре қарап, мәңгіріп отырып қалды, құлағында анасының: “Басыңнан шығарып таста оны” деген сөзі ызыңдақ тұрып қалды.

Иә, бұл – өлімге таңылған адам. Шу-шэннің кетуіне рұқсат етпеуге қандай хақысы бар мұның?

Шешесі шам жақты.

Бұл үн-тұнсіз жазу үстеліне таяп барып, оның үстінде жатқан киім-кешекке қоштасқан сыңаймен телміре қарап тұрды да, бір кезде жұмсақ орындыққа сылқ етіп отыра кетті, қос қолымен бетін тас жауып алды. Көзі қарауытып, ештеңе көруге дәті шыдамады. Егер тағдыр жазуы солай болса, дәл қазір бақылыққа жүріп кетуге еш қиналмай көнуге даяр екендігін іші сезді.

– Ұлым-ау, азаптана бермеші, не көп – әйел көп. Жазылғаннан кейін бұдан да жақсысын жолықтырасың, – шешесі жұбатып жатыр.

Бұл мұндана күрсініп қойды, қолын бетінен алып, шешесіне тұңғылған телмірді. Неге оның мұны әйелімен айырылыстыруға соншалықты жаны құштар? Өлімге таңылған адамға гүлденген әлемді көрсеткісі келеді ме? Бұл тағдыр жазуына көнбестік танытқалы қашан, қол жетпейтін арманмен басын айналдырудың қажеті қанша?! Мұның жайбарақат ойлануға еш мұршасы жоқ. Жүрегі құрғыр өрекпіп тұр: Шу-шэнмен бірге өмірінің бар қызығы көшіп барады, махаббатымен қоса институтта оқып жүріп

таңдаған арманы – ағартушылық бағытындағы іс-жоспары, соғысқа дейінгі атқарған тәп-тәуір шаруалары бәрі-бәрі күл талқан болып, қалған ғұмыры мәнінен айырылғандай күй кешуде. Бәрі бітті, бәрінен айырылды!

– Төсегіңе баршы, көріп тұрмын, түрің бұзылып барады ғой. Қаласаң емші шақырайын, европалық дәрігер десен де мейлі. – Анасы мұның жан толқынысын түсіне алған жоқ, бірақ бет-әлпетіндегі қиналысын көріп шошып кетті де, абыржушылық танытты.

– Ешқандай дәрігердің керегі жоқ, бұл күйім ұзаққа бармайды, – деді қарсылық білдіріп, тәлтіректей орнынан көтеріле беріп.

– Не дейсің? Тоқтай тұр, мен сүйемелдең жіберейін. – Ол бұған жылдам жетіп, қолтығынан демеуге асықты.

– Шошымашы, мама, мен өзім-ақ жүре аламын. – Бұл құдды тұс көріп жатып селк етіп оянып кеткендей болды. Шешесінің көмегінсіз үстел басына жақындалап барды да, бөлмені жанарымен бір шолып шықты. Шам лампасының көмескі жарығы, бәз баяғы жадау көрініс – бәрі бөлме ішін сұп-суық етіп тұр! Кенет, күтпеген жерден шам сөніп қалды. Бұларды тас қараңғылық қымтап алды, тек біраздан кейін ғана көздері қараңғылыққа біртіндең көндігіп, айналаны ажырата бастады.

– Кеше ғана сөндіріп еді, бүгін тағы қайталағандары несі? – тілін безей сөйледі шешесі.

Бұл күрсініп қойды.

– Амал қайсы?!

– Май шам жағайын, сондайлық қайғы тұмшалап барады ғой, – деді шешесі. Сөйтті де кешеден қалған май шам

тұқылын тауып алып, от тұтатты. Бөлме іші қара көлеңкеленіп тұр, баяу үрлеген желмен май шам жалыны құбыла тербеледі. Сынық шынының ішінде қойылған май шам біртіндеп біржағына қарай ауынқырап барады.

– Тұзетші! Тұзетіңкіреп қойшы! – Вэнь-сюань бұл сөздерді айтуға еш оқталған жоқ-тын. Еркінен тыс аузынан қалай шығып кеткенін байқамай қалды. Бұл қатты абыржулы еді. Шам жиі сөніп қалатындықтан, әлгі сөздерді айту әдетіне сіңіп кеткен болатын. Оның үстіне кейінгі кездері бұл бір нәрсені ойладап тұрып, басқаны істейтін, айтқысы келіп тұрғанда емес, өзге бір жайды әңгімелейтін әдет тауып алды.

Анасы қайшыны алды да, май шамның табанын тұзулеп кесіп қойды. Жарық сәулесі едәуір тегіс тарала бастады.

– Тамақ ішкің келе ме? Сорпа жылдытып берейін.

– Жарайды, – деп жауап берді бұл мен-зен қүйде. Бұдан бірер сағат бұрынғы тәбетінен тұк қалмаған. Шешесіне қарсылық танытпау үшін ғана келісе салды.

“Тамақ ішкенімді неге сонша қалап тұр, мен тоқпын ғой”, – деп ойланды Вэнь-сюань іштей тандана. Анасы ши тұтатып алып, ас бөлмеге қарай кетуге ынғайлана берді.

– Мама, мына май шамды алшы, – деді бұл. – Саған жарығырақ болсын. – Сөйтті де іштей ойланды. – Жарығы не, қараңғысы не, бәрібір емес пе?

– Қажеті жоқ, мынау да жетеді, – деп жауап қайырды да, шешесі шығып кетті.

Бұл бөлмені жадау етіп тұрған май шам жарығында жалғыз қалды.

“Тағы бір күн өтті. Осындай тағы қанша күн тағдырыма жазылып тұр екен?..” – деді даусын шығара толқып, мұная құрсініп.

Ешкім бұған жауап қатпады. Қабырғадан өзінің теңселген көлеңкесін ғана көзі шалды. Жатып демаларын, я болмаса әрі-бері жүріп, көңіл сергітерін білмей, дал болды. Тіпті жаны не қалап тұрғанын білсе, бұйырмасын. Үстел басында дел-сал болып әлі тұр, сұық ауа қойын-қонышын аралай бастады. Тұла бойы тоңазытып, денесі баяу қалтырап тұрғанын байқады. Бір ғана мақсатпен – аз да болса жылыну үшін бір-екі аттап жүрген болды.

Мен отыз төрт жаста ғанамын, әлі ештеңе де тындыра алған жоқпын, – деп ойлады күйіне. – Ал дәм-тұзым болса, таусылуға айналды. Көз алдынан институтта оқып жүрген кездегі әлпештеген арман-қиялы, институт жанындағы бақша, болашаққа деген берік сенімдегі жастардың еменжарқын әңгімелесіп отырған көріністері елес беріп өтті... “Сонда осындай күн туады деп ойлаппын ба? Құндердің күнінде ұлгілі орта мектеп ашамын деп армандағаным қандай ақымақтық болған”, – деп өкінді ашына құліп. Көз алдынан жап-жас, құлшынып тұрған, өршіл, ұміт-сенімі мол жастар бейнесі елестеп тұрып алды... олардың барлығы бұған алғыс сезіммен шаттана қарайды. Бұл селк етіп көзін жыбылықтата ашып жіберді. Май шам жанып бітуге таяп қапты. Бөлме төзім тауысадай құлазып тұр. “Мұны тағы да тұс айналдырыпты”. Май шамды тұзетіп қойды. Дәлізден шешесінің аяқ тықыры естілді. “Тағы да тамак жеуі керек. Ұмітсіз құндерін соза берудің қажеті қанша

осы?!” Анасы сорпа толы кесені ұзынып жатып разы көнілмен құлімсіреді:

— Мынау саған. Істық-ыстық ішші!

Оның құлкісінен бөлме іші жылына түскендей болды.

— Жарайды, мама, ішсем ішейін, — деді еш қарсылық танытпай. Сорпаның ыстық буы бұрқырап тұр. Шешесі білте шамды қайыра түзетіп қойды. Вэнь-сюаньның назары анасына ауды. Ол қатты қартайып кетіпті. Әжім басқан бет-жүзі одан сайын айғыздана түскен. Жағы суалып, сүйектері құйреп қалардай қаусап тұр.

— Мен анамды да азапқа салып қойдым-ау, — деген ой келді басына. Еңіреп жылағысы келді, көз жасын көрсетпеу үшін кесемен бетін көмкере берді.

— Тез-тез ішші, суып қалатын болды ғой, — шешесі асықтырып, бәйек боп жатыр.

## XXIII

Кешкі астан кейін әйелін ұзақ тосты, ал ол тым кешігіп келді.

Мұндайда уақыт өтуші ме еді, біршама жұмсақ орындықта, содан кейін шешінбестен кереуетінде жатып оны тосумен болды. Ескі сағаты біраз күн бұрын бұзылып, тоқтап қалғандықтан жастығының астында үн-тұнсіз жатыр, оны жөндеуге еш ақша қиғысы жоқ. Бар ермегі шешесінен уақыт сұрау болды... сағат жеті... сегіз... тоғыз... уақыт шіркін де, қырсыққанда, мұны одан сайын күйдіре түскісі келгендей, еш жылжымай қойды. Күту

азабын әбден тартып жатыр. Бірақ, төзуден басқа тағы амалы жоқ.

Әрең дегендегі сағат он болды-ау әйтеуір. Шешесі жұмысын тоқтатып, тозығы жеткен көзілдірігін шешті де, жасаураған жанарын сұртіп қойды.

— Сюань, шешініп жатсаңшы, осы күткенің де жетеді ғой!

— Мама, үйқым келмейді.

— Ол сен туралы ойлайды дейсің бе? Таңертең кететінін біледі, ертерек келіп, ақырғы кешін бізben бірге өткізуіне болады ғой, — ашуулана айтты анасы.

— Оны кешкі ас ұстап қалған шығар, әр түрлі шаруасы көп, кінәлай бермеші, — Вэнь-сюань әйелінің сөзін сөйлемеді.

— Кешкі ас дейсің бе? Қандай кешкі асты айттып тұрсың? Ол көргенсіз тағы да анау Чэнмен би билеп, сайрандал жүр де, — деді шешесі долялығына салынып.

— Жоқ, жоқ олай болуы мүмкін емес, — қарсылық танытты бұл.

— Сен әрдайым соны жақтайсың, түбіңе сол жетер. Мен саған қатты айтқым келмейді, бірақ ескертуім де керек, оның анау басқармашы Чэнмен арақатынасы сондайлық таза емес... — Шешесі кенеттен аузын басып, үнін өшірді де, біраздан кейін барып басқа дауыспен сөзін жалғады: — Сен оған соншалықты сенесің, өзіңнің шатасқаныңды еш мойындағың келмейді.

— Мама, бәрібір сен оны түсінбейсің. Оның өз қам-қарекеті жетіп артылады. Жұмыстағы әйел біреулермен кездеспей тұрмайды, сондай кезде көргенділік таныттып,

әдепті болуды да ойлауы керек қой. Ол деген сөз басқармашыны ұнатады дегенді еш білдірмеуі тиіс. Мен оған сенемін, сенімдімін.

— Демек, оны өсекке таңып отырған мен екенмін ғой? — шешесін ыза кернеді.

Бұл шошып кетті де, көзінің астымен анасы жаққа жаутандай қарап, ұн-тұнсіз отырып қалды.

Шешесі өзіне-өзі келіп, Вэнь-сюаньға сондайлық жаны аши айтты:

— Менің сөзімді жаныңда ауыр алмашы, әбден қартайып, мінезім бұзылып бітті ғой. Біздің айтыс-тартысымызда не жақсылық бар дейсің?... Неге оның бүйрекі маған бұрылмайтынын өзім де түсінбеймін. Қалай болғанда да, мен сенің анаң емеспін бе?!

Шешесінің сөзі ызасына тиіп, ерік-жігерін арттыра тұсті.

— Мама, өзің ғой ол туралы теріс ойлайтын, ал ол ешқашанда сені маған жамандаған емес. Оның саған деген көңілі тұзу. — Бұл өзіне ең жақсы екі әйелдің бірі-біріне деген сенімсіздігінің артып бара жатқанын жақсы түсінді.

Анасы күрсіне айтты:

— Қандай анғалсың! Ол саған шынын айтушы ма еді? Меніңше, оны сенен артық мен білетін секілдімін. Оның мені соншалықты жек көретін себебі сендердің есептеріңен күн көретіндігімнен деп ойлаймын.

— Мама, оның басында ондай титтей де ой жоқ, — бұл өз сөзінің шындық екеніне еш шүбәсіз нық сеніммен айтты.

— Оны қайдан білесің? — шешесі қарсылық танытты. Дәл осы мезет жарқ етіп шам жанды. Бөлме іші жап-жарық бол кетті. Біlte шамның жалыны өшуге айналған екен. Шешесі оны үрлеп сөндірді де, әңгімесін жалғады:

— Сағат тұнгі он жарым бол барады, ал ол болса әлі жоқ. Соған қарамастан ол бізді ойлайды деп сендіргің келеді ә?

Бет-жүзі қалышылдаپ, кеуде тұсы түйіп ауырғанын сезді. “Сен оны бет алды кінәлайсың”, – дегісі кеп түрды да, бірақ жылап қалмау үшін өзін-өзі ұстап, мәңгіре айтты:

— Жарайды, мама, бар ұйықташы енді!

— Ал сен ше? – шешесі жұлып алғандай сұрады.

— Мен де жатамын. Ұйқым кеп тұр. – Бұл еркінен тыс есінеді.

— Сен шешінген де жоқсың ғой.

— Қазір шешінемін, осылай біраз жата тұрайыншы. Шамды өшір. – Әдейі ақырын айтты да, тағы да есінеп қойды.

— Жарайды, біршама жатсан жат, бірақ шешінуді ұмытып кетпе, – деп тілек білдірді шешесі. Сөйтті де шамды сөндіріп, өз бөлмесіне кетті.

Мұның еш ұйқысы келмеді. Әр түрлі ойдан басы қатып кетті. Біресе есікке, одан ұстелге, содан кейін орындыққа, әйтеуір әйелінің қолы тигеннің бәрін көзімен бір сүзіп шықты. Сөйтіп жатып ойланды: Таңертең бәрі де өзгереді, мынау бөлмеде енді ол ешқашан да болмайды.

— Шу-шэн! – кенет Вэнь-сюань мақталы көрпемен басын бүркеп алып, үнсіз жылап қоя берді. Іштей оның кіріп келіп,

ұстінен көрпені алып, мейірімді ұнмен: Сюань, мен осындамын, – деп айтуын тілеумен болды.

Бірақ, онысы жүзеге аса қойған жоқ. Тек қана көрші бөлмеден шешесінің жөтелі естіліп тұрды, бір кезде ол да өшті.

– Шу-шэн, сен мені шынымен тастан кетпексің бе? – деді шарасыздық танытып, бір жағынан оның: “Жоқ, мен сені ешқашан да тастанмаймын”, – деген жауабын естіп қаламын ба деген ұмітпен. Бірақ бөлме іші тып-тыныш үңірейіп тұр. Сырттан жалғыз сатушының: “Бидай ұнынан жасалған тәтті су алыңыздар!” деген үні талып естіледі.

Сатушының даусында әлсірегендіктің, өмірден тұңілгендіктің, мұнға батушылықтың табы бар. Вэнь-сюань құдды көрі сатушының тұр-әлпетін көріп тұрған секілді: басы иығына түсіп кеткен, жауырыны иіле түскен, жеңімен қолдарын қымтап алған. Оны ескі, тоз-тозы шыққан шапаны жылтытар емес. Сатушы жалғыз және ауыр науқас. “Кім біледі, мені де сондай күй күтіп тұрған шығар?!” – деп ойлады Вэнь-сюань көрпе астында булыға жылап жатып.

Бақытына қарай, шешесі мұның егілген даусын естіген жоқ. Көп ұзамай дәлізден аяқ тықырын естіп, көз жасын тыя қойды. Бұл келе жатқан әйелінің дәл өзі. Көрпесін ұстінен жұлып алды, бірақ бетін жуған жасты сұртуді ұмытып кетті. Ол есікті итеріп аша берген кезде сол есіне түсіп, асыға-үсіге көзін сұртіп, көз жасын көріп қалмауы үшін шұғыл бетін қабырғаға беріп, теріс айналып жатты.

Шу-шэн шамды жақты да, бірінші парызындай кереуетке үңіле көз тікті. Мұны ұйықтап жатыр деп ойлады. Сырт киімін шешті де, ақырын басып үстел басына келіп, орындыққа отыра кетті. Аяқ киімін ауыстырып киіп, қобдишасынан айна алды да, шашын түзетті. Содан кейін орнынан тұрып, чемоданын ашты, шкафта жатқан киімдерін алып, бұктең сала бастады. Мұны оятып алмау үшін барынша тысырлатпауға тырысып жатыр. Кенет бір нәрсе есіне тұскендей, жұмысын тоқтата салып, кереуетке жақын келді. Үн-тұнсіз күйеуіне үңіле қарап тұрып қалды.

Бұл ояу жатыр. Әйелінің әрбір тысыр еткен дыбысынан қимылын бағу үстінде. Оның кереует басына келгені білініп тұр. Кетуін тосып еді, бірақ ол ұзақ тұрып қалды. Не істеуде екенін білмей, есі шыққаны соншалық, ары қарай үн-тұнсіз жата алмады. Жөтелген болып еді, оның сыбырлап оятқан сыбысын естіді. Одан оянып кеткендей кейіп білдіріп, әйелі жаққа керіле аунап түсіп, көзін сыйырайта ашты.

– Сюань. – Ол бұған еңкейді. – Мен кешігіп қалдым. Сенің ұйықтағаныңа көп болды ма?

– Мен шынымды айтсам, ұйықтайын деген жоқ едім. Қалай бұлай болғанын білсем бұйырмасын. – Бұл таңданыс таныта күлді.

– Менің ертерек қайтқым келіп еді, бірақ кешкі ас созылып кетті. Олар мені дәмханаға сүйрегендей алыш барды. Үйге қайтуым керек деп қанша айтсам да, жібермей қойды.

– Бәрін түсінемін, – бұл оның сөзін бөліп жіберді. – Достарыңың сенен айырылғысы келмеген фой. – Осы сөздер аузынан шыққан замат артық айтып қойғанын түсініп, тілін тістей қойды. Эйелінің жаңын ауыртқысы келген жоқ болатын.

– Менің кешігіп келгенімді кінәлап тұрсың ба? – сыбырлай сұрады ол. – Мен шын айтамын, достарыммен тамақтанып отырсаң да, жүрегім осы жақта болды. Біздің айырылысатын мезгіл жақын қалғандықтан менің сенімен бірге болғым келіп еді. Бірақ мен қорықтым... – Ол көзімен шешесінің бөлмесі жақты нұсқады.

– Білем, саған ешқандай өкпем жоқ. Заттарыңды жинастырып болдың ба?

– Толық емес.

– Онда не тұрыс, тезірек бітір, – бұл оны асықтыра бастады. Тұнгі сағат он екі болып қалған шығар. Ал саған таң атпай ояну керек.

– Уайым жеме, маған басқармашы машина жіберетін болды. Тапсырыс беріп те қойды, – ол уайым-қайғысы жоқтығын білдіре жауап берді.

– Бәрібір ерте тұруың керек қой, әйтпесе үлгере алмай-сың, – бұл күлген болды.

– Онда сен... – деп бастады ол ұяттан өртене. Сейтті де сөзінің аяғын жұтып қойды.

– Мені үйқы тартып әкетіп барады, – деді бұл өтірік есінеп.

Ол ой қуып кідіріп барып басын көтеріп алды.

— Онда, жарайды, демал! Мен кетер кезде шығарып салам деп, орныңнан тұрушы болма, ауа салқын, сұықтап қаласың. Сен енді-енді түзеліп келесің, күтіну керек саған.

— Жақсы, оны өзім де білемін, еш уайым жеме. — Бұл бар күшін салып құлген болды.

Оның қайтадан заттарын жинастыра бастағанын көріп, көзіне жас толып, қабырғаға қарай аунап тұсті.

Ол бір сағатқа таяу жолға жиналумен болды, мұны ұйықтап жатыр деп ойлады. Ал бұл ояу еді. Миы тұп-тұнық жұмыс істеп тұр. Ойы сан-саққа жүгіріп, уақыт пен кеңістіктің тар шеңберіне сыймай, талай жерлерді шарлап кетті.

Вэнь-сюань оны елеңдетпеу үшін еркін тынысталп, жөтеле де алмады. Бақыт туралы арманы балалық шақпен бірге қолжетпестей алысқа ұзап, алдында тек қасіретті күндер күтіп тұр. Ол аз болса, енді бұл сыңарынан айрылып, жалғыздық тақсіретін тартпақшы. Оның үстіне көкірегін мына сұрақтар түйгіштей тұсуде: әйелі қайтып оралады ма? Ондай күнді күтуге мұның шама-шарқы жете ме? Бұдан артық ойлау мүмкін емес еді. Бұл үнін шығармай егіле жылап жатып ұйықтап кетті, өнді қым-қуыт тұске ұласып жүре берді.

Тұн ортасында қара терге түсіп жатып оянып кетті. Бөлме іші тас қараңғы, көзіне ештеңе ілігер емес, бұрылып терезе жаққа қарады. Басы шыр көбелек айналып тұр, еш нәрсені ажырата алар дәрмені жоқ. Көрші бөлме жақ тыптыныш. Құлағын тосып еді – әйелі бірқалыпты тыныс

алып, алаңсыз ұйықтап жатыр. “Уақыт қанша болды? – Вэнь-сюань алаңдаушылық танытты, – ол ұйықтап қалған жоқ па? – сол замат басына мынадай ой келді: – Әлі қараңғы ғой, айтпақшы, ол кешікпейді екен ғой, оны алып кетуге басқармашының өзі келеді емес пе.” Соңғы сөз жүрегіне шаншудай қадалды. Бір нәрсе өзегін өртеп жібергендей бет-жүзі қалышылдай тітіркенді. “Ол барлық жағынан менен артық”, – деп ойлады Вэнь-сюань күйіне.

Өстіп жатып қайтадан ұйықтап кетті.

Бір кезде Шу-шэн оянып кетті де, шамды жағып, сағатқа қарады.

О! – ол абыржи айқайлап жіберді де, шапшаң жинала бастады. Көшеден машинаның бипылы естілді. Бұл сол ғой, тездетуім керек. – Шу-шэн жылдам киінді де, кереует жаққа назар аударды. – Оны оятпай-ақ қояйын, ұйықтай берсін, – деп ойлады, сөйтті де енесінің бөлмесіне көзін сүзе қарады. Есігі жабық тұр, Шу-шэн разы көңілмен іштей айтты: “Жолыққанша!.” Чемодандарын көтере беріп, біреуін жерге қайта қойда да, кереуетке жақындалды. Күйеуі қабырғаға бетін беріп ұйықтап жатыр. Не істерін білмей, бір шама бөгеліп тұрып қалды. Терезе сыртынан тағы да машина бипылы естілді. Ол бар мейірімін төге сыбырлай айтты:

– Біз айырылысамыз, Сюань, менің сені тастап бара жатқаным түсінде кірмей-ақ қойсын. – Ол көзінен домалап жас тамғанын сезді, ернін тістелей берді. Кереуетті тастап, бір қадам кейін басты да, сол замат қайта бұрылып, күйеуіне тағы да көз нұрын төкті. Көңілі қырық құбылып

тұр, үстелге жақындағы да, ақ қағазға бірнеше сөз жазып, оның үстін сия сауытпен бастырып қойды. Сөйтті де, екінші чемоданды алып, бөлмеден шығып жүре берді.

Дәл сол мезет, ол дәлізде кетіп бара жатқан кездे, кенеттен Вэнь-сюань оны іздеп айқайладап жіберді. Түсіне оның кетіп бара жатқаны еніп, содан жан дәрменімен атын атап шақырып жатып оянып кетті.

Бұл оны шарқ ұрып іздей бастады. Есік ашық қалыпты. Шам жарығы көзін қарып барады. Бөлменің қақ ортасында бір чемодан тұр. Соны көріп, не болғанын бірден түсіне қойды. Дереу шапанын жамылып, түймелерін де қадамастан, чемоданды ала, төменге қарай ұмтылды.

Баспалдаққа жетпей жатып қолы талып, аяғы зіл тартып, қатты ауырып тұрғанын сезді. Жаны қиналғанына қарамастан төменге қарай түсе бастады. Мұнда жарық жоқ болатын, түймесі қадалмаған шапанының етегі аяғына шалынып, жүрісіне кедергісін тигізуде, содан өте баяу қозғалады. Бұл екінші қабатқа түскен кезде екі кісі қарсы ұшырасты. Кол фонаригінің сөулесінен көзі ештеңе көрмей, бір қолымен көлегейлей берді.

— Сюань, сен тұрып қалғансың ба? — таныс дауыс құлағына шалынды. Кол фонарының жарығы бұған түсіп тұр. — О, қолындағы чемоданды қара?! — Шу-шэн шұғыл бұған ұмтылды да, қолын соза берді: — Әкел, өзім көтерейін! — Оның даусынан ризашылық сезімі есіп тұр.

Бұл әлі чемоданды жібермей көтеріп, оны өзі жеткізіп салуды тілеп тұр.

— Еш алаң болма, жеткізіп беремін ғой!

— Чемоданды маған беріңіз, — деді ер кісі. Даусы жас та қуатты естілді. Вэнь-сюань селк ете қалды. Сөйлеген кісіге қарады да, оның сымдай тартылған дене бітімін, жер тіреген тұрысын көріп, өзінен әлдеқайда күшті де көрікті екенін байқады. Ләм-мим деместен чемоданды қолына ұстата салды. Вэнь-сюаньға Шу-шэннің сөзі естілді:

— Чэнь мырза, мен қазір барамын.

— Көп бөгелмеңіз, — деді ер кісі, оның сымдай тартылған сымбатты денесі қарандылыққа сіңіп бара жатты. Біраздан кейін аяқтарының тықырын да қарандылық жұтып қойды. Қалта фонарының жарығы да сөнді.

Вэнь-сюань мен Шу-шэн тас қарандылықта үн-тұнсіз тұр, тыныстары ғана анық естіледі.

Тағы да машина бипылдал қоя берді. Шу-шэн үйқысъянан оянып кеткендей, аптыға айтты:

— Сюань, бар енді, жатшы, өзінді күт... Осы жерде қоштасайық, мені шығарып салмай-ақ қой. Мен үстелдің үстіне саған хат қалдырдым. — Ол бұның қолын қысты да, еріксіз күрсінді: қолдары қандай ап-арық, тірі адамның қолына ұқсамайды, — деді ішінен. Шу-шэн бар күшін салып, өзін-өзі ұстап, даусы дірілдей айтты: — Кош бол.

Вэнь-сюань оның қолын жібермей, қысып тұрып, абыржи айтты:

— Мен сені қайтып қашан көремін, қашан қайтып ораласың?

— Білмеймін, бірақ міндетті тұрде қайтып келемін. Ең ары кеткенде бір жылдан кейін көрісетін боламыз, — деді тебірене толқып Шу-шэн.

— Бір жылдан кейін! Тым ұзақ қой! Одан ертерек болмай ма? — деді бұл есі шыға. Мұны оның қайтып келуін күте алмаймын ба деген күдік билеп алды.

— Мен тырысамын... мүмкіндігім болғанша, — жалтара жауап берді ол. Осы мезет тағы да машинаның мазасызданған бипылы естіледі. — Қайғыра берме, мен саған ол жаққа бара салысымен хат жазып жіберемін, — ол күйеуінің көңілін аулап бақты. — Шешеңде менің атымнан бір-екі сөз айта салшы, оны оятуға дәтім жетпеді. — Ол күйеуінен біржола суырылып шықты да, қол фонарын жағып, тез-тез басып төменге түсіп кетті. Жанары жасқа шыланып бара жатыр.

Вэнь-сюань есеңгіреп біраз тұрды да, кенет оның соңынан қуып шықты. Жүгіріп аула қақпасына жете берген кезде машина жүріп кетті. Бұл айқайлад жіберді: “Шу-шэн!” — сонымен үні өшті. Шу-шэн машина терезесінен мұның түрін көріп қалғандай болды. Бұл далақтап жүгіріп келеді, бірденцелерді айтып айқайлад қояды, бірақ машина алға қарай асығып, көп ұзамай тұманға сіңіп жок болды. Еріксіз бөгеліп, ентігін баса алмай біраз тұрды да, содан кейін дымы құрып үйіне қайтты. Есік алдында жол жиегіне жарығын түсіріп, ай секілді дәп-дәңгелек жалғыз лампа жанып тұр. Қабырға тұбінде біреу жатыр. Бұл жақын барып, анықтап қарады: он жас шамалас екі бала біріне-бірі итіне тығылып ұйықтап жатыр. Беттері кір-қожалак, киімдері жалба-жұлба. Шырт үйқыдағы балалардың жүздерін лампаның күнгірт жарығы аймалап өбіп тұр.

Балаларға қарап тұрып бүткіл денесі қалшылдақ кетті. Айнала үрейлі де ызғарлы тұн құшағында. Екі бала түкпен істері жоқ ұйықтаپ жатыр, бұл оларды құзетіп біраз жүрді. Оятып алып, бөлмесіне ертіп кіргісі келді, шапанын шешіп, үстеріне жауып қоюға оқталды, бірақ мұның біреуін де істеген жоқ. Күтпеген жерден Тан Бо-цин де осылай ұйықтаған шығар деген ой келді басына, бала досының әңгімесі есіне түсіп. Қолымен бетін басып алды да, жазадан қашқан адамдай, пәтеріне қарай асықты.

Бөлмеге кіре үстелдің үстінен Шу-шэннің хатын алды да, дауыстап оқып шықты:

— “*Сюань, мен кетіп бара жатырмын. Сені оятқым келмеді. Еш қамыға көрме! Ана жаққа барысымен хат жазып жіберемін. Бар мәселемді басқармаши Чэнь шешіп беретін болды, уайымдай берме. Мен жсі хат жазып тұрамын. Шешенде мен туралы бір ауыз жылы сөз айта сал. Онымен қас болып қалғым келмейді, мені кешірсін ол.*

**Әйелің.”**

Бұл кемсендереп жылап жіберді. Әсіресе, әйелің деген сөз жанына қатты батты.

Қолына қолхатты ұстаған күйі үстел басында бірер минут кідірді. Өн бойын сұық кезіп өтті. Әсіресе, аяғы тоқып барады. Тәлтіректеп басып кереуетіне жетті де, хатты жастығының астына тығып, шапанын шешті. Еш ұйқысы келмейді. Төсегінде дөңбекшіп жатты да қойды. Көзін сәл жұмса болды, қорқынышты көріністер елестеп, қайтадан бақырайтып ашып алады. Осыдан кейін ұйықтау

да қорқынышты көрінді. Қызы қөтеріліп, басы айналып, құлағы шуылдалаң барады. Таң ағарып атып келе жатқан бір мезгілде ұшақтың гүрілдеген даусын естіп, ойлады: “Енді ол алыстап кетті, қайтып ешқашан көре алмаймын”. Жастығының астындағы хатты алды да, егіле жылап жатып, умаждай берді.

— “Сен аса ақ көңілсің, тек жылау ғана қолыңнан келеді!” — деген әйелінің сөзі есіне түсті де, одан сайын ашына жылады.

## XXIV

Әйелі кеткен күннің ертеңіне ауруы қайта алыш жықты. Көп ұзамай әйелінен екі хат алыш ұлгерді. Оның алғашқысын былай деп жазыпты:

“*Сюань, мен Ланъчжоуга келіп жеттім, мұнда бәрі бейтаныс. Күн сұтып тұрганына қарамастан, ауасы жайлы көрінді. Банк гимараты дайын болмагандықтан, біз қонақ үйде тұрып жатырмыз. Басқармашиның маган деген ықыласы өте жақсы, менің жайымды ойлан еш уайым жеме. Бейтаныс жерге келгеннен кейін неден бастап кірісу керек екенін білмейді екенсің. Бір-екі күннен кейін тагы да жазамын гой. Шешен әлі ренжулі ме? Мен үйде болған кезде не істесем де ұнатпаушы еді, бәлкім қазір маган деген ыза-кегі басылған шыгар.*

Өз денсаулығыңды күт! Дұрыс тамақтанып жур, ақшаны ойлан, тартына берме, мен ай сайын салып тұратын боламын. Бақытты болуыңды тілеймін.

Эйелің”.

Қайыра сәлем жолдауға өзінің мекен-жайын жазбапты. Қып-қысқа хатты алғанына дән риза, тек, “басқармашы” деген сөз ғана көніліне сәл көлеңкесін түсіргені болмаса. Бұл келесі хатты тағатсыздана күтумен болды. Оны төрт күннен кейін алды, бірақ тулаған көнілі бір түрлі басылып қалды – ол алдыңғысынан да қысқа жазылыпты. Онда Шу-шэн банк жұмыстарынан қолы босамай жатқандықтан хал-жағдайын толық баяндауға мұршасы жоқтығын қысқа қайырып айтыпты. Бұдан жиі-жиі хат жазып тұруын өтініп, мекен-жайын хабарлапты. Бұл жолы жай ғана “Шу-шэн” деп қол қойыпты.

Вэнь-сюань хатты оқып шығып, күрсінді. Шешесі хатқа қолын созды. Бұл оған үн-тұнсіз ұсына берді.

– Жаны ашығанына болайын. Кеткені кеше ғана, ал хат жазысы тұра аспанды тіреп тұрғандай, – кемпір хатты оқып шығып, ашулага кейіді. Ол Шу-шэннің алғашқы хатын көрген жоқ еді.

– Шу-шэннің қолы шынымен де бос емес, мама, оны кінәлай бермеші. Байырғы қызметтестерінің қатары сирек шығар, басқармашы оны барынша қолдап жатса, әрине оның күні-түні еңбек етпесіне лажы қайсы. – Бұл көнілінде әлгінде ғана туындаған күдігін еш сездірмей, жасырып, әйелін әлі де қорғаштау үстінде.

– Басқармашы! Басқармашы! Менің сөзім есінде болсын, күндердің күнінде олар саған “сюрприз” жасайды, – шешесі ызадан жарылардай ойындағысын айтып салды.

— Маған дәрі қабылдау керек, мама, — деді бұл әңгіме тақырыбын өзгертуді қалап. Анасының сөзі жанына қатты батып кетті.

— Жақсы, барып жылытып әкелейін, — деді шешесі келіні жайлы әңгімені сол мезет ұмытып. Ол ұлының әбден суалып, сарғыш тартқан өңіне аса қамыға қарады. Бірақ өзі үшін көзі от бол жалындап, өнді сауығып келе жатқандай көрінді.

Вэнь-сюань күрсіне айналасына көз салды, содан кейін жанарын қабырғаға, үй төбесіне аударды. Бұған барлық тұстан әйелінің күлімдеген жүзі елестеп тұрғандай болды. Ол аса сұлу, әртіске ұқсайтын еді. Вэнь-сюаньның денесі күйіп-жанып барады. Құлағында бір қалыпты қоңырау шырылы ызындалп тұрып алды. Көзі қарауытып, есі кіресілі-шығасылы беймәлім күйге еніп бара жатты.

Бұл үзік-үзік қайдағы жоқ тұстер көрді. Оқта-текте қинала ыңырсып қояды. Бөлмеге шешесі кіріп келген кездे ғана есін жиғандай болды. Қара терге тұскенін байқап шошып кетті. Шешесіне жалынышты жүзбен жаутаңдай қарады.

— Не болды саған? — деді шешесі селк ете түсіп, қолындағы дәріні төгіп ала жаздал.

Бұған оның сөзі күңгірлеп анық естілмеді. Тек біраз уақыт өткеннен кейін ғана іштегі демін күрсіне сыртқа шығарды да, қинала:

— Мен жаман тұс көрдім — деді.

Шешесі ештеңе ұқпай бұған телміре қарады.

— Дәрің дайын, аса ыстық емес. Ішші, — деді қам көнілін білдіріп.

– Жақсы, әкел. – Бұл үстіндегі көрпені лақтырып тастады.

– Бірдене жамылшы, сұық ұстап қаласың. – Шешесі дәрі езілген ыдысты берді де, мұның иығына шапанын жауып қойды. – Бұгін күн сұық, қар жауып қалыпты, – деді ол.

– Қалың ба? – дәрісін ішіп жатып сұрады бұл.

– Жоқ, қалың емес, бірақ күн қатты сұытып тұр.

Дәрісін ішіп болып, кесесін шешесіне қайыра бергенде, оқыста оның қып-қызыл болып ісініп кеткен қолдарына көзі түсіп кетті. Бұл шошына сұрады:

– Мама, тағы да қолынды ұсітіп алғансың ба?

Ол қолын тез тартып ала қойды да, тұк болмағандай жорта айтты:

– Бұл былтырғы үсік қой.

– Қалайша, былтыр дәл осылай қатты ұсіткен жоқ едің ғой. Мен сенен енді кір жумай-ақ қой деп өтінгенім қайда?

– Ал сен білесің бе, біреуге беріп жудыру үшін қанша ақша керек екенін? – деп сұрады шешесі, сөйтті де жауап күтпестен өзі айтты: – Мың төрт жұз юаньға жақын. Бұрынғыдан екі есе қымбат.

– Қымбат болса қайтейін? Өзінді осылай қинай беру керек пе сонда, – бұл қынжыла айтты. – Мен сенің алдында кінәлімін, мама.

– Е, тұкте етпейді!.. Тенге тыннан құралады. Кір жуғызуға төлегенше, аз ақшаны үнемдеп, ем алуға жұмсағаным жақсы ғой.

– Тарыға бермеші, Шу-шэн ай сайын ақша салып тұрам деген жоқ па. Ақша туралы ойламашы осы. – Бұл есіней керілді де, үстіндегі шапанын шешіп, төсегіне жатты.

Шешесі ұндеңей, ішінен тынды, бет-жұзі еркінен тыс тыжырына қалғанын сезіп, ұлына байқатпау үшін тез бұрылып кетті.

– Мама, – деді бұл мейірімді ұнмен, шешесі кідіріңкіреп барып бетін бұрды. – Саған өз денсаулығында күту керек. Өзінді-өзің қинай беруге болмайды ғой.

– Мен қиналып жүргенім жоқ, – деді ол бар күшін салып құлімсіреп, ұсік шалған қолдарының сыздап тұрғанын байқатпай.

– Өйтіп алдама мені, бәрін де білемін, сен Шу-шэннің ақшасын әжетке жаратуды қаламайсың ғой.

– Олай деме, мен оны пайдаланып жүрмін, – деді ол. Үні шаңқ ете қалды, жанары жасқа толып кетті. Ернін тістеді де, теріс айнала қойды.

– Сенің алдыңда кінәлімін, мама! Мені бағып-қақтың, ер жеткіздің, бірақ әлі өзімді-өзім асырауға шамам жетер емес, – деді бұл. Шешесі бөлмeden атып шығып, басына тұскен қайғыны көз жасымен жуып-шайғысы келді.

– Сен әлі Шу-шэнді жек көресің бе? – деп сұрады ұлы біраз үнсіздіктен кейін.

– Жоқ, мен оны ешқашан күндеңен емеспін. – Бөлмeden тезірек кеткісі келді оның – тағы да Шу-шэн туралы бірдене айтып қоям ба деп қорықты.

– Ол көңілінде саған деген еш қаяу жоқ екенін жазады.

- Соған да тәубе! – шешесі тілін беziй айтты.
- Егер ол саған хат жазса, жауап қайырар ма едің? – деп сұрады бұл дәл сәтін пайдаланып.

Шешесі ойланып барып айтты:

- Жауап беремін, – әлі де сол ұлына байқатпау үшін бет-жүзін жасырған күйде тұр.
- Жақсы, – мұның көңілі орнына тұскендей болды.
- Сен ол хат жазады деп ойлайсың ба? – кенет оқыс сұрақ қойды шешесі.
- Солай деп ойлаймын, – сенімсіздеу жауап қайырды бұл.

Шешесі басын шайқады, “Тағы да шатасасың” деген сөз аузынан шығып кетуге шақ қалды. Бірақ өйтпеді, оның арманын тас талқан етуге дәті жетпеді. Оның үстіне одан өзі де үмітсіз емес еді.

Оның тәкаппар көңілі бірте-бірте басылып, күндес келінімен күндердің бір күнінде түсінісемін бе деген дәмесі артып келеді.

Ол күні бұлар Шу-шэн туралы басқа артық ауыз сөз айтқан жоқ. Кешкісін, шешесі өз бөлмесіне кеткеннен кейін, Вэнь-сюань орнынан тұрып, киінді де, жазу үстеліне жайғасып, хат жазуға кірісті. Шу-шэнге қалай өмір сүріп жатқандары туралы, таңертеңгісін шешесімен екеуара болған әңгімені жеткізуге тырысты. Шу-шэннен анасына хат жазуын өтінді, оның шапағатының мол болатынын сездірді. Сонымен бірге өзіне уәде еткен, хал-жағдайын толық баяндайтын хат күтіп жүргенін де ескеруді ұмыт қалдырмады. Конверттің сыртын толтырып болғаннан кейін санасы сансырай, төсегіне құлап түсті.

Ертеңгісін таң ата денесінің қызыуы күрт көтеріліп кетті. Әл-дәрмені құрып, қалжырап тұрса да, хатты ұмытқан жоқ. Оны шешесіне ұсынып, авиапошта арқылы жолдауын өтінді. Кемпір хатты алды да, ұн-тұнсіз шығып кетті. Вэнь-сюаньға шешесінің ойы жұмбак күйінде қалды. Екі беті дуылдап өртеніп барады, жанарынан ұміт сәулесі жалын шашады. Бұл Шу-шэннің қайтып оралатынынан әлі күдерін үзген жоқ еді.

Төрт күн бойы тырп етпей, жақсы ұйықтап жүрді, бірақ бір жұма өтті, хат тасушы бұлардың есігін бірде-бір рет қақкан жоқ. Келесі аптада ғана авиапошта арқылы жауап хат алды. Конвертті жыртып ашты да, ет жүрегі елжірей ондағы хатты оқуға кірісті. Бірақ, сол замат көңілі су сепкендей басылды. Бұл да әдеттегідей қысқа қайырылған хат болып шықты. Шу-шэн бұрынғысынша қалт етіп қолы босамайтынын, толыққанды хат жазуға еш уақыты жоқ екенін ескертіпті. Хат соңында ақша аударғанын хабарлапты.

— Ол не жазыпты? — деп сұрады шешесі мұның мұндана қалғанын бет-әлпетінен байқап.

— Бәрі жақсы, бірақ қалт етіп қолы босамайды екен, — қысқа жауап берді Вэнь-сюань, сөйтті де қолындағысын ұсына берді.

Кейуана хат пен ақша аударылғаны туралы түбіртекті ләм-мим деместен қолына алды.

— Мама, кір жууға біреуді жалдамасаң болмайды, — деді Вэнь-сюань. — Кіммен болса да бүгін келісші. Бұдан үнемдеудің еш қажеті жоқ, Шу-шэн ай сайын ақша салып тұрады ғой.

– Оның ақшасы қаншаға жетеді дейсің?  
– Біздің банкте де ақшамыз бар ғой.  
– Оны жұмсаң жатқан жоқпыз ба?! Қалғаны Сюо-сюаньның оқуына да жетпей ме деп қорқам. Өткен семестріне жиырма мыңдай жұмсағанбыз, бұл жолы елу мың болуы да мүмкін. – Ол біраз кідіріп барып сөзін жалғады: – Қайткенмен де оны мемлекеттік мектепке ауыстырған дұрыс деп санаймын, бай балаларына арналған мектепте оку кедей-кепшіктің мәндайына жазылмаған ғой. Егер ол мемлекеттік мектепте оқыса, бізге көп арзанға түсер еді.

– Жеке меншік мектепте оқыту – анасының қалауы. Сондықтан оған еш кедергі жасамайық. Өткен жолы ол сынақтарын сәтсіз тапсырған кезде де Шу-шэн ондай шешім жасаған жоқ, қиналса да көмегін аямай берді, – Вэнь-сюань қарсылық танытып тұрып іштей ойланды: “Мен мұндай шешімге жол бермеуім керек”.

– Ондай жағдайда ақша жетпейтінін жазып жібер, бір амалын қарастырын.

– Жарайды, – Вэнь-сюань ойланbastan айта салды.  
– Маған салса, Сюо-сюаньның үйде болғаны жақсы еді, – деп шешесі сөзін жалғады. – Тым болмағанда бір тірі жан қосылып, үйдің сөні кіріп қалар еді.

Вэнь-сюань ойланып барып айтты:

– Жақында ғана Сюо-сюань демалыс кезінде жолдасының үйіне баратынын, оның мектептің қасында тұратынын жазып жіберген жоқ па. Онда өткен сабактарын қайталауға мүмкіндік бар көрінеді. Барса барсын, оны үйге шақырудың қажеті қанша?

— Жалғыздық саған қатты батып жүр ғой. Ал егер ол келсе, көнілдірек болар еді, — шешесі алған бетінен қайтпады.

— Оның буыны әлі қатқан жоқ, ауруымды жұқтырып алуды мүмкін, одан да менен аулак жүргені жақсы, — ұнжырғасы түсे үн қатты Вэнь-сюань.

— Жарайды, сенің айтқаның-ақ болсын, — шешесі келіс-кен сыңай танытты. Жаны қатты ауырып тұрса да, бар күшін салып, оны ұлына сездірмеуге тырысты. Терезеге тақап барды да, қайтадан кері бұрылып, Вэнь-сюаньға қарап ыстық сезіммен айтты: — Ұлым-ау, ауруыңды ойланға бермеші, сен әлі жассың ғой. Өзінді-өзің қажытқаннан басқа түк пайда жоқ.

Бұл басын изей жауап қатты:

— Жақсы, қам жеме, мама!

— Мен қартайған адаммын, мына тіршілікке етім әбден өліп кеткен. Ал саған қын ғой, басқаша өмір сұруге тиіссің, — деді ол кенет ішкі жан толқынысының тізгінін ұстап тұра алмай.

— Оқасы жоқ, соғыс бітіп, жеңіске қол жеткізгеннен кейінгі мамыражай күндерге әупірімдеп аман-есен баармыз деген үміттемін. Сол уақытта саған жақсы болады, — Вэнь-сюань шешесінің көнілін аулауға тырысты. “Бізге” деген сөздің орнына “саған” деп әдейі айтты, өйткені ол күнге өзінің жете алмайтынына сенімді еді.

— Ондай күннің қашан туатынын кім біледі?! — Шешесі қапалана айтты. — Мен бүгін екінші қабаттағы көршіге жолығып қап ем, оның айтуынша, жеңіс биыл болатын

көрінеді. Жыл жаңа басталып, алдымызда өлі он екі ай тұрса да, біз жеңіске қалай жетеміз, еш түсінсем бұйырмасын.

— Саған жаным ашиды, мама! Қарттық жеңіп бара жатқанына қарамастан, ол туралы да ойлануың керек. Қазір жапондықтар үшін де қысылтаяң шақ, меніңше, бізді жаулап ала алмайтын сияқты. Барлығы осыған сенімді, — Вэнь-сюань ашына құлді.

— Иә, иә. Жақында ғана жапондықтар Гүйянды жаулап алмақшы болып, халық қатты дүрлігіп еді, қазір олар кері шегініпті, — шешесі сөзін іліп әкетті. — Бірақ байлар бәз баяғысынша жаупты лауазымдарды иемденуде, саудасаттық жасап, жағдайларын жақсартуда. Басқасын айтпай-ақ қояйық, басқармашы Чэнънің өзін көрдің бе, бас басқармашылықтан дәмелі.

— Олар да сондай күнге жетеді-ау, — мырс етті Вэнь-сюань. — Демек, жеңіс күні туса, оның қызығын басқалардан гөрі тағы да солар көреді десенші? — шешесі ызала-на айтты.

— Дәл солай, көнбеске амалың қайсы. — Вэнь-сюань тауы шағыла сөйледі.

Анасы мен ұлы осымен әңгімені доғарып, айттар сөз таусылғандай, бір-біріне үнсіз телміруде. Күннің сөулесі түсіп тұрғанына қарамастан даңғарадай бөлме азынап тұр, уақыт құдды тоқтап қалғандай. Бөлмедегі екеуіне ештеңенің қатысы жоқ, бәрібір секілді. Бұл қолын жеңіне тығып, шкафқа арқасын беріп жұмсақ орындықта шалқалай отыр; басы үсті-үстіне ауырладап, денесі біртіндеп төмен

тартып барады. Ал шешесі бір қолымен жағын тіреп, екіншісімен үстелді қармап, қалғып-мұлгіп отыр. Бұларды жанай жүгіріп, тышқандар сайран күруда, бірақ оларды қуған ешкім жоқ.

Бөлме іші біртіндеп қараңғы тартып, қапастана түсті, ал бұлардың көңілдері одан да жабығыңқы еді. Еден жырықтарынан соққан ызғарлы леп аяқтарын бүрістіріп барады.

— Барып тамақ дайындаудын, — деді шешесі ақырын орнынан көтеріле беріп.

— Әлі ерте ғой, асықпаши, — деп өтінді бұл. Ол еш қарсылықсыз қайта отырды, өңінде қалың ойға батқандық табы байқалады.

Көп ұзамай бөлмені тас қараңғылық қымтап алды. Шешесі сөз айта орнынан қайта көтеріле берді:

- Енді бармасам болмас.
- Мен саған көмектесіп жіберейін, — бұл ұсыныс жасады.
- Қажеті жоқ, мен өзім-ақ істеймін ғой.
- Аздап ары-бері жүргенім жақсы, қол қусырып қарап отыра берген жалықтырып жіберді, — деді де, бұл оның соңынан ілесті.

Бұлар жеңіл-желпі тамақ әзірледі де, кешкі астарын ішуге кірісті. Еш тәбеттері тартқан жоқ. Кешкі ас ырымын жасады да, шешесі ыдыс-аяқты жинастырып болып, біраз кідірді. Біріне-бірі күнделікті жаттанды сөзді айтқан болды, сонымен әңгіме тақырыбы таусылды. Бұл шешесінің қолындағы сағатқа қарады — ол жетіні көрсетіп тұр. Әлі тым ерте болғандықтан екеуі осылайша сағат сегіз жарымға

дейін уақыттарын әрең өткізді, содан кейін шешесі өз бөлмесіне кетті де, бұл төсегіне жатты.

Қыс та жайлап өтіп барады. Бір күннен екінші күннің айырмасы жоқтың қасы, кей күндері шам сөніп, Вэнь-сюань ертерек жатып қалады, шешесі бірде киім-кешек жамап уақыт өткізсе, енді бірде ести-ести мезі болған әңгімені айтып, мұның көңілін аулаған болады. Оқта-текте Сяо-сюань келіп түнеп кетеді, сол кездері пәтерлерінің кәдімгідей сәні кіріп қалады. Сяо-сюань сөзге сараң, ойнап-кулуге бейімсіз бала, соның өзінде ол келген сайын үйге тіршілік табын сездіріп қайтады. Былтырғыға қаранды Вэнь-сюань өзін едәуір тәуір сезінеді, бірақ көбіне-көп болашаққа үмітін үзіп қарайды.

“Менің жеп-ішуден басқа қолымнан тағы не келеді?” – деп ойлайды бұл. Осылайша тағдырдың жазуына біртіндең көндігу үстінде. Бір жолы осы азапты сұрақтың жауабын тапқандай болып еді, “өлім” деген қорқынышты сезден жан дүниесі тітіркеніп, бүкіл денесі қалтырап қоя берді. Тұла бойын жегі құрт жаулап алғандай ауыр сезінді. Осыдан кейін бірнеше күн бір нәрсе ойлауға дәті дауаламай жүрді.

Мұның қайғысын сейілту шешесінің қолынан келмейтінін біледі, сондықтан өлім туралы ойын құпия сақтады. Әр хат жазған сайын “денсаулығыңды күт” деп бәйек болғанына қарамастан, әйелі де көңілін орнына түсіруге қолғабыс ете алмады. Оның шаруасы бұрынғысынша қауырт күйінде қала берді. Хатында енесі туралы сұрап білгісі келгенімен, мұның өтінішін тыңдаусыз қалдырып,

оған арнап хат жазуды сол күйі ұмытып кетті. Осы себептен де және сонымен бірге “шаруасы қауырт” болғандықтан да оның хаттары қып-қысқа болып келеді. Екеуінің арасын бөліп тұрған қорғанның күн өткен сайын қалындаپ бара жатқанын Вэнь-сюаңь терең сезінеді. Ол жайында шешесіне тіс жарып ештеңе айтқан жоқ, бірақ ойынан бір сәт шықпай, әбден мезі етіп болды.

## XXV

Сандырақтатқан түстей болып қыс та өтті-ау. Көктем келді; жылымық жел қалың тұманды қуып таратты. Әр-әр жерде майдандағы жағдайды үмітпен талқылау жүріп жатты.

Алайда Вэнь-сюаңьның өмірінен жылт еткен ешқандай өзгеріс байқалмады. Денсаулығы біресе жақсарып, біресе нашарлай түседі. Өзін тәуір сезінген күндері сыртқа шығып, таза ауа жұтып қайтса, ауруы қозған күндері күні бойы төсегіне таңылып, дөңбекшіп жатып қалады. Шешесі бәз баяғыша тамақ әзірлеп, бөлмелерді тазалап, бұған дәрі-дәрмек әзірlep, кеш батырады. Екі аптада бір мәрте Сяо-сюаңь түнеп қайтады; оның мектеп туралы әңгімесінен бөлменің сәні кіріп қалады, ал ол кеткенде үйде қайтадан өлі тыныштық орнайды. Шу-шэн аптасына бір рет хат жазса, ай сайын ақша салып тұрады. Оның хаттары әдеттінше қып-қысқа болып келеді, Вэнь-сюаңь сол бір-екі жолдың өзінен оның сезімін аңғаруға тырысып бағады. Бұл оған жиі-жіі хат жолдап, кейде біраз жайды жасырып қалғанды жөн санайды. Ондағысы әйелім барлығын біле

бермесін дегендегісі туындайды. Хат жазу – мұның уақыт өткізер жалғыз ғана ермегі, қолынан келер бір ғана шаруасы.

Күн ұзара тұсуде, кеш батыру бұл үшін азапқа айналып барады. Бүйте берсе, күндердің-күнінде сөйлеуді ұмытып қалатын шығармын деген ой келеді кейде басына. Сәл салқындаса болды, даусы қарлығып қалатын болып жүр. Шешесі қартаяйын деді ме, аз сөйлейтін болып алды. Екеуі күнүзак ұн-тұнсіз, телміріп отыра беруге әдеттеніп барады, Вэнь-сюань кей күндері бір-екі ауыз сөз айтумен шектелетін болып жүр.

Уақыт шіркін ауру адам итерген қоларба секілді өте баяу жылжиды, кейде дәм-тұзы таусылған ана арбакеш сықылды кенеттен біржола тоқтап қалатындаі көрінеді.

Соған қарамастан Вэнь-сюань өмір сүруін жалғастыруда, сезімі мен ойы тірі екенін білдіріп қояды. Сол жақ өкпесі жиі-жиі сыздап ауырады; тұні бойы қара терге түсіп, жөтел қысып шығады, кейде қан түкіретін кездері де бол қалады. Осылайша азапты сөттері күннен-күнге артып келеді, ал қуаныш пен шаттық дегендерді ұмытқалы қай заман?!

Мұның тағдыр жазуына көнбеске еш шарасы жоқ. Сүреңсіз өмір жетегіне ұн-тұнсіз еріп, бұлыңғыр болашаққа қарай лажсыз жүріп барады. Үні бұрынғыдан да аз шығатын болды, өйткені жандаусының жаңғырығын естіп қаламын ба деп қорқады. Кейде бар төзімін тауысадай болған жалғыздық азабына шыдай алмай, көкірегі қарсайырылады, ондайда шешесіне білдірмей күнірене күрсініп алады.

Ал күннің батуы барған сайын ұзарып барады, Вэнь-сюаң әл-дәрменің түгесілуге шақ қалғанын іштей сезеді.

Өмірмен қоштаса қояйын десе, оған ешкім келісімін бермейді. Шу-шэн шыдамдылық танытып, өзінің қайтып келуін күтуді өтінсе, Чжун әріптесі жұмыс тауып беруге уәде етті. Шешесі қытайлық және европалық дәрі-дәрмекті үйіп төгуде, олардың пайдасы тиеріне күмәні болса да, анасының көңіліне қарап, айтқанын-айтқандай ішуде. Бір жолы шешесі өз дегенінен қайтып, мұны емханаға алып барды, онда үш сағаттай кезек күтулеріне турға келді. Қабылдау залында кісі көп екен, қыстың айы болғандықтан сыртта тосу мүмкін емес-тін. Дәрігер бұны ызғар шаша қарсы алып, шешінуін өтінді де, қан соғысының жиілігін тыңдалап, кеуде тұсын тоқылдатып көрді; содан кейін қабағын одан сайын шытып, киінуіне ишарат етті де, ем жазып берді. Сөйтті де, жалпы тексеру алдағы аптада болатындығын, оған дейін рентгенге түскені дұрыс болатынын, бірақ оның қымбат тұратынын айтып шығарып салды. Анықтама бюросынан жалпы тексерілуге қанша қаражат кететіндігін сұрап біліп, Вэнь-сюаң тілін тістеп ала жаздады. Содан кейін тағы бір рет ауруханада болды, онда да дәрігер келесі аптада келуін бұйырды. Осыдан кейін Вэнь-сюаң ойланып-толғанып, емделу қымбатқа түсетін болғандықтан қайтып аурухана есігін қақпауға өзіне-өзі серт етті.

“Жазмыштан озмыш жоқ, – деді ол өзіне-өзі, – бәрі бір жаратушының қолында!”

Бірде серуендең қайту үшін сыртқа шыққан. Ауа райы жақсы болып тұр. Көше толған машина, жол үстін шаң

қымтай түскен; жақын қылышта үйіліп қоқыс жатыр, мұңкіген иісі қолқаны алып барады. Тұмсығын қолымен жапты да, қасынан жанай басып өте шықты. Кенет еркінен тыс жалт қарады. Қарсы алдынан шыққан “Халықаралық” дәмханасы көзіне оттай басылды. Оның сөресіне тұра бір ай бұрынғыдай адамның тәбетін ашар торттар, америкалық түрлі тәтті тағамдар қойылыпты. Бірақ анадағыдай етene таныс самбырлаған шаттық күлкіні ести алмады, қолмен құйып қойғандай әсем дене бітімі көзіне шалынбай, жаны жадау тартты.

Бұл көнілсіз басып дәмханаға енді. Іште кісі көп екен. Бағына қарай, анада өзі отырған үстел бос болып шықты. Вэнь-сюань ойланбастан сонда барып жайғасты. Даюшыларда тыным жоқ, әр тұстан оларды өзіне шақырған дауыстар естіледі. Вэнь-сюань бір бұрышта үн-тұнсіз күтіп отыра берді.

Бір уақытта барып аппақ киінген даяшы бұдан тапсырыс алды.

– Екі стақан кофе, – деді Вэнь-сюань естілер-естілмес үнмен.

– Не дейсіз? – даяшы қайталай сұрады.

– Екі стақан кофе, – Вэнь-сюань даусын шығара айтты.

Даяшы шұғыл бұрылды да, кете барды. Біраздан кейін екі стақан кофе әкелді де, біреуін мұның алдына, екіншісін қарсы бетке қойды.

– Сұт қатайын ба? – даяшы қолындағы ыдысты мензеп, ишарат жасады.

Вэнь-сюань басын шайқады.

— Маған қажет емес. Ал анаған қатып қойыңыз. Да яшы қарсы беттегі стақанға сүт қатты.

Вэнь-сюань өуелі соған, одан кейін барып өзінің стақанына қант салды да, қозғап еріте бастады.

— Кофенді іш, — деді өз стақанын көтеріп жатып.

Құдды қарсы алдында Шу-шэн отырғандай боп көрініп кетті. Ол сүт қатылған кофені қатты ұнататын. Сондай ризашылық сезіммен жымия қарағаны елес беріп, бұл кофесін құшырлана ұрттай бастады. Үстел басы құлазып тұр, кофе толы екінші стақан қозғаусыз қалды. Вэнь-сюань кофесін сораптай ішіп отыр. Жүзін бір сәт құлкі табы кезіп өткендей болды да, бірте-бірте қабағы қатулана берді.

— Сен мені ұмытып кеткен жоқсың ба? — сыйырлай сұрады бұл Жүрегі шымырлап, өксігі кеудесіне кептелді. Жанарын көрші үстелдерге қарай бұрып өкетті. Залды будақ-будақ тұтін қымтап алған, айналадағылар қызу әңгіме үстінде. Мұнымен ешкімнің шаруасы жок.

— Айтты дерсің, екі айға созбай Германия жеңілгенін мойындайтынына кепілдік берем. Жапондықтар да ұзак тіресе қоймас. Жаңа жылды Нанкинде қарсы алып жүрмейік осы, — көрші үстелге жайғасқан әскери киімдегі кісі сөйлеп отыр.

Вэнь-сюань таңырқай тыңдады. Мынау хабар оған екіұдай әсер етті. Куаныштан гөрі қызғаныш сезімі басымдау көрінді. Ашына күрсініп, қайтадан кофе құйылған өз стақанына назарын аударды да, ақысын төлеп, шығып жүре берді. Үйде оны кір шайып жатқан шешесі қарсы алды.

— Мама, тағы да кір жууға кірісіп кеткенсің бе? —  
қынжыла сұрады бұл.

— Мұнда тұрған не бар дейсің, маған еш ауыртпалық жасамайды.

— Ешқандай үнемдеудің қажеті жоқ деп айтып едім ғой саған. Соншалықты шаршап-шалдығудың керегі қанша?!

— Кір жууға көп ақы сұрайды, ал Шу-шэннің салған азғана ақшасы неге жетеді? Еріксіз үнемдеуге тұра келеді, — шешесі ашу-ызасын әрең ұстап қалды. — Азық-түлік үсті-үстіне қымбаттауда, ал біздің кірісіміз еш өскен жоқ. Шығар жол қайсы?

Вэнь-сюань не деп жауап берерін білмей, үн-тұнсіз бөлмені кезіп жүрді де қойды, ал шешесі шайылған кірді ілуге сыртқа алып кетті.

Мұның жатуға да, отырып кітап оқуға да еш зауқы соқпады. Бар тапқан ермегі бөлмеде ары-бері жүріп, сандалу болды.

“Оның қолы қалт етіп неге бір босамайды, неге ылғи қып-қысқа хат жолдайды? Менің көнілімнің алаңдамауын ойласа, қалай өмір сүріп жатқанын толық неге жазып жібермейді?” — ұшы-қыры жоқ сан сауал әбден есін шығарып, күдікті ой қеудесін тырналайды.

Кенет Вэнь-сюаньның ойы үзіліп кетті. Құлағына таныс кісінің аяқ тықыры естілді. Артынша хат тасушы есікті қағып, дауыстап айтты:

— Тапсырыс хат бар.

Вэнь-сюань бірнеше марка желімделген қалың хатты алды. Жазуына қарап оның Шу-шэннен келгенін бірден білді.

Пошташының журналына мөрін басып жатып:

— Рахмет, — деді аса ризашылық сезіммен.

Ақырында келді-ау, әйтеуір, көптен күткен қалың хат, өсіресе, тағатсыздана тосқан сәтке дөп тұскеніне дән риза. Куаныштан жүрегі жарылардай болып, конвертті құшырлана сүйіп-сүйіп алды.

Хатта жазылған мекен-жайды бірнеше қайтара оқып шығып, Вэнь-сюань шаттана күлім қақты. Жанына батқан ауруы, басына тұскен бар тауқыметі бір сәтте ұмытылып кеткендей болды.

Бұл тағаты таусыла конвертті жыртып ашты да, ішіндегі хатты суырып алды.

— Толыққанды хат! Ол маған толыққанды хат жолдапты! — Шаттықтан жүзі бал-бұл жайнай, даусын шығара айтты. Хаттың бүктеуін жазды да, өзінің есімін оқып, қайтадан бүктеп қойды. Жұмсақ орындыққа жайғасып, хатты толық оқымас бұрын тағы да бөлмені бір кезіп шықты.

## XXVI

Шу-шэннің жазуы әдеттегідей бір тегіс болғанмен, хаттың мазмұны бірден басқаша бол көрінді. Ол бұл жолы қолы босамайтындығы туралы, банктерге шаруасы жайлары бір ауыз сөз жазбапты. Бұған жан сырын жайып салып өз өміріне көңілі толмайтындығын мұндана шағыныпты. Демін ішіне тарта, хатты оқуын жалғастыра берді. Оның әрбір сөзі жүрегіне дық етіп тиіп, тырнақпен бүре тұс-

кендей әсер етуде. “Маған осының бәрін неге жазып отыр?” деген ой мазалаумен болды.

“...Менің мінезім өзіме де, мені сыйлайтын қасымдағы кісілерге де опа бермейтінін жақсы білемін. Бірге болған осы күнге дейін саған аз қайғы-қасірет арқалатқан жоқпын. Мен нашар әйел болып шықтым. Сенің алдыңда кінәлі екенімді мойындаймын. Кей кездері ұяттан жерге кіріп кете жаздаймын, бірақ саған қалай айтып түсіндіруді білмей... басым қатады. Әсіресе, соңғы бірнеше жылда екеуміздің бірге бақытты бола алмайтынымызды, бізге бір нәрсе жетпейтінін сезініп жүрдім. Сен мені түсіне алмадың. Мен жиі-жиі өкпелеп қалатынмын, ал сен ылғи көңіл жықпастық танытып, ұрсып-жекудің орнына маған жалбарынышты жүзбен жәутеңдей қарайтынсың. Сол қарасыңың өзі үрейлі болып көрінетін, оны еш ұнатпайтын едім. Неге соншалықты боссың? Кейде менің бетімді қайтарып, ұрсып тастаса екен, сонда жеңілдеп қалушы едім деп құмартатынмын, ал сен болсаң мұңдайып, жалынып-жалбарынып, жылап-сықтаудан арыға бір баспайсың. Мен өзімді-өзім жеп, қанша рет сенен кешірім сұрап, дұрыс қарым-қатынас жасауға оқталдым десеңші. Бірақ аяушылық сезімім артқанмен, сені құлай сүйе алмадым...”

Кенет тосыннан есік қағылды да, сырттан таныс кісінің үні шықты:

— Ван дос!

Вэнь-сюань селк ете қалды, дереу хатты бүктеді де, ішкі қалтасына тыға қойды. Бөлмеге Чжун кіріп келе жатты.

– Сен үйдесің бе дос? Денсаулығың қалай? Серуендең қайтқың келмейді ме? – көнілдене күлімсіреп сұрақ жаудырды әріптесі.

– Кел, кел отыр, – Вэнь-сюань сыпайы ілтипат жасап, еріксіз күлгөн болды: бар есіл-дерті хат жақта. – Жұмысың қалай? – деп сұрады қонағына шай құйып жатып. Қимыл-қозғалысы тым баяу, көз алдынан Шу-шэннің мұңлы жүзі кетпей тұрып алды.

– Көніліңе рахмет, әуреленбей-ақ қойшы, жаңа ғана шай ішіп келе жатқан бетім еді, – Чжун сыпайылық танытты.

– Менде бар болғаны қайнаған су ғана, егер жиренбесен іш, – Вэнь-сюань қолындағы ыдысты Чжунға селқос қана ұсынды.

– Жарайды, қайнаған су болса ішнейін, – Чжун күлді. – Қайнаған су да денсаулыққа пайдалы. – Ол бір ұрттады да, сөзін жалғастырды: – Шешен бір жаққа кеткен бе? Қалай, денсаулығың тәуір болайын деді ме? – Ол бөлмені көзбен кезіп шықты.

– Шүкір, көніліңе рахмет, – Вэнь-сюань күлгөн болды, бірақ сол замат күлкісі сап тыйылды. Жүрегі алышп ұшып, тарсылдай соғады, ойынан хат бір сәт шығар емес.

– Шешем өзірде ғана шықты, – деп жауап қатты әріптесінің сұрағы жаңа есіне түсіп. Анасының кір ілуге кеткенін айтуды артық санады.

– Мен саған қуанышты хабар әкелдім, – деді Чжун. – Бізге жаңа басқармашы тағайындалды. Жақсы адам. Кеше сен туралы сөйлесіп едім, ол өте түсінушілікпен қабылдады. Сенің бұрынғы лауазымыңмен жұмысқа қайтып

оралуыңа еш қарсылық білдірмеді. Маған сенімен сөйлесуге тапсырма берді. Көрдің бе, дос, шаруаң өзінен-өзі шешімін тапты деген осы болады.

– Иә, иә, – деді Вэнь-сюань селқос қана жымиып, жүзінен ешқандай қуаныш табы байқалмай. Бір нұктеге қадалған күйі өзіне арналған сөзді естімеген кісіше меңреу қалыпта тұра берді.

– Жұмысқа қашан шығасың? – Вэнь-сюаньның жаңалықты үлай қабылдағанына таңырқай қарап, Чжун таңданыс танытты. Ол жұмысқа қайта оралуына рұқсат етілгенін естіген кезде Вэнь-сюань қуаныштан секіріп-секіріп кететін шығар деген сенімде болатын.

– Бір-екі күнде шығамын, менің қамымды жегенің үшін көп раҳмет! – құдды шошып оянғандай жауап қатты Вэнь-сюань, сыпайылық үшін жымиюы керек екенін де түсінді.

– Қалай енді, денсаулығың тәуір ме әйтеуір? – үшінші қайтара сұрады Чжун. – Көңілің бір нәрсеге аландаулы сияқты ғой?

– Ештеңе, ештеңе етпейді, бәрі жақсы, – жұлып алғандай шошына жауап берді Вэнь-сюань, ал шындығында көңілін мына ой мазалап тұрған болатын: “Шу-шэн не себепті мұндай хат жазды екен, әлде ол...”

– Жұмысқа шығуды кешіктірмеуге кеңес берер едім. Мұндай жағдай күнде бола бермейді ғой.

– Иә, рас, екі күннен кейін міндетті тұрде барамын, – Вэнь-сюань жауабын қысқа қайырды. Чжун бұған таңырқай қарап қалды: ол Вэнь-сюаньның бір нәрсеге аландаулы

екенін сезді, бірақ сұрауға батылы бармады. Қайырымды шал әңгімені соза бергенмен ауру кісіге ешқандай қуаныш сыйламайтынын түсінді, сол себепті тағы біраз кідірді де, қоштаса бастады.

Вэнь-сюань оны ұстаған жоқ, бірден шығарып салуға келісімін берді. Баспалдаққа келген кезде Чжун Вэнь-сюаньнан қайта беруін өтінген еді, бұл көнбей, сыртқа бірге шықты.

— Сонымен жұмысқа асыққаныңды қалаймын, дос, — қоштасып жатып тағы да есіне салды Чжун.

— Міндettі түрде! — Вэнь-сюань бұрылды да, жоғарыға қарай асықты.

Кенет, күтпеген жерден, қолында буы бұрқыраған шайнегі бар қарсы келе жатқан көрші үйдегі әйелмен соқтығысып қалмасы бар ма. Бір-екі тамшы қайнаған су аяғына тамып кетіп, баж ете қалды. Әйел ашуулана жекіп тастанды, бұл ұрыс-керістен қашып, кінәлі болмаса да кешірім сұрап, аяғы ашып ауырғанына қарамастан өз бөлмесіне қарай кетті. Бар есіл-дерті жаңағы хатта, басқаның бәрі көңілінен тыс қалуда. Тіпті Чжунның хабары да оны еш қуанта алған жоқ.

Шешесі әлі келген жоқ-тын, бұл қайтадан хатқа жармасты. Жүрегі тарсылдай соғып, қолы қалт-қалт етеді.

Тоқтаған тұсын тауып алған, жалғастыра оқуға кірісті:

“— Мен шынымды айтып отырмын, сенші маған! Екеуміз бірге болған күндер ешқандай қуаныш сыйлаған жоқ, болашақта да бақытты болмас едік. Оған сені кінәлай

алмаймын. Өзімді де сүттен ақ, судан таза деуге аузым бармайды. Біз бірімізді-біріміз босқа қинап жүрміз, шешен де аз зардап шеккен жоқ, ол бізді азапқа салып қойды. Осының бәрі кім үшін қажет? Мұндай жәбір-жападан арылуға еш мүмкіндігіміз жоқ. Қайталап айтамын: оған біз кінәлі емеспіз, сондықтан бір-бірімізге өкпелемеуіміз керек. Тағдыр жазуы солай дегенге бірақ сенбеймін, бұған жағдай кінәлі. Мен сені мен шешене қарағанда мұлдем бөлек адаммын; ол – әбден қартайған әйел, сен болсаң дімкәссің. Ал мен әлі жап-жаспын, күш-қуатым бойымда, сендер секілді өлмешінің күнін кешіп, бір қалыпты бүйіріңіз өмір сүре алмаймын. Бітпейтін дау-дамай әбден қажытып бітті, жалғыздық пен көңілсіздік жалықтырып жіберді. Мен ылғи қозғалыста болғанды, қайнаған өмірді қалаймын. Еш уақытта сені жек көрген емеспін, өнегелі әйел, сыйлы ана атанып, өміріңің мәні мен сәні болуға қолымнан келгенінше тырысып-ақ бақтым. Сол үшін бар оңтайы келген қызықтан бас тарттым. Сенімен еш уақытта айырылыспай, қас-қабағыңа қарап, басыңа түскен қындықты бірге көтеруді жаным қалаушы еді, бірақ оған ерік-жігерім жетпей, ылғи женіліс тауып жүретінмін. Сен мені қанша әлпештесең де, жүрегімдегі құштарлық сезімді түсіне алмадың. Шешен болса мені өлердей жек көреді, оған жаным ашиды – әбден қартайып кетті, жас кезінен жоқшылық пен таршылықтың зардабын тартудай-ақ тартып келеді. Білім мен мәдениет жөнінде сөз жарыстырғанды жақсы көргенмен, өзі бар болғаны үй шаруасындағы әйел ғана, оны да жарытып жүргені шамалы. Бар қолынан

келетіні – ас дайындау, кір жуу, бөлме тазалау. Осы шаруаларына мені бақталас санайды, сол үшін де жек көреді. Мені сенің нақсұйерің деп табалағаны әлі күнге дейін есімнен бір шықпайды.

Дегенмен, шешең туралы әңгімелеп кеткеніме кешірім өтінемін. Оны қарғап-сілеуден аулақпын, маған қарағанда көрген қорлығы зіл батпан ғой. Не үшін оны жек көруім керек?! Ол расын айтады, біз екеуміздің ресми некелес-пегеніміз рас қой, мен бар болғаны сенің нақсұйерің ғанамын. Ендеңе айырылысқанымыз жөн деп шештім. Бәлкім басқа біреуге тұрмысқа шығармын. Барлығын сенің игілігің үшін жасаудамын, шешең бір қуаныш қалсын да. Тоқ етерін айтқанда, қайтадан нақсұйерің болу үшін сенің үйіңе қайтқым келмейді...”

Тұншыға айғайлап жіберді бұл Құлағы дыңылдал, басы парша-парша бол сынып барады. Мандайынан моншақ-моншақ тер шықты. Біраз есенгіреп отырып, әрең есін жиып алды. Хат қолынан түсіп кеткен екен, шұғыл көтерді де, қайта оқуын жалғастырды.

“ – Кешір мені, Сюань, саған еш қапашылығым жоқ, бірақ шыным осы. Мен әбден ойландым. Екеуміздің ерлі-зайыпты өміріміз тек азап қана “сыйлайды”, шешең тірі тұрғанда біз еш бақытты бола алмаймыз. Бізге айырылысу қажет. Дос болып қалайық. Кім біледі, күндердің-күнінде қайтадан бас қосып қалуымыз да мүмкін ғой. Саған қыын болатынын білемін, бірақ бұлай жалғастыра беруге менің шамам жетер емес. Эйелдер ерте қартаяды. Қара басының ғана қамын күйттейтін жан емеспін, бар болғаны бақытты өмірден кішкентай дәм татып көргім келеді. Маған серпілу

керек. Өмірімде бір рет шын шаттанып көрген емеспін. Не үшін оны білмей өтуім керек?! Адам өмірге бір-ақ рет келеді, оны өткізіп алсан, қайтып айналып уысыңа тұспейді. Сондықтан өзім үшін, өзімнің болашағым үшін сені қиямын. Мұны тұсіністікпен қабылдалап, мені кешіретініңе кәміл сенемін.

Мен ажырасу туралы еске салып отырғаным жоқ – бізге ешқандай қағаз толтыру қажет емес. Сенен ештеңе сұрамаймын, саған ешқандай талап та қоймаймын, ұлым менімен бірге болсын деп те өтінбеймін. Маған еш нәрсенің керегі жоқ. Саған бұрынғыдай көмектесе беремін. Ендігі жерде мені әйелім деп санамасаң болды, Ван ханым деп атаушы болма. Әлі-ақ өзінді түсінетін, жанындай сүйетін, шешенді құрмет тұтып, сыйлайтын біреуді тауып аласың. Мен сүйкімсіз ана, нашар әйел болып шықтым. Сенің және баламның алдында кінәлімін, бірақ жағымсыз келіншек емеспін – солай туылғандықтан өзгеру қолымнан келер емес. Саған алғашқы уақытта ғана қыын болады, жыл өте келе бәрін ұмытып кетесің. Менен де тәуір әйел көп қой, менің орнымды алмастырған кісіге шешеңнің көңілі толар деген үміттемін. Өзіңе лайықты әйел тауып беруін өтін одан. Оны арнайы тігілген аяқ киіммен алып келіп, үйленудің бар салт-мәзіретін жасап, көңілі бір көншісін...”

Вэнь-сюань басын қос қолымен ұстап ыңырси қысты. Көкірек тұсы қатты сыздап ауырғанын сезді. “Шу-шэн менің жанымды неге сонша аяусыз ауыртады? Әрбір сөзі жүрегіме шашудай қадалады ғой. Оның алдында жазығым не? Не үшін мені соншалықты жек көреді? Азаттық алу үшін мен секілді қорғансыз бейшараның жанын сыздатуға

тиісті емес еді ғой”. Бұл демін терең шығарды да, қайта ойланып кетті: “Барлық қайғы қасірет менің бір басыма үймелеп алғаны несі, неге жалғыз мен ғана азапқа түсуім керек?”

Бұл сұраққа жауап таба алмады, оған ешбір соттың билігі жетпес еді, қайғы-қасіретін ешкім де бөліспеді. Бұл мең-зең күйде жоғары қарап телміріп отыра берді.

Кенет хатты аяғына дейін оқымағаны есіне түсіп, жана-рын соған бұрды. Бірнеше жолы сызылып тасталыпты, ары қарай хат былай жалғасты:

*“...Осының бәрін неге жазып отырганымды өзім де түсінsem бұйырмасын. Менің хабарламагым шешеңді қайтып көргім келмейтіндігін, басыма азаттық қажет екенін айтып түсіндіру ғана болатын. Сюань, өтінем сенен, кешірші мені! Көріп тұрсың гой, мен қатты өзгеріп кеттім. Уақыт болса мынау – өмірдің мәнін кетіріп тұр, ал мен жападан-жалғызбын! Мен ешкімге жамандық тілемеймін, ол менің қолымнан келмейді. Біздің идеямыз туралы жазуышы болма. Қазір агартуышылық туралы, бір кездегі арман-қиялымыз жөнінде айтудың еш қажеті жоқ. Мені ұмыт, ешқашан есіңе алма! Мен сagan лайық емеспін!*

*Сло-сюаньга ештеңе жазбаймын. Оған барлығын дұрыстап түсіндіріп жеткізе алмаймын. Бәлкім, болашақта оның анасы болу құқығынан айрылып та қалатын шыгармын! Ал сен мен туралы бөтен ойлап қалма; мен бөгде біреуге түрмисқа шыққанды қалаган-дықтан айырылысқалы отырганым жоқ, бірақ құр*

*соңынан қалмай, мені өзіне қаратқысы келіп жүрген ондай адамның бар екенін де жасырғым келмейді. Егер сен мені босатпасаң, онда басқа біреуге тұрмысқа шығудан басқа менде жол қалмайды.*

*Сонымен кешір мені! Анаңа мен үшін бір ауыз жылы сөз айта сал. Ендігәрі мені жек көрмейтін болсын. Өзіңді күт, денсаулығыңды түзе! Ай сайын банктен ақшаңды алып тұр. Балам оқуын жалгастыра берсін. Хат жазысып тұрамыз гой. Саган деніңнің саулығын тілеймін.*

*Маган бір-екі ауыз сөз болса да, тез арада жауап жазып жібер.*

***Шу-шэн”.***

Хатты аяғына дейін оқып шықты, ауыр жаза естігендей есеңгіреп отырып қалды. Өлген кісінің кейпіне еніп, көзін тас жұмып, жұмсақ орындықта шалқасынан қыбыр етпей отыр. Кенет шешесінің айқайлап үн қатқан даусын естіп, селк ете тұсті де, қолын кеудесіне қусыра қойды; хат парактары еденде шашылып жатыр.

– Мама, ұзақ күттіріп, қайда жүрсің? – деп сұрады бұл.

– Мен бір жерге барып келдім. Ал сен неге төсегінен тұрып кеткенсің? – Ол шашылып жатқан парактарды көріп, көтеріп алуға оқтала берді. – Бұл кімнің қағаздары?

– Тоқта, тиме. – Бұл еңкейіп, қағаздарды жинастыра бастады. – Бұл Шу-шэннен келген хат.

– Сонша ұзақ қой, не деп жазыпты ол?

– Жай өншейін, айтарлықтай ештеңе жоқ, – сасқалақтай жауап қатты да, хатты омырау қалтасына салып қойды.

Шешесі ойлады: “Мені жазғырған болуы керек”, сөйтті де шыдамы таусыла айтты:

– Не, мені ғайбаттапты ма? Одан еш қорықпаймын, айтса айта берсін.

– Жоқ, мама, сен туралы бір ауыз сөз жоқ. Өзінің қалай өмір сүріп жатқаны туралы жазады, басқармашы Чэн оған ұсыныс жасағанын... Бұл Шу-шэнді қорғап сөйлегісі келген, бірақ соңғы сөздер аузынан қалай шығып кеткенін білмей, іркіліп қалды.

Шешесі ұға қойды да, ары қарай қазбалап сұрамады. Эңгімені басқа жаққа бұрып жіберді.

– Білесің бе, мен әлгінде ғана Чжун досынды жолықтырдым. Сенің жағдайың сондайлық жаман емес секілді, балам, жұмысқа қайтып оралатын болыпсың! Мен оған да айттым, егер жаңа басқармашы түсінігі мол кісі болса, онда саған тағы да екі ай демалыс қосып берсе, жақсы болар еді. Бұл мәселенің алдын ала келісіліп шешілгенінің де мәнісі зор.

– Мен жұмысқа ертеңнен қалмай шығуды қалап отырмын, – деді бұл әлгіндегі күйіктен арылмаған күйін байқатып.

– Асығудың қажеті қанша? Чжун қандай жауап әкелетінін күтейік те.

– Ол соза бермей, ертерек жұмысқа шық деп кеңес берді, – Вэнь-сюань бар күшін салып, ештеңе болмағандай, бір қалыпты сөйлеуге тырысып бақты. Бірақ, жүрегін бір нәрсе кеміре жеп, жанын сыйздатып алып барады.

– Эйтеуір денсаулығынды қынданатып алмасаң жаарар еді. Бәлкім, арғы күні жұмыс жайын біліп қайтуға болатын шығар. Ал ертең бармай-ақ қой. Мен жақсылап тұрып дәмді ас дайындал, Чжан Бо-цин дәрігерді шақырайын. Ол сені қанша рет көріп, ем-домын жасады, ал мен ештеңе төлегенім жоқ. – Шешесі барынша сергек сөйлеуге тырысты.

Бұл сәл ойланып барып күйіне айтты:

– Мама, тағы да не саттың? Мен үшін бәрін сатып тауысатын болдың фой.

– Еш уайым жеме, – шешесі еркінен тыс жымия жауап қатты.

– Дегенмен, өз жағдайынды да бір ойлансаншы, мен тосыннан шейіт бола қалсам, сенің күнің не болады?! Қалай өмір сүресің? – бұл шешесіне қарсылық таныта сөйледі.

– Е, менің бұрын өлуім керек. Сяо-сюань да ер жетіп қалды. Оны көзіңе ілмесең, Шу-шэн бар емес пе, қалай дегенмен де, ол сенің әйелің, менің келінім екенін ұмытпа, – шешесі күлген сыңай танытқанмен, кеудесін құдды мысық тырнап жатқандай күйде еді.

– Мама, оларға арқа сүйеп бола ма! Сяо-сюань өлі жапжас, ал Шу-шэн болса... – Бұдан әрі айтуға шамасы жетпеді, көзіне жас тығылып, көңілі босап кетті. Орнынан тұра бөлмеден атып шықты.

Артынан шешесінің бірденелерді айтып айғайлап жатқан даусын естігенмен, ләм-мим деп жауап қатпай, көшеге қарай асықты. Шандатып жатқан жолға жетіп, бір-

ақ кідірді – қайда жүрерін білмей, дал болып, біраз бөгелді. Жерге қаққан қазықтай бол жол жиегінде біресе онға, біресе солға бұрылып, айналасын түгел шолып шықты. Көз алдынан ары-бері ағылған адамдар легі көлбең қағады, мына шұбырган жүрттың ішінде ең қорғансызы, ең дімкәсі құдды өзі секілді көрініп кетті. Жалпақ әлемде жалғыз қалғандай ауыр сезімге бой алдырып, жаны жалғыздық тақсіретін тартты. Көзінен ыстық жас ытқып шығып, бетін жуып бара жатыр.

Жақын маңайдағы дүкен сөресінен ана кейпіндегі қуыршақтар көзіне шалынды, сәнді киінген бір топ қыз оларды қызыға таңдау үстінде. Қарсы беттегі жаңа ғана ашылған шағын дәмхана көз жауын алар хабарландырумен көмкеріліпті, онда ары-бері өткен кіслерге қыз суреті құлім қағады.

“Менен басқалардың бәрі қуанышты”, – деп ойлады бұл, бірақ кімдерді мензеп тұрғаны белгісіз. Әлі де шымырлап ауырып тұрған көкірегін қолымен сипап қойды.

– Сюань, Сюань, – кенет анасының даусы құлағына шалынды.

Сасқалактап, жан-жағына алак-жұлақ қарады, шешесі бұған қарай жанұшыра жақындал келеді, әбден ентігіп қапты.

- Сен қайда барасың?
- Серуендең қайтам, – бейжай жауап қатты бұл.
- Тұрің бұзылып тұр ғой, ешқайда бармағаның дұрыс болар еді, күйіп бара жатқан шаруаң да жок, – шешесі үгіттей бастады.

Бұл ләм-мим деп жауап қатпады. Шешесі сөзін жалғастырды:

— Үйге қайт.

Бұл ойланған сыңай танытып біраз түрді.

— Жок, мама, одан да серуенде қайтуға рұқсат бер. — Сөйтті де қалған сөзін тұншыға жеткізді:

— Ішім қыж-қыж қайнап өртеніп барады.

Шешесі күрсіне айтты:

— Жарайды, бар, бірақ көп кешікпе.

Бұл басын шүлғыды. Көз ұшынан жоғалып кеткенше шешесі қақпаға сүйенген күйі мұның сонынан телміре қарап, шығарып салды.

Ешқандай бағыт-бағдарсыз теңселе басып жүріп келеді. Жанын жылытқан бұлыңғыр үміттің өзінен айырылып, іші қан жылайды, бәрін ұмытып, біржола өшу үшін шарқ ұрып бір амал іздейді. Қайғы-қасірет жүрегін қусырып, азабы алқымынан алып барады, бұдан әрі шыдау мүмкін емес. Дәл осы арада актық сәті жетсе, оны қандай қуанышпен қарсы алар еді!

Біреу жанай өте шықты. Бейтаныс велосипедші мұның аяғын басып кете жаздады, көшеде жатқан тасқа сүрініп кетіп, тәлтіректеп барып әрең бой түзеді. Жанары жарық пен түсті ажыратудан қалды — құдды қапасқа қамалған өміріне ұқсан, көз алдын тұнек қымтап алды. Әйтеуір, аяқтары мұны дәмханаға алып келді. Неге? Өзі де түсінсе бұйырмасын. Ішке кірді де, орындыққа жайғасты. Бұл дәмхана етене таныс-тұғын. Мына үстел басында болғаны есіне түсті. Даюшы таяп келді де, бұдан сұрады:

- Шарап әкелейін бе?
- Иә, тезірек, – үйқысынан оянып кеткен кісіше, еш ойланып жатпастан, дауыстап жіберді бұл.

Даяшы шарап әкеп берді. Вэнь-сюань мең-зең күйде бірнеше ұрттап ішті. Ашы немене ішін күйдіріп жібергендей болды. Ықылық ата бастады. Шарапты үстелдің үстіне қойды да, хатты қалтасынан суырып алды, сөйтті де қайтадан шарабын көтеріп, бір ұрттап қойды, тағы да ықылық ата бастады. Жөндеп ішуді де білмейтініне қапаланды. Хаттың бүктеуін жазып, окуға кірісті, көзінен жас сорғалап отыр. Алғашқы бір-екі жолдан кейін ықыласы жоғалып, хатты бүктеді де, артынша қайта ашып, мұрнымен міңгірлеп оқуын жалғастырды. Кенет күйіктене алдындағы лұпілдей шарап толтырылған стақанды алды да, бірақ сіміріп салды. Іші одан сайын өртеніп, тамағы қыжылдалап, басы ісіне сынып барады. Ойы сан-саққа жүгірулі. Құдды кене секілді хат сөздері жанын кеміре жеп, кеулей үңгуде.

Күндіз болғандықтан әдеттегідей дәмхана іші тыптыныш. Бұдан басқа тағы екі кісі отыр. Мұнымен ешкімнің шаруасы болған жоқ.

Даяшы жанына келіп:

- Тағы қайталайын ба? – деп сұрады.
- Жоқ, керек емес, – Вэнь-сюань басын шайқады.

Бет-жүзі ішімдіктен қып-қызыл бол өртеніп барады.

Даяшы қасынан кетпей, бұған таңырқай қарап, кідіріп қалды, бірақ Вэнь-сюань оны байқаған жоқ, әлі сол Шүшэннің хатын ары-бері ақтарып, түңіле күрсініп отыр.

– Тағы шарап әкелейін бе? – мұның кетуге ыңғайланғанын байқап, даяшы қайталай сұрады.

– Жарайды, – қысқа жауап қатты Вэнь-сюань.

Бұл тағы да ішті. Бүкіл денесі өртене жанып, басы шыр көбелек айналып барады. Ойы көмескі тартып, алысқа ұшып кетті. Кенет қарсы алдында біреу басын төмен салып, арақ ішіп отырғандай елестеп кетті. Вэнь-сюань көзін бақырайта ашып, тесіле қарады – ешкім жоқ болып шықты. “Менің есіме Бо-цин тұсіп отыр” – деді өзіне-өзі, сөйтті де жасаураған жанарын сұртіп қойды, бірақ сонда да көз алдынан Тан Бо-циннің кейпі, оның ащы мыскылы кетпей тұрып алды.

“Соның күйіне душар болмасам игі еді!” – Вэнь-сюань қайғыра ойлады. Сол замат, әлгі қауіп есіне тұскен бойда орнынан тұрды да, даяшымен есептесіп, сыртқа қарай асықты.

Жол бойы Бо-циннің кейпі ізінен қалмай, бір ғана ой алға жетелеумен болды: “Үйге, тезірек үйге жет!”

Үйде өрекпіген көңілі аздал орнына тұскендей болды. Үстелге жақын жайғасып, Шу-шэнге хат жазуға кірісті. Шешесі бірдеңелер айтқан болады, бұл оның бір сөзін анық естімесе де, сандырақтап жауап қояды.

*“Жолдаган хатыңды алдым, – деп жазды бұл. – Бірнеше қайтара оқып шықтым. Кешірім сұраганнан басқа ештеңе дей алмаймын. Сенің жастық шағыңды босқа өлтірдім, менің кінәм сол Соның өтегі ретінде азаттығыңды қайтарып беремін. Хатыңда бірде-бір жалған сөз жоқ, бәрімен келісемін. Қалай дұрыс деп тапсаң, солай шеш. Сенен біргана өтінерім – мені кешір!*

*Менің кеңсеге қайта оралуыма келісім берілді. Ертең жұмысқа шығамын. Бізге бұдан былай ақша салмай-ақ қой. Шешем екеумізге менің тапқан жалақым да жетіп қалады. Бізді уайымдамай-ақ қой. Бақытты бол!*

**Вэнь-сюань.”**

Хатты бір деммен жазып шықты, бірақ соңғы сөйлемін аяқтаған кезде бойында ешқандай әл-дәрмені қалған жок еді. Құдды төбесінен үй құлап келе жатқандай сезініп, талқаны таусылғандай күйге енді. Жан дүниесінің бытшыты шықты. Басымен үстелге құлай түсіп, ақырын ыңғырсыды.

— Сюань, саған не болды? — шешесі жанына ұшып жетіп, шошына сұрады.

Басын көтеріп еді, бет-жүзін жуған көз жасы шешесінің жанын түршіктірді, бұл құдды жас баладай, оған егіле айтты:

— Мә, оқы! — Шешесінің қолына Шу-шэннің хатын емес, өзінің жазған жауабын ұстата берді.

Анасы қып-қысқа хатты тез оқып шықты да, бәрін түсінді.

— Мен саған қашаннан бері айтып келе жатқан жоқпын ба, ол сені бақытқа жеткізбейді деп. Мен оны баяғыда-ақ білгем.

Оның ұлы ұшін намысы келді, бірақ жаны жадырап, қуанып қалғандай болды. Өтірік болса да баласының көнілін аулау, қайғысына ортақтасу ойына да кіріп шықкан жоқ.

## XXVII

Шу-шэннің хаты суға атылған тасты есіне салды – әуелі су бетінде шеңбер иірім пайда болады, содан кейін тас түбіне бойлаған сайын су тыныштала береді.

Шу-шэн Вэнь-сюаньға хат жолдауын тоқтатқан жоқ, бірақ бұрынғыға қарағанда сирек – айна екі-үш рет қана жазатын болды. Хаттары қып-қысқа болып келеді, өзі туралы ештеңе айтпайды, мұның қалай өмір сүріп жатқанын, денсаулығының қалай екенін сұраумен ғана шектеледі. Бұрынғысынша ақша аударуын жалғастыра берді. Шешесі оны қайтарып жіберуін талап етсе де, олай етуге еш дәті жетпеді. Бірақ қажетіне де жаратпай, банктे жинақтап жүр. Хатына жауап жазған сайын ақша салмауын қанша өтінсе де, ол онысын тоқтатар емес. Бұл әр жолы оның тұрмыс-тіршілігі жайлы сұрап білгісі келеді, бірақ ол ләм-мим деместен, айналып өтіп, жауапсыз қалдырып келеді. Мұның беймаза боп көрінбеу үшін бәріне үн-тұнсіз көнуден басқа амалы жоқ.

Көңіліне бір медет етерлігі қазір жұмысы бар, тұрақты жалақы алып тұрады. Әлгі есін тандырған хатты алған күннің ертеңіне жұмысқа шыққан. Жаңа басқармашы шынында да қайырымды кісі екен, мұнымен өте сыпайы сөйлесіп, тіпті көңілін сұрап, жанына жылышық ұялатты. Қызметтестері мұны көргендеріне мәз-мейрам болмаса да, жылды жүзбен қарсы алды, ал Чжунның жөні бөлек. Вэнь-сюаньның көңілі өсіп қалды, сондықтан да ресми іс-қағаз стилінде жазылған құжаттарды аудару бұрынғыдай аса тартымсыздық танытпады.

Үй іші екі аптада бір мәрте Сяо-сюань келген сенбі, жексенбі күндері болмаса, басқа уақытта баз қалпында боп-бос, көңіл құлазытар күйде қала берді.

Бірінен-бірі айна қатесіз, бір сыйдырғы күндер әбден мезі етіп жіберді. Вэнь-сюань өмірінің соңғы сәттерін сүріп жатқандай, ауыр ойдан еш арыла алмай-ақ қойды. Тіршіліктен ләzzат тататындай ештеңе қалмады, Шу-шэнге сыр ақтарып, ой бөлісу мүмкіндігінен де айырылды. Күткен көктемі де үміт отын үрлей алмады. Жылыстап ол да өте шықты.

Ал жаз шыға қайғысы азаюдың орнына ұлғая тұсті. Денсаулығы күрт нашарлап кетті. Жалп етіп құлап тұсуіне жібермей жетелеп келе жатқан қандай күш екеніне таңы бар. Әр кеш сайын қызыуы көтеріліп, тұнімен терлеп шығады, жай жүрістің өзінен ентігіп қалатын болып жүр. Құрғак жөтел тынымсыз тыныштық бермей, қан түкіруі де жиілеп барады. Қазір сол жақ кеудесі ғана емес, оң жағы да сыздап ауыратынды шығарды. Алғашында науқас екенін мойын-дамаушы еді, бірте-бірте бой алдырып, көндігіп келеді, соңғы кездері мынадай аянышты өмір сұру аса қын да емес екен ғой деген ойға тоқтайтын болып жүр. Ал, шындығында, өмірі азап шенгелінде еді, бұл үшін бәрі алдын ала шешіліп қойылған. Болашақтан үміт етер бұлдыр елеске де орын қалмаған сияқты, тіпті Германияның тізе бүгүі де бұған еш қуаныш сыйлай алмады. Жақын уақытта Жапония да женіліс тапқанын мойындайды екен дегенді естігенде де, жүзі бір жадырамай-ақ қойды. Жанын сәулеге малындырып, шаттыққа бөлер көңіл түкпірінде сақталған

арман-қиялы бұған еш қатысы жоқ секілді алыстап кеткендей. Өзін ауыр арбаны ақырғы күшін салып сүйреп келе жатқан қаусаған арбакешке ұқсатты. Көздеген нысанағына қашан жететінін еш ойланып жатпастан, баяу алға жылжып барады. Мойнындағы жүктен босанған сәт қандай ұзақ жол жүріп келгенін ойлануға да мұршасы келмейтінімен еш ісі жоқ.

Бір жолы кешкі астан кейін шешесі бұған көз тікті.

— Сюань, сені не мазалап жүр? Неге сонша жүдеп барасың?

— Ештеңе, барлығы бұрынғысынша ғой, — көңілді жауап беруге тырысты оған ұлы, бірақ тамағы жыбырлап, жөтел қысып әкетті. Қан түкіріп қоям ба деген үреймен шұғыл аузын қолымен жаба қойды. Күндіз солай болған, жұмыста отырып, дәл жаңағыдай жөтел қыса кеткені, содан қан аралас түкірігі алдындағы қолжазбаға тамып, бұлдіріп алды. Оны білдірмей сұртіп тастағысы келгенмен бәрібір ақ қағазда қара дақ қалып қойды.

— Дегенмен, сақтанғаның дұрыс шығар, қайтадан жөтеліп қалдың ғой, — шешесі қабағын түйді.

— Ол не дегенің! Мен тәп-тәуірмін, аттай құлан-таза айығып кету енді маған жоқ шығар, аз ғана шаршасам болды, өзімді дімкәс сезінетін боп алдым. — Бұл шындықтың өнін айналдыра айтып тоқтады. Оны шешесінің көңілін аулау үшін ғана емес, өзін-өзі алдарқату үшін де әдейі айтты.

Шешесі ұзақ үнсіздіктен кейін күрсіне тіл қатты:

— Саған жұмысқа шығудың қажеті жоқ еді. Бірақ басқа қандай жол бар?

Вэнь-сюань ешқандай жауап қатқан жоқ. Жөтелін сыртқа шығармай, қанша іште тұншықтырайын десе де, онысы одан сайын үдей түсуде. Қатты жөтелден беті қып-қызыл бол, көзінен жас саулап ақты. Шешесі мазасыздана әбіржіп, су ұсынып, арқасынан қағып, бұл өз-өзіне келгенше бәйек болды да қалды. Шешесінің бет орамалын алып, бет-аузын сұрткен болды.

— Қатты абыржымашы, — әрең естілер-естілмес үнмен үздіге айтты бұл шешесіне ризашылық көңілмен жүзін бұрып.

— Жатып демалсайшы, — деді аяушылық сезімін білдіріп кемпір.

— Ештеңе етпейді, мама, мен біраз отыра тұрайыншы, — қырылдай жауап қатты бұл.

— Сюань, ертең сенің жұмысыңа барып, бір-екі айға саған демалыс сұраймын. Саған жақсылап тынығу керек, өйтпесең денсаулығынды әбден құртып тынатын болдың. Егер одан ештеңе шықпаса, онда мен жұмысқа жалданамын, — деп нық шешімін білдірді шешесі.

Бұл басын шайқады да, естілер-естілмес үнмен айтты:

— Сен шау тартып қалдың, оған шыдай алмайсың. Оның үстіне, өйткеннен не пайда? Азапқа түсіп жатқан тек сен екеуміз ғана емес қой...

— Олай болса, менің өлгөнім артық, — нали жауап қатты шешесі.

— Мынадай қым-қуыт уақытта өлу де оңай емес, — деген сөз аузынан қалай шығып кеткенін білмей де қалды, көкірегі сыздап, сырқырай ауырды. Дертімен шайқасуға шамасы таусылып, біржола өлімге кесілген күйді бастан кешті. Ажал жақындаپ келе жатқанын бар жанымен сезінді.

Анасының өзіне шошына қарағанымен ісі де болған жоқ. Қызметтестері айтқан әңгіме есіне түсті. Ол бүгін түскі ас үстінде болды. Сяо-фань қыза келе туберкулезben қайтыс болған туысқанын қалай жерлегендері туралы айттып берді. “Туберкулезге шалдықкан жан өбден азаптанып, қиналып өледі еken. Егер мен ондай ауруға душар болсам, оның үстіне асқындырып алғанымды сезсем, онда өзімді-өзім қол жұмсап өлтірген болар едім”, — деді Сяо-фань Вэнь-сюаң жаққа көз қығын салып. Мұның естігенін қалап, өдейі даусын шығарып айтты.

“Азаптанып... қиналып”, — деп іштей қайталады Вэнь-сюаң сүмдық ойды бойынан қуып шығуға шамасы жетпей. Өксік пен үрей жанын жауратып барады. Еркінен тыс селк ете қалды. Бөлме іші ыстық екендігіне қарамастан қалтырап-дірілдеп, тұңғиыққа құлап бара жатқандай күй кешті.

“Мына азаптан құтқараФ ем неге жоқ? Бұл аурудың алдында неліктен ғылым өлсіздік танытады еken?” — бұл дегбірсіздене өз-өзінен сұрады.

— Сюаң ойға салына бермей, ертерек жатып тынықшы. Демалыс туралы таңертең сөйлесерміз, — деді анасы мейірімін төге мұның азапқа түсіп, бойын үрей билеп бара жатқанын жанарынан ұғып.

Вэнь-сюань ауыр күрсінді. Шым-шытырық тұс көріп жатқан кезде құдды біреу тұртіп оятып жібергендей күйді бастан кешті. Жан-жағына алақ-жұлақ қарады, – күннің жарығы қара көлеңкелене тұсіпті, сырттан дауыстар естіледі, біреу барабан үніне қосылып әндегу үстінде, бір жақтан ұрысқан кісілердің айқайы шалынады, осылардың барлығы бір арнада тоғысып, құлағын азан-қазан етті. Вэнь-сюань аузы құрғап, кеуіп қалғанын сезіп, шайнектен ыстық шай құйып ішті де, анасына жауап қайырды:

– Жақсы, жатсам-жатайын, мама, өзің де демалсаңшы, сонда бәлкім жалғыздық тақсіретінен жеңілдеп қаларсың.

– Мен бәріне де көндіктім, көрге баратын күнім де жақын қалды, жалғыздықтан еш қорықпаймын.

Шешесі өз бөлмесіне өтті де, есігін жауып алды. Бұл төсегіне жатты, көкірегі, бұтқіл өне-бойы бәз баяғысынша сырқырап ауыру үстінде. Миы тынымсыз жұмыс істеп тұр. Көше жақтан жеткен ән мен барабан үні әлі өше қойған жоқ. Соған қарағанда оларды орындаушыларды арнайы біреулер шақырған болуы керек. Шарықтай шырқаған дауыстары ауаны жара қалықтайды. Вэн-сюаньның ән тыңдауға еш зауқы соғып тұрған жоқ, ал ызыңдаған үн құлағын тұндырып, ойын шатастыра берді. Ары-бері аунап, ұйықтай алмай, дөңбекшіп біраз жатты, соның өзіabyржушылығын арттыра тұсті. Өн бойы терге малынып барады, алайда сұықтап қалам ба деген қауіптен, үстіндегі жұқа көрпені лақтырып тастауға батылы жетпеді. Мына өмірмен қоштасар сәт жақын қалғанын тұсінгенмен, ауруын одан сайын асқындыра тұскісі келмеді.

Шешесінің бөлмесі жақтан шам жарығы сығалап тұр, ол әлі үйықтамағанының белгісі; оқыс-оқыс жөтелген даусы құлағына шалынып қояды. “Неге ол жыл-он екі ай еш шаршамай жұмыс істей береді, ол үшін оны қандай сый-сыяпта күтіп тұр? – деп ойлады Вэнь-сюань. – Ол мені мен Сяо-сюань үшін ғана өмір сұруде. Ал бұл сол қарызын немен өтейді?” Осы ойлар онсыз да құлазулы жанын одан сайын жегідей кеміруде.

Бір кезде көз алдына қылымси құлген Шу-шэннің бейнесі кеп тұра қалды. Бұл не сонда – жаны ашығаны ма, әлде мазақтап құлгені ме? Бұрын – арғы күні одан тағы да қып-қысқа хат алған, онда мұның денсаулығын сұрап, достық көңіл танытумен ғана шектелген. Онымен қоса бұған тағы да ақша салып жіберіпті, оны бұл бұрынғыдай бір тиынын жаратпай, банкке апарып тапсырды. Мұны таң қалдырғаны, ол өз еркімен айырылысады қаласа да, мұны еш ұмытар емес. Ай сайын ақша салып, хат жолдап жүргенін түсінсе бұйырмасын, соған қарап көңілінде бір нәзік ұміт оты тұтана бастады.

Осы ұміт мұны азапқа салып қойды, көңіл түкпірінде оның жүзеге асуы ешқашан мүмкін емес деген ой қылаң беріп, мазасын алып-ақ бітті. Оны басып тастауға, жан дүниесінен қып шығуға ешқандай негіз таппай, өзімен-өзі алысып, терге малшынып, малмандай су болған киімдері ысып-күйіп тұрған денесіне жабысып, әбден есі шығып, қатты қиналды.

– Менің өмір сүргім келеді! Өмір сұруді қалаймын! – өзін-өзі ұстай алмай, айқайлап жіберді бұл, бірак даусы шорт үзілді.

Мұның даусын ешкім естімеді. Ешкімнің де мұнымен ісі болған жоқ. Көше жақтан әлі де даңғыр-дүңгір дыбыстар естіліп тұр. Адамдар өз шаруаларымен асығулы. Бұрылыштағы жаңа ғана ашылған дәмханада қызу сауда басталып кетті. Оның құлағына “Бидай ұнтағынан жасалынған тәтті су алыңыздар” деп айқайлаған дауыс шалынды. Бұрынғыдай кәрі кісінің емес, жас жігіттің үні, оның ізін ала: “Қайнаған су”, “Тәтті ішімдік” деп айқайлаған нәзік үнді қыздың даусы естілді. Тіпті сатушылар алмасуда – айнала қызу тіршілік үстінде, тек Вэнь-сюань ғана жалғызырап, төсегіне таңулы жатыр. Алдында ажал күтіп тұрғанына қарамастан, оның көңілін сұраған тірі жан жоқ.

– Менің өмір сұргім келеді, – бұл тағы да айқайлады. Кімге арнап айтылған сөздер? Оны өзі де білмеді.

## XXVIII

Даусы қырылдалы сыр бере бастады. Әл-дәрмені де құрып барады.

Әр күн сайын жұмыстан қайтқанда пәтеріне баспалдақпен ентігіп әрең көтеріледі, өз бөлмесіне өте, жұмсак орындыққа сылқ етіп денесін тастайды да, екі-үш минут қыбыр етпей, телміріп отырып қалады.

– Сюань, бір-екі күн болса да демалыс алсаңшы, бұлай біржола өзінді-өзің болдырып тынасың ғой, – мұның күннен-күнгө шөгіп бара жатқанын көріп тұрып, қолынан тұқ келмейтініне қамығып, жалынып-жалпаяды шешесі. Чжан Боциннің де, европалық дәрігерлердің де еш емі қонбады. Анасы не істей алсын?!

— Ештеңе етпейді, мен әлі де шыдауға бармын, — бұл түк болмағандай жауап қайырғанмен, есіне жұмыста қалай жөтелгені, жұмыс үстінде тынысы тарылып, қатты қиналғаны сап ете қалды. Тұскі ас кезінде қызметтестерінің мұны көздерімен ішіп-жеп, жаратпай қарағандары жаңына ауыр батты. Тағы да қанша шыдауға тұра келеді еken? Ол туралы ойланбауға тырысқанмен, еркінен тыс басына кіріп алып, миын қатыруда.

Шешесі үн-тұнсіз мұны барлай қарап отыр.

— Неге сонша қасарысасың? — шыдамы жетпеді оның.— Сен денсаулығынды күтуге тиіссің ғой.

Бұл басын шайқай берді, түрінен болашақтан күдер үзгендік байқалып тұр. “Шешемді сонша азапқа салдым—ay” — деп ойлады бұл іштей езіле. Анасының жылағысы келді, бірақ бар күшін салып көз жасын көрсетпеуге тырысып бақты. “Баламның мұндай халге тұсуіне мен кінәлі емеспің, үйімізге бақытсыздық әкелген анау әйел” — шешесі ішінен келінін жазғырды.

Бірде сырттан зарлап жылаған әйел даусын құлағы шалды.

— Жылап жатқан кім? — деп сұрады шошына Вэнь-сюань.— Қарсы пәтердегі көршіміз ғой, күйеуі бақылық болды. Оларды сүзек ауруы айналдырып жатыр. Кеше ғана сап-сау болатын, бір-ақ күнде алыш тынды, — деді шешесі.

“Соның өзі жақсы емес пе. Соншалықты зарланудың қажеті қанша?” — деп ойлады бұл.

— Сен байқашы осы. Қазір сүйктауға тіпті болмайды, әсіресе сен сияқты науқас жандар қатты күтінуі тиіс,— мұның қамын жеп, тілеуін тілеп жатыр анасы.

— Жақсы, — келіскең сыңаймен жауап қатты бұл, ал іштей басқа ойда еді: “Адам өлгеннен кейін де жаны тірі қалатыны рас па осы? Ол өзінің туысқандарын тани алады ма еken? Бірақ бұл сұрағына кім жауап берे алады дейсің?! Бұрындары біреу бұған осындай сұрақ қойса, күле қарайтын, енді сондай жағдай өзінің басына түсіп тұр. Анасымен, Шу-шэнмен, ұлымен, шынымен-ақ, мәңгілікке айырылысып, кете барады ма еken”.

Кенет еркінен тыс шешесі жаққа жалт қарады; оның жүзінен өзіне деген аналық махаббатты анық байқады. Бұл мейірлене айқайлап жіберді.

— Мама!!!

Шешесі бұған назарын бұрды да, үн-тұңсіз қалғанын көріп, қарсы сұрақ қойды.

— Не боп қалды?

— Жай әншейін. Көзіме жылды ұшырап кеттің ғой, — Вэнь-сюань жай ғана жымиды да, сөзін жалғастырды: — Арғы күні Сяо-сюань келеді. Екі апта ішінде азып кетпеді ме еken?

— Оның денсаулығы да сенікі секілді мәз емес. Тұрі де онша онып тұрған жок. Дәрі-дәрмек қымбат демесең, оның да қабылдағаны артық болмас еді, — деді де шешесі жанары жасқа толы жүзін бұрып әкетті.

Сяо-сюаньның келуі жабыңқы үйге аздап жылышық әкелгендей болды, шаңырақ шаттыққа бөленбесе де,

тіршілік табы сезіліп қалды. Әжесі немересінен тұрмыстіршілігі туралы мейірлене сұрап, немен айналысып жүргенін де қызықтап жатыр. Сяо-сюань әңгімелесуді жаны сүймесе де, кемпірдің сұрақтарын жауапсыз қалдырмауға тырысып бақты.

– Папаңың есінен бір шықпай-ақ қойдың, барлық уақытта сен туралы ойлайды, өзінді сағынып қалған секілді. Эні-міне дегенше жұмыстан да келіп қалатын шығар. Әй, бір қуанатын болды, – деді әжесі немересіне.

– Иә, – деп қысқа қайырды Сяо-сюань қабағы ашылмаған күйде.

“Мына бала қашан ержетіп үлгерген,” – әжесі таңдана ойланды, сөйтті де жаны аши сұрады:

– Сен ауырып қалғаннан саумысың?

– О не дегеніңіз, – әдетінше қысқа жауап берді Сяо-сюань, сөйтті де қабағын түйіп, мынаны қоса айтты: – Тек қана сабак аздап қындау болып жүр.

– Ештеңе етпейді, сен әлі жассың ғой, – мейірімін төге көнілін жұбатты әжесі.

– Мұғалімдеріміз өте қатал. Егер үлгерімі нашар оқушы атансан, сіздердің алдарыңызда үятқа қалам ғой, – немересі мұнын шақты.

– Түк етпейді. Ең бастысы – денсаулық, әкеңнің басына түскен жағдайды сенің қайталауыңа еш жол беруге болмайды.

Дәл осы мезет бөлмеге Вэнь-сюань келіп кірді. Тынысын ентігіп әрең алады. Түрі түтігіп кеткен. Үстел басына жетті де, жұмсақ орындыққа сылқ етіп денесін тастай салды.

Екі аяғы екі жақта, көздері жұмұлы күйде өлі адамға ұқсап, тырп етпей отыр.

Әжесі немересіне үндеңе деп белгі берді де, өзі шошына Вэнь-сюаньды бақылаумен болды.

Біраз уақыттан кейін барып Вэнь-сюань көзін ашты да, үн қатты:

— Мама! — Оның даусы шығар-шықпас естілді. Жанарын төңкеріп шешесін іздей бастады.

Шешесі жақындал, қасына келді. Бұл қалтыраған қолын оған қарай созды.

— Сяо-сюань қайда? — естілер-естілмес үнмен ұлын іздей бастады. Баласы қасында тұр, бірақ әкесінің қарауытқан жанары оны байқамады — бұл ұлын көрмеді.

— Жақындасаңшы, папаң сені шақырып жатыр ғой,— деді әжесі даусы дірілдеп. Ол Вэнь-сюаньның ақырғы демі таяп, ұлымен қоштасқалы жатыр деп ойлады. Жүрегі өрекпи соғып, немересіне жалбарынышты жүзбен қарады. Бала лезде әкесінің жанына жетіп барды.

Вэнь-сюань ұлының қолынан ұстады да, оған бар зейінін аудара қарады.

— Қалың қалай? — деп сұрады еркінен тыс күлімдеген сыңай танытып. Бірақ жымиюға шамасы жетпей, көзін қайта жұма қойды. Шешесі мен ұлының қолдарын қысып, жұмсақ орындығында ләм-мим деместен үнсіз отырып қалды.

Шешесі жылап жіберді, баласы қарсы алдында шошына қарап тұр.

“Шынымен, дәм-тұзы таусылғаны ма?” – деп ойлады шешесі. Көңіліне медет еткен жалғыз үміті – ұлының қолы әлі жып-жылды еді.

– Сюань, – анасы жанұшыра айқайладап жіберді, оның ізін ала ұлы да дауыс шығарып ұлгерді.

Бұл көзін сығырайта ашып, күш сала күлімдеді де, ақырын қозғалып қойды.

– Қорықпай-ак қойындар, менің өлуіме әлі ерте.

Шешесі есін жиып алды, жүрегі біраз орнына түскендей болды. Көз жасын сұртіп жатып айтты:

– Саған қын болды-ау!

– Ештеңе етпейді.

Сяо-сюань әкесінен көз алмай қадала қарап тұр.

Анасы Вэнь-сюаньға бар мейірімін төге айтты:

– Жатшы, мен дәрігер ертіп келейін.

Вэнь-сюань аны мен ұлының қолдарын босатып, дұрыстап жайғасты да, содан кейін барып бар ерік-жігерін жиып айтты:

– Дәрігер керек емес, қатты ауырып жатқаным жоқ, мама.

– Қасарысқанды қой, Сюань, қатты ауырып жатқаным жоқ дегенге қалай аузың барады? Аурудан қорықпау керек, оны емдеген дұрыс.

– Ал мен қорқып жатқаным жоқ, – деді бұл.

Сөйтті де омырау қалтасынан бір парақ қағазды сұрып алдып, бүктеуін жазды да, үн-тұнсіз шешесіне ұстадты.

Анасы оны қолына алды да, ақырын оқып шықты.

“Вэнь-сюань мырза!

Бұл хатты жазып отырған өзінізben бірге жұмыс істеп жүрген қатардағы әріптестеріңіз деп білерсіз. Біз барлығымыз жетісіп жүргеніміз жоқ, күніміз бір айлыққа байлаулы, көп жұмыс істейміз, денсаулығымыз нашар. Біз, әрине, сіздің жағдайыңызды өте-мөте түсінеміз, аямыз сізді. Туберкулез ауруының асқынған кезеңін бастан кешіп жатсаңыз да, демалыс алып, емделудің орнына жұмысқа шығуыңызға тура келіп тұрғанын да жақсы білеміз... Алайда біз сізбен бірге бір асханада тамақтанамыз, бір үстелде отырып, бір ыдыстан ас ішіп жүргендіктен ауруыңызды жұқтырып аламыз ба деп қорқамыз. Сондықтан өз қамымызды жей отырып, сізден үйінізден тамақтануды өтініп сұранамыз. Егер сіз біздің кеңесімізді тыңдамайтын болсаңыз, онда ақырғы шара қолдануға дейін баратынымызды ескертеміз”.

Төмен жағына алты кісінің қолы қойылыпты.

– Олар дәл осы құрамда және ұялмай ұсынды ма саған? – ашуы қоза сұрады шешесі.

– Жоқ, бейтаныс бір жұмысшы әкеп берді, ал жазған – Сяо-фань. Хатқа менімен бір үстел басында тамақтана-тындардың Чжун досымнан басқаларының барлығы қол қойыпты. – Бұл үндемей отырып қалды. – Әрине, оларды кінәлай алмайсың, бірақ қалай ауыр жазылған... Жай ғана айтуға болатын еді ғой, мен де адам емеспін бе. – Вэнь-сюань көзін тарс жұмып алды.

– Мынау оңбағандық қой! Қалай хат жазу керектігін білмейтін сорлылардың ісі ғой бұл! Сендер қашаннан бірге жұмыс істеп келе жатқан жоқсындар ма? Бір мысқал

аяушылық болмаушы ма еді бұларда?! – деді шешесі қалшылдаپ, ызалана әлгі ҳатты парша-паршасын шығара жыртып жатып.

– Жаныңды ауырта берме, папа, олар дәнеңде де істей алмайды, – деді ұлы да ашу шақырып.

– Сендер бірге жұмыс істеп жүрген жоқсындар ма, неге саған онда түстенуге болмайды? Міндettі түрде ауру жұғады деп кім айтты? Бізге жұққан жоқ қой. Тек қорқақтар ғана үрейленеді, – шешесі қайтар емес.

Бұл басын шайқады, содан кейін қарлығыңқы дауыспен айтты:

– Қалай дегенмен де, мені кінәлау керек – осындай ауруға душар болған өзім ғой. – Шешесі мен ұлы бұған таңырқай қарап қалды, ал бұл сөзін жалғай берді: – Олардың еш кінәсі жоқ, бар болғаны менің ауруымнан қорқады. Шындығында да, егер ауырып қалса, не істейді олар?

Шешесі қатты қапаланды:

– Құрып қалған адам екенсің ғой. Жағдайың болса мынау, соған қарамастан басқаларды ойлайсың. Маған десе, барлығы бірдей қырылып қалсын! Ақыр азаптанады екенсің, өзгелерді неге аяйсың. Не үшін сен жалғыз қиналуың керек?!

– Егер олар ауырса, маған ем болады дейсің бе? – ызалана күлді бұл. Даусы қарлығып шықты, соған қарағанда тамағы да сыр бере бастағанға ұқсайды. Қисаландап орнынан түрді: – Шай ішейінші.

— Сяо-сюань, папаңа шай құйып бер, — деді анасы бұған тілекtestік танытып.

Бала асханаға барып, көп ұзамай бір кесе ыстық шай әкеп берді. Вэнь-сюань кесені алды да, шайды ұрттап іше бастады. Түгел тауысқаннан кейін кесені Сяо-сюаньға қайырып жатып айтты:

— Қайнаған сумен тазалап жуып қой. — Бұл сөздерді айтып шыққанша әжептәуір қиналып қалды.

— Жуудың қажеті жок, біз ауру жүқтүрүп аламыз деп қорықпаймыз, енді қалғаны біздің саған ескерту хат жазуымыз ғана еді, — деді шешесі мұнын шағып.

Вэнь-сюань әуелі анына, содан кейін ұлына қыла қарады.

— Сяо-сюань жаста болса, біздің үйдегі жалғыз еркек.— Тәлтіректей басып кереуетіне жақындалды. — Кішкене қисая тұрайыншы, — деді де, теңселіп барып төсегіне гұрс етіп құлады.

Ертеңіне ерте тұрып, тағы да жұмысына келді. Үстіне ілген ақ жамылғының омырауында дақ қалып қойыпты. Тіркеу журналына қол қойып жатып, абайсызда етегін басып қалып, үстіндегі ебедейсіз жамылғысын пар етіп жыртып алды. Ту сыртынан мазақтап күлген кісілердің даусы шықты, алайда Вэнь-сюань оларды естімеген сыңай танытты. Қара терге түсіп, алқына дем алып, әрең дегенде үстіңгі қабатқа көтерілді. Өзінің жұмыс үстеліне жетті де, тартпасын суырып ашып, аяқталмаған қолжазбаны қолына алды.

Жұмысты бастамай жатып, әл-дәрмені құрып, шаршап отырғанын сезді. Үсті-басын тер жуып барады, басы мең-

зең. Бір сәт есінен адасқандай күй кешті де, артынша өзіне-өзі келіп, жұмысына кірісіп кетті. Қолжазба мен тұпнұсқаны сөзбе-сөз салыстыру үстінде. Автор өз еңбекінде Қытайдың кейінгі жылдары қол жеткізген жетістіктері туралы, жартылай отар елдің аз уақыттың ішінде қалай ұлы мемлекетке айналғаны жөнінде қақала-шашала баяндапты. Халықтың жағдайы жақсарып келе жатыр, үкімет жұрттың қамын жеу үстінде, соған көнілі толған азаматтар оған ынтасымен қызмет етуде, салықтарын уақтылы төлеуде деп жазыпты ол... “Өтірік, бәрі өтірік!” – Вэнь-сюаньның басында осы сөздер дыңылдан тұрып алды, алайда қолжазбаны мұқият оқып, ондағы қателерді түзетуге міндетті болғандықтан бар зейінін соған салуға тырысып бақты.

Бұл жұмысты орындауға шама-шарқы жетер емес, бірақ тісін қайрай түсіп, оны жалғастырудан басқа жол жоқ. Құдды дәл қазір құлап түсетіндей күй кешуде, алайда басын қолымен тіреп алып, тырмыса тірлігін жалғастыра берді. Ендігі жерде жөтелі де өріптестерін мазаламайтын болды – оның үні сыртқа шықпауға айналған еді.

Бір кезде қақырығы қолжазбаға тамып кетті, бұл оны қағазбен сұртіп тастауға асықты. Былғанған қағазды қоқыс салғышқа тастап жатып, автордың әлгіндегі елдің жағдайы жақсарып келе жатыр деген мактауы жазылған тұстан қанның ізін байқап қалды. “Міне, сенің өтірігінен мен өлуге айналдым!” – ызалана ойланды бұл. Қолжазбаны парша-паршасын шығарып жыртып тастағысы келіп тұрды да, бірақ оған қайраты жетпеді, бар болғаны іштен тынып,

терең күрсініп қойды. Өлдім-талдым дегенде салыстыра оқуын аяқтады-ау әйтеуір.

Төменнен шу естілді. Соған қарағанда күтпеген бір жағдай болған сияқты. Әлдекім жоғары қабаттан жүгіріп түсті, кеңсе іші бір сәтте абыр-сабыр болды да қалды. Кісілер бірдеңелерді айтып, дауыстай даурығу үстінде, тек Вэнь-сюань ғана қолжазбаны қолына ұстаған қалпы орнынан қозғалмастан отыра берді. Басының мең-зені шыққаны сондай, тұп-тура қарсы алдында бір топ ара ұшып жүргендей күйге түсті. Кенет құлағына “Чжун дос” деген дауыс шалынғандай болды. Оны бірнеше қайтара естіді. Бұл үрейлене басын көтеріп алды. Басқармашы болған жайды сұрап бөлім бастығымен әңгімелесу үстінде екен.

“Чжунға не болып қалды екен?” – деп ойлады Вэнь-сюань мазасыздана. Орнынан көтерілуғе оқталып еді, орындыққа шегеленіп қалғандай, еш қозғала алмады.

Басқармашы мен бөлім бастығы төменге түсіп кетті. Вэнь-сюань оларды әлгіндегі сұраулы жүзбен шығарып салды. Көп ұзамай бөлім бастығы қайтып оралды. Төмендегі шу су сепкендей басылды.

– Алып кетті. Ол холераға душар болған секілді, – деді бөлім бастығы әлдекімге қаратса. – Тағы сәтін салып, көлік табыла кеткенін қарасаңшы, әйтпесе осыдан отыз шақырым жердегі ауруханаға қайтіп жеткізер едік.

– Онымен бірге біреу кетті ме?

– Сяо-фань. Ол сол машинамен қайтып оралады. Чжунның жағдайын біліп қайту үшін бір жұмысшы жіберуіміз керек шығар, – деді бөлім бастығы әңгімесін жалғап.

“Сяо-фань!” – Вэнь-сюань таңданысын жасыра алмады.–  
Ол холерадан қорықпаушы ма еді? Мені жәбірлегенге  
жаны құмар екен фой.

Түскі үзіліс кезінде Вэнь-сюань төменге түскен де жоқ.  
Ең соны боп басқармашы бөлмесінен шықты. Ол Вэнь-  
сюаньды көріп, тандана сұрады:

- Сіз түстенуге бармайсыз ба?
- Барғым келіп отырған жоқ, – Вэнь-сюань кібіртікей міңгірледі.
- Сіз ауырып отырсыз ба?
- Жоқ, жай әншнейін, – Вэнь-сюань лып етіп орнынан көтеріле берді. “Ол білмейді екен фой”, – қуанышты ой бойын шарпып өтті.
- Ал сіз аурудың алдын алу ем-домын жасаттыңыз ба?
- Жоқ.
- Оны міндетті түрде жасатуыңыз керек. Чжунды ауруханаға жібердік, ол холераға ұшырапты, – басқармашы мән-жайды түсіндіруде.
- Жақсы, оны орындаимын.
- Сіздің даусыңыз қарлығып түр фой. Дәрігерге көрін-діңіз бе?
- Иә, көрінгем. Дәрі-дәрмек қабылдап жүргеніме біраз уақыт болып қалды, – Вэнь-сюань басын төмен салған күйі жауап қатты.
- Сізге күтіну керек, – басқармашы қабағын түйді.– Денсаулығыңыз аса мәз емес. Бірнеше күн демалыс алғаныңыз дұрыс-ау.
- Жақсы, – деп жауап қатты Вэнь-сюань басқармашыны көзбен шығарып салып тұрып.

Кенет басына мынадай жымысқы ой сап ете қалды: “Маған жұмыстан біржола кет дегенді ымдап тұрған жок па осы?” Онсыз да әл-дәрмені құрып тұрғанда, әлгі ой одан бетер жанын ауыртып, мазасыздандырып жіберді. Бар бітіргені қос қолымен басын тіреп алып, қолжазбаға үңілумен болды.

“Жоқ, олай болуы мүмкін емес, ол маған кет әрі емес секілді еді ғой”. Осы ойдан аздал жаны тынышталғандай болды.

Сяо-фаньнан еш хабар-ошар болмады. Тек жұмыстың бітуіне бір сағаттай уақыт қалған кезде бір өзі оралды. Әуелі төменгі қабаттағы әріптестеріне күбір-күбір әңгіме айтты да, содан кейін барып жоғарғы қабатқа көтерілді.

– Жолда кетіп бара жатып машинамыз жол апатына ұшырап, біз екі сағаттай бөгеліп қалдық, – деп бастады әңгімесін ол.

– Чжунға не болды? Оның жағдайы қалай? – басқармашы жанашырлық таныта сұрады.

– Ауруханада жағдай ушырып тұр. Уақытша қындық болса керек. Онда бар болғаны екі дәрігер, төрт медбике ғана жұмыс істейді екен. Жиырма төсектік ауруханада қазірдің өзінде отыздан аса науқас тіркеліпті. Олардың кейбіреулері дәлізде, тіпті еденде жатыр, жұқпалы аурудан сактандыратын укол да қабылдап үлгере алмауда. Дәретханаға барудың өзі қынның – қыны екен. Ондағы иіс тұра атқораны есіңізге салады. Соған қарамастан науқастарды үсті-үстіне үйіп-төгуде. Бүкіл қалаға бір-ак аурухана. Көлікпен есік алдына кіру мүмкін емес,

ауруларды зембілмен тасуда. Біз Чжун шалды жеткізгеннен кейін дәрігер тексеріп көріп, оның шынымен холераға душар болғанын анықтады. Бір сағаттан кейін барып оған укол салды. Дәрігерлер мен медбикелердің уақыттары тығыз, өздері де әбден шаршаған сыңайлыш. Меніңше, Чжунның қасына оған қарау үшін біреуді жіберген дұрыс-ау, – үміт отын үрлей жағып сөзін аяқтады Сяо-фанды.

– Дәрігер не айтты? Егер шынымен холера болса, онда ол қауіпті ғой! – басқармашы алаң көңіл танытты.

– Ештеңе айтпады. Тек басын шайқады да, күрсініп қойды, онысы мен бар болғаны ортанқол дәрігермін. Соған қарамастан қаланың бар ауруын мойныма артып қойды дегендей боп ұғылды маған, – көсемси сөйледі Сяо-фанды.

– Былай болсын: ертең жұмысты тоқтатып, кеңсемізді талапқа сай тазалап, дәрілеп алуымыз керек, – ойланып барып бір шешімге келді басқармашы.

– Әбден дұрыс, – бөлім бастығы іліп әкетті.

Кеңсе қызметкерлерінің барлығы Чжунды әңгіме етуде, тек Вэнь-сюань ғана басын төмен салған күйі қолжазбамен әуре. Мұның да ойын Чжун жаулап алған, көз алдынан сол бір мейірімге толы, елгезек жанның тұр-әлпеті кетпей, көлбендең тұрып алды. Құдды бір шымырқай түс көріп жатқандай сезімге бөленулі. Бүгін күні бойы Чжунды жолықтырған жоқ-тын. Таңертенгісін журналға тіркелген кезінде Чжун әлі жұмысқа келмеген болатын, соған қарағанда үйінен ауырып шығып, кешіккені де сондықтан сияқты, ақыры дерті алып жыққан болып тұр ғой. Ол

сауығып кетер ме екен? Вэнь-сюань ақыры жақсы аяқталарына үміт артты, енді ше, Чжун кеше ғана сап-сau емес пе еді. Күннен-күнгө шөгіп бара жатқан өз жағдайынан бөлек жай ғой бұл. “Неге Сяо-фань Чжунның ауруын сондайлық қорқынышты етіп баяндайды?” – Вэнь-сюаньның ойы сан-саққа жүгіруде. Чжун жалғыз досы болатын, анау хатқа қол қоймаған жалғыз жан сол еді ғой. Ендеше Чжун туралы ойланбауы мүмкін емес-тін.

Вэнь-сюань үйіне оралғаннан кейін көңілсіз хабарды шешесіне жеткізді. Анасы іштей Чжунның жақсылығын есіне түсіріп, күрсініп қойды, алайда ол туралы әңгіме қоздатуға көніл танытпады. Бұл тұн баласы кірпік ілмей, дөңбекшіп шықты. Шыбын мен масаның ызыны, бөлмені кезе жүгірген тышқандардың тықыры, сырттан естілген айқай-шу, даңғаза құлқі тұні бойы бір толастамай әбден есін шығарып, мазасын кетірді. Мұның көз алдында Чжунның күлімсіреген жүзі, тақыр басы мен қызара бөрткен мұрны елестеп тұрып алды. Досы туралы ойдан бір сәт арыла алмай, әбден қиналды. Шынымен одан айрылып қалар ма екен, қалайша оны медицина құтқара алмайды? “Холера” – бұл сөз Вэнь-сюаньға етене таныс. Он бір не он екі жасқа толған кезінде оны басынан өткізіп, күш-қуатын сезініп көргені бар.

Тұні бойы шым-шытырық тұс шырмауында болды, зіл батпан болған денесі әбден жаншылып, ыңырсып ауыр үйықтады. Түсінде Чжуннан бастап бірге жұмыс істейтін әріптестерінің бәрі өліп қалыпты, ал бұл болса олардың қазасы туралы баспасөзге жариялад жүр екен. Шешесі

мұның ыңырсыы мен өксіп жылаған даусын естімегенге үқсайды, әйтеуір ол жақ тым-тырыс.

Таңертеңгісін басы шыр көбелек айналып, денесі ауыр тартып, әл-дәрмені құрып орнынан әзер көтерілді.

— Сюань, неге көзің қызыарып кеткен, жайсыз үйкітадың ба? — шешесі мазасыздана сұрады мұның үйпа-тұйпа түрін көріп.

— Иә, өте нашар, тұнімен үйқысырап шықтым.

— Олай болса, жатып демалсаңшы. Ақыр бір күн демалыс берген екен, тынығып ал.

— Барып, Чжунның денсаулығын білуім керек,— Вэн-сюань күрсініп қойды.

— Не, сен сонда ауруханаға бармақшысың ба? — таңдана сұрады шешесі.

— Жоқ, жұмысқа соғамын, ондағылар хабардар болуға тиіс.

— Бұгін ешкім жұмысқа шықпайды деп едің ғой, кімнен сұрап білесің? — шешесі қарсылық танытты.

Бұл ештеңе деп жауап қатпады. Шешесінің ақылын тыңдалап, күні бойы үйден аттап шықпай, сұлқ жатты да қойды. Бірақ бейшара досының жайын ойлаудан бір тынған жоқ. Тек қана тірі қалса екен, ажал апатынан аман болса екен деген тілек тілеумен болды. Күні бойы осы ой шырмауынан бір арыла алмай, тұн баласы дәңбекшумен болды.

Таң атып, жұмысқа баратын уақыт шыдамын тауысып барып әрең дегенде жетті-ау әйтеуір. Кенсеге келгенде еш өзгеріс жоқтығын байқады, тек Чжунның жұмыс орны

бос тұр. Жоғары көтерілді де, бітпеген қолжазбаны параптауға кірісті. Көп өтпей бұған бөлім бастығының қолхаты әкеліп берілді, онда түзетіп отырған қолжазба туралы қысқаша анықтама беруін өтініпті.

Бастықтың қолхаты бүйрықпен тең. Бұл ойын жинақтады да, бір парап қағаз бен қаламсап алыш, жазуға кірісті, алайда бір сөйлемнен кейін тартыншақтап тоқтап қалды. Ойы шатасып, сөздері былығып, ботқа бол кетті де, оларды бірі-бірінен ажырату мүмкін емес секілді болыш көрінді. Маңдайы тершіп, бет-жүзі өртеніп барады. Қағазды үстелдің шетіне қарай ысырып қойды да, қолжазбаны түзетуге қайта кірісті.

Тосыннан бастықтың жөткірінген даусы құлағына шалынды. Бұл селк ете қалды – оның осы даусынан өзіне деген ұнатпағандық табын сезгендей болды. Бар ерік-жігерін жинақтап, қайтадан бір парап қағаз алды. “Тәуекел ойыма не келсе, соны жазып берейін”, – деп шешті де, қағазға бірденцелер жаза бастады. Сонына дейін аяқтап, жазғанын қайта оқыған кезде өзіне-өзі көңілі толмай, іштей ызалана “Бәрі өтірік, бір сөзінде шындық жоқ!” – деді. Алайда жазылған қағазды алды да, бастыққа апарып, сыпайылық таныта ұсынды.

– Мынауың жарамайды, мақтау сөздерің өте аз, – деді бөлім бастығы сыйдана. – Бұдан да мақтауын асыра жеткізуің керек, әйтпесе әлдекімге ұнамай қалуы мүмкін.

Бөлім бастығының “әлдекім” деп тұспалдалап отырғаны қолжазба авторы екені белгілі. Ол Гоминдан Орталық комитетінің мүшелігіне кандидат, белгілі саяси қайраткер

болатын. Вэнь-сюань бастығының сөзінің жаны бар екеніне сенген жоқ, сол себепті де айтты:

– Мұны оқитынына күмәнім бар.

– Ал сен қайдан білесің? Мұндай адамдар барлығына қызығушылық танытады. Ал біздің авторымыз – мәдениетті кісі, ол әдебиетті саясаттан кем көріп қарамайды; оның үстіне ол біздің компания басқармасының тұрақты мүшесі екенін ұмытуға болмайды.

– Иә, иә, – деп мінгірлей жауап қатты Вэнь-сюань.

– Онда мынаны ал да, қайтадан жазып шық. – Бөлім бастығы бұған қағазын қайтарып берді.

Вэнь-сюань өз орнына қайтып оралды, артынан бастығының аузынан шыққан сөздер естіліп жатты:

– Кітапты мұқият оқы, қате жіберуші болма. Авторы әрбір кемшілігіне, қателеріне қатты қарайтынын есінде ұста.

Вэнь-сюань бұрылып қараған да жоқ.

“Жақсы ендеше, жазып шығамын”, – деді тісін қайрай өзіне-өзі. Қаламсабын алды да, өзі білетін бар мақтау сөзді есіне түсіріп, тізіп жаза берді.

“Өтірікті мен де жаза аламын, ал қарық болсандар”, – деді ызалана дауыстай. Бір жақсысы, өзін естіп қояды деп қорқақтаған жоқ бұл жолы.

Кенет ентіге басып, жоғарыға көтеріліп келе жатқан Сяофаньның даусы естілді.

– Басқармашы мырза, жаңа ғана ауруханадан Чжан Хай-юнь телефон сокты. Чжун шал таңертенгісін қайтыс болты.

Вэнь-сюаньның көзі қарауытып кетті, қос қолымен басын қысқан күйі тенселіп отырып қалды.

## XXIX

Жан дегенде жалғыз досы бар еді, оның қазасынан кейін бұжылғанда жалғыз қалғандай жаны қатты құлазыды: қызмет орнымен жалғастырып тұрған жіп тарқатылып, үзіліп кеткендей. Жұмыс уақыты аяқталған кезде бұл мең-зең қалыпта жұмыс үстеліне көз қиығын салып, оның үстін жинастырды да, төменге тұсті. Чжуунның үстелінің қасынан өте бере кібіртіктеп тұрып қалды. Сыртқа шығып бара жатып есікке бір түрлі бөтенси көз тігіп, құдды бір бұл жермен біржола қоштасып тұрғандай сыңай танытты.

Бірақ олай болып шықпады, мұнда ертеңіне, үшінші күні де, тіпті алтыншы күні де оралуына тура келді...

Бір күні қызметтестері Чжуунның зиратына барып қайтуға шешім қабылдады. Бұл да оларға қосылды. Көлікпен жүргенниң өзінде біраз қашықта екен. Бұлар мінген автобус лық толы, Вэнь-сюаньның бір аяқпен тұруына тура келді. Автобус қатты шайқалып, онсыз да ауа жетпей қиналған жолаушылардың жүрегін айнитып келеді. Вэнь-сюань лоқсып жіберуге сәл-ақ қалды.

Чжуунды аурухана маңайындағы зиратқа жерлепті. Мұрдесінің топырағы кеуіп үлгергенімен, әлі шөп-шалам шыға қоймаған екен. Қабірінің басына қағаз гүлмен көмкерілген гүлзар қойылыпты. Оған былай жазылған: “ Бұл

жерде Ю-ань мырза тыныстауда”. Қабірдің басына тұрғызылған ағаш бағанаға тағы бір гүлзар ілініпті. Бауындағы жазу да тұра бағанағыдай: “Бұл жерде Ю-ань мырза тыныстауда”. Әлі ескерткіш тақта қойылып үлгерілмеген қайырымды жанның мұрдесінде бар болғаны екі-ақ гүлзар жатыр.

– Біздің кеңсеміз өлікті жерлеуге аса жомарттық танытпапты, – бар бөлгені құны көк тиындық ұсақтүйек бірдеңелер, – қызметтестерінің бірі тілін кезей сөйледі.

– Бұған да тәубе де! Басқармашы Чжоудың кезінде осыған да зар болдық қой, – деді екіншісі оны түзеп.

– Егер оймен таразыласақ, өлгеннен кейін бәрібір емес пе, оданда кісіге тірі кезінде жағдай жасағанға не жетсін,— әңгімеге үшінші қызметтесі араласты.

– Дәл айтады! Тірі кезімізде кеңсе дұрыс қарамайды, өлгеннен кейін бізді қайтсін?

Вэнь-сюаньға ешкім назар да аударған жоқ, бұдан бәрі қашқақтайтын сияқты. Жалғыз өзі алыстан мұрдені бақылау үстінде, қызметтестері өзі жайлы да бірдене айтып қалады ма деген қаупі де жоқ емес.

Көз жасы жанарын ашытып барады; онсыз да көкірегі қыжылдал, тамағы кеберсіп мазасызданып тұрған бұған енді қос жанары қосылды. Вэнь-сюань жасқа толы көзін уқалай сұртіп, қайта мұрде жаққа көз салды. Неге гүлзарда мұның аты жазулы тұр? Еңкейіп, анықтап оқыды. Жоқ, қателесіпті, онда “Ю-ань” деп жазылыпты. Иә, қателесіпті, бұл өзінің есімі жазылатын гүлзарды ойладап тұр екен ғой.

Қанша мойында майын десе де, мұның да талқаны таусылып келе жатқаны рас қой, жақын күндері бұл да осындай бір төмпешік болып қалады-ау, Ә.

Қызметтестері қалаға қайтып кетті. Олар мұны шақырған да жоқ. Бұл қабір басында жалғыз қалып қойды. Досының мүрдесіне зиярат ету үшін ғана емес, өзінің болашақ мекен-жайын таңдау үшін келгендей көрініп кетті.

Аспанды сұр бұлт тұмшалап алыпты. Айнала қараңғылана бастады. Бұдан әрі жападан-жалғыз тұра беруге дәті жетпей, автобус аялдамасына қарай аяңдады. Өте баяу жүріп келеді, соның өзінде аялдамаға жеткенше қара терге түсіп, борша-боршасы шықты. Жарты сағаттай күтіп, ақырында автобусқа аяғын іліктірді-ау әйтеуір. Үйіне жеткенше бір жарым сағаттай тікеден-тік тұруына тура келді. Әдетте бұл қашықтықты автобус қырық бес минуттай жүретін, осы жолы қатты жауған нөсерден қайта-қайта тоқтап, әбден сілікпелерін шығарды.

Үйге келгесін әл-дәрмені құрып, кереуетіне құлай кетті. Содан қайтып тұрған жоқ.

Төсекке таңылып, қызуы көтеріліп, тер қысып, тынысы тарылумен ақырғы күндері өтіп жатыр. Сөйлегенде өңеші ашып, кеудесі сырқырап, тамағы қырнап ауыратынды шығарды, бірақ осы жанын қинаған азапты халді тістене, үн-тұнсіз көтере білді. Сяо-сюаньның үйге келуіне тыйым салды, шешесімен әңгімелесуді де қойды, оның жылап-сықтағанын көрген кезде қинала күрсінгеннен басқа лажы қалмады.

“Үмітсіз шайтан” деген, ұлының күні жақындаған келе жатқанын іштей сезсе де, анасы байғұс жанталасып дәрігерлерді толассыз шақырып, әбден әуре-сарсанға түсті, ал олар қолдарын жайып, дәрменсіздік танытудан басқа ештеңе жасай алмады. Үміт отын өшірмеген жалғыз дәрігер Чжан Бо-цинъ ғана еді, енді ол да құтқару мүмкін еместігін мойындаған сыңайлы.

Вэнь-сюань даусынан біржола айырылды. Ақырын сөйлеген сөзін өзге тұрмақ, өзі естімейтін күйге жетті. Осыны алғаш байқаған кезде күйініштен көз жасына ерік берген еді, содан ба жан дүниесі аздал женілдеп қалғандай болды. Шешесі көре сала қасына ұшып жетіп, неге жылап жатқанын сұрап, асты-үстіне түсіп, әжептәуір абыржып қалды. Бұл ештеңе де айта алмады, аузын ашты да, қолымен тамағын нұсқай берді. Шешесі не болғанын бірден түсінді, біршама мәңгіріп отырып қалды да, содан кейін барып мұның көңілін аулап, жұбата бастады:

– Ештеңе етпейді, Сюань, қайғыға салына бермеші... сен шыдамды едің фой... еңсенді көтеріп, биікке... – бұдан артық ештеңе айта алмады.

“Мен қайғырып жатқаным жоқ, мама, бірақ сенің биікті, жоғарыны аузыңа ала бастауың қалай?” – осыны айтқысы келгенмен мұның оған шамасы жетпеді. Жан дүниесін торлап алған сезіктен арылғысы келіп, аздал жымыған сыңай танытты.

– Қорықпай-ак қой, сенің дәм-тұзың таусылатын уақыт жеткен жоқ, – шешесі әйтеуір жұбатқансып жатыр.

– Ал мен қорқып жатқаным жоқ, жұмыр бастының бәрі өледі. Тек бір ғана жай – бар қайғы-қасіретті бір өзің

көтеретінің қабырғама қатты батады. Сяо-сюань әлі тым жап-жас қой... – бар күшін жиып айтты бұл. Шешесінің құлағына тек қырылдаған даусы фана шалынды. Ол мұның не айтып жатқанын айырып біле алмады, тек ажалмен айқасу үстінде екенін түсініп, шыбын жанының шыр-пыры шықты. Мұның сөзін бөліп жіберді:

– Сөйлеймін деп жанынды қинамашы, ұлым-ау! – оның бет-жүзі қалшылдал кетті.

Вэнь-сюань жанары жасқа толып, шешесіне жәутендереп қарай берді, іштей көмек сұрап, жаратушыға сиынуда.

Бөлме іші әдеттегіден тыс ысып кетті, құдды дәл қазір қабырғалар лап етіп өртке оранатындей күйде. Бұл үстіндегі көрпесін лақтырып тастады, терісі сарғыш тартқан қу сүйек кеудесі ашық қалды.

Шешесі қоңырау сатып әкелген. Егер Вэнь-сюань әлдекімді шақырғысы келсе, шылдырлата қояды, ал бірдене керек болса, оны қағазға жазып береді. “Әлдекім” деп отырғаны анасы екені түсінікті, өйткені одан басқа бұл бөлмеге ешкім кірмейтіні белгілі, тек оқта-текте хат тасуши мен дәрігер бас сұққаны болмаса. Соңғы кездері хат тасуши да өте сирек көрінетін бол жүр, оның себебі Сяо-сюань мен Шу-шэн екеуі хат жазуды тым азайтып жіберді. Шу-шэн бұрынғысынша ақша салуын жалғастыра берді. Қазірдің өзінде шығыны әжептәуір бол қалды, банктен де талай қаражат алынды. Сенім хатқа қол жеткізгелі бері ақшаны банктен шешесі алатын болып алған. Ұлы үшін оның ештегеден тайынатын түрі жоқ, бір фана нәрсеге – Шу-шэнге хат жазуға өзірге намысы

жібермей жүр. Анасын тығырыққа тіремес үшін әдеттегідей хатты бұл өзі жазады. Бір-бірінен аумай қалған хаттар: “Менің жағдайым жақсы, денсаулығым біртіндеп түзеліп келеді, қамымды жеп, сары уайымға салынбай-ақ қой”. Ал Сяо-сюаньға хатты кейде бұл, кейде анасы жазып тұрады. Бұл әр хаты сайын жақсы оқуын, өзірге үйге келмей-ақ қоюын есіне салып қояды. Ал әжесінің немересіне хаты ұзақ сонар болып келеді, бірақ ол да шындықты жасырып қалады – баласының әлі де ауруынан жазылып кетерінен үмітін үзбекен сыңайы байқалады.

Алайда оның үкілеген үміті ақталатын емес, Вэнь-сюаньның жағдайы күннен-күнгө нашарлап барады. Мұны өзі де сезіп жүр. Шешесі де ұлының талқаны таусылуға таяп қалғанын іштей мойындалап келеді.

Бірақ анасы баласын өлімге қалай қисын, ол бұрынғысынша бұған дәрі-дәрмегін уақтылы беріп, сұтпен қамтамасыз етіп, жұмыртқаны аршып, аузына тосып, киініп-шешінуіне көмектесіп, ең тәуір деген күтушіден артық қамқорлық танытып, асты-ұстіне түсіп, бәйек болуда. Бір жолы бұл қауқарсыз қолымен қағазға былай деп жазды:

“Мама, маған у берші, сенің осыншама азаптанғаныңды көргенше, өлгенім артық”.

Ол хатты оқып шықты да, бұған қайыра ұзақ қарады.

– Оны істей алмаймын, сен менің жалғыз ұlyмсыңғой,— деді шешесі жыламсырап.

“Мен бәрібір өлемін ғой”, – бұл оған тағы да жазып оқытты.

– Сен өлсең, мен де бірге өлемін, сенсіз бұл жалған өмірдің маған не керегі бар. – Ол өзін-өзі үстай алмай, еңіреп жылап жіберді.

Бұл шаршаған өңмен басын жастыққа қойды да, қаламды үстелдің үстіне тастай салды.

Аптап ыстық азабын арттыра түсті. Холерадан көп кісі қаза құшып жатыр, көше жақтан өлікпен қоштасқан азалы жандардың жылап-сықтаған дауыстары жиі естіледі... Ал бұл болса, күні бойы төсекке таңулы, дөңбекшумен уақытын өткізуде. Тұні бойына қинала ыңырсып, көзі ілінбей шығады.

Бұл өзінше киініп-шешінуден де қалып барады, Шу-шэнге хат жазу да үлкен күшке түсіп жүр, сондағы бар азабына шыдап, ақ қағазға өрнек салатын сөздері мынау: “Мен өзімді жақсы сезініп, тәуір боп келемін”.

– Әкелші, сен үшін мен-ақ жазып берейін, – шешесі бұдан өтініп сұрады. Бірақ бұл оған еш көне қоймайды, себебі өйтуге болмайтынын жақсы түсінеді. Егер хатты өзі жазбаса, халі нашар екенін Шу-шэн сезіп қояды деп ойлайды.

– Неге сен оған хал-жағдайыңды білдірмейсің? – деп сұрады бір жолы шешесі шыдамы таусылып.

Бұл біраз үнсіз жатты да, содан кейін барып жазып көрсетті:

“Мен оның бақытты болуын қалаймын, мама”.

Шешесі ойға беріліп кетті: “Онысы басқа біреумен тұрып жатыр, неге аяйды оны, ар-ожданы алдында неге азапқа салмайды?”

— Ақымағым-ау! — мейірімін төге кінәлады шешесі ұлын. Бірақ, қисайта шимайлай жазған жазуын көрді де, лезде жұмсара қалды. Бұл бейбақтың азаптан басқа не қуанышы қалды дейсің, несіне жанын ауырта берсін! Жан-тәнімен әйелін жақсы көретіні рас қой мұның. Ол ұлының әлжуаз, әбден суалған бет-жүзіне қарап, қатты аяп кетті, жүргегінің сыздап ауырғаны соншалық, айқайлаپ жіберуге шак қалды, бұл азаптан гөрі жер омырылып, құлап өлгенін мың есе артық санады. Дәл қазір бір бомба ұшып келіп, мына жарық дүниені жарып жіберіп, быт-шытын шығарса екен деп тіледі.

Осы күні көршілерінің бірі холерадан қайтыс болып, әйелдердің азан-қазан жоқтаған даусы даланы у-шу етті. Соны есітіп, Вэнь-сюань шешесіне былай деп жазды:

“Мама, мен өлген кезде жылаушы болма”.

— Неге олай дейсің? — деп сұрады шешесі.

“Сенің жылап-сықтайтыныңды ойласам болды, жан дүнием қатты сыздап ауырады, тіпті тыныш өлудің өзі қиын”.

— Сен өлмейсің! Өлуге тиіс емессің! — шешесі еңіреп қоя берді.

Күн қызыы қайтып, бөлме іші жан рақат табатындай салқындаі бастады, бірақ Вэнь-сюаньның халі жақсара қоймады. Барынша шыдап баққанына қарамастан, кей кездері қинала ыңырсып қояды. Алайда үні сыртқа шықпайды.

Бір жолы кешкісін анасы бұған сорпа өзірлеп берді. Мұны қасықтап тамақтандырып отыр, бұл бір-екі ұрттап ішті де, шешесінің қолын кейін ысырды.

— Тағы біраз ішші, сен тіпті аз тамақтанатын болдың гой, — шешесі шала бұліне өтініш етті.

Бұл қолы қалтырай қаламды алды да, әрең дегенде қинала жазды:

“Тамағым ауырып кетті”.

Шешесі селк ете түсті. Қасықты ұстап тұрған қолы да қалтырап кетті. Көз жасын бұған көрсетпей, үгіттеуін жалғастыра берді:

— Ал сен ауырғанына қарама, тағы бір-екі ұрттап ішші. Тамақ ішпей бола ма? — сөйтті де ол сорпа толы қасықты мұның аузына тоса берді. Бұл қинала жұтып салды да, көрпемен аузын жауып ала қойды.

— Сюань, — шешесі көз жасын әрең тыйып, ақырын ғана даусын шығарды.

Ол тағы да қайталап қасықты мұның аузына тосты, бұл жаңағыдай қинала жұтып салды, содан кейін тағы бір-екі ұрттады. Алайда соңғысын жұтамын дегенде лоқсып жіберді. Содан жөтел қысып ала жөнелді, бірақ қиқылдан даусы шығар емес, шешесі табақты қоя салып, мұның арқасынан қағып, жан дәрменімен жанашырлық танытып, бір сәтте әлекке түсті де қалды.

Вэнь-сюань үйқысы келген кісіше көзін жұмған еді, алайда жанына батқан ауру оған мұрша бермеді. Соны сездіріп ыңырсыын, не ағылап-үнілейін десе, даусы шықпайды, амал жоқ, бар азаппен іштей күресуге тура келеді.

Анасының аялы алақанының табы аздап жанын жайбарақтандырып, бір сәтке болса да жан азабын ұмыттырғандай болды.

Кенет көше жақтан хлопушкалардың тарс-гүрс еткен даусы естілді. Бұл қалада оның үні өшкелі қашан, сондықтан шешесі мен ұлы оған аса мән бермеді. Алайда тарсылдың тоқтайтын түрі жоқ. Құдды бір қуанышты хабарға үн қатқандай, жақыннан да, алыстан да анық естіледі. Адамдар мәре-сәре болып, өлең айтып, шаттана күліп, мәре-сәре күй кешуде.

“Не болды еken?” – шешесі мен ұлы бір мезгілде жарыса ойлады.

– Жапония жеңіліс тапты! Жапония жеңіліс тапты! – сырттан жас баланың даусы естілді, оның сөзін екінші бір жас жігіт қайталады.

Вэнь-сюань селк ете тұсті, шешесі бәрін ұмытып, айқайлап жіберді:

– Сюань, естіп жатсың ба? Естідің бе? Жапония жеңіліс тауыпты!

Бұл басын шайқай берді. Оған еш сенбеді. Бірақ әлгі тарсылдың үні үсті-үстіне еселей тұсті.

Терезе алды ығы-жығы адамға толып бара жатыр.

– Расында да, шын секілді, әйтпесе бұлай болмас еді ғой! – шешесі шаттана дауыстады.

Вэнь-сюань басын шайқаудан бір жаңылмай-ақ қойды. Тосын хабар күтпеген жерден есінен адастырып жібергендей болды.

— “Юнайтед пресс” хабарлайды: “Жапония үкіметі Кеңес Одағы, Қытай, Америка, Англия секілді төрт ұлы мемлекет алдында тізе бүккенін мойындады!” – көше жақтан біреу бар даусымен айқайлады.

— Сен естіп жатырсың ба, шын еken fой! Соғыс аяқталды! Біз азаптан құтылатын болдық, – есі шыға айқайлап жіберді шешесі. Ол біресе жылайды, біресе күледі, құдды бір мынау қапырық бөлмені, кереует алдында айналасына қалтырай жарық түсіріп тұрған май шамның білтесі таусылуға айналғанын ұмыт қалдырған күйі байқалады.

Вэнь-сюань көзін бақырайта ашып, шешесіне тесіле қарады. Оның не айтып жатқанын түсінсе бұйырмасын. Кенет мұның да жанарына жас толып кетті, қуаныштан шаттана күліп, жылағысы келді. Бірақ өрекпіген көңілі лезде басыла қалды, күрсіне дем алды да, ойға беріліп кетті: “Соғыс та аяқталды, менің де күнім бітуге таяу!”

— Шұғыл шығарылым! Шұғыл шығарылым! Жапония тізе бұktі! — Газет сатушы терезені жанай өтіп, айқайлап бара жатыр.

Анасы ұлының қолын қысты да, бар мейірімін төге жымиды:

— Сюань сен қуаныштысың ба? Жеңіс! Жеңіс келді!

Бұл қолы қалтырай қағазға былай деп жазды:

“Енді менің өлуіме болады”.

Шешесі қолындағы шимай жазуға көз жүгіртіп шықты да, оған аса мән бермей, қуаныш жасын тыя алмай, ұлына айтты:

— Сен өлүге тиіс емессің! Өлімді ұмыт! Жеңіс келді, қазір ешкім де өлмеуі керек.

Оның жанарынан жас саулап ағып жатыр. Ұлының қолын одан сайын қыса түсіп, қайғыдан ба, әлде қуаныштан ба, әйтеуір тоқтаусыз жылап жатыр.

### XXX

Ана арманы орындалмады. Сол әңгімен кейін тұн баласына ұлының кереуетіне телміріп, мұны шошына күзетумен болды. Шамның әлсіз жарығы бөлмені қара көлеңкелендіріп тұр. Кереует жанындағы орындыққа тауық сорпасы құйылған табақ қойылған.

— Сюань, бір-екі ұрттап ішші, — деді ол ұлына.

Бұл көзін ашты да, денесін баяу қозғап, қолымен белгі берді — қалам ұстauғa да шамасы жетпеді.

— Сенің нәр тартпағаныңа неше күн, бір-екі ұрттап болса да ішші, — жалына өтінді шешесі.

Бұл баяу ғана басын шайқады да, аузын ашып, қолын аузына апарып, төменгі ернінен ұстай алды, сөйтті де, қолын төменге түсіріп, қайтадан аузына тықты, құдды бір тілін суырып алғысы келгендей сыңай байқатты.

— Сюань жаның құйзеліп кетті ме? — деп сұрады шешесі ұлының қолын қаттырақ қысып.

Бұл басын изеді де, қолымен тамағын ұстады. Жанары мөлт-мөлт етіп жасқа толып кетті.

— Азаптана бермеші, сен өлмейсің, — шешесі көнілін аулап әлек.

Бұл саусақтарымен тамағын үсті-үстіне қыса түсті, тым баяу қозғалғанмен сіресіп қатып қалған саусақтары тынысын тарылтып барады. Кенет кеудесі бүгіліп бара жатты.

— Сюань, саған не болды? — жанұшыра сұрады анасы.

Бұл жауап қатпады. Сәл үзіліс жасап барып сіресіп қатып қалған саусақтарымен тамағын қаттырақ қысып қалды, денесі дүр сілкініп, кереует шиқылдал кетті.

— Кішкене сабыр сақташи, өйтпеші, — шешесі жалбарына үн қатты. Бұл баяу ғана шешесінің жүзіне назар аударды, жанарынан: “Қараши, мен қатты қиналып кеттім ғой” деген сөзді айтқызбай ұғуға болатындай. Денесі қалш-қалш етіп қалтырап жатыр.

— Қатты ауырып жатыр ма?

Бұл тағы да басын изеді де, қолын шешесінің қолынан босатып алды. Дір-дір еткен саусақтары бірдеңе іздең, ауа қармау үстінде, шешесі оның мәнісін ұқпай, дал болды.

Бұл баяу ғана жанарын жастығының қасында жатқан қағаз бен қаламға қарай аударды.

— Бірдене жазғың келе ме, қалам берейін бе?

Бұл шешесі ұсынған қаламды қолдары қалтырай әрен ұстады. Шешесі кітап ұсынып жатып:

— Кітапқа жаза бер – деді.

Тұла бойы қалшылдал ауырғанына қарамастан, қолы дір-дір етіп, бір ғана сөз жазды: “Қиналдым ғой”, – осы сөзді бірнеше қайталап шимақтады.

Шешесі оны оқыды да, көз жасына ерік берді.

— Шыдашы. Сяо-сюань келген соң дәрігер шақыратмыз. — Ол мұның көңілін аулауға тырысада, алайда теріс айнала бере өзін-өзі үстай алмай, еңіреп жылап жіберді.

Миы әлі тұп-тұнық жұмыс істеп тұр, бәрін жанымен сезіп, біліп жатыр. Ауруы қозып, біртіндеп әл-дәрмені құру үстінде. Дене мүшелері бірінен кейін бірі қызметін тоқтатып, ақырғы сәті жақындалп келеді. Өмірді соншалықты сүйетіндігін, ажалдың алапестей қорқынышты екенін дәл қазір жете түсінуде. Шешесін қандай азапқа салып қойғанын, оның терезе алдында қалай еңіреп тұрғанын көріп, одан сайын жаны қиналды. Мұның қолынан не келеді?! Бақұлдасқаннан басқа шарасы да қалған жоқ қой! “Мен соншалықты не жамандық істедім? Бәріне де ләм деместен көндім ғой. Не үшін мен осындай жазаны көтеруім керек? Ойбай-ау, менің анам бар емес пе, мен өлсем, ол қайтіп күн көреді? Немен жанын асырайды? Сяо-сюаньның халі не болады? Ал олардың жазығы не?” Осындай азапты ойлар мұның жанын жай тапқызбады. Бірақ жан жарасын сыртқа шығарып айта алмады, сондықтан оның сөзін ешкім де естіген жоқ. Мұның жаны қашанда әділеттілікті қалады. Бірақ оны қайдан таппак?! Өзінің іштегі мұң-зарын, шеккен азабын айтып айқайлауға шамасы жоқ. Сор маңдайына үн-тұнсіз ажал құшу ғана жазылыпты.

Көше жақтан ерек пен әйелдің ұрысқан дауыстары естілді. Әйел жылап қалды, соған қарағанда, күйеуі ұрып-

соққанға ұқсайды. Біреулер екеуін ажыратып әлекке түсіп жатыр. Алыстан ән шырқаған кісілердің үні талып жетеді.

“Неге олар өмір сүруі керек те, мен өлуге тиіспін? Оның үстіне осыншама азапты ажал неге мені таңдаған? – деп ойлады бұл. – Өмір сүруге қандай ынтызармын!”

Анасы бұған жалт қарады; көзі ісіп кетіпті, жылай-жылай жанары қызырды, бөртіп тұр, қайғыдан өңі сарғыш тарта түскен. Мына тұрысында кез келген уақытта оны да ауру алып ұратындай көрініп кетті.

“Қандай азапқа сап қойдым сені!” – іші қанжылай ойланды бұл. Кенет өкпе тұсы мен жүрегі жан шыдамастай түйіп ауырып кетті. Қолымен ауа қармап, қалш-қалш етіп, үні шықпаса да, аузын аңырата ашып, қатты қиналғанын сездірді. Тұла бойы қара терге түсіп жатып, шешесінің қолын шап беріп ұстай алғаны, қинала ышқына айқайлап жібергені еміс-еміс есінде... Содан кейін талықсып кетті.

Есін жиғанда шешесінің боздал жылап отырғанын естіді. Қара терге түсіп, кереуетінде малмандай су болып жатыр екен... шешесінің қолын қысып, оған меңірейе қарады. Ауруы бәсенсіп, жаны біраз тыншығандай болды. Жымығысы келіп еді, оның орнына жанары жасаурап, көзі жасқа толып кетті.

– Есінді жидың ба? Сабыр сақта, балам, – деді анасы бар мейірімін төге.

Үйге асыға Сяо-сюаң кіріп келді.

– Эже, Җан Бо-цин келе алмайтын болды, оның безгек ауруы ұстап қалыпты.

Шешесі мелшиіп отырып қалды: бәрі бітті. Кеудесіне бір нәрсе түйнектеліп тіреліп қалғандай ауыр күйді басынан кешті.

– Неге соншалықты ұзак күттірдің?

– Көше толған кісі, ертең жеңіс тойы тойланбақшы. Мен жолдан жаңылысып, содан кейін Чжан Бо-цин үйінде біраз бөгеліп қалдым, – деп жауап берді Сюо-сюань. – Бұгін адамдардың бәрі ерекше қуанышты, түрлі-түсті жарық көше атаулыны айрықша құлпыртып жіберіпті.

– Сен ашсың ғой, біраз ақшаң бар емес пе, соған барып тамақтанып қайт. Мен бұгін ешқандай ас дайындаған жоқпын, өзім кешегіден қалғанды ішे салдым. Бар енді, барсаңшы!

– Жақсы, – деді немересі.

Вэнь-сюань олардың әңгімесін естіп жатыр.

“Олар жеңісті тойламақшы, – деп ойлады бұл іштей мырс етіп. – Бірақ, қайдам, жеңіс бастарындағы бар тауқыметтен азат етеді дейсің бе?” Ауруы қайта қозып, барған сайын жағдайы қындалп бара жатқанын есіне салғандай болды. Ой-санасын басқа жаққа бұрганмен, ауруы бәрін ұмыттырып жіберді. Бір ғана нәрсені – әбден азаптанып жатқанын жақсы біледі. Тағы да жан-дәрменімен азаппен күресіп бағуда, алайда бұл жолы Вэнь-сюань жеңіліс тапқанын ұқты. Сонда да болса, үні шықпаса да, іштей жалбарынуын жалғастыра берді: “Ақыр ажал құшатын болған соң, ертерек алса екен, мына азапқа шыдайтын еш күшім қалған жоқ”.

Анасы да, Сяо-сюань да мұның не айтып жатқанын үққан жок, үққан күнде де бұған жәрдем беретіндегі қолдарынан келер шама қайсы?

Үшінші қырқүйекте жеңіс күні тойланды, алайда ол мына жабыңқы үйге ешқандай өзгеріс әкелген жок. Көшелерде шаттыққа толы, мәз-мейрам шерулер өтіп жатты. Аспанға ұшақтар көтеріліп, жер бетіне үндеулер жаудыруда. Ал Вэнь-сюаньның бөлмесі баз қалпында, еш қуаныштың табы сезілмейді.

Қайта-қайта талықсып, әл-дәрмені құрып, соңғы минуттары таяп келе жатқанын сезіп жатыр. Ертерек көз жұмғанын қанша қаласа да, әзірге өмір сүруін жалғастыру үстінде. Ұлы мен анасы тапжылмай төсегін күзетуде. Вэнь-сюань шыбын жаны шырқырай, оларға қинала, телміре қарайды, әзірге жалғыз ғана тілегі: мына дүниемен ертерек қош айтысу.

Өмірінің соңғы минуттары өтіп жатыр. Ештеңе ойлануға мұршасы келмегенмен, басында бәрі сайрап тұр, ми тынымсыз жұмыс істеу үстінде. Көз аудармай шешесі мен ұлына қарап жатыр, бір кезде олардың бет-әлпеттері бұлыңғырлана тұсті де, басқа бір келбет жанарының алдында елестеп тұрып алды. Бұл Шу-шэннің бейнесі болатын, оны ұмытпаған екен, алайда ол да жан азабын азайта алған жок. Әбден ұзақ қиналды, тынысы тарыла тұскенмен, әлі жаны шыға қойған жок. Шешесі мен ұлы екеуі екі қолын қыса ұстап, мұның қалай қинала ауа қармап жатқанын көз алмай бақылап отыр.

Ақыры демі үзіліп тынды, көзі аларып барып біржола тыным тапты. Аузы аңтарыла ашылып, дәл осы сәттің

өзінде әділеттілік талап етіп жатқандай әсер қалдырды. Ажалы кешкі сағат сегізде келіп жетті. Көше жақтан дабырлата соққан барабан даусы естіледі, мерекенің нағыз қызыған шағы.

## ЭПИЛОГ

Бірде, кешкісін, анау жағдайдан бір айдан аса уақыт өтіп қалған, электр станциясы істен шыққандықтан қалада жарық өшіп қалды. Сол күні таңертеңнен жауын бұркіп, кешкісін кенеттен күн суытып кетті. Адамдарды үйді-үйіне қуып тыққан суық жең, бірлі жарым қалт-құлт етіп жарық беріп тұрған карбид шамдарының көнірсіген иісін ауаға жайып жіберді.

Жансыз, күңгірт көше бойындағы биік үйдің алдына арбакеш келіп тоқтады. Арбадан сәнді киінген, қолында сөмкесі бар жас әйел шықты. Ол қалта шамымен баспалдаққа жарық түсіріп, үйге енді де, қараңғы дәлізден өтіп, үшінші қабатқа көтерілді.

Есікке жетіп, бөгеліп қалды. Жүрегі алабұрта тулап кетті. Қуанышты сезіммен есік қақты.

Ешкім жауап қатпады. Есік қатты жабылмаған екен, сығырайған саңылауынан әлсіз жарық түсіп тұр. “Ешкім болмауы мүмкін емес, – деп ойлады ол – Ұйықтаң жатқан болар”. Енді есікті қаттырақ қақты.

– Бұл кім? – іштеп біреу үн қатты. Даудыс таныс көрінді.

– Ашыңызшы!

Бөлмеден май шамның жарығы жамырап қоя берді. Есікті әйел ашты, қара көлеңкеден бет-жүзін айыру мүмкін болмады.

– Сізге кім керек?

– Айтыңызшы, мұнда Вандар тұрмайды ма? – деп сұрады келген әйел.

– Жоқ, тұрмайды, – деген жауап естіді ол.

– Бұрын осында тұрушы еді. Мынау солардың бөлмесі, солардың заттары емес пе, – деп таңырқады келген әйел.

– О, бұл Ван ханым екен ғой! Өтінем, ішке кіріңіз, бүгін бізде жарықты сөндіріп тастаған, сізді танымай қалдым, – деп қуанды үй иесі әйел. Ол күлімсірей есік ашты да, қонаққа ішке енуге ишарат етіп, жол берді.

– Фан ханым, сіздер екінші қабатта емес пе едіңіздер! Мұнда қашан көшіп алғансыздар? – деп сұрады жас әйел, әйтеуір бір танысын кездестіргеніне көңілі жайбарақттынып. Бөлменің іші түк өзгермепті, тек қабырғалары ағарып, бір тұрлі көңілдірек көрінді.

– Айдың басында, – деп жауап берді Фан ханым. – Сізді қалай атарымды білмей тұрмын, Ван ханым. Сіз Ланъжоуда болдыңыз ба? Қашан оралдыңыз?

– Келіп тұрғаным осы. Менде бәрі баяғыша. Күйеуге шыққаным жоқ, – деді Шу-шэн қызырып. Даусы дірілдей сұрады. – Ал біздікілер қайда көшіп кеткен? Вэнь-сюань мен қалғандарын айтам.

– Вэнь-сюань деймісіз? Сіз не, ештеңе білмейсіз бе? – әйел таңданысын жасыра алмады.

– Ештеңе де білмеймін. Мен бір ай бойы олардан хат алмадым. Жазғаныма ешкім жауап бермеді, – деді Шу-шэн мазасыздана.

– Ван мырза қайтыс болған, – әйел жайсыз хабарды сыйырлай жеткізді.

– Қайтыс болған? Қашан? – Шу-шэн теңселіп кетті.

– Откен айда, жеңісті тойлаған күні.

Шу-шэннің денесі дір-дір етіп, қалышылдаپ барады.

– Ал кемпір баланы алып, кетіп қалды. Бөлмені бізге тастады. Заттарды да, біз оған азын-аулақ қаржы бердік.

Шу-шэннің төбесінен біреу мұздай су құйып жібергендей болды. Тұла бойы қалш-қалш етіп, өні қуарып, үнсіз үзактау тұрып қалды да, ақыры көз жасын сұртіп, тілге келді.

– Олар сонда қайда кетті.

– Білмеймін. Ападан сұрағанымда әуелі туыстарға, сосын Кульминге барамыз деген. Әлдекімге пароходқа билет тауып бер дегенін құлағым шалып қалды, – деді әйел сенімсіздеу.

– Кульминге бару үшін пароходқа билеттің керегі жок және ол жақта олардың ешқандай туысы да жоқ, – деді Шу-шэн күмәндانا.

– Қайда кеткендерін тіпті жобалай да алмай тұрмын.

– Білмеймін. Әйтеуір апа солай деген, – деді әйел.

Оларға қайда кетсе де бәрібір. Кетерлерінде бүкіл заттарын сатып жіберді, тура үйдің алдынан. Ван ханым, отырсаңызшы, мен сізге шай да бермеппін ғой, – әйел

қысылған сыңай танытты. Сөйтті де, орнынан ұшып тұрып ас үстеліне барып, шайнек пен кесені қолына алды.

— Фан ханым, әуре болмай-ақ қойыңыз, рахмет. Айтыңызшы, оның қалай өлгенін білесіз бе? Оны қайда жерледі?

— Өзіңізді қинай бермеңіз, Ван ханым, демалып, шай ішіңіз, — деді әйел мейірлене, шай құйып жатып.

— Рахмет. Сонда да қалай қайтыс болғанын айтыңызшы. Маған ауруынан айығып келе жатқандай болып көрініп еді. Ол әрбір хатында өзін тәуірмін дейтін. Өтінем, айтыңызшы, шындықты білгім келеді.

— Мен білмеймін, расында білмеймін. Апаға бір-ақ рет соққаным бар. Ол даусы шықпай, ұзак қиналды ғой. Сол күні үнсіз жатты, өзі сұмдық азып кеткен...

— Оны қайда жерледі? Басына барғым келеді, — Шу-шэн әйелдің сөзін бөліп жіберді. Ар-ожданының алдында кінәлі екенін сезінді. Оны тастап кеткеніне өкінді, тап қазір бейітіне барғысы келді.

— Өлер алдында олардың мұлде қара бақырсыз қалғанын естіп едім, өлген соң оның мәйіті біраз күн үйінде жатып қалды ғой. Кемпір қарызданып-қауғаланып жүріп, әйтеуір бір жерден азын-аулақ ақша тауып, табыт сатып алды да, оны жерледі. Бірақ қайда екенін білмедім. Ападан сұрап едім, айтпады. Байғұс сондай азап шекті, сондай азап шекті... Мұлде қуарып, азып-тозып кетті, — әйел аяныш білдіре сөйледі.

Шу-шэн оны ернін тістелей тыңдады. Жүрегі аласұра соғып, алқымына кеп тығылған жасты бар күшін сала,

іркүге тырысты. “Оның қайда жерленгенін тым болмаса көршілердің бірі білетін шығар, із-тұzsіз жоғалып кетуі мүмкін емес қой. Жұмыстағылардың да хабары бар шығар, бәлкім Чжун білер” – деді әлдекімге қарсылық білдіргендей. Чжунның бұл дұниемен әлдеқашан қош айтысқаны Шу-шэннің ойына да кіріп шықпады.

– Мұндағылардың ешқайсысы да білмейді, – деп жалғастырды Фан ханым. – Табытты таңертең алып кетті, басына дейін ешкім шығарып салған жоқ. Кемпір болса ешкімге еш нәрсе демеді. Мүмкін жұмыстағылардың біреуі бірдеңе айтып қалар, – ол Шу-шэнге қатты көмектескісі келіп, барынша жұмсақ сөйлеуге тырысып бақты.

– Ертең жұмысқа барып білем – деді көңілі құлазыған Шу-шэн. Іле-шала: – Ал олар қашан кетіп еді? – деп сұрады.

– Жарты айдан асып кетті. Біз қабырғаларды әктедік те, келесі күні көшіп алдық. Ал біздің бұрынғы бөлмемізді қожайын қабылдау бөлмесі етіп алды. Ван ханым, сізден сұрамаппын ғой, өзіңіз қайда тұрақтадыныз? – жаны аши сұрады әйел.

– Мен өзірге бір таныстардықінде.. Аз күннен соң кетемін, – Шу-шэн кібіртікей жауап берді.

– Енді ененізді іздейсіз бе? – Дәл осы мезет бүйірдегі бөлмеден сәбидің жылаған даусы естілді. Әйел мазасыздана: – Қызым оянып кетті, отыра беріңіз, – деді де, бала жатқан бөлмеге еніп кетті.

Сол Шу-шэнді, жаңағы шымшыма сұраққа жауап беруден құтқарды. Шырағданның әлсіз жарығы себез-

гілеген ала көлеңке бөлмеде, әлдеқандай тұс көргендей күйге шомып, жалғыз қалды. Бұл оның бір кездері өзі тұрған бөлмесі еді, өзі пайдаланған заттар: сол үстелдер – ас ішетін, жұмыс істейтін, кітап сөресі, буфет, кереует... бәрі таныс. Заттар аздап жөнделген, тазарған, қабыргалар ағарған болса да, бұл сол баяғы өзі отырған орындықтар еді, ал қазір олар мұлде бөтен сияқты. Тіпті сондайлық таныс заттардың ешбірінен өткеннің ізін таба алмады. Баржоғы бірнеше айдың ішінде, бәрі де соншалық өзгерген. Күйеуі өлді, енесі ұлын алып әлдеқайда жоғалды. Оны қайда жерледі? Олар қайда кетті? Мұлде беймәлім. Бұған неге хабарласпады? Енді қайдан білмек? Мұның бөлмесінде бөтен сәби жылап жатыр. Неткен бір түрлі дауыс! Анасы сәбиін қолына алып, әлденені ыңылдауда. Бұдан он жыл бұрын, Сяо-сюаньды өсіргенде бұның барлығын да басынан кешіріп еді. Ол қазір қайда? Оның бұған бауыры сұық, өзі оған мейір тәкпеді. Ешқашан оған жеткілікті қамқорлық көрсетпеген, енді міне мұлдем айырылып қалды. Өзінде бары да сол жалғыз ұл еді.

Фан ханым бері шықпады, нәресте әлі жылап жатыр, анасы оны ары-бері көтеріп, сабырлы даусымен әлдилеуде. Ол тіпті Шу-шэннің бар екенін де ұмытқан секілді, оның есіл-дерті сәбиінде еді. Шу-шэн болса, жан-жағынан анталаған өткен күндер елесінің қоршауында жалғыз қалды. Кенет ол қараңғы баспалдақта тұрып, екеуінің қол алысып қоштасқанын есіне алды, бұл оған “Өзінді күт!” деген еді. Халінің нашарлағанын бұған неге сездірмеді екен? Бүгін ұшақпен ұшып келе жатып: “Әйтеуір аман-

сау болсаң екен, мен оралдым, сені ренжітетін ештеңе жасағам жоқ” деп ойлаған еді. Өз арына сызат түсірмей оралды, оны оған ашық айтатын да еді, бірақ тым кеш қалды. Оның өлер алдында қандай халде болғанын ойлауға тіпті дәті жетпеді. Тым кеш! Өте кеш! Өз бақыты үшін оны құрбан етті... Шу-шэн орнынан тұрды. “Мұнда не бітіріп тұрмын?” Оған мына бөлме, мына заттар жиіркенішті көрінді. Оның бәрі де ойына өткен өмірді әкелді. Әрбір зат жан сыздатты. Ол тіпті ана жас әйелдің баласын жұбата жүріп айтқан әлдиін де тындей алмады, оның үні көңіл түкпірінде әлдеқашан көміліп қалған аналық сезімін тұртіп ояты. “Кету керек”, – деп шешті де, қатты дауыстап айтты:

- Фан ханым, мен кеттім, шығарып салмай-ак қойыңыз. – Сөмкесін алды да, есікке бетtedі, Фан ханым сәбиін қолына алып, бері шығып, шын ниетімен:
- Ван ханым, отыра тұрмадыңыз ба, әлі ертерек қой! – деді. Шу-шэн баяулап барып, артына бұрылды:
- Жоқ, кете берейін, рахмет!
- Абайлаңыз, – деп Фан ханым ескерту жасады да, артынша сыпайылық таныта: – Келіп тұрыңыз! – деді.
- Рахмет, енді келмеймін, – деді қатты жылағысы келгенін сезген Шу-шэн, көзіне тығылған жасты ірке, бас шайқап.
- Тоқтай тұрыңыз, мен жарық түсірейін, ол жақ қараңғы, – деді әйел бір қолымен баласын, бір қолымен шырақ әкеле жатып.

— Керегі жоқ, Фан ханым, менде қол шам бар, көріп тұрмын. Бұл жол маған таныс. — Шу-шэн дәлізбен сыртқа қарай тез жүріп кетті.

— Тоқтай тұрыңыз, баспалдаққа дейін шығарып салайын. Жарықты өшіріп тастағаны бәле болды ғой. Жеңістің келгеніне екі ай болса да, әлі бәрі баяғыдай, тіпті баяғыдан да жаман, — деп әйел қарғап-сілей жөнелді.

— Кері қайтыңыз, Фан ханым, қош болыңыз! — Сөйтті де жауап күтпестен, баспалдақпен тездетіп түсे бастады. Шынында бұл баспалдақ оған өте таныс болатын — еш қиналмай жүріп өтті. Есікке жете бере үйтқи соққан желден денесі дір ете тұсті. “Әлі қазан айы болса да, тым сұық” деп ойлады ол, жеңіл күздік пальтосын сұық кеулегенін сезіп. Аулада ешқандай арбакеш көрінбеді, ол артына бұрылып сыртқы есікке, есіктегі өшіп тұрған шамға қарады да, терең күрсініп салды. “Қайда бару керек?” Жан-дүниесі шексіз құлазып тұр. Ол бар болғаны тоқтаусыз ағыл-тегіл жылап алатын жер тапқысы келді. Бірақ ондай орын жоқ болатын. Бар болғаны көше бойлап, сенделуғана...

— Бикеш, босқындарға көмектесе көріңіз, бәрінен жүрдай болдық. — Кенет қараңғыдан бір көленке жүзіп шықты да, тарамыс қолдарын созып, бұған қарай ұмтыла берді.

Шу-шэн қатты қорқып кетті, сосын ақырын қарсы ұшырасқан адамды бажайлай бастады — бұл кәрі кемпір

еді. Шу-шэн сөмкесін ашып, қарайып кеткен қолдарға бірнеше тиын салды.

— Рахмет, бикеш, рахмет, — деп кемпір қырылдай, қараңғылыққа сіңіп жоқ болды.

Шу-шэн қайғыра бас шайқады да, ілгері басты. Ақыры бір жарық көрінді.

— Сатылады... без жұз юан... үш жұз юан... екі жұз юан...

Мұрнына карбидтің жағымсыз иісі келді. Мына телмірген жүздер әлдене тілейтін секілді. Жайдак орындыққа майда-шүйде заттарын жайып қойып, үйқыдағы сәбиін бауырына қысқан жас әйел отыр. Шу-шэн тағы да түршігіп кетті. “Неткен сұық еді! – деп ойлады ол – Мына әйел де ана емес пе?” деген сауал санасында жылт етті де, әйелге жүрегі ауыра қарап, жайманың қасынан кете алмай,остиып қалды. “Сяо-сюаньды табу керек” деп шешті балалы әйелге тағы бір қарап. “Олар да заттарын осылай сатты-ау” деп енесі мен ұлын есіне алды, көкірегі одан сайын сыздай тұсті.

— Сен қашан кетесің? – деді әлдекім жанындағысынан.

— Пароходқа билет таба алмай жатырмын! – деп жауап берді екіншісі.

— Бірдеңе ойлап табу керек. Мүмкін “қоян” болуға болатын шығар?

— Өй, оның не! Қазір шенеуніктер де параға өте алмайды! Менің бір туысым солай өтпек болып еді, ұстап алды. Ақшасы далаға кетті.

— Саған ғой, жақсы, ешқайда кетпейсің, Сычуанды да аштан өлмейсің. Мен келесі айда кетпесем, жалғыз жол — өлу ғана қалады. Заттың бәрін сатып тауыстық! Женіске жетсек бітті, үйге қайтатындақ көріп едік.

— Женіс — біз үшін емес, олар үшін. Біз мемлекеттің қыншылығынан арам пайда көргеніміз жоқ. Сол үшін де женіс бізге еш рақат әкелмейді. Соншалық қуанып, шеруге шығудың керегі жоқ екені баяғыдан да белгілі еді ғой.

Шу-шэн тағы да тоқази тұсті, өзін бір шыңырауға құлап бара жатқандай сезінді. Денесін діріл жайлап, еріксіз мойнын ішке тыға берді, айналасына селқос қарады да, жан-жағының бәрі қайғы-қасіретке тұнып тұрғанын байқады. Бірауық бұның бәрін тұс екен деп ойлады. Кеше кешкісін ғана ол дәл осы уақытта шұлы мейрамханада тамақтанып, жағымпазданған лебіздерді тыңдалып отыр еді. Ал бүгін, осы сұық тұні жайманың алдында, мына адамдардың арыз-шағымдарын тыңдалып тұр. Не үшін оралды? Сол бөлмеге қандай үмітпен барды?... Енді не істеу керек?..

Ол келер күнді күтті.

Өлгеннің артынан өлмек жоқ, тірі адам тіршілігін жасайды. Ертең тағы күн туады, бұл оның қайда жерленгенін біледі. Бірақ ұлын қалай қайтарады, бәрін өзгерте алар ма? Бостан-бос сандалып қайда бармақ? Әлде бастығының дәмесіне көніп, Ланьчжоуға қайта бара ма?

Оның ойлануына бар жоғы екі апта ғана уақыты бар. Осы уақытта бір шешімге келуі тиіс... Бар-жоғы он екі-он

ұш күн. Ал шешімге келу – оңай емес. Мына жайманың алдында сұық желге қакталып неге тұр?

“Менің әлі уақытым бар” – деп өз-өзін жұбатты. Ол баяу, бірақ мейлінше нық басып келе жатты. Мына құлазыған көшеде сенделіп келе жатып, кенет оны бір тұрлі қызық сезім биледі: Ол уілдеп соққан жел жалп еткізіп өшіріп тастайтындей, карбид шамдарының жарығына үрейлене қараумен болды. Тұн өте сұық болатын. Ал оған сондайлық жылу тапшы еді.

*1946 жыл, 31 желтоқсан.*

## **МАЗМҰНЫ**

ЪІзғарлы тұн *Роман*.....5

**Ба ҆ЦИНЬ**

**ЫЗФАРЛЫ ТҮН**

*Роман*

(қазақ тілінде)

Орыс тілінен аударған *Қайрат Сақ*

Редакторы *Ф.Рахымжанқызы*  
Техникалық редакторы *С.Бейсенова*  
Компьютерде беттеген *А.Кадикенова*  
Корректоры *Ф.Уәлиева*



ИБ №383

Басуға 21.09.2011 ж. қол қойылды.

Пішімі 70x108  $\frac{1}{32}$ . Кағазы оффсеттік. Қаріп түрі “KZ TimesNR Сүр”.

Басылымы оффсеттік. Шартты баспа табағы 15,0 б.т. Есептік баспа  
табағы 13,5 б.т. Тараптывы 10 000 дана. Тапсырыс №

---

“Аударма” баспасы,  
010009, Астана қаласы, F. Мұсірепов көшесі, 5/1, ВП2